

Гүлхан Нұрадин

МӘДЕНИЕТ ФИЛОСОФИЯСЫ

(Екінші басылым)

Оқулық



Алматы
2025

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жанындағы
Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің оқу-әдістемелік бірлестігінің (РОӘК
ОӘБ) 2025 жылдың „ маусымындағы № хаттамамен Қазақстан
Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
ұйымдарына пайдалануға ұсынылды. ???*

Пікір бергендер:

Аташ Берік – философия ғылымдарының докторы, профессор м.а.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті;

Дәулетбек Раев – философия ғылымдарының докторы, профессор Абылай
хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті;

Куралай Ермагамбетова – философия PhD докторы, мәдениеттанушы,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті.

Расылхан Джуншеев – философия ғылымдарының кандидаты,
М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің «Философия және саясаттану»
кафедрасының доценті.

Нұрадин Г.Б.

Н86 Мәдениет философиясы. Екінші басылым: оқулық /
Г.Б.Нұрадин. – Алматы: Дарын, 2025. – 313 б.

ISBN

Ұсынылып отырған оқулық 2007 және 2010 жылы жарық көрген бір бағыттағы оқу құралдарының қосындысы мен толықтырылған нұсқасы және ол философияның бір бөлімі «мәдениет философиясына» арналған. Оқулықта түрлі мәдени-философиялық аспектілер, мәдени-әлеуметтік феномендер және мәдениеттің негізгі салалары мәдениет философиясы контекстінде барынша жан-жақты сараланған және бүгінгі күнгі адамдардың өмір сүру салтына айналған өркениетке ерекше назар аударылған. Өркениеттегі дәстүр мен өркениет тарихының сатылары арасындағы үздіксіз сабақтастық рөлі мәдениет философиясының негізгі мәселелерінің бірі. Оқырман назарына ұсынылып отырған оқулық «мәдениет», «өркениет», «дәстүрлі мәдениет», «күндылық», «сабақтастық» сынды мәдени-философиялық мәселелерге арналғандықтан батыстық, шығыстық ғалымдардың ой-толғамдары қатар қарастырылған, сонымен қатар өзіндік тұжырымдармен толыққан.

Оқулық «философия», «мәдениеттану» мамандығын игеруге талпынып жүрген студенттерге, жоғары оқу орындарындағы әлеуметтік-гуманитарлық мамандықтардың оқытушылары мен студенттеріне және жалпы философиялық мәдениет салаларына қызығушылық танытатын барша оқырман қауымға арналған.

**ӘОЖ
КБЖ**

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1 дәріс. Мәдениет ұғымы мен генезисі.....	7
2 дәріс. Мәдениет философиясы және оның әдістемелік негіздемесі	18
3 дәріс. Мәдени антропологиялық тәсілдерге шолу	29
4 дәріс. Құндылықтар теориясы және мәдени тұлға.....	42
5 дәріс. Мәдениеттің типологиялық концепциялары	58
6 дәріс. Өркениеттер сабақтастығының мәдени-философиялық үстанымдарының қалыптасуы.....	85
7 дәріс. Шығыс және батыстың философиялық сұхбаты	117
8 дәріс. Классикалық емес теориялардың шығармашылық пен мәдениетке тигізер ықпалы	154
9 дәріс. Әлемдік тарихи-мәдени даму алғышартының өркениеттік дәстүрге ықпалы.....	167
10 дәріс. Мәдени-философиялық сабақтастық мәдени-тарихи тәжірибе Ретінде	180
11 дәріс. Көпмәдениетті білім беру дидактикасы.....	197
12 дәріс. Қазақ мәдениеті және қазақ өркениеті	221
13 дәріс. Экологиялық мәдениет.....	256
14 дәріс. Мәдениет, өркениет және адамзат қоғамы.....	268
15 дәріс. Адам және техника	290
Қорытынды	306
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	308

КІРІСПЕ

Философия тарихы өте ертеден бастау алған мұралы ғылым, ал мәдениеттану ғылымы XX ғасырда ғана пайда болған жаңа пән. Дегенмен бұл ғылымдар өз алдына жеке ғылыми пән ретінде өзіндік теориялық базасын құрған академиялық пәндер. Философия тарихындағы мәдениеттің алатын орны мен қызметінің философиялық тұстарын жете зерттеу үшін енген «мәдениет философиясын» оқулық ретінде көпшілік қауымға ұсыну философия тарихын жүйелеу ісіне өз пайдасын тигізе алатындығымен құнды.

Көпшілік назарына ұсынылып отырған «Мәдениет философиясы» атты оқулықтың екінші басылымы Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, «Қазақстан тарихы және әлеуметтік гуманитарлық пәндер» кафедрасының «6B02203 Дінтану-философия» шифрына және FK -3212-Мәдениет философиясы кодына тиесілі білім беру бағдарламасы бойынша жасақталған пәннің жұмыс оқу бағдарламасына (syllabus) негізделген. Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ Ғылыми кеңесімен бекітілген білім беру бағдарламасы негізінде әзірленген және Қазақстан тарихы және әлеуметтік гуманитарлық пәндер кафедрасының отырысында 2024 жылдың 16 мамырында №10 Хаттама негізінде ұсынылған.

Оқулық құрылымы кіріспеден, қорытындыдан, 15 дәрістен және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Әрбір дәріс соңында өзін тексеру сұрақтары мен өзін жетілдіру тапсырмалары берілген. Оқулықта мәдениет философиясы мен мәдениет ұғымының пәндік аймақтары зерттеу нысанына алынады, сонымен қатар, құндылық, тіл, бұқаралық мәдениет, көпмәдениеттілік сынды проблемалар аясы сараланады және жаһандану, экология аумағын да қамтиды. Бүгінгі күні әлем үшін ең өткір тақырып ретінде танылып отырған өркениет әр қырынан қарастырылып жете зерттелген.

Студенттер философия тарихы мен оның негізгі мәселелерін «философия» пәні ретінде игере отырып, әлемдік деңгейдегі озық үлгілі халықтар философиясының тарихынан хабар алады. Біз бөгде халық философиясын олардың мәдениетінсіз еш анықтай алмаймыз. Бөгде мәдениет – тек өзге мәдениеттің алдында ғана өз мәніне тереңірек үңілуге тырысады. Яғни, бір мәдениеттің ерекшелігі екінші бір мәдениет арқылы танылады. Бір мән екінші бір өзге, бөгде мәдениетпен кездесіп, жанасу арқылы өз мәнін ашады. Нәтижесінде олардың арасында мәдениеттердің біржактылығын, оқшаулығын, томаға тұйықтығын игеретін диалог, яғни сұхбаттастық пайда болады. Мәдени диалогтың немесе мәдениеттер арасындағы сұхбаттастықтың туындауы осыдан бастау алады. Біз бөтен мәдениетке жаңа сауалдар қоямыз, олар қалай қабылдасада, біз өзіміздің қойған сауалдарымызға өзімізше жауап іздейміз. Бөтен мәдениет біздің осы ырқымызға көніп, өз құшағын айқара ашып, жаңа мәндік тұрғысынан бізге жауап береді. Осындай диалогтық кездесуде екі мәдениет бір-бірімен өзара араласып, қабаттасып кетпей, әр қайсысы өз бірлігі мен ашық тұтастығын сақтай отырып, бір-бірін өзара байыта түседі. Осының негізінде ғана адамзаттық мәдениет, халықтық философия жетіліп, кемелдене береді.

«Мәдениет философиясы» атты оқулық оқырман студенттің аталмыш бөлімді меңгеру мақсатын тіл, этнос, табиғат, құндылық, өркениет, адам және тағыда басқа басты ұғымдармен мәдениетті байланыстыра отырып, тараулар мен тараушалар арқылы бөлімдерге бөліп, оны нақты ғылыми ақпараттар арқылы барынша жеңілдету. Аталған тараушалар ішінде сирек кездесетін «мәдени антропология», «инвектива», «экологиялық мәдениет», «көпмәдениетті білім беру», «тұлға мәдениеті», «тұрмыстық мәдениет» философиясы және т.б. сынды ұғымдарға түсінік беріліп, сараланған.

Бұл мәселе зерттелген сайын түрленіп, қырланып жаңа көзқарастар туғызуға өз себебін тигізді. Әрбір ел, ұлт, халық, мемлекет өз өркениет тарихын қазбалап, жетістіктерін жариялауға, қадір тұтыуға, қастерлеп сақтауға тырысады. Біздің мұндай іске ұмтылуымызға себеп көп, сондықтанда Қазақстан үшін, қазақ елі үшін өркениет тарихын зерттеп зерделеу еселеп

еңбектенуді қажет етеді. Қолдарыңызға тиіп отырған оқулықтың мақсаты да дәл осы бағытты көздейді және өркениет жолындағы, құрылымындағы кейбір мәселелерді түсінуге көмектеседі. Өркениеттің өзіндік қалыптасқан дәстүрі бар. Сол дәстүрлер сабақтаса келе тұтастықты, бүтіндікті құрайды. Дәстүр өз қалыптылығын, ал сабақтастық өз рөлін әлсіретіп, тіпті жойған жағдайда өркениетте өз тұтастылығынан айрылады.

Адамдар қауымдастығының қалыптасуын салыстырмалы түрде қарағанда техника мен технология өте жәй эволюциялық даму сипатын құрайды. Олардың дәстүрлі түрлері мен дәстүрлі қолданыстары белгілі бір кезеңде дамуға тежеу болатын факторға айналады. Жаңа байланыстарды орнату бір қоғам үшін дәстүрлі қалып болса, басқаларына тосын жаңашылдық ретінде танылады. Жаңашылдық – экономикалық, қоғамдық өзгерістердің нәтижесінде пайда болған іс-әрекеттердің жаңа түрі. Олар өздері дәстүрлілік сапасына ие болмайынша, белгілі бір нақты дәстүрге қарама-қайшы іс-әрекеттер жасайды. Дәстүр мен жаңашылдық – өзгерістің екі жағы, демек адамдар әрекетіндегі сан-алуан әдістердің дамуы. Бұл өзгеріс өркениет тарихында прогресс немесе регресс ұғымдарымен сипатталып, кезеңдік дәуірлерде өз белгілерін беріп отырады. Өркениетті түсінбеудегі адасушылық пен астамшылықты реттеу үшін өркениеттердің үздіксіз жалғасуын бақылайтын сабақтастық қызметін терең зерттеу бүгінгі күнгі ғылым талабы.

Оқулық «философия», «мәдениеттану» мамандығының студенттеріне, жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық бағыттағы білім беру бағдарламаларын құрастырушы оқытушылар мен оны игеруші студенттеріге және мәдениет философиясына қызығушылық танытатын барша оқырман қауымға арналған.

МӘДЕНИЕТ ҰҒЫМЫ МЕН ГЕНЕЗИСІ

1. Мәдениет ұғымының ғылыми айналымдағы орнығуы.
2. Мәдениеттану – теориялық пән ретінде.
3. Мәдениеттің қоғамда атқаратын қызметтері.

«Мәдениет» сөзі әрбір қазақ үшін санаға сіңген қолдынас аясы кең сөз. Ол «мәдениеттану» арнайы академиялық пәні ретінде енгенге дейін де ғылыми айналымда да, тұрмыстық айналымда да қолданыста. «Мәдениет» сөзі біздің тілімізге арабтың «маданият» сөзі арқылы еніп аздаған үндестікке ұшыраған. Орыс тіліндегі «культура» сөзі латынның «cultura» сөзінен енген. Әдепкідегі мағынасы «жерді өңдеу», яғни мол өнім алу үшін жерді баптау, күту деген мағынаға ие болған. Биология саласында бұл сөз әлі күнге дейін сол қалпында сақталған, яғни, өсімдіктің алғашқы жерді жарып екіқұлақтанып шығуы, клеткалардың алғашқы қозғалыс процесі «культура» деп аталады. Адам баласы жерді басып, жерден азықтанып тіршілік ететін болғандықтан жерді өңдеу, тыңайту маңызды, алайда оның рухани азықтануы одан да маңызды болды. Сол себепті әлемге аты әшкере ділмар Марк Тулий Цицерон «cultura» сөзін жерді өңдеуден «жанды өңдеуге» ауыстырды және «cultura» сөзін қолданған барлық еуропалық тілдерге өзінің жаңа мағынасымен сіңіп кетті. Тіпті түрік тілінде де мәдениет сөзі «kültür» деп айтылады. Цицеронның бұл ойы адамзатқа аса ұнап, лезде айналымға еніп, жанның рухани күшін дәріптеу, оның культін көтеру, адамның ішкі жан дүниесінің жағдайын жақсарту арқылы адамның қабілет-қарымын ерекшелеп, даму дәрежесіне айналу мағынасына қызмет етті. Көрсетілген қызмет еселенген нәтиже беріп дене тәрбиесі, жан мәдениеті мен рухани мәдениет бір-бірінен ерекшеленіп, сонау философияны рух мәдениетіне теңеуімен өз жалғасын тапты.

Қазіргі таңда ағылшын тіліндегі «cultura» мен орыс тіліндегі «культура» және қазақ тіліндегі «мәдениет» сөзі – «тәрбиелеу», «білім беру», «өз-өзіңді қадағалау», «ережелерге сай өмір сүру»

мағынасындағы әлеуметтік өмір өзгерістері мен өндірістік жағдайлардан көрніс беретін адамдар іс-әрекеттерінің, жүріс-тұрыстарының және қарым-қатынастарының тарихи даму бағдарламасына айналды. Мәденеит қабырғасын құрайтын жүріс-тұрыс пен қарым-қатынас, іс-әрекеттер бағдарламасы түрлі формалардың көптүрлілігімен айқындалады: ілімдер, дағдылар, нормалар мен идеалдар, іс-әрекеттер мен жүріс-тұрыстар үлгілері, идеялар мен гипотезалар, сенімдер, әлеуметтік мақсаттар мен құндылықтық бағдарлар және т.б.

Қазақ тілі алдында тілдік айналымға «cultura» немесе «маданият» сөзін енгізу таңдауы тұрғанда, бізге түпнұсқалық тұрғыдан «маданият» сөзі жақын болды, алайда өркениет терминіне келгенде бұл үрдіс өз орнын таппады. Барлық елдерге ортақ қазіргі «civilization» сөзі сол заманда беделі еселеніп тұрған римдіктердің өздерін варварлардан ерекшелендіргісі келіп атаған «civilis», яғни «азаматтық», «мемлекеттік» деген мағынаны білдірген атауы болатын. Орыс тілі қолданысындағы «цивилизация» сөзі негізгі атаумен жанасып тұр. Қазақ тіліндегі «өркениет» сөзі еш қоспасыз қазақтың «өркен жаю», «өсу», «өну», «даму» сөздерінің мағыналарынан тұрады, әрі латынның әдепкідегі «cultura» этимологиясынан алысқа кетпеген. Өркен жайған өсімдік гүлдейді, ары қарай өз жемісін береді, демек өркениетті елдерде даму әрекеттерін нәтижеге айналдырған елдер мағынасына саяды.

Шығыстық нұсқаулар бойынша, арабтың «тамаддун» сөзі «өркениет» деген мағынаны білдіреді, оның тамыры «мадина» немесе «мадине» қала яғни, «қалалық болу», «қалада жиналу» деген сөзден тараған. Қазақтың «мәдениет» сөзінің түп-төркіні де дәл осы арабтың «маданият» сөзінен қалыптасқан. Тағы бір дәлел әл-Фарабидің «қайырымды қала», «адасқандар қаласы», «надан қала», «игілікке бағытталған қала» туралы әлеуметтік-саяси, этикалық көзқарасы.

Қала дегеніміз – көп адамның бір жерде шоғырланып өмір сүруі, демек олар жалпыға бірдей белгілі бір ережелер мен өмір сүру тәртіптеріне көндікпесе, бірігіп өмір сүру мағынасы жойылады. Бірігіп өмір сүру адамдарды мәдениетке, бірін-бірі тыңдауға, бір-бірінің қалауын сыйлауға және өз көзқарастарын біріктіріп, барлығына ортақ қарапайым этикалық нормалардың

дүниеге келуіне себепші болады. Қалалық мәдениет XI-XII ғасырларда Францияда пайда болған мәдениет. Бұл жағдай тұтас батыс өркениетінің қалыптасуында үлкен рөлге ие болды. Қалалық мәдениет мәні адам болмысының барлық аймақтарындағы жоғарғы манаптық элементтердің үнемі күшейіп отыруында. Сонымен қатар, көп адамдардың бірігіп өмір сүруі адамдар арасында ынғайлылықты, уақыт үнемділігі, тұрмыс қолайлығы сынды қарапайым өмір элементтерінен туындаған көп қабатты эәулім үйлер мен ғимараттар, жолдар, көпірлер, сарайлар, мектептер, кітапханалар, мешіттер, шіркеулер мен ғибадатханалар, сауда үйлері, мұз айдындары, стадиондар, алып жобалар, техника жетістіктерінің барлық түрлері және т.т. барлығын материалдық жетістіктерге біріктіріп қалалық мәдениеттің бір көрсеткіші ретінде тануға болады. Демек мәдениет кең мағынада табиғат құбылыстарынан бөлек адамзат жасаған дүниенің барлығы. Бұл тарихи даму деңгейіндегі адамзат қол жеткізген материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы, ал мәдени процесс адам қажеттілігін өтейтін заттар мен құралдар, еңбек құралдарын жасаудың тәсілдері мен мүмкіндіктерін өзіне енгізеді. Осылайша мәдениетті игеру дегеніміз еңбек ету үшін білім мен ісмерлікті, кез-келген қоғамның өмір сүруін құрастыратын басты іс әрекет болып табылатын қатынас пен танымды, сонымен бірге, гуманды дүниегекөзқарасты қалыптастыру мен интелектуалды дамуды негіздеу.

Сонымен «мәдениет» латын сөзі болғанымен бар әлемге адам қолынан шыққан барлық материалдық және рухани өндіріс нәтижелерін қамтитын жалпы философиялық көзқарас ретінде танымал. Өз бастауын сонау антикалық кезеңнен алатын мәдениеттанулық ойлар бертін келе зерттеу аймағы кеңейіп, өз бетінше жаңа «мәдениеттану» ғылымының пайда болуына алып келді. Қазіргі қоғамда өмір сүретін мәдени меңгеру нысандары мен әдістерінің нақтылы бөлінуі, мәдениет нысандарын жасау мен жеткізу, мәдени өмірдегі тұрақты және өзгермелі процестер, мәдени факторлар мен механизмдерді сабақтастырушы «мәдениеттану» ғылымы XX ғасырдың ең озық қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар қатарында. Осы себепті болар, кез-келген веб-браузер мәдениеттанудың ең көп анықтамасын ұсына

алады. Ғалымдар тарапынан берілген анықтамалардың көптігі бір жағынан пәнге деген қызығушылықтың зор екенін білдірсе, екінші жағынан, пәннің өте ауқымды және оның негізгі қызметінің әлі де болса анық еместігін білдіреді.

Мәдениеттану – мәдениетті оның тарихи формалар жиынтығымен бүтіндей зерттейтін гуманитарлық пән. Мәдениеттану мәдениет философиясы сияқты өз алдына мәдениеттің универсалды принциптері мен мәнді негіздерін ашу міндетін қоймайды. Оның мақсаты – нақты бір тарихи кезең туралы адамның әлемді тұтас қабылдауын анықтайтын мәдени универсумды реконструкциялау немесе қайта құру. Мәдениеттану гуманитарлық пәндер қатарынан болғандықтан ол философиялық, тарихи, антропологиялық, этнографиялық, әлеуметтік және т.б. мәдени зерттеулерді, яғни табиғатты және өз-өзін аялау басты мазмұн болатын адамның өмірлік іс-әрекеттерінің арнайы мүмкіндіктерін синтездейді. Мәдениетке жету мүмкіндіктері, тіршілік ету мен дамудың заңдылықтары, мән туралы ілімдер жүйесі де мәдениеттану аймағы бола алады.

Мәдениеттанудың қалыптасуы мәдениеттануға кіріспе, мәдениеттердің шығу тегі туралы ілім, культурософия, әлеуметтану пәндері сынды интеграция жолымен алға жылжыды. Мәдениеттану рухани құбылыс ретінде философия, тарих, этика, эстетика, құқық теориясы және т.б. байланысты болса, материалдық өмір құбылысы ретінде антропология, этнография, әлеуметтану, қоғамдық психология, этнопсихология, демография, фрейдизм, семиотика жатады. Мәдениеттану мәдениеттің мета тілі ретінде адамдық қарым-қатынас мәдениеті мен материалды және рухани мәдениеттің өзара байланыстығының бірлігінде қарастырады. Философия алғаш пайда болған сәттен-ақ мәдениет таным құралына айналды, дегенмен мәдениеттану гуманитарлық ілімнің арнайы аймағы ретінде жаңа уақытқа жатады. Ол Дж. Вико, И.Г.Гердер, және Гегель тарихының философиялық концепцияларына сүйенді. Мәдениеттану негізінің қалануы мен дамуына үлкен ықпал еткен В.Дильтей, Г.Риккерт, Э.Кассирер және О.Шпенглер болатын. Аталған ғалымдар еңбектерінен соң мәдениеттануға деген қоғамдық қызығушылық еселене түсті. XX ғ. мәдениеттанудың концепциялары мен негізгі идеялары З.Фрейд, К.Г. Юнг, Э.Фромм, М.Вебер, А.Тойнби, К.Ясперс,

М.Хайдеггер, Ж.-П.Сартр, Х.Ортега-и-Гассет, К.Леви-Сторос, Л.А.Уайт және т.б. ғалымдар есімдермен тығыз байланысты.

Американдық антрополог, неозволюционизм көшбасшыларының бірі Лесли Элвин Уайт алғаш рет мәдениеттануды өз алдына жеке ғылым етіп құруды ұсынды және өзі бастап бұл терминнің америкада қолданылуына жетекшілік етті. Уайт бойынша мәдениеттанудың міндеті психология байланысынан тыс таза өзінен шығатын мәдениетке деген түсінік беру. Ол бостандық пен еріктің тірішілік етуін теріске шығарып, адамның жүріс-тұрысы қатаң бақылауда деп болжады. Мәдениет тұлғаға тікелей әсер ететін өте мықты фактор. Уайт мәдениет феномені қалыптасуындағы белгілер рөліне ерекше көңіл бөледі. Себебі мәдениет тамыры адамның өз еркімен заттарға мән-мағына бере алу қабілетінен тұрады. Ал бұл қабілет адамды жануарлар әлемінен ажыратып ерекшелендіріп тұрады. Уайт ғылыми білім эволюциясының ерекше концепциясын ұсынды, онда әлемді тану объектілерді зерттеуден басталады да ақырындап мәдениеттануды зерттеу жағына қарай араласып кетеді.

Мәдениеттанулық ғылымдар мәдениет феноменін оның құндылықтық-мәндік, нормативті-реттеуші және белгілік-коммуникативтік сипаттары жиынтығында түсіндіреді, әрі жіктейді. Оларды үш тарапқа топтастырса болады: гуманитарлық-мәдениеттанулық, әлеуметтік-мәдениеттанулық, қосымша мәдениеттанулық. Мәдениеттің адамзат тәжірибесін сақтау және жеткізуден құралатын қоғам өміріндегі маңызды рөлін ескере отырып, оның бірнеше қызметтерін атап өтуге болады: ғылыми-танымдық, білім беру, тәрбиелік, құндылықтық, тәжірибелік, интегративтік, реттеуші т.б. негізгі және қосымша қызметтері.

Мәдениет субъектісі – адам: ол өз қолымен жасаған мәдени құндылықтарды құрастырады, сақтайды және таратады. Мәдениет тұлғаның шығармашылық күші мен қабілетін дамытады. Мәдениет мәнінің философиялық өзегі жалпыадамзаттық құндылықтардың интеллектуалды, этикалық және эстетикалық сфераларындағы, яғни ақиқатқа, қайырымдылық пен сұлулыққа қызмет ету жан-жақты өлшемде таразыланып, олардың мәдениетті түрде таралуы кең мағынада гуманизм бола алады. Осылайша мәдениет мынандай қызметтер атқарады:

- ✓ адами-шығармашылықты – гуманистикалық;
- ✓ ақпараттық-танымдық – гносеологиялық;
- ✓ коммуникативті-реттеуші – нормативтік;
- ✓ құндылыққа айналдырушы-бағалаушы – аксиологиялық;
- ✓ таңбалық-нышандық – сигнификативті;
- ✓ әрекеттік-нәтижелік – праксиологиялық.

Мәдениет дамуы мен қызмет етуінің негізгі заңдылықтарына сабақтастық, мәдени дәстүрлерді жалғастырудағы тұрақтылық, өзіндік болмыстығы мен ерекшелігі, ұлттық және жалпыадамзаттық бірлік жатады.

Мәдениет – материалдық және рухани еңбек тауарларында, әлеуметтік нормалар мен нұсқаулар жүйесінде, рухани құндылықтарда, адамдардың табиғатқа, өзара және өз өзіне деген қатынастар жиынтығында көрсетілетін өмір әрекеттерінің дамуы мен ұйымдастырылуының арнайыланған әдісі. Мәдениет жан-жақты болғандықтан оның түрлері де сан алуан:

- рухани және материалдық мәдениет;
- ойлау және сөйлеу мәдениеті;
- қарым-қатынас және жүріс-тұрыс мәдениеті;
- мәдени қабат, мәдени феномен, мәдени құндылық, тұрмыстық, бизнестік мәдениет, мәдениет және дін, мәдениет және адам т.б.

Мәдениеттанулық ой дамуы мындаған ғасыр аралығын қамтиды – антикадан қазіргі күнге шейін – демек осы аралықта сан түрлі концепциялар қақтығысы болды және болады. Осы мәлімдемені нысанаға ала отырып мәдениеттанулық тарихты үш негізгі кезеңге бөліп сипаттауға тұрарлық:

- Бірінші кезең, антикалық философиядан басталып XVIII ғасырға дейін жалғасады, бұл уақыт мәдениеттанулық білімнің онтологиялық, теологиялық және эпистемологиялық мәселелер континуумінде пайда болған кезі. Антикалық кезең, ортағасыр, қайта өрлеу дәуірі тіпті XVII ғасырда да қазіргі заман типіндегі еуропалық философияның қалыптасуында үлкен рөлге ие болған мәдениет арнайы құбылыс ретінде пәндік назарда болған жоқ. Бұл бір жағынан діни сананың көпғасырлық үстемдігі болса, екінші жағынан мәдениет туралы философиялық ойлар адамның ойлау қабілетін жалпылай келе тек механикалық операциялармен ғана шектелді, ойлау механизмін игеріп таза «жинақтық»

сипатқа ие болу XVII ғасырға да бұйырмады. Бұл бағыттағы теориялық ойлар XVIII ғасырда Виконың «Жалпы ғылымдарынан» Гердердің «Адамзат тарихы философиясының идеяларына» қарай жүрді, ал жүйелік негіздемеге Кант және теориялық-тарихи мәдениеттанулық құрылымдардың барлығын қамтитын Шеллинг, Гегель концепциялары арқылы ие болды. Дәл осы кезеңде адам жасаған әлемдегі тұтастықты сезіну Лейбниц-Вольф мектебінің ұсынысында айқындалды. Онда ғылым, ізгілік, өнер сынды іс-әрекеттердің жемісі болып табылатын құндылыққа айналған «ақиқат-қайырымдылық-сұлулық» үштігін туғызып, мәнді түрде ерекшеленетін және бірін-бірі ақыл, ерік, сезім қуаттарымен толықтыратын адамның рухани қабілетіндегі үш жақты құрылым туралы сөз болды.

➤ Тарихи процестің екінші кезеңі мәдениеттанулық ойды қалыптастырудан басталады – өзінің әртүрлілігіне, адамдық әрекеттер алаңына қарамастан мәдениеттің тұтастыққа айналуы өзіндік философиялық саралаудың пәні бола алды. Сонымен бірге мәдениетті кең көлемде түсіну оның қоғамның экономикалық және саяси өмірін қоса жұтып, табиғаттан басқаның барлығын қамтуымен сипатталады. XIX ғасырдың ортасында әсіресе марксизм және оның әлеуметтік ойлар қалыптасуына тигізген ықпалы арқасында қоғам ерекшелігі өндіру және басқару аймағындағы адамдар арасындағы қатынастар жүйесі ретінде таныла бастады.

➤ Мәдениеттанулық ойлар тарихының үшінші кезеңін бір жағынан түрлі нақты-ғылыми мәдениеттанулық пәндерді философиялық тұрғыда қатар қарастырудың кең көлемде дамуымен ерекшеленетінінен көрсек, екінші жағынан көркем бейнелі формадағы мәдениет жетістіктері – проза және поэзия, сурет және әуез, театр және кинематографиядан байқай аламыз.

Адамның іс-әрекеті мен сол іс-әрекеттің нәтижесі және адамдар қолынан шыққан материалдық игіліктер жиынтығын материалды мәдениет деп атаймыз. Талдап өтер болсақ:

1) еңбек мәдениеті мен материалдық өндіріс, яғни еңбек құралдары, технологиялық процестер, ішіп-жем азық-түліктерін өсіру және жерді өңдеу;

2) тұрмыс мәдениеті;

3) топос немесе тұрғын жер мәдениеті, яғни тұрғын жерлер, үйлер, ауылдар, қалалар;

4) өз-өзіңе, өз дене бітіміңе деген мәдени қатынас.

Американдық әлеуметтанушы ғалым Уильям Огборн анықтамасы бойынша материалдық мәдениет терминіне барлық материалдық заттар және технология дамуындағы жаңалықтар мен өзгерістер жатады. Сондықтанда материалдық мәдениетті археология, этнография, тарих, экономика және т.б. ғылымдар қарастырады. Материалдық мәдениет өз алдына жеке ұғым болғанымен ол да кең мағынада рухани мәдениеттің көрсеткіші. Себебі рухани мәдениет адам мен қоғам рухани өмірінің түрлі жақтарын қамтитын адамдық іс-әрекет сферасы. Бұл турасында Н.Бердяев «Кез-келген мәдениет, тіпті материалдық мәдениет дегеніміз де рух мәдениетіне тиесілі; кез-келген мәдениетте рухани негіз бар – себебі ол табиғи жағдайдағы рухтың шығармашылық жұмыс жемісі» – деп анықтама берді. Рухани мәдениет әрбір жеке дара адамның рухани әлемі және оның рухани дүниелер тудыру барысындағы әрекеті, мысалы ғалымдар, жазушылар, суретшілер, заң шығарушылар және т.б. шығармашылығы, ал рухани әрекеттің жемісіне рухани құндылықтар, ғылыми нәтижелер, кітаптар, заңдар, дәстүрлер және т.б. жатады. Рухани мәдениет саяси, құқықтық, ізгіліктік, эстетикалық, діни, ұлттық, ғылыми және философиялық сынды түрлі қоғамдық сана формалары арқылы көрініп отырады да өнер, әдебиет, сәулет және басқа да адам іс-әрекеттерінің ескерткіштеріне айналады. Рухани мәдениетке дін, ғылым, ағартушылық, білім, өнер, тіл, жазу өнері және т.б. жатады.

Материалдық өндіріс және оның жекелеген аймақтарындағы адамзаттың жинаған тәжірибесі еңбек пен өндіріс мәдениеті деп аталатын мәдениет формасын сипаттайды. Материалды және өндіріс мәдениеті әлеуметтік-экономикалық және технологиялық жүйелерді өзіне енгізеді де, адам еңбек пен өндіріс субъектісіне айналады, демек өзінің тарихтар саласынан жиналған тәжірибелері мен еңбек әрекеті ілімдерін келер ұрпаққа мұраға қалдырады.

Тарихшы-ғалым Манап Қозыбаев өркениет шындығына келгенде мәдениет, ал мәдениет болса тірнек (материалды) және көрнек (рухани) мәдениеті болып екіге бөлінеді деп оларға

ескіше атау берген. Кез-келген материалдық мәдениет рухани мәдениеттің жемісі бола отырып, тұрмыстық қажеттілік пен сұранысты қанағаттандыру мақсатында пайда болып, заман өте түрленіп модернизацияланады. Нәтижесінде адамды рухтандыратын, сұлулық пен ерекшелікке ие заттарға айналады, демек өзінің алғашқы түп негізі болған рухани мәдениеттің пайда болуына тікелей ықпал етеді. Бір немесе бірнеше ірі этностардың этнодемократиялық мәдени-әлеуметтік бірлігіне негізделген өркениет ауқымы бірде есіліп-көсіліп, бірде тартылып-қысылып дамығанмен, оның өзегі негізді болады. Өркениет – мәдени тип, ол ұзақ эволюциялық дамудың нәтижесі, тұйық, ағысы жоқ жерде эволюциялық даму емес, борсу, іру, шіру бар, бір орнынан қозғалмай тыпырлау бар. Қалай болғанда, өркениет – дегеніміз эволюциялық белгілі бір дәрежеде этностармен мемлекеттердің аралас-құралас қана емес тарихи және мәдени біртектілік болмысының автономды дамуы болса керек. Сонда ғана ол әлем дамуына өзіндік қадір-қасиеттерімен, өзіндік тарихи ағысымен, ұлысымен, тынысымен мен мұндалап ене алады, әлем дамуына өзіндік үлесін қоса алады.

Жер жүзіндегі мәдениеттердің барлығы құрылымы жағынан бір-біріне өте ұқсас. Кез-келген мәдениеттің белгілі бір ерекше тұсы келесі мәдениетте әлсіздік танытса, дәл осы әлсіздік өзге мәдениет өркендеуінің басты себебі болуы мүмкін. Демек, мәдениеттер әрдайым өзгерісте, олардың өзіндік ерекшеліктері мәдени белгілер жиынтығының ұдайылығы мен екпінінен айқын көрінеді. Өзгермелі мәдениеттің орны мен уақыты ауысқан сәтте, мәдениет субъектілері – этнос, социум, тұлғалар да өзгеріп отырады. Ол үшін біз мәдениет динамикасын өте жақсы меңгеруіміз қажет, тек осындай білім ғана бізге константты анықтауға жәрдем береді. Үздіксіз үрдісті меңгеру феноменнің үстемдік етуші белгілерін анықтайды, әлемдік мәдени-философиялық идеялар тұрғысынан талданып, өркениеттік негіздер арқылы көрініс табады. Мәдениет пен өркениет бірін-бірі толықтырушы, әрі сабақтаушы екі жұптық бастама.

Өзін тексеру сұрақтары

1. Латындық «cultura » және шығыстық «маданият» сөздерінің тектік ұғымдарын салыстырыңыз?

2. Мәдениеттану ғылымының негізін қалаушы деп кімді есептейміз?

4. Мәдениеттану ғылымының қалыптасуы мен даму кезеңдерін баяндаңыз?

5. Мәдениет субъектісі деген ұғымның мән-мағынасын қалай түсінсіз?

6. Материалдық мәдениет дегеніміз не және оның түрлері қандай?

7. Қоғамдық санадағы рухани мәдениеттің алар орны.

Өзін жетілдіру тапсырмасы

Мәдениеттану пәнін игеруге бағытталған студент ең алдымен өзінің мәдени портретін жасағаны абзал. Әр адам өз халқының болмысы, пішіні, келбеті, яғни бір бөлшегі, олай болса оның мәдени портреті де ұлт пен жеке адамның шендесуінен тұруы керек. Тапсырманы жазып, салыстырып орындаған тиімді болады.

МЕНИҢ МӘДЕНИ ПОРТРЕТИМ

Қазақ халқын мәдениетті халық ретінде дәлелдейтін 5 аргумент;	Сізді мәдениетті ететін 5 аргумент;
1	1
2	2
3	3
4	4
5	5
Аргументтердің ішінен бірін екінші сабақтайтын, жалғайтын ұқсастықтарын екшелеп өтіңіз. Мүмкіндігінше бірінші халықтық деңгейді жазыңыз, ол аргументтерді жасырып қойып, ойлана отырып, өзіңіздің жеке басыңыздың мәдениеттілігін дәлелдейтін аргументтерді жазыңыз. Содан кейін ғана екеуін салыстырыңыз.	

Нәтижесі: әр студент белгілі бір дәрежеде өзін мәдениетті сезінеді, алайда нақты қандай әрекеттер оны мәдениетті ететіндігіне назар аудармауы мүмкін. Оған қоса әр адам тек өз ата-анасының ғана емес өз ұлтының, өз халқының да баласы, ұрпақтарды жалғастырушы, дәуірлеуді сабақтастырушы, алайда ол осы қызметті жасау үшін нені білуі керек? Егер студент өз халқын мақтан тұтпаса онда ол өзін сол халықтың бір бөлшегі ретінде сезінеді ме? Қаншалықты өзіңнің өз халқыңмен ұқсастығың бар? тапсырма осы сынды сұрақтарға іштей жауап алуға мүмкіндік береді.

МӘДЕНИЕТ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕМЕСІ

1. *Мәдениет философиясының теориясы.*
2. *Мәдениет философиясы – философияның бір саласы ретінде.*
3. *Мәдени-ағартушылық бағыттағы мәдениет философиясы.*
4. *Философиялық мәдениет және оның зерттеу аймағы.*

Философиялық-әдістемелік аспект білім берудің негізгі функцияларын талдау, жаңасын жасау қажеттілігімен ғана емес білім беру парадигмасын, қала берді, стандартты емес ойлау жүйесін қалыптастыруға тірек бола отырып қазіргі философиялық білім беру процесінің жаңа қырын кұрайды. Жаңа философиялық білім, яғни ғылым игерген келесі бір белестің өзгеше сипатталуы ғана емес, сондай ақ, елдің әлеуметтік немесе экономикалық дамуы, оның динамикасы және адамзат дамуының стратегиялық ресурсы болып табылады. Мұны түсіну үшін қазіргі философиялық білім берудің негізгі функцияларын анықтау қажет. Білім берушілер шын мәнінде білімді тасмалдаушылар, олар өзгелерден алған білімді өзінде қорытып, өз бойынан өткізіп, қажеттілігіне қарай байытып оны ары қарай білім алушыға береді. Осы процестегі білімді тасмалдаушылардың руханилық деңгейінің жоғары болуы аса маңызды. Себебі философиялық білім – бұл адамзатты қалыптастыру процесі, демек адамның лайықты өмір сүру қабілетін дамыту, өзімен және басқа адамдармен бейбітшілік пен мейрімділік қарым-қатынасын түзуі. Нағыз философиялық білім адамның ішкі әлемін дамытып, жан-дүниесін тазалап, оны әлемдік мәдени мұрамен жанастырады, адамның әлемге деген қатынасын дұрыс бағалауға мүмкіндік береді, адамдар арасында моралдық орта құрып өзгелер үшін өзіне тартатын «жақсы магнит» болмысын түзеді.

Философиялық білім беру процесінің негізгі субъективті компоненттері болып табылатын «философ-оқытушы» мен «студент» белсенділігі тасмалданушы білімнің әдістемесіне

келіп тіреледі. Жаңа философиялық білімді беру немесе тасымалдау жаңа технологияларды қолданумен қатар жаңа дүниетанымды қалыптастыруды талап ететін ғылыми әдістемені қолдана білу қызметін талап етеді. Мұндай қызметтің түрлі іске асыру бағыттары болары анық, алайда олар мәдени бағыт, оның ішінде мәдениет философиясы арқылы барынша анық айқындалады.

Мәдениеттану ғылымымен қатарласа дамып келе жатқан мәдениет философиясы болмыс, сана, материя, қоғам, даму сынды таза философиялық проблемалармен мәдениеттің құндылықтық-танымдық жүйесі, синтетикалық нысандары, мәдени бағалау, мәдениет қызметтері сынды өзіндік бағыттарын байланыстыра отырып өзіндік көптеген мәдени-философиялық проблемалардың тарқатылуына жол ашты. Адамның адам болуы үшін тек биологиялық эволюция жеткіліксіз, сондықтанда жаңа процесс болып есептелетін мәдени-философиялық эволюция қажеттің қажеті.

Мәдениет философиясы, культурфилософия (немісше «kulturphilosophie») – XIX ғасырдың орта шенінде болмыс, әлем және ондағы адам сынды философиялық мәселелерінің шектеулі әрі қажетті құрамдас бөлігі ретінде мәдениет дамуының мазмұны мен ықпалды даму мүмкіндігін, мәні мен мағынасын зерттейтін философия бөлімі болып қалыптасты.

Мәдениет философиясы – мәдениетті болмыс, сана, қоғам, тұлға және т.б. философиялық проблемалар контекстінде қарастыратын философиядағы өзіндік бағыт. Мәдениет философиясы – мәдениетті адамның іргелі түпкі сипаты, оның анықтамаларының бірі ретінде түсінеді.

«Мәдениет философиясы» терминін алғаш рет XIX ғасырдың басында адамзаттың мәдени шығармашылығын белгілеу үшін А. Мюллер енгізді. Әйтседе мәдениет философиясының проблемаларын сонау ертегректік кезінен софистер мақұлданған болатын.

«Мәдениет философиясы» мәселесін ғылыми айналысқа енгізген 12 томдық «Мәдениет философиясы» (1923-29), «Мәдениет және этика» (1960) еңбектерінің авторы, теолог, дәрігер, музыкант, қоғам қайраткері, неміс-француз ойшыл-гуманисті – Альберт Швейцер (1875-1965) мәдениет философиясы теориясының негізін қалаушы болып саналады.

Философия ғылымдарының докторы, теология докторы, медицина докторы, әлемдік Нобель сыйлығының және Франкфурттік Гете сыйлығының лауреаты Альберт Швейцер өзінің философиялық ұстанымының негізіне әлем туралы ілімді емес, нақ өмірдің өзін қойды да дәл осы принципін өркениеттің кері ықпалдарына қарсы «сүзгіш» ретінде қарастырып, одан адамзаттың моралды жетілуінің жетістігін көрді. А.Швейцердің адамзат болашағына деген оптимистік көзқарасы діни нақышта болды. Оның дүниегекөзқарасы әртүрлі философиялық концепцияларды біріктіріп қарастырғандықтан, бірқалыпты жүйеде болған жоқ.

А.Швейцердің мәдениет философиясында мәдениеттің бірлігі мәселесі ерекше орынға ие. Оның ойынша еуропалық мәдениет шығыс мәдениетінің құндылықтарын теріске шығарып немесе шеттетемін деп көп нәрседен айрылып қалды. «Үнді ойшылдарының дүниегекөзқарастары» атты еңбегінде А.Швейцер өзара түсіністік пен өзара етене араласудың соншалықты қиындығына қарамастан Батыс пен Шығыс мәдениеттері бір-бірімен үйлескен және тек өзара әрекетке барғанда ғана бірі екіншісін толықтыра алады деп атап көрсетті. Қазіргі заманғы жалпы планетарлық ақпараттық кеңістік жағдайындағы ұлттық және аймақтық мәдениеттердің өзара толығуымен өзара ықпалын А.Швейцер әлемдік жалпыадамзаттық мәдениеттер бірлігіне апаратын шынайы жол деп қарастырды.

XIX ғ. басындағы мәдениет философиясы XVIII ғ. соңындағы революциялық оқиға байланысты бейбітшілікке бағытталған ағартушылардың белгілі әрекеті болды. Ағартушылар сенген ақылдың үстемдік ету кезеңі бола қоймады. Мәдениетке бағытталған көзқарастардың орталығында тұрған рационалды индивид сынақтан сүрінді. Ол әдеттер мен наным-сенімдерге таңылған қырсық әрі құбылмалы болып шықты, оған француз спиритуалисті Мен де Биран философиясындағы «Мен» теориясы дәлел бола алады. Бір ғана ұрпақ көз алдында өзгерген қоғам оның өміріндегі абсолюттік уақыттан тыс заңдардың спекулятивті жағдайына күмән туғызды, ал жаратылысты ғылымдар дамуы болса, жағымды ілімдерге сүйенген адам мен қоғам туралы айғақтар алу міндетін алға тартты. Мәдениет

философиясының ары қарайғы қалыптасуы үшін институттардан тыс адамның жеке еркіне және өзінің ішкі заңдарына тәуелсіз органикалық бүтіндікті сипаттайтын қоғамдағы өзгерістер маңызды болды. «Дәстүршілдер» атына ие болған Жозеф де Местр, Мен де Биран сынды философтар тұтас қоғам өмірімен оның мәдени тұрақтылығы үшін өткен өмірдің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарының маңыздылығын баса айтты. Мәдениет философиясына адамзат қалыптасуындағы түсіністік пен бағалау тарихын енгізген Сен-Симон қосқан үлесі қомақты болды. Ол мәдениетті қозғаушы күш адам ақылы екенін дәлелдеді. Сен-Симон төменгі формадан жоғарғы үш кезеңге өтетін тарихтағы қоғам мен мәдениет дамуын бөліп алып, әрбір кезеңнің адам ақылын жетілдіру дәрежелігімен қатар, оның шығармашылықты өндіргіш күшін де ескерді. Әлеуметтік-мәдени жалпылықты зерттеушілер арасындағы алғашқылардың бірі Сен-Симон еңбекті маңызды адам әрекеті ретінде мән берді. Оның есептеуінше, барлық адам жұмыс істеуі қажет. Сен-Симон тарихи кезеңді ойлаудың діни жүйесі, метафизикалық және дұрыс ілімінің ғылыми жүйесі деп үшке бөлді.

XIX ғ. Француз позитивизміндегі мәдениет философиясын зерттеуде О.Конт, И.Тен, және Э.Дюркгейм есімдерін ерекше атау қажет. Позитивизм мен әлеуметтану негізін қалаушы француз философы О.Конт өзінің аса танымал «Позитивті философия курсы» атты еңбегінде философиялық жүйе құруды мақсат етті. Ол өзі өмір сүріп отырған уақытын тарихи кезеңнің бастамасы деп танып, Сен-Симон мен басқа да дәстүршілдер артынан ағартушылармен айтысуды жалғастырды. Конт бойынша қоғам өмірі жекелеген ерікті индивидтердің басқаруымен анықталмайды, ол дін, дәстүр сынды ұжымдық сипатқа ие өзінің ішкі заңдарымен басқарылуы тиіс. Ол дінді адамдарды біріктіруші және ұжымдық сана формаларын реттеуші ретінде оған үлкен мән берді, оның бұл әрекетіне қарап, басқалар оны жаңа христиандық жасауға тырысқан Сен-Симон сынды дәстүршілдер қатарына қосты. Сол кезде, яғни XIX ғ. бірінші жартысында француз философиясына үстемдік етіп тұрған П.П.Руайе-Коллар мен В.Кузен сынды спиритуалистер жалпы Конттың идеялар кешенін тартысқа түсірді. Конт оларды Францияны қайта жасауға тырысқан феодалдық тәртіппен

байланысты жаңа буржуаздық өркениет иелеріне балады. Мұндай жағдай оның идеяларының Англияға қарағанда Францияда пайдаланылып, дами алмауына тікелей ықпал етті. Конт қоғам мен оның мәдениетінің дамуын теологиялық, метафизикалық және позитивтік деп атап, адам ақылының дамуын тарихи кезеңдер дамуымен салыстырды. Осы идеяның жалғасы ретінде И.Тэн мәдени феномендер ерекшеліктерін интерпретациялады және жеке санаға қарағанда ұжымдық сана формасын жоғары қойды. Тэннің культурфилософиялық теориясын кейде психологиялық тарихнама, кейде натурализм, кейде тіпті әлеуметтану өнері, кейде географиялық позитивизм деп те атайды. Оның жұмыстары өзінің көзі тірі кезінде де және одан кейінде өте көп талас-тартысты туғызды. Мәдениеттің тарихи және детерминділік принципі марксистдер қатарынан қызығушылық танытқызды. Г.В. Плеханов болса «оның өндірістік күші мен оның өндірістік қатынасының» мәдениет пен адам жағдайына тигізетін ықпалын шеттеткені үшін Тэнді қатаң сынға алды. Бірақ Брюнетьер мен Симондс сынды Тэннің ізбасарлары өз ұстаздарының «әдеби формалардың эволюциясы табиғи әлем түрлері эволюциясымен толық ұқсастықта» деген ғылыми жағдайын аяғына дейін жеткізді. «Жаңа сыншылдар» атымен таныс Уэллек пен Уорен француз әдебиеттануындағы «тенизмді» XX ғ. қорытындылаудың жаңа тәсілдерінен алшақтатып, оны ескірген деп таныды.

XIX ғ. екінші жартысында Франциядағы мәдениет философиясы қоғам туралы ғылымдар қатарында дамыды. Жаратылыстанулық ғылымдар тәсілдеріне бағытталған уақытта әлеуметтік жүйелердің көпшілігі мәдениеттің философиялық проблемаларынан алысқа кете алған жоқ. Дәл осы негізде арнайы эмпирикалық зерттеулер жүргізілді. XX ғасырдың 20-30 жылдарына дейін еңбектері француз әлеуметтануының базасына айналған ірі әлеуметтанушы, мәдениет философы, позитивист Эмил Дюркгейм жаратылыстану ғылымдарына бағытталған позитивизмнің негізін қалаушының өсиетін сақтай отырып, мәдениет философы ретінде көптеген сұрақтарға жаңа, әрі ерекше жауаптар берді. Ол Конттың қоғам мен мәдениетті өздерінің арнайыланған даму заңдылықтарымен біріккен тұтастық; ұжымдық сана формасының басымдылығы; еңбек

бөлінісі мен қоғамдық келісім немесе «ынтымақтастық» деп үшке бөлінген дәстүрін қысқартып, қоғам, мәдениет дамуын екі негізгі кезеңнен тұрады деп тұжырымдады. Бұл айырмашылықтың басты ерекшелігі белгілі бір тарихи даму кезеңіндегі қоғам мүшелелерінің қауымдастырылуы, «ынтымақтастық» өлшемі болып отыр. Дюркгейм негізгі фактор ретінде әлеуметтік-мәдени өмір көрсеткіші болатын қоғамдағы еңбек бөлінісін алады. Дәл осы еңбек бөлінісінің дәрежесінен сол немесе басқа қоғамның «ынтымақтастық» өлшемі белгілі болады. Ол тарихтың бірініші кезеңін «механикалық ынтымақтастық» келесісін «органикалық ынтымақтастық» деп айдар тақты.

Қазіргі заманғы мәдениет философиясында мәдениетті зерттеудің екі тенденциясы қалыптасқан:

➤ бірінші, өзіндік философиялық, яғни әлемдік тарихи процесс контекстіндегі мәдениеттің макротарихи сипатының анализі;

➤ екінші, әлеуметтік-философиялық, яғни мәдениет микродинамикасының эмпирикалық зерттеулері. Оны мәдениеттің философиялық теориясы әлеуметтік жады, адамдардың жеке және біріккен іс-әрекеттерінің ұйымдастырылған, алмасу тәжірибесі ретінде қарастырады.

Мәдениет философиясының пәндік аймағы мәдениеттанудың өзегін құрай отырып мына проблемалардың басын біріктіреді:

- ✓ Мәдениет мәні;
- ✓ Мәдениет типологиясы;
- ✓ Мәдениет динамикасы;
- ✓ Мәдениет сабақтастығы;
- ✓ Материалдық және рухани мәдениеттердің өзара байланысы;
- ✓ Адамдар қатынасының мәдениеті;
- ✓ Мәдениет кеңістігі мен уақыты;
- ✓ Мәдениет тілі.

Соңғы кездері әлеуметтанушылар, тарихшылар, тіл мамандары мен тағы да басқа көптеген мамандардың қызығушылықтарын туғызып отырған мәдениет тарихы мен теориясын оқыту шаралары университеттерде, педагогикалық және басқа да институттарда кеңінен орын алуда. Ресейлік

С.Бабушкин, Б.Губман, П.Гуревич, Б.Ерасов, С.Иконникова, М.Каган, В.Кутырева, В.Пивоев, Э.Соколов сынды ғалымдардың оқу құралдарымен В.Добрынин, Г.Драч, А.Маркова, Е.Попов, П.Радугин сияқты ғалымдардың редакциялық алқадағы ұжымдық монографиялары көптеп жарық көрді. Сонымен қатар ірі шетелдік оқымыстылар мен философтардың көптеген мәдениеттанулық еңбектеріне аудармалар жасалып, осы мәселемен шұғылданушы және қызығушы барлық қауымға ұсынылды. Біздің отандық ғалым философтар мен мәдениеттанушыларда ғылым көшінен кеш қалып жатқан жоқ. Осы бағыттағы жекелеген ғылыми еңбектерден басқа мәдени мұра аясындағы «қазақ халқының философиялық мұрасы» атты жинақпен жиырма томдық үлкен кешелі ғылыми басылым жарық көрді. Онда көптеген әлеуметтік-мәдени-тарихи-философиялық мәселелер жеке-жеке томдарға бөлініп екшеленген.

Философиялық мәдениет – мәдениеттің арнайыланған аймағы, барлық субъектілердің мазмұнды және мақсатты әрекеттері: метафизикалық проблемалар туралы ойлану; өмірдің мәні проблемасына алып келетін «мәңгілік» сұрақтарға, адам болмысының барынша жалпы және абстракты, универсалды ұғымына, қоғам мен әлемге деген рефлексия; дүниеге көзқарастың теориялық негізін жасақтау. Философия көптеген ғасырлар бойы дами келе жоғарғы мәдени құндылықтардың жинағына айналды. Сонымен қатар философиялық мәдениетте адамның жалпы мәдениетін, оның тұлғалығын, әлемге, қоғамға және басқа адамдарға деген қатынасын сипаттайды.

Философиялық мәдениет – бұл ойлау мәдениетінің де көрсеткіші болып табылады. Ойлау мәдениеті – өзіндік дамуға бағытталған жеке дара ойлау мүмкіндігі және индивид ойында қалыптасқан формалар мен канондардан шыға алу қабілеті. Танымдық процестерде ойлау мәдениеті интеллектуалды жетілудің жоғарғы дәрежесі бола алады. «Ойлау мәдениеті» деп аталатын жалпы философиялық категория «даналық» категориясына сәйкес келеді. Ойлау мәдениетінің жоғарғы көрсеткіші болып табылатын сөйлеу мәдениеті тілдік құралды түрлі жағдайларда қолдана білу және жеке дара сөйлеудің белгілі бір тілге сәйкестігімен анықталады. Лингвистердің есептеуінше

сөйлеу мәдениеті дегеніміз айтылған сөздің анықтығы, нақтылығы, дұрыстығы және тазалығы, ондағы диалект, өте карапайым сөздер, белгілі бір кәсіптік терминдер мен басқа тілдік және жаргон сөздердің орынсыз қолданылуынан аулақ болу. Сонымен бірге мәдениетті сөйлеуге шешендік, логикалық құрылымдық, тіл байлығы, сөздік қор, грамматикалық конструкциялардың әртүрлілігі мен көркемдік айшықтық тән. Сөйлеу – ойды толығымен жеткізетін қатынас құралы, кәсіби қару.

Философиялық мәдениет құрылымындағы қатынас мәдениеті негізінде адамның адамға деген гумандық көзқарасы жатыр. Танымал педагог, академик В.А. Сухомлинский: « ... біздің өміріміздің мағынасы – адамдар қатынасының бақыты. Бақыт адамдардан алыстау емес, біздің ең жоғарғы қажеттілігіміз ... адамға деген қажеттілік болсын» – деп жазды. Қатынас мәдениетінің философиялық мәні ізгіліктің алтын ережесінде екені хаһ. Оның атрибуттарына тоқтала кетсек: ізеттік, құрмет, әдептілік, ескертпелік, міндеттілік және т.б. Гумандық көзқарас этностық көзқарастармен жанаса қалыптасады.

«Философия» мен «мәдениет» жеке ұғымдар ретінде де арнайы пән ретінде де өзара бір-біріне тәуелді, байланыстары берік. Мәдениет кез-келген философияның негізін құрайды және ол адамдардың қалыпты өмір сүруіне тікелей ықпал етеді. Оған қоса, философия қоғамды анахронизмнен құтқарып жаңашылдыққа бет алуына нақты логикалық негіздеме бере алады. Бұл бізге ойлануға, сұрақтар қоюға, сынға алуға, содан кейін кез-келген ойды қабылдауға немесе қабылдамауға мүмкіндік береді. Осы мәселелерді өзінің зерттеу нысаны айналдырған екі ұғымға талдама жасау барысында В.М. Межуев, Ж.А. Вартанова, И.В. Цветкова, Н.Г. Баранец, А.С.Атманских, О.В. Ершова, Б.И. Кононенко сынды ғалымдардың еңбектері негізге алынды.

Кесте 1. «Мәдениет философиясы» мен «философиялық мәдениет» ұғымдарына талдама

Критерийлері	Мәдениет философиясы	Философиялық мәдениет
Пайда болуы	XIX ғ. соңында немісше – «Kulturphilosophie» Германиядағы Баден мектебіндегі неокантианизм аясында қалыптасты. Терминді алғаш рет адамзаттың мәдени шығармашылығын белгілеу үшін А.Мюллер, ал ғылыми айналымға француз ойшыл-гуманисті А.Швейцер енгізді.	XX ғ. аяғында термин тұжырымдама ретінде ғылыми айналымға кірді. Шартты түрде Эверт ван дер Цверденді 1994 ж. «Кенестік философия» еңбегі және Т.И. Ойзерманды ТФФ «тарихи-философиялық ғылым) талдауының арқасында негізін қалаушылар деп атауға болады. Бүгінде ол «тәуелсіз теория».
Анықтамасы	Мәдениетті болмыс, сана, қоғам, тұлға және т.б. философиялық проблемалар контекстінде қарастыратын философиядағы өзіндік бағыт. Мәдениет философиясы – мәдениетті адамның іргелі түпкі сипаты, оның анықтамаларының бірі ретінде түсінеді. Тереңірек қарасақ, мәдениет философиясының проблемалары сонау ертегректік софистер кезінен мақұлданған.	Мәдениеттің арнайыланған аймағы, барлық субъектілердің мазмұнды және мақсатты әрекеттері. Метафизикалық проблемалар туралы ойлану, өмірдің мәні проблемасына алып келетін «мәңгілік» сұрақтарға, адам болмысының барынша жалпы және абстракты, универсалды ұғымына, қоғам мен әлемге деген рефлексия, дүниеге көзқарастың теориялық негізін жасақтау.
Қызметі	Адамзат өміріндегі мәдениет және оның адам болмысының ажырамас сипаттамаларымен байланысы	Адамның жалпы мәдениетін, оның тұлғалығын, әлемге, қоғамға және басқа адамдарға деген қатынасы
Құрылымы	Мәдени онтология, эпистемология, натурфилософия және кейбір әлеуметтанулық теориялардың өзара байланысы	Қарым-қатынас, яғни адамның адамға деген гумандық көзқарасы
Нысаны	Мәдениеттің жалпы адам болмысын сипаттайтын категориялар жүйесіндегі орнын көрсетіп, мәдениеттің ішкі құрылымын, қызметі мен дамуын сипаттайтын категориялар жүйесі.	Тек объект ретінде емес, субъект-объект ретінде қарастырса болады, яғни бір уақытта өзін зерттейтін зерттеу, демек ойлаушыны ойлаудан ажыратуға болмайды.
Құралы	Материалдық база: университеттер, академиялар, философиялық қоғамдар, семинарлар, дәрістер, жарияланымдар мен басылымдар классикалық еңбектер, философиялық журналдар т.б., бір сөзбен айтқанда философия өрісі.	

Қазіргі таңда дәстүрлер эволюциясы объективті процесс ретінде ерекше мәнге ие және «ретротрадициялау» жасанды сипат алууда. Оны кез-келген саладан байқауға болады, атап айтсақ, қазіргі дәуірдегі халықтық ортада, бұқаралық мәдениет саласында, дәстүрлердің шартты нысандарында, мәдени дәстүрлерді идеологияландыру үрдісінде, кие мен қасиетке ие ұғымдарды насихаттау және керісінше құрметсіздік таныту жағдаяттарында және т.б. Мұның бәрі мәдениет пен адам қызметінің көрінісі ретінде орын алып әлеуметтік-мәдени өзгерістерге, жаңаның пайда болуына, технологиялық жаңғыртуға алып келеді. Жаңару формасы әр саланың ішкі екіпніне тікелей ықпал етеді де дәстүрлерді сұрыптай бастайды. Кейбіреуін бүзса, кейбіреуін мүлдем жоқ етеді. Ескі мен жаңаның өзара әрекеттесу жолдары «сұхбаттасу», «бейімделу», «дәстүрлерді сақтау» және «синтездеу» әрекеттері арқылы бір ізге түсіп заманауи тарихтың тіректерін анықтайды. Дәстүрлер эволюциясы мәдениет пен қоғамның модернизациясына ықпал еткен ірі өркениеттерге тәуелді. Ірі өркениеттер қиылысында түйіскен дәстүрлерге деген көзқарастарда өзгере бастайды.

Өзін тексеру сұрақтары

1. Мәдениет философиясы – культурфилософия.
2. «Мәдениет философиясы» терминін кім және қашан енгізген?
3. Мәдениет философиясының теоретигі деп кімді атаймыз және оның негізгі ойлары қандай еңбектерінде жинақталған?
4. Франциядағы мәдени-ағартушылық бағыттағы мәдениет философиясына үлес қосқан ғалымдар еңбектері мен ой-пікірлері.
5. Философиялық мәдениеттің зерттеу аймағы қандай?

Өзін жетілдіру тапсырмасы

Өзін-өзі жетілдіруге ұмтылған студент қандайда бір тапсырманы ыждаһаттылықпен және үлкен жауапкершілікпен орындауға тырысады, себебі әрбір тапсырманың орындалуы

қандайда бір нәтижеге жету екендігін жақсы түсінеді. Төмендегі тапсырма үш кіші тапсырмалардың жиынтығы болып табылады.

&	1 аргумент	2 аргумент	3 аргумент	4 аргумент
1. Өмірің мәнге ие ме? Нақты үштен кем емес аргумент жазыңыз!				
2. «Бақыт» дегенді қалай түсінесіз? Бақыт туралы өзіңіз 50 сөзден кем емес анықтама құрастырып жазыңыз!				
3. Жазған анықтамаңыздың ішінен 4 тен кем емес кілттік сөзді астына жазыңыз!				
1	2	3	4	5

Нәтижесі: берілген үш тапсырманы орындау арқылы студент өз өміріндегі маңызды факторларды бір жинақтап алады. Үш тапсырма бірін-бірі логикалық түрде жалғастырып отырады. Тапсырманы түсініп орындаған студент өз аргументтері мен кілт өздерін салыстырады. Онда кемі екі сәйкестік орын алса онда ол тапсырма мәнін түсініп орындады деген түсінікке ие.

МӘДЕНИ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ ШОЛУ

1. Мәдени антропология және оның ғылым ретінде қалыптасуының тарихи жолдары.
2. Мәдени антропология – универсалды интерэтникалық формадағы адамдық мәдениет.
3. «Этнос» ұғымының этимологиялық мән-мағынасы?
4. Эволюционизм – мәдени антропологияның үлгісі ретінде.

Жаратылысынан ойлау, сөйлеу және еңбек ету қабілетіне ие адам жер жүзіндегі барлық материалдық және рухани мәдениет дамуының субъектісі. Биоәлеуметтік тіршілік иесі ретінде адам қоғамдағы мәдениетті жасайды, сақтайды және келешекке мұралайды. Мұрагерлік сипатқа ие мәдениет тарихи процесте әрдайым жаңалануға, түрленуге, өзгеріске, қайта қалпына келу проблемаларына ұшырайды, осылайша ескілік орнын жаңа басып, құндылықтар құнсызданып алмасу процестері үнемі жүріп отырады. Мәдениетсіз адамды, адамсыз мәдениетті елестету мүмкін емес, бұлар бірін-бірі толықтырушылар мен айқындаушылар. Себебі адам парасаттылық, имандылық, зейінділік, әрекетшілдік сынды толып жатқан бітімдік болмысты сипаттайтын қасиеттерге иелік етуімен қатар, сұлулықтан ләззат алып, эстетикалық рахатқа бөлене алады. Адамның өзіндік «менін» жоғары бағалап, тұлғаға айналуы оның мәдениетті игеру өлшемімен таразыланады. Жаратылысынан өзін ерекше жақсы көретін адамдардың бірігіп, белгілі бір-қоғамда, тіпті әлемде мыңдаған жылдар бойы қожалық етуі мәдениеттің және мәдениеттіліктің көрсеткіші.

Мәдени антропологияны ағылшын тілді елдерде көбіне әлеуметтік немесе әлеуметтік-мәдени антропология деп атайды, соңғы онжылдықта Франция мен континенталды Еуропаның басқа да елдерінде де мәдениет туралы ғылым осындай формаға ие болған. Әйтсе де мәдениет кең мағынада материалдық объектілер, идеялар, құндылықтар, жүріс-тұрыс үлгілері мен

көрністерінің жиынтығы ретінде түсінледі. Қазіргі заманғы мәдени антропологияға мәдени құбылыстарды ұғыну, мәдениетті биоәлеуметтік адаптация формасы ретінде түсіну, сонымен бірге, мәдени релятивизмнің этикалық және әдістемелік принципі баспалдақты даму деңгейіне тәуелсіз әрбір мәдениеттің ілгерілемелі әмбебапты құндылықты бойына сіңіре алатын холистік ыңғай тән. «Холизм» гректің «бүтін» сөзінің аудармасын беретін танымдағы жүйелік әдістемелік және жүйелік парадигмасын жетілдірумен байланысты XX ғ. енген ұғым. Холизмнің орталықтық ұғымы «бүтін» категориясы. Холизм концепциясы Бергсоннің «шығармашылық эволюциясы», Уайтхедтің «философия процесі» үлгілеріне, феноменологияға, гештальтпсихологиясына, ғылым философиясына айтарлықтай ықпал етті.

Мәдени антропология универсалды интерэтникалық формадағы адамдық мәдениеттің негізгі институттары туралы жалпылама ілім ретінде көрінеді. Бұған қоса өте көп мамандандырылған аймақтар тіршілік етеді, олардың қатарында: экологиялық, экономикалық, саяси, урбанистикалық, аграрлық, медициналық антропология, еңбек, білім антропологиясы және т.б. Мәдени антропология өзіндік ғылым ретінде әдепкіде 19 ғасырдың 30-шы жылдарының аяғы мен 40-шы жылдардың аяғында этнология атымен рәсімделеді. Ал антропология термині XIX ғ. 70-ші жылдары бекітіледі. Антропологияны пән ретінде оқыту 1879 жылы АҚШ-тағы Рочестер университеті мен 1884 жылы Ұлыбританиядағы Оксфорд университетінен басталды. Қазіргі заманғы антропологияның қалыптасуы тамыры сонау антикалық дәуірден бастау алатын антропологиялық ойлар дамуының ұзақ мерзімін өтті. Атап өтсек, Демокрит пен Лукреций Кар антропосоциогенездің ерекше концепциясын құрастырды, Гиппократ әлеуметтік-психологиялық және саяси құбылыстардың табиғи-географиялық шарттылығы туралы идея ұсынды, Корнелий Тацит өркениеттілік пен варварлықты қарама-қарсы қойды: «ертедегі рим тарихшыларының ізденістері дұрыс бағытта. Онда азаматтық, идеалдарға деген сенімділік, жанұяға деген махаббат сияқты әлеуметтік мәні бар адамзаттық, өнегелік құндылықтар бар, бірақ сонда да адамның ішкі дүниесінен, жан сарайынан бір дабыл сезімі сезілетін секілді».

16-18 ғғ. Еуропадағы антропологиялық идеялардың белсенді дамуы Ұлы географиялық ашылымдар нәтижесіне байланысты этнографиялық ақпараттардың тез қарқында көбеюімен танылды. Осы кезде біршама танымалдылыққа ие болған «бақытты жабайы» концепциясы П.Мортир, М.Монтень, Ж.Ж.Руссо және Д.Дидро еңбектерінде жалғасын тапты. 19 ғасырдағы антропологияның қалыптасуына А.Фергюсон, Кондорос және Тюрго жасақтаған тарихи процесс идеясы үлкен ықпалын тигізді. Неміс классикалық философиясының, оның ішінде Гердердің жұмыстары мен 18 ғ. аяғы мен 19 ғ. басындағы еуропалық фольклористика мен этнографиядағы «мифологиялық мектеп» деп атаса да болатын компаративистік бағыт ықпалды болды. Тарихи тұрғыдағы алғашқы таза антропологиялық бағыт 19 ғ. екінші жарытсындағы Ұлыбритания мен АҚШ-тағы эволюционизм болды. Оның барынша танымал өкілдері Тайлор мен Морган барлық халықтар және мәдениеттің жеке институттары (отбасы, дін т.б.) белгілі бір дамудың эволюциялық кезеңдерінен өтеді деп шамалады. Дәл осы ой арқылы адамзаттың мәдени көптүрлілігі түсінілді. Эволюционистерге карағанда диффузионизм жақтаушылары мәдениет дифференциациясын мәдениаралық ықпалдастықтар құбылысы деп түсіндірді. Герман-Австриялық диффузионизм мектебінің көшбасшылары Ф.Гребнер мен В. Шмид тұжырымдауынша мәдени элементтердің белгілері бір кездері бірнеше «мәдени шеңберлер» аясында болған, кейіннен басқа халықтар арасында таралып кеткен. Диффузионизмнің ағылшындық мектебінің өкілдері У.Смит пен Э.Пери болжамынша өркениетке жататын маңызды элементтердің шығу орталығы ежелгі Египет болып табылады.

XX ғасырдың басында эволюционизмді АҚШ-тағы Боас негізін қалаған мәдени партикуляризм мектебі сынға алып, мәдени құбылыстар аймағындағы генерализация мүмкіндігін теріске шығарды. Олар әрбір мәдениеттің өзіндік ерекшелігін негізге ала орытып, мәдени релятивизм принципін алға тартты. Боас схоластикалық теорияға қарсы келіп, бұл турасында өте көп материалдар жинау керектігін айтты. Эволюционализм мен диффузионизмнің басқа сыншылары британдық функционалистер Малиновский мен Радклиф-Браунда эмпирикалық

материалдарды жинау қажеттілігін жақтап, оны антропологиялық теория құру үшін база ретінде қолдану керектігін ескерді. Малиновский пікірінше, мәдениет тұтас құбылыс, ондағы белгілі бір қызметті атқаратын әрбір элемент қоғамдағы адамның базалық немесе өндірістік қажеттілігін қанағаттандырады. Осы уақытта Радклиф-Браун мәдениеттің жекелеген элементтерінің қоғамның әлеуметтік құрылымын көтеру мақсатында қызмет ететіндігіне көңіл бөліп, оны әлеуметтік қатынастардың басты торабы ретінде түсінді. 1920 – шы жылдары АҚШ-та «мәдениет және тұлға» атына ие болған тағы бір теориялық бағыт қалыптаса бастады. Оның негізін қалаушы Боастың шәкірттері Р.Бенедикт пен М.Мид. Олар Боастың антиэволюционистік сипаты мен З.Фрейдтің концепциясынан ажырап шығып, мәдени дифференциациядағы негізгі рөлді балалық тәрбие формасындағы қоспа ойнайды деген тұжырымға келді. Осы уақытта этнология мәселелерімен танымал болған Э.Дюркгейм шәкірттерінің мектебі Францияда қалыптасып жатқан еді. Бұл бағыттың көшбасшысы болған Мосс – этникалық психологияның дәстүрлі формаларының ауысымы тарапындағы ерекше зерттеулердің авторы. Дюркгейм мектебіне ұжымдық пікірлер деңгейіндегі алғашқы қауымдық ойлау мен қазіргі заманғы ойлаудың принципіалды ерекшеліктері туралы концепцияны жасақтаған Леви-Брюль жақын болды. 1926 жылы Париж университетіндегі этнология институтының құрылуы Мосс және Леви-Брюль есімдерімен тығыз байланысты екендігін атап айтқан жөн.

Соғыстан соң Францияда мәдени антропологиядағы жетекші бағыт структурализм болды, ал оның көшбасшысы сол кездегі танымал антропологтардың бірі Леви-Стросс етін. Лингвистика және когнитивтік психологиядағы әдістерге сүйене отырып Леви-Стросс мәдени және әлеуметтік әрекеттерді анықтайтын менталды құрылым бар деген тұжырымға келді. Оның концепциясы адамдардың мәдени элементтерді өз бетінше жіктеп, өзінің оған деген қатынасын анықтай алатындай мүмкіндік берді. Соғыстан кейінгі Британдық антропологияда Радклиф-Браун ізін жалғастырған Эванс Притчард пен Глакман жоғарғы орынға ие болды. Олар жанжалдасу феноменін қоғам құрылымының құрамдас элементі ретінде қарастырып зерттегені

үшін танымал. Соғыстан кейінгі американдық антропология үшін ең бастысы эволюционизмді ақтау. Онда адамзат прогресі оның қолданған энергиясы көлеміне тәуелді деген ерекше концепция авторы және осыған орай «Уайт заңы» деген атақ алған Лесли Уайт еңбегі мол. Жаңа немесе неоэволюционизм өкілдерінің бірі Д.Стюарт әрбір мәдениет дамуының қайталанбастығын есепке ала отырып, көпсызықтық эволюция концепциясын ұсынды. Стюарттың қоршаған орта мен мәдениеттердің өзара әрекеттері мәселесіне қызығушылық танытуы оны экологиялық антропологияның негізін қалаушы деп есептеуге болатындығын нұсқап тұр. Қазіргі заманғы американдық антропологиядағы ерекше орынды дәстүрлі мәдениетті зерттеу үшін мәтінді тәржімалауды қолданған К.Герц иеленеді. Ресейдегі және Кеңес одағындағы мәдени антропологияның дамуы өзіндік айрықша сипатта.

19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында Н.Миклухо-Маклай, В.Богораз, Л.Штеренберг, М.Довнар-Запольский сынды көптеген этнограф-практиктер эволюционизм идеяларын түсіндірумен айналысты. Әлеуметтік қатынастар дамуының әмбебапты кезеңдік формалары ретіндегі қауымдық жерге иелік ету және қауымдастыққа арналған М.Ковалевскийдің еңбектері теориялық сипатта үлкен қызығушылық танытты. Революциодан кейінгі маркстік бағыттағы ерте эволюционизм кезеңі теориялық ой дамуына балта шапты. Бұл «буржуаздық» этнологиядағы жаңа тенденциялардың белсенділігіне алып келді. 60-70 жылдары этностар теориясы шеңберінде бірнеше ерекше концепциялар пайда болды. Оларды құрушылар 1920-шы жылдары орыс ғалым-эмигрант А.Широкогоров жасақтаған концепциядан әртүрлі дәрежеде алыстап отырды. Атап айтсақ, этнос концепциясымен қоғамдық-экономикалық формациялар туралы маркстік ілімді біріктіріп, осы негізде этно-әлеуметтік қауымдар эволюциясының үлгісін құруға талпынған Ю.Бромлей еңбегі. А.Арутюнов пен Н.Чебоксаров ұсынған адамзаттың этноәлеуметтік және биологиялық топтарының тіршілік ету механизмі ретіндегі ақпараттың берілуі туралы идеялары танымалдылық жағынан Бромлейден асып түсе алмады. Маркстік дәстүрді ашық түрде теріске шығарып, этностарды өзіндік айрықша заңдарына сәйкес дамитын биоәлеуметтік

феномендер деп қарастырған Л.Н. Гумилев концепциясының шоқтығы барлығынан биік болды. Л.Н. Гумилев пікірінше, әрбір этностың өзіндік ішкі құрылымы және өзіндік қайталанбас қасиет-бітімі болады. Осы түрлі құрылымдағы, түрлі қасиет-бітімдегі этностардың бір өкілі екіншісінің арасында болған соң өз білгенін, пайымдап түйгенін өз ортасына жеткізеді. Айтушының көрген-білгені өзіне де, тыңдаушысына да әрі қызық, әрі таңсық, әрі соншалықты жат, тіптен кейде тұрпайы да болып көрінеді. Адамзат әулетімен бірге жалғасып келе жатқан этнография ғылымының тегі осыдан бастау алады.

Адам өзінің өмір сүріп отырған ортасын, дәлірек айтқанда қоғамды өзгертіп, дамыта алады. Оған оның қабілет-қарымы жетеді. Адамдардың жан-жануарлардан басты айырмашылығының өзі осында, ол айналадағы ортаны танып біледі, жоғары сана-сезімі арқылы алдына мақсат қояды, соған жетуге ұмтылады. Міне, бұл дегеніңіз адамның мұратына жетуге ұмтылады деген сөз. Адам санасының тану мүмкіндігі қаншалықты шексіз болса, адам дүниетанымының мүмкіндігі де соншалықты шексіз. Әр ұрпақтың өмір сүру салты әр басқа. Сондықтанда әр кезеңнің, әр қоғамның, әр дәуірдің өзіндік дағдарысы, өзіндік күрделі мәселелері, ойлаған ойлары, жеткен жетістіктері, құндылықтары бар. Сонау Сократ кезінде де халықтың азғындап, қоғамның дағдарысқа ұшырау мәселесі көтерілген. Ол кезден бері қаншама ғасыр, дәуір өтті. Демек, проблема ешқашан толығымен шешілмейді, тіпті өмірдің өзі проблемаларды шешумен, оны пайда болғызудан тұрады. Өткір, ұшығып бара жатқан проблеманы жеңілдету немесе шешу тек құндылықтардың арқасында ғана жүзеге асырылады. Құндылық қоршаған ортаның экологиялық дағдарысқа, қоғамның рухани құлдырауы шағында құтқарушы ретінде қолданылады, керек етіледі. Қоғамдағы жан-жақты қауіп асқынған кезде ортақ құндылықтарды дәріптейтін, нормативті-құндылық жүйесін қамтитын ғылыми қоғамдастықтар мен ғылыми ұйымдар арнайы айналыса бастады. Себебі ғылым қоғамда пайда болады, тіршілік етеді және дамиды. Бүгінгі күні бой көтеріп отырған құндылықты дәріптейтін қоғамдастықтар санының артуы, дағдарыстар шиеленісуінің басты белгісі болып табылады.

Әрбір этностың, ұлттың өзіндік тұрған жері, басқан тауы, ішкен суы, қоршаған көршілері сонымен қатар, жинақталып, сақталып ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан сан ғасырлық әдет ғұрыптарына байланысты өзіне тән мәдениеті болады. «Топ», «тайпа», «халық», «ұлт», «нәсіл» сынды ұғымдарды бір ғана «этнос» сөзінің аясына шоғырландырсақ, этнос мәдениетпен шендесе келе этномәдени немесе этникалық мәдениет ұғымын береді, онда әрбір ұлттың, халықтың ұлттық нышандары бағамдалып, мәдени-тарихи даралықтары айшықталады. Біз адамзат тарихындағы ең бір күрделі кезеңде, екі мыңжылдықты артқа тастап, үшінші мыңжылдыққа аяқ басқан – дәуір мен дәуір алмасқан тұста өмір сүріп жатырмыз. Бұрынғы қалыптасқан қағидалар, түсініктер, құндылықтар түбірімен өзгеруде. Осындай өзгерістер себебін өркениеттен іздеу орынды. Адамзаттың белгілі бір өсуі, өркендеуі кезінде мәдениет оған қозғаушы күш ретінде қызмет етеді. Ал қазіргі дүниені ақпараттар әлемі жаулап алған сәтте мәдениет өз орнынан ығыстырылып кетпес үшін дәстүр мен сабақтастықтың ішкі заңдылықтарын анықтап, зерделеуі қажет. Себебі адамзат өркениетінің болмысын бажайлап, мағынасын түйіндейтін – ұлттық мәдениет.

Ұлттық мәдениет әрбір ұлттың мінезі мен психологиясын сипаттай отырып сол ұлттың рухын жасайды. Демек рух ұлттық мәдениеттің өзегі, түп қазығы. Дәл осы қазығы босап, не одан айырлған жағдайда бүтін бір ел немесе халық тарих сахнасынан өз бедерін жоғалтады. Қазақ халқы да сол түп қазықты босатып алған елдер қатарынан, қазір соны орнықтыру, қатайту мақсатында ел мінезі мен психологиясын қайта қалпына келтіріп, ұлттық рух жасалу үстінде. Бұл халық сұранысына айналған этномәдениет руханилық сипатқа ие. Рухани жүкті жеңілдету үшін жұмыла көтерген халық қайраткерлері өздерін әр саладан көрсетіп бағуда: философтар «ұлттық философия», саясаткерлер «ұлттық идеология», қаржыгерлер «ұлттық валюта», экономистер «отандық өндіріс», филологтар «ана тілі», тарихшылар «қазақ тарихы», өнертанушылар «ұлттық нақыш», өнерпаздар «ұлттық музыка» және т.б. Ыдыраған, бөлшектенген бүтінді қайта қалпына келтіру ұзақ мерзімді, мұқалмас жігерді талап етеді.

Этностар – таза адамзаттық құбылыс. Мұнда адамзаттың нәсілдік бөлінісінен этникалық бөлініс аздап айырықшаланып тұрады. Нәсілдік айырмашылық – биологиялық құбылыс. Нәсілдік айырмашылықтың сипаты ежелгі адамдарда, тіпті адамның маймылға ұқсас ұрпақтарында да болған, бірақ оған адамзаттың қазіргі заманғы нәсілдік топтарын енгізуге болмайды. Этникалық айырмашылықтар адамның маймыл тәріздес немесе ұқсас ұрпақтарында, тіпті ежелдегі адамдар – архантроптарда болуы да мүмкін емес. Себебі этникалық айырмашылықтар негізінде ғана мәдениет секілді таза адамзаттық құбылыс жатыр. Н.Смелзер сөзімен жеткізсек: «мәдениет жұртшылықтың қалыптасқан өмір салтына байланысты барлық адамдарға тән, өмір туралы көрніс беретін құндылықтар жүйесі». Ал «нәсіл» ұғымы биологиялықтан гөрі әлеуметтік белгіге көбірек саяды. Оған класстар күресі дәлел бола алады.

Этнос – гректің топ, тайпа, халық сөздері, яғни мәдениеті мен өзіндік санасын, жалпы тілдері мен белгілі бір территорияда ұзақ уақыт бойы бірге тұру, ұрпақтар арасын жалғастыратын топ адамдар. Этнос ұғымы категория ретінде этникалық қауымдастықтардың адамзат тарихындағы барлық кезеңдерін жалпылайтын белгілері болып ресейлік, кеңестік және кеңестік кездегі этнографияда жасалды. Этнос теориясының негізін 1920 жылдары С.М. Широкогоров салды. Ол этносты адамзаттық локалды топтардың негізгі тіршілік етуші формасы ретінде қарастырып, оның негізгі белгілері «шығу тегінің, салт-дәстүрлердің, тілдің және өмір жайттарының бірегей болуы» деп есептеді. 60-80-шы жылдары С.М. Широкогоров концепциясы кеңестік этнографтар тарапынан дамыды. Оның марксистік интерпретациялық түрі деп Ю.В. Бромлейдің теориясын айта аламыз.

Этностың коммуникациялық теориясы контекстінде А.С. Арутюнов және Н.Н. Чебоксаровтардың теориялық бағыттағы ғылыми жұмыстары ерекше сипатқа ие. Этнос феноменіне маркстік емес ыңғай танытқан Л.Н. Гумилев жұмыстары еді. Онда этнос этносфераның элементтері – өзінің ғажап заңы бойынша дамитын ерекше биоәлеуметтік шындық ретінде көрсетілген. Шетелдік әлеуметтік-мәдени антропологияда этнос

ұғымы салыстырмалы түрде өте сирек қолданылады, ал оның теориясының құрылымы маңызды болып есептелмейді. Көп қолданылатын этникалық ұғым белгілі бір ұлт пен этникалық топқа қатысты болады. XX ғасырдың екінші жартысында этнология саласындағы ғылыми зерттеулер қатары едәуір кеңейіп, ғылыми этнологиялық салалар негізі қалыптасты. Дәлел ретінде С.А.Токаревтің этностардың тарихи типологиясы, М.Г.Левиннің этникалық сана-сезім туралы теориясы, Л.Н.Гумилевтің аса танымалдыққа ие болған этностың биологиялық даралығы, Н.Н.Чебоксаровтың этностың мәдени ерекшеліктері турасындағы теориясы, Ю.В.Бромлейдің этнос мүшелерінің эндогамиялық тектестігі, В.И.Козловтың этностың территориялық және экономикалық байланыстары туралы зерттеулері, С.А.Арутюновтың этносаралық синхронды және диахронды байланыстардың маңызы, В.К. Гарданов пен И.С.Гурвичтің этнос аралық кірігу немесе ассимиляциясын негізге алуға болады. Осы аталған және басқа да тұжырымдамалар «этнос» ұғымының ғылыми айналыстағы маңыздылығынан хабар береді.

Отандық ғалым Акселеу Сейдімбектің этномәдени пайымдауында бұл ұғым былай тұжырымдалады: «Этнос – белгілі бір мекенде тарихи өсіп-өнген, ортақ және орныққан тілі, мәдениеті, психикасы бар, сондай-ақ, өздерінің әрі біртұтастығын, әрі өзгелерден ерекшелігін сезінетін сана-сезімі қалыптасқан, өзіндік атауға (этноним) ие адамдар қауымын айтамыз». Ешбір ел, дәлірек айтқанда ешбір этнос бір сәтте ғайыптан пайда болмайды. Этногенез бен этнонимді бір ғана тарихи кезеңнің аясындағы құбылыс ретінде қарастыру көбінесе қателікке ұрындырады, яғни, белгілі бір ұлттың тек тамыры (этногенезі) мен сол ұлттың тарих жүзінде орныққан атауының (этноним) аражігін ұдайы ажырата зерделеп отыру қажет. Елдің елдігін танытатын айғақ-белгілерді ұлттың берідегі атауы орныққан кезден бастап түгендеу үрдісі, әдетте сол елді тексіз-тарихсыз етіп көрсетуге себепші болады. Тарихтың тар жол тайғақ кешулерінде асыл қазынасын, елдік айғақ-белгілерін тонатып алған халықтар, сөз жоқ, сол дәулетпен бірге өзінің тарихи жадын да көмескелейді. Егер, ата-бабаның көзіндей болып, алыс ғасырлардағы жеткен мұралардың жіп-шырғасы

шықпай төрінде тұратын болса, ондай ел өзін ғана тереңірек түсініп қоймайды, сонымен бірге өзгеге де түсінікті әрі танымал болмақ. Адамның тектілігін бітім болмысына қарап танып-түсінуге болатын шығар, ал ел-жұрттың тектілігі оның табиғи және әлеуметтік ортасында туындатқан айғақ-белгілерімен парықталса керек.

Әрбір этностың географиялық ортаға бейімделген салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімдеріне орай қалыптасқан жеке дара халықтық тарихи шежіресін этнография деп атаймыз. Этнографиялық мағлұматтар халықтың этникалық тегін, рухани болмысын, мәдени талғамын, моралдық-этикалық қалыптарын саралауға көмектеседі. Тек этнографиялық деректерге сүйене отырып, этностың өткен өмірін, мәдени болмысын, өнерін, моралдық-этикалық қасиеттерін тануға болады. Адамдар көбінесе өздерінің мәдениеті тұрғысынан басқа мәдениеттерді бағалауға бейім. Мұндай жағдайды ғылыми тілде «этноцентризм» деп атайды. Бұл терминді ғылыми айналысқа У.Самнер мен Л. Гумплович енгізген. Самнер пайымдауынша этникалық топтар ішіндегі адамдар қатынастарымен топтар аралық қатынастар арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Егер топтар арасында ынтымақтастықтағы салмақтық болса, онда топтар арасындағы қатынастар күмәнділік пен қастық туғызады. Этноцентризм ішкі әлем алдындағы этникалық топтар бірлігін өндіру мен қатар оған өз ықпалын тигізеді. Б.Поршнеv мен С.Токарев жұмыстарында өңделген этникалық өзіндік идентификация негізінде жатқан «біз-оларға» қарама-қарсылығымен байланысты. Этноцентризмнің әлеуметтік стереотиптермен байланысы әлеуметтену процесі және белгілі бір әлеуметтік-мәдени ортаға ену кезінде сіңіп кетеді. Этноцентризм қандай да бір деңгейде барлық қоғамға тән, керек десеніз артта қалған елдердің өзі бір нәрседе өзінің қалғандардан артықшылығын сезінеді. Этноцентризм сияқты қиын мәдени құбылыстың жағымды сәттері этноцентризмнің нақтылы айқын көрінісі бар топтар басқа мәдениетке және субмәдениетке толығымен шыдамды топтарға қарағанда өмір сүруге аса дәрменді болып келетіндігінен көрінеді.

Этноцентризм топтарды шоғырландырады, оның әл-ауқаты үшін құрбан болу мен азаптануды ақтайды; онсыз отан

сүйгіштіктің пайда болуы мүмкін емес. Этноцентризм – ұлттық сана-сезімнің, топтық адалдықтың пайда болуының қажетті жағдайлары. Әрине, этноцентризмнің жағымсыз пайда болулары да мүмкін, мысалы, ұлтшылдық, басқа қоғам мәдениетіне теріс қарау. Сондықтанда этноцентризмнің маңызды факторы – ұлтшылдық. Этникалық өзіндік сана ретінде этноцентризмді этностарға сәйкес тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардан ажыратып қарастыруға болмайды. Этникааралық жағдайлар тек қастық пиғылда ғана емес, достық пиғылда да бола алатын мәдени контактілердің бағыттылығы мен интенсивтілігі дәрежесіне тәуелді. Бірақ этноцентризм көп жағдайларда төзімді нысандарда пайда болады.

Этноцентризмге мәдени релятивизм қарсы тұрады. Егер түрлі ниеттер мен құндылықтар өздерінің жеке меншік мәдениетінің әлеміне ұқсамайтын болса, бір әлеуметтік топтың мүшелері басқа топтардың ниеттері мен құндылықтарын түсіне алмайды. Басқа мәдениетті түсіну үшін оның нақтылы белгілерін, дамуының ерекшеліктерін және оқиғаларын байланыстыру керек. Әрбір мәдени элемент өзі бір бөлігі болып табылатын мәдениеттің ерекшеліктерімен ара қатынаста болу қажет. Бұл элементтің құндылығы мен мәні тек қана қандай да бір мәдениеттің астарында қаралуы мүмкін. Мәдени релятивизмге сәйкес жеке мәдени жүйенің нақтылы элементтері дұрыс және жалпылама қабылданған болып табылады, өйткені олар өздерін дәл осы жүйеде жақсы көрсетті; ал басқалары дұрыс емес және қажетсіз деп саналады, өйткені оларды қолдану осы қоғамда немесе осы әлеуметтік топта ауру мен жанжалды салдарды туғызар еді. Қоғамда мәдениетті қабылдау мен дамытудың ең тиімді жолы – этноцентризм мен белгілердің және мәдени релятивизмнің сәйкес келуі, жеке адам өз тобының немесе қоғамының мәдениеті үшін мақтаныш сезімін сезіне отырып және осы мәдениеттің негізгі үлгілеріне жолын қуушылық ойын айта отырып, сол уақытта басқа әлеуметтік топтардың өмір сүруге құқы бар екенін мойындай отырып, сол топтар мүшелерінің мінез-құлқын, мәдениетін түсінуге қабілетті.

Этномәдениет мәселесімен шұғылданушы отандық ғалымдардың бірі Ж.Наурызбай: «этнос мәдениеті – ассимиляциядан, араласып кетушіліктен сақтайтын механизм,

күштердің өрісі. Бұл сондай-ақ оның коды, айырмашылығын көрсететін белгісі. Бұл және басқа этностармен тіл табысатын, қарым-қатынастар құралы. Жалпыадамзаттық құндылықтар – барлық уақытта этникалық мәдениеттің «киімінен-ақ» байқалып тұратын, оны әр этнос өз мәдениетінен тауып және сол арқылы басқалармен хабарласып, алмаса білуі – деген анықтама береді.

«Бес-анық» еңбегінің авторы Мұхтар Арын бір-бірімен диалектикалық байланыстағы бес шартты: тіл, дін, дәстүр-әдет-ғұрып-мораль, тарих, атамекен-жер-су – этномәдениеттің тірегі деп негіздейді.

Философ Д.Кішібеков пен Ү.Сыздықов: «ұлттық мәдениетсіз жалпы адамзаттың интернационалдық мәдениеттің де болуы мүмкін емес» десе, тарихшы Е.Ерғали: «дәстүрлі мәдениет деп ежелден қалыптасып, ғасырдан ғасырға жалғасып, өзгеріп отырғанымен, сол халықтың дүниетанымдық бастаулары мен басты құндылықтарының көзіне айналып, оның өмір сүруінің салттарымен бағыттарын, тәсілдері мен жолдарын реттейтін негіздерін айтамыз» – деп ой тұжырымдайды.

Бір этнос мәдениетін барлық әлем игілігіне пайдаланып немесе сол этносқа тиесілі белгілі бір жаңалықтың әлемдік деңгейде жария болуы өркениет белгісі.

Өзін тексеру сұрақтары

1. Мәдени антропологияның ғылым ретінде қалыптасуының тарихи жолдарына тоқталыңыз?

2. Осы салаға еңбегі сіңген ғалымдар қатарын атап, негізгілеріне тоқталыңыз.

3. XX ғасырдың екінші жартысындағы ғылыми этнологиялық салалар.

4. «Мәдениет», «Дәстүрлі мәдениет» ұғымдарын философиялық контексте қарастырыңыз?

5. Американдық Боастың эволюционизмге қосқан үлесін анықтаңыз?

6. Боас шәкірттері Р.Бенедикт пен М.Мид қандай теориялық бағытты қалыптастырды және оның маңызы.

7. Соғыстан кейінгі мәдени антропология тарихы.

Өзін жетілдіру тапсырмасы

Бір парақты екібөлікке бөліп сызып, оң жақ бөлігіне студент өзінің өзіне ұнамды тұстарын келесі сол жақ бетіне керісінше ұнамсыз іс-әрекеттерін жазады. Тапсырма орындалған соң екі бөлікті салыстыра отырып талдау жасалу қажет. Ұнамды іс-әрекеттің ұнамсыз іс-әрекетке айналып кетпегеніне көз жеткізу қажет.

Әрбір мәдениеттің бұлақ бастауы, жайылған немесе тараған жерлері болады. Бүгінгі Қазақстан мәдениетінің де тамыры тереңде. Тапсырма көшпелілер мәдениетінен қазақ мәдениетіне дейін, қазақ мәдениетінен қазақстан мәдениетіне дейін берілген критерийлер бойынша салыстырмалы талдау жасауға бағытталған. Әр ұяшыққа 2-3 сөйлемнен артық емес аргументтерге сүйеніп жасалу қажет.

Критерийлер	Көшпелілер мәдениеті	Қазақ мәдениеті	Қазақстан мәдениеті
Шамамен орын алған уақыттары			
Басты ұғымдары			
Басты 3 ерекшелігі			
Айшықтайтын 3 рухани құндылығы			
Айшықтайтын 3 материалды құндылығы			
АНАЛИЗ	50 сөзден кем емес		

Нәтижесі: тапсырманы тыңғылықты орындаған студент өзі үшін көптеген өлшемдерді ажырата алуды үйренеді.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТҰЛҒА

1. Құндылық теориясы – адамгершіліктің бастауы.
2. Тұлға мәдениеті және оның қажеттілігі мен іс-әрекеттік жетестігі, тұлғаның әлеуметтік құрылымы.
3. Бұқаралық мәдениет пен элитарлық мәдениет ерекшеліктеріне талдау.

Құндылық XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында философияның жалпы құндылық проблемасына қатысты кейбір күрделі мәселелерін шешуге тырысу әрекеті ретінде дүниеге келді. Құндылық адам өлшеміндегі мәдениетті көрсетеді, әрі тіршілік ету мен адамдық болмыс қалпының негізін құрайды. Құндылықтар қоғамды реттеу кезінде дәстүрлер мен ғұрыптар жүйелерін, әсіресе қоғамға аса маңызды адамдық нормалар мен құқықты өзіне бағындыра отырып ыңғайлы деңгейге ие болады. Мәдениет пен өркениет материалды және рухани құндылықтар жүйесінде құрылады. Құндылық астарынан адаммен адамзат үшін оның жағымды да жағымсыз жақтары көрінетін материалды немесе рухани шындықтың анықтамасын байқауға болады. Тек адам мен қоғам үшін заттар мен құбылыстар, дәстүр, дін, өнер, жалпы алғанда мәдениеттің сәулелері ерекше мәнге ие.

Құндылық табиғатын философиялық түрғыдан зерттеу – аксиология деп аталады. Бұл ұғымды алғаш қолданған ғалым Э.Гартман. Ол өзінің этикасында «бақытсыздықтың қайнар көзі – бақытқа жету тілегі болып табылады» дейді. Барлық тілектен арылу, барлық аурудан құтылу жолы, яғни бақыттың орынын ауыстырушы жалғыз тәсіл деген ой айтады.

Платон болса, болмысты «заттар» және «идеялар» әлемі деп екіге бөліп, заттар әлеміндегі «ақиқат», «әсемдік», «әділеттілік» сияқты жоғарғы құндылықтарға ешнәрсе сәйкес келмейді деп есептейді. Ал ғылыми түсінікте құндылық мәселесі универсализмнен арылған. Ғылымда құндылықтарды жалпы 6 түрге жіктеп бөлуге болады. Олар виталды, әлеуметтік, діни, моральдық, эстетикалық, саяси.

Құндылық теориясын зерттеушілердің бірі Г.Риккерт құндылықтардың 6 саласын ажыратады. Олар: ғылым, дін, өнер, мораль, жетілген өмір және күдіретті сүйіспеншілік. Аталмыш салалар бірін-бірі толықтырып, белгілі бір тұтастықты құрайды. Сондықтанда бұл құндылықтардың арасында өзіндік бір жалғасымдылық бар. Бір жүйедегі құндылық жалғасымдылығы екінші құндылықта өз жалғасын табады. Осылайша құндылық жүйесіндегі жалғасымдылық бүтін бір механизмге айналады. Құндылықтар көбіне тарихи алмасуларға байланысты өзгеріп отырады немесе өз құнын жоғалтып алады. Мәселен, Ресейге қосылған кезден бастап қазақ өміріндегі маңызды рөлге ие, ел басын үш жүз жыл бойы бірлікте ұстап тұрған ескі құндылықтар орнын жаңа құндылықтардың басуы. Бұл турасында философ Ғарифолла Есім: «бұрынғы ешкімге бағынбайтын адамдар, бағынышты болды, бұл ескі құндылықтардың сарқылуының тағы бір дәлелі» деп ғылыми пайымдау жасады. Құндылықтың ең үлкені – саяси тәуелсіздіктің жойылуы еді. Жаңа құндылық қазақтың басқару принципін бұзды, елге таңсық жаңадан басқару билігін күштеп енгізді. Ығыстырылған ескі құндылықтар өзімен бірге көптеген дәстүрлі ұғымдарды, салт-сананы ала кетті. Жаңа құндылықтар жұртқа жат тез бейімделуге ыңғайсыз, бірақ өздеріне аса пайдалы жаңашылдық орнатты. Саяси тәуелді елдің еркін ойлап, еркін өмір сүруіне ешқандай мүмкіндік болмады. Мұндай жағдай ашық түрде де өз нақыштарын көрсетті.

Мәдениет пен өркениет өзін-өзі анықтау, өзін-өзі таныту бағытында экзистенциялық тәжірибе, жан-жақты құрылым бола алады. Қазіргі заманғы философия тарихындағы тарихи процестерді зерттеуде өркениеттік проблемалар жетекші орында. Себебі әрбір өркениет бірізділік құрылым, бірсызықтық қалыпта емес, жоғары-төмен, жетілген-жетілмеген күйлерімен анықталатын тұтас тарихи-әлемдік процесс. Өркениет өзін-өзі анықтау, өзін-өзі таныту бағытында экзистенциялық тәжірибе, жан-жақты құрылым, ең бастысы адамзаттық құндылықты бойына жинады. Құндылық негізінде адамның әлемге деген ашық көзқарасымен табиғатқа деген қайырымды қатынасы жатыр. Олай болса, материалды және рухани құндылықтар – адам дамуының мәдени жетістігі, өркениеттің мазмұны. Таратып айтқанда, трансформация, яғни қатынас, дағдарыс, мақсат пен

құндылық, дүниетаным, өзінді және өзгені, өнерді, ғылымды, дінді және руханилықты тану және осы аталғандардың барлығының түйіні болып табылатын сана мәселесі. Дұрысы, осы институционалды жүйенің қалай трансформацияланғанына мән беру. Себебі, бүгінгі дамудың негізгі іргетасы, өткеннің көш алды жаңалықтары, өркениеттің басты өлшемі болып табылатын құндылық адамзат дамуын байланыстырушы, сабақтаушы, жалғастырушы механизм ретінде дәріптеледі.

Құндылықтар – тілі, тұрмыс-тіршілігі мен салты бір, тағдырлас халықтардың бірінен-екіншісіне ауысып, мәдени құндылықтардың трансформациялануы арқылы халық дәстүрін толықтырып отырады. Құндылық теориясы өркениеттік құндылықтардың қалыптасуы мен даму бағдарларының алғышарты ретінде көрініс алды. Демек, адамзаттық құндылықтардың басымдылығын мойындау дегеніміз әлемнің тұтқасы жеке адам деп есептеумен тең. Өркениеттік құндылықтар адамдық мәдени игіліктер арқылы қордаланып дәстүршілдік пен жаңашылдықтың кезектес процесінде сабақтаса отырып белгілі бір тұтастықты құрайды.

Ш.Л. Монтескье үшін құндылық дегеніміз сұлулыққа масаттанып рухтану. Бізді тыныштық, күн батуының арайы, айлы түндегі жалғыздық немесе күн сәулесіне тояттанған жапырақ рухтандырады. Осылардың барлығы ең жоғарғы, әрі құрметті нәрсе ретінде осылайша қабылданады және санада таралады. Болмаса, шынайы айғақтар, оқиғалар, қасиеттер тек қабылданып ғана қоймай, біз арқылы танылады, әрі біздің бойымыздан сезімдердің қатысуымен табыну, махаббат немесе керісінше, жек көру, қарғыс айту сезімдерімен бағаланады. Осы аталған барлық қанағаттандыратын немесе қанағаттандырмайтын мүмкіндіктер талғам деп аталатын мынандай сезімдерді құрайды. Олар: жақсылық, жағымдылық, кереметтік, нәзіктік, қайырымдылық, күдіреттілік, жоғарылық, құпиялық, қасиеттілік т.с.с. Мысалы біз, өзімізге пайдалы затты көргенде қанағаттану сезіміне ие болып, оны жақсы деп есептейміз, ал егер ол зат тікелей пайдалығынан айрылып, бізге тек қанағаттану сезімін берсе, біз оны керемет деп есептейміз. Демек, құндылық деп субъективті-объективті шындықты айтуға болады, яғни әркім өз талғамының объективтілігімен басымдылығын алға тарта отырып түрлі талас-

тартыстарды тудырады. Ал мұндай келіспеушілік «талғаммен таласуға болмайды» – деген қанатты сөзден өз төрелігін табады.

Неміс философиясының көш бастаушысы И. Кант: «әркім өзін ләззатқа бөлеген нәрсені – жағымды, тек ұнаған нәрсесін – керемет деп бағалап, мақұлдаған нәрсесін – жақсы деп атайды, яғни осының барлығы адамның объективті құндылықты қарастыруы» – деп есептейді. Адамның жан тазалығын аңсаған, адамның адам атын кіршіксіз сақтауына өз өмірін сарп еткен ғұлама, ұстаз Махатма Ганди түсінігінше, адамзаттың жоғары құндылықтарының діни моральдық негізіне Борыш, Махаббат және Әділеттілік жатады.

Материалдық мәдениет пен руханилық ара қатынасының көрсеткіші іспеттес өркениетті адамзат дамуының шыңы емес, керісінше, тығырыққа апаратын жол деп есептейтін Махтма Ганди, оның дәлелі, өркениет әлемінде өмір сүретін адамдар өмірінің мәні мен физикалық игілікті мақсат етеді деген тұжырымға келеді. «Бұрын киім ретінде тері, ал қару ретінде найза қызмет ететін, ал қазір шалбар киіп, түрлі басқа киімдерді денені безендіру үшін киеді, найзаның орнына бес, тіпті одан да көп бытыралы тапанша қолданады. Бұрын Еуропада адамдар жерді қолдарымен өңдеген, кейіннен булы қозғағыштың көмегімен адамдар кең ауқымды жерді игеріп, көп байлық жинай алды. Мұны өркениеттің көрсеткіштері деп атайды. Бұрын азғантай адамдар кітап жазатын, бірақ құнды болатын, ал қазір кез-келген адам ойына келгенін жазып, адамдардың миларын уландыруда. Бұрын адамдар бір-бірімен соғысқанда, күштеріне сенетін, ал қазір бір адам төбешік астында жатып пушкамен мыңдаған адамдардың өмірін жоқ етеді. Бұл өркениет. Бұрын адамдар ашық аспан астында қанша қаласа, сонша жұмыс істейтін болған, ал қазір мыңдаған жұмысшылар тіршілік етуге нәпақа табу үшін фабрикалар мен шахталарда бірігіп жұмыс істейді. Олардың жағдайы жануарлардан да төмен. Олар өз өмірлерін тәуекелге буып, ең қатерлі жұмыстарды миллионерлер үшін істеуге тәуелді. Осының барлығы өркениет өлшемі. Бұл өркениет не адамгершілікті, не дінді қабылдамайды, тіпті кейбіреулері дінді ырымшылдықтың өнімі деп те есептейді. Мен өзімнің жиырма жылдық тәжірибемнің нәтижесінде адамгершілік астарында өнегесіздіктің дәріптелінетініне көзім

жетті. Өркениет адамдар үшін ыңғайлылыққа қызыға ұмтылу, бірақ бақытқа емес, себебі мұнда ол маскара сәтсіздікке ұшыраған болар еді» деген болатын.

Жалпы адамдар өмірден үйренгендерінің 83 пайызын көру, 11 пайызын есту, 3,5 пайызын иіскеп байқау, 1,5 пайызын ұстап көру, ал 1 пайызын дәмін тату арқылы жүзеге асырады екен. Егер құндылық жүйесінің негізін құрайтын басты элементтер адам, мәдениет, қоғам дейтін болсақ, аталмыш құндылықтардың сапасымен өзара қарым-қатынастары өркениеттің деңгейін анықтайды. Әрбір құндылық сапасы оны құрайтын түрлі ұсақ элементтердің сапалығынан туындайды. Құндылықтар – бұл әлемдік байланыстардың дамуын қамтамасыз ететін әмбебапты сипатқа ие. Осы әмбебаптық құндылықтардың жетіспеушілігіне байланысты өркениет құлдырай бастайды. Мәдениеттің құндылықтық-танымдық жүйесі осы немесе басқа қоғамдық заттардың қасиетін, қызығушылықтарын, ниеттерін, қажеттіліктерін қанағаттандыру құбылыстарын қамтиды. Құндылықтар өзінің қажеттіліктерін әлеуметтік субъект деп ұғыну нәтижесінде, олардың қоршаған әлем заттарымен ара қатынасында қалыптасады. Мәдениеттің синтетикалық нысаны ырым, әдет-ғұрып, салт-дәстүр сияқты мінез-құлық үлгілері болып табылады.

Адамзат ерте кезден бастап-ақ жәй сөздерден құны бар асыл сөздерді ажырата білген, мұндай сөздердің авторларын «ғұлама», «данышпан» атап қанатты сөздерді тұрмыста кәдеге жаратуға тырысқан. Сөз салмағын саралай алатын данышпандардың аты тарихта қалып, олардың ізгілікке толы нақыл сөздері қараға да, патшаға да өсиет ретінде қызмет еткен. Кез-келген ұлттың өзіндік бітім-болмысына орай, төл данышпандары және олар айтқан нақыл сөздері, жинақтары бар. Тарихи кезеңдерге сүйенер болсақ, алғашқы ғылым болып негізі қаланған «философия» да «даналықты сүю», «даналыққа күштарлық» сөзінің мағынасын береді. Демек, дана сөздерді тек данышпандар ғана айтады, олай болса дана сөздер тек жақсылыққа негізделген игі ойлар болуға тиіс. Екшеленген ерекше мағыналы, мәнді және маңызды сөздер ғана еш ұмытылмастан, өз құнын жоймастан ұзақ өмір сүре алады. Анығырақ айтқанда, ғылым тек даналыққа, ізгілікке негізделген, адамзатты жақсылыққа жетелер таза, саф болуы

тиіс. Дана ойлар әлемі өзіндік бір құпияға, сырға толы, сондықтанда оны үнемі жадыда жаңғыртып, жылдар өткен сайын тереңдей берер мағынасын жаңа заманмен ұштастыра зерделеген абзал.

«Философия» сөзі де, философияның өзі де ерте гректердің, яғни эллиндіктердің арқасында әлемге танымал екені мәлім. Сол ойшылдар арасында «Жеті данышпан» атымен тарихта қалған, грек философиясы тарихының бастамасы болған тамаша бір аңыз бар. Аңыз төркіні Дельф қаласындағы Аполлон құдайының храмында кездесіп, бір-бірімен танысып, даналық ойларымен алмасу үшін жиналған ең ақылды жеті эллиндіктер туралы. Тарихта «жеті данышпан» деп көбіне Фалес, Солон, Биант, Питтак, Клеобул, Хилон, Периандр есімдерін атайды, кейбір мәліметтер бойынша олар жиырмадай адам болған. Сол кезеңде өзі қысқа, сөзі аз, бірақ мағынасы терең нақыл сөздің формасын – «гном» деп атаған. Аталған ертегректік данышпандар бас қосып, қарапайым тұрмыс, күнделікті күйбің тіршілік туралы қысқа сентенция және афоризмдер берген. Солон: «ештеңе артық емес», «құпияны анықтық арқылы шеш»; Фалес: «сыртыңнан сұлу болма, ісінмен әдемі бол»; Биант: «күшпен емес сеніммен ал»; Питтак: «жақынындағы сен ұнатпайтын істі, өзінде істеме»; Клеобул: «көп сөйлеуші емес, көп тыңдаушы бол» және т.б. Аңыз бойынша данышпандар көптеген нақыл, дана сөздер ішінен «Өзіңді өзін біл» және «ештеңе артық емес» гномдарын тандап, Дельфтегі храмның қабырғасына Апполон құдайына арнайылап жаздыртыпты.

Аталынған гномдардың ешқандай теориялық мәні, ғылыми негіздемесі жоқ, жәй тұрмыстық ережелер мен игіліктер туралы пікірлер. Мәселен Солонның «құпияны анықтық арқылы шеш» гномына талдама жасасақ: «құпия» және «анық» сөздерін белгілі бір мағынада антонимдер деп қабылдауға болады. Демек, ақ түссіз қара түсті анықтай алмайтындығымыз сияқты анық мәліметтерсіз құпияны ашуда мүмкін емес. Егер құпияны өз бетінше жорамалдамай немесе болған жағдайға және сол жағдайға қатысты адамдардың мінез-құлқы, келбеті, жүріс-тұрысы, тіпті тұрмыс жағдайына орайластыра мәселені мүлдем шиеленістіріп жібермей, нағыз ақиқат фактілерге сүйене отырып логикалық жүйемен шешуге тырыссақ, құпияның негізін ашуға

әбден болады. Егер аталған теріс әрі оңай жолдардың бірімен ашуға тырыссақ, ол белгілі тұлғаның намысына тиуі мүмкін, кейде тіпті іс насырға шауып мәселе өте күрделеніп жағдайды асқындырып алу да ғажап емес. Осындай мүмкіндіктер арқасында түймедей мәселе түйедейге айналып, қоғамдағы түрлі деңгейлі іріткілер мен келіспеушілікті туғызады. Мұндай мәселелер адамға, қоғамға, мемлекетке, ұлтаралық достыққа, тілге, дінге, тәрбиеге, белгілі бір топқа және т.б. арналуы мүмкіндігін ескерген жөн. Құпияның өзі бүркелген анық жағдайлардан тұрады, адамның мақсаты сол бүркемелерді ашып, құпияны дәл мағынасында шешу.

Бианттың «күшпен емес сеніммен ал» гномы сенімнің күштен жоғары екенін дәлелдейді. Бианттың бұл гномы қазақтың «білекті бірді, білімді мыңды жығар» мақалымен мағыналас. Күш – белгілі уақыттың ғана төрешісі, ол мәңгілік емес, сондықтанда «күшпен алу» тұрақтылықтың айғағы бола алмайды. Күш одан да күштірек табылса, өзінің құндылығын жоғалтады, әдепкі орнын берік сақтай алмайды, сонымен қатар «күш көрсету» көбіне әділетсіздікті орнатады. Күш пен ақыл әрдайым бірге болып, үйлесе бермейді. Күштің мақсаты жену, ал жеңіске жету жеңілістің нәтижесі. Бұл турасында Хазіреті Омардың (р.а.) «ашуланбайтын күшті, әлсіздігін білдірмейтін кішіпейіл бол» даналығымен қорытуға болады. Сенім – тұрақтылықтың, беріктіктің, имандылықтың, сүйіспеншіліктің, ақылдың, қайырымдылықтың феномені. Біреуге «сенім арту» арқылы ол адамның жауапкершілігін, ұқыптылығын, адалдығын арттыруға болады. Демек «сенім», адамдар арасындағы достық, махаббат сынды асыл қасиеттерді, құндылықтарды орната алады, қоғамда мәдени контекст ретінде қызмет атқарады және халықтық құндылықтарды трансформациялау үрдісінде ұрпақтар арасын сабақтастыра алады.

Ерте грек мәдениетінің, мифологиясының ықпалы бүкіл батыс еуропаның құрылымына негізделді. Көне грек мифологиясындағы теизм адам баласының еркіндігі мен бостандығына кедергі келтірді. Сондықтан да грек ойшылдары, әсіресе грек классиктері шығыстық ілімді үйреніп, оны өз құдайларына қарсы күресте қолданды. Кейіннен бұл жүйе христиандық философияға да өзінің үлкен ықпалын тигізді, жаңа

философияның өмірге келуіне түрткі болды. Батыстың ақыл мен иманды, дін мен ғылымды бір-біріне қайшы қоюы үлкен қателік болды. Шығыстық ілімді меңгергендер мұны жақсы түсінді және оны өз іштерінде қорытуға тырысты.

Кез-келген дін адамдардың адаспауына, бір-біріне қамқорлық жасауына тікелей ықпал етеді. Демек ғылым да дін тәрізді даналыққа негізделген таза болуы шарт. Синдей Ж. Харрис айтқандай «адамдардың қолмен жасаған кейбір алдамшы ақшалары сияқты, ақшалардың да жасаған алдамшы адамдары болады». Адамдардың мұндай адамилыққа жат, теріс қасиеттері қай заманда болмасын ұлы жүректілердің, данышпан, ғұламалардың қатаң сынына ұшырап отырған. Немістің ерекше ойлы философы Ф. Ницше: «адам жасаған іс-әрекетін құнды етеді; бірақ жасалған іс-әрекет қалайша адамды құнды ете алады» – дейді. Құндылықтың басты нышандары болатын білім, ғылым, салт-дәстүр, өнер, дін, діл, тіл сынды көптеген ұғымдар ған адамзатты мәдениетті етіп көрсетеді.

Сонымен ең басты құндылық ол – Адам, ал адамға ең қажет дүние, ол – Құндылық. Құндылық ол адамды болашаққа жетелеуші, адамзат өткенін саралаушы, асқынған қоғам ауруын жеңілдетуші, адамдық кейіптен айуандық кейіпке айналып бара жатқан адамзатқа байыптылық беріп, сабырға шақырушы. Құндылық ол ешқандай күн немесе баға емес. Ол адамзат бойындағы бар нәрсе. Ол адамды адам етер Құт пен тең. Бойындағы құтын, құндылығын жоғалтпаған адам ғана басқа құндылықтарды тани алады, бағалай алады және игілігіне жарата алады. Демек, құндылық өркениеттің басты өлшемі, адамдардың еркін таңдауы. Адам мәдени құндылықтарды жасайды және пайдаланады, мәдениет өндірісінің процесі тұлғадан басталып тұлғамен аяқталады.

Тұлға ұғымы көпқырлы. Күнделікті сөйлеуде «адам», «индивид – нақты адам», «жекедаралық» және «тұлға» ұғымдары көбінесе бір мағынада қолданылады. Жеке адам немесе нақты адам адамзаттың жеке дара өкілі, оның барлық әлеуметтік және психологиялық белгілерінің, яғни ақыл-ойының, ерік-жігерінің, қажеттіліктерінің, мүдделер және т.б. иесі. Тұлға – жеке адам дамуының нәтижесі, оның барлық адамдық қасиеттерінің неғұрлым толық жүзеге асуы. Тұлға – барынша терең ұғым. Бір

жағынан ол өзінің жеке дара қасиеттері мен әлеуметтік рөлдерін біріктіретін іс-әрекеттің субъектісін білідіретін нақты индивид мағынасын берсе, екінші жағынан, тұлға индивидтің әлеуметтік қасиеттері деп түсініледі. Тұлға әлеуметтік жеке адам, саяси жүйенің өзіндік бейнесі бар алғашқы бөлінбейтін элементі ретінде, саяси саладағы өзінің іс-қимылына, жеке басының жауапкершілігін алып жүруші, құқықтары мен бостандығы бар жеке адам ретінде қарастырылады.

Тұлға дегеніміз біріншіден, қоғамдық дамудың жемісі іспеттес индивидті белгілі бір қоғам немесе ұйым мүшесі ретінде дәріптейтін әлеуметтік мәнді қасиеттерінің жиынтығы. Адамға берілген бұл әлеуметтік сипаттама, адамның әлеуметтік тәжірибе жинауымен оны дамытуы, байытуы, жеке дара игеруі өлшемімен анықталады. Екіншіден, Э.Фромм сөзімен жеткізсек: «мен тұлға сөзі астарынан индивидті сипаттайтын және оны ерекшелендіретін туа біткен және жүре енген психикалық қасиеттер тұтастығын түсінем». Тұлғаның өзін-өзі жетілдіруінің ең ұтымды тәсілі тек мәдениет арқылы ғана көрінеді. Себебі тұлға өзінің ішкі бірлігін басқа адамдармен және келешек ұрпақ үшін жиналған шығармашылық тәжірибе арқылы мазмұндай алады. Бұл мазмұнды мына заңдылық арқылы саралауға болады: адам неғұрлым мәдени-тарихи тәжірибе жинап, оны өз дамуы мен жетілуіне жұмсаса, ол соғұрлым тұлға ретінде айқындала түседі. Тұлғаның қасиетті құпиясы шығармашылықты шабыттандыратын және мәдениетті қайта өңдейтін – еркін рух. Тұлға мақсаты мәдениетті жаңа шығармашылық шарықтаудың бастамасы және баспалдағы ете отырып, өзінің рухани күш-жігерін аямай жұмсау. XX ғ. тұлғаны түсіну мен оның болмысы мәселелеріне көп көңіл бөліп, үлкен еңбек сіңірген З.Фрейд, К.Г.Юнг, Н.А.Бердяев, А.Камю, Ж.-П.Сартр, М.Хайдеггер, К.Ясперс, Х.Ортега-и-Гассет, Э.Фром, А.Н. Леонтьев және т.б. ғалымдар есімін атағанымыз абзал. Тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық теорияларына талдау жасай отырып отандық ғалымдар оның үш бөлікті құрылымдық компоненттерден тұратынын дәлелдеген: біріншіден, тұлғаның ақыл-ойын дамыту арқылы санасын жетілдіру; екіншіден, адамзаттық өркениетті тұлғаның бойын біртіндеп сіңіру; үшіншіден, жеке тұлғаны іс-әрекетке ендіру арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге белсене қатыстыру.

Мәдениет үш қоспалы бірлік түрінде көрінеді: бірі, адамның рухани әлеміне тоғытылған ішкі мәдениеті; екіншісі, білімді игеру, сақтау және беруді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе; үшіншісі, адамдардың қоғамдағы жүріс-тұрыстары мен әрдайым дамып отыратын адамдық қатынастарды қамтитын мәдениет қызметтері. Белгілі бір мәдениеттің тарихи дамуындағы қалыптасқан іс-әрекеттер генетикалық бағдарлама ретінде әрбір индивидтің бойында орын алады. Сол себепті әлеуметтену процесі бір индивид үшін жеңіл әрі тез болатын болса, екіншібірі үшін ол айтарлықтай қиындықтар туғызады. Поляк әлеуметтанушысы Я.Щепаньский есептеуінше «индивидтің жеке мәдениеті – оның жеке жүріс-тұрысының үлгілері, оның әрекет тәсілдері, ол әрекеттердің жемістері, оның идеялары мен ойлары жиынтығы», яғни тұлғаны сипаттайтын ақпараттың барлығы. Жеке адам әлеуметтенуінің арқасында тұлға, қоғам мүшесі, адам болып қалыптасады, яғни барлық адамзаттың және өзінің әлеуметтік тобының, өзінің халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, нормаларын, құндылықтарын, рәміздерін, тілдерін, білімдерін игереді. Тұлғаның мәдени деңгейі оның әлеуметтенуінен – мәдени мұраға араласуынан, сонымен қатар жеке-дара қажеттіліктерінің даму дәрежесінен көрінеді. Тұлғаның мәдениеті әдетте дамыған шығармашылық қабілеттерімен, эрудициясымен, өнер туындысын түсінуімен, ана тілі мен шет тілін жетік меңгеруімен, ұқыптылықпен, сыпайылықпен, жоғары өнегелілікпен ұштастырылады. Әлеуметтендіру процесі барысында құндылықтар, мұраттар, нормалар мен мінез-құлық үлгілері тұлғаның сана-сезімінің бөлшегіне айналады. Олар адамдардың мінез-құлықтарын реттейді және қалыптастырады. Мәдениет адам әрекет жасай алатын шеңберді анықтайды деуге болады. Мәдениет адамның отбасындағы, мектептегі, өндірістегі, күнделікті тіршіліктегі мінез-құлық реттейді, өйткені ол тыйым салу мен ережелер жүйесін қамтиды.

Тұлға мәдениеті – бұл адам игерген материалдық және рухани құндылықтар өлшемі және өзінің жеке тәжірибесіндегі түрлі құндылықтарды жасауға бағытталған іс-әрекеттер өлшемі. Әлеуметтік өзара іс-қимылдар мен қарым-қатынастардың ұйытқысы жеке тұлға болып табылады. Адам тұлғасын

зерделегенде оның көріністерін мынадай деңгейлерге бөлу қалыптасқан:

- табиғи деңгей – адамның өзінде бар және оған басқа адамдардың ықпалынсыз дамиды деңгей;
- биологиялық деңгей – шығу тегі бойынша ортақ болуы, бұл орайда адамның жануармен ұқсас болуы міндетті емес;
- мұрагерлік деңгей – ата-аналарының тектік қорының негізінде тіршілік етіп дамиды деңгей; ол биологиялық (бірақ биологиялықтың бәрі мұрагерлік емес);
- әлеуметтік деңгей – адамның әлеуметтену, басқа адамдармен араласуы мен өзара іс-қимылы барысындағы деңгей.

Австриялық врач-психиатр және психолог, ғылымдағы психоанализбен психоаналитиканың негізін салушы Зигмунд Фрейд тұлға психикасындағы патологиялық процестердің себептерін зерттеп, психофизикалық параллелизм, яғни материалдық процестерге қарма-қарсы тіршілік ететін, санадан мүлдем бөлек, мәңгілік психикалық күшке ие, ерекше басқарылатын өзіндік бір дүние, демек санасыздық деген пікір білдірді. Фрейд мұны «либидо» деп атады. Либидо – латынның күштарлық, тілек, ынтызарлық сөздерінің мағынасын беретін ұғым. Оны философиялық, психологиялық және психоаналиттік ғылыми айналысқа енгізген австралиялық ғалым психолог, психотерапевт – З.Фрейд. Фрейд және оның ізбасарлары дамытқан фрейдизм өкілдері либидоны жыныстық қатынасқа деген күшатырлық, нәпсіні, махаббат түйсігін қоздыру, психикалық қажыр-қайратты білдіретін ұғым ретінде қолданған. Әдепкіде Фрейд оны тек қажыр-қайрат, күш-жігер деп қарастырды, кейіннен адам бойындағы бұл қажырлық пен жігерліктің тек жүйке ауруы себептерінен ғана емес, сонымен бірге, қалыпты адамның интимдік, психикалық-секстік қатынастарынан көрніс алатынын байқап, оны ғылыми және суреткерлік қызыметін түсіндіруде сублимациялық теория ретінде пайдаланды. Фрейд либидосы Платонның Эросымен теңесті және сүйіспеншілікке қатысты барлық дүние либидоға баланды: жыныстық сүйіспеншілік, өзіне деген сүйіспеншілік, отанға деген сүйіспеншілік, ата-анаға деген сүйіспеншілік және т.б.). Либидо теориясын Эрос (өмір) және Танатосқа (өлім) деген

күштарлық психикалық-анализдік ілімге айналдырды. К.Г.Юнг бұл ұғымды одан да тереңдетіп, оның мәнін биологияландырды.

Тұлға бірқатар гуманитарлық ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Философия тұлғаны дүниеде қызмет ету, таным және шығармашылық субъектісі ретінде қарастырады. Психология тұлғаны психикалық процестердің, қасиеттердің және қарым-қатынастардың: темпераменттің, мінездің, қабілеттің, ерік-жігердің және т.б. орнықты тұтастығы ретінде зерттейді. Әлеуметтану көзқарасы тұлғаның әлеуметтік-типтік белгісін бөліп қарайды. Әлеуметтану проблемаларының бірі тұлғаны құрылымдық талдау болып табылады. Тұлғаның әлеуметтік құрылымы жеке адамның әр алуан қызметі барысында, өзі кіретін қауымдастықтар мен бірлестіктердің ықпалымен қалыптасатын және қызмет атқаратын объективті және субъективті қасиеттерінің жиынтығын қамтиды. Тұлға құрылымы:

1) өмір салты мен еңбек, қоғамдық-саяси, мәдени-танымдық, отбасылық-тұрмыстық сияқты қызметтерде көрінетін әлеуметтік сапаларды жүзеге асыру тәсілі;

2) тұлғаның объективті әлеуметтік қажеттіліктері. Тұлға – қоғамның органикалық бөлігі, сондықтан оның құрылымы негізінде қоғамдық қажеттіліктер орын алады. Басқаша айтқанда, тұлғаның құрылымы қоғамдық тіршілік иесі ретінде адамның дамуын анықтайтын объективті заңдылықтармен айқындалады. Тұлға бұл қажеттіліктерді ұғынуы да, ұғынбауы да мүмкін, бірақ та ол қажеттіліктер тіршілік етуін, өмір сүруін тоқтатпайды және тұлғаның мінез-құлқына айқындық енгізіп отырады;

3) шығармашылық қызметке қабілеттілік, білім, дағды жатады. Қалыптасқан тұлғаны қалыптасудың бастапқы сатысындағы жеке адамнан айырып көрсететін де оның дәл осы шығармашылық қабілеттері;

4) қоғамның мәдени құндылықтарын игеру дәрежесі, яғни тұлғаның рухани жан дүниесі;

5) тұлға басшылыққа алатын ізгілік нормалары мен принциптері. Сенімдер – адам мінез-құлқының басты бағытын анықтайтын ең терең принциптер. Сенімдер тұлғаның тұлғалық құрылымының өзегін құрайтын объективті қажеттіліктерді сезінуімен байланысты.

Бұқаралық мәдениет қазіргі заманғы мәдениеттануда белгілі бір нәтижені кең көлемде тарата алу мүмкіндігі бар «орта топ» тұтынушыларына лайықталған рухани өндірістің арнайы көптүрлілігін белгілеу мақсатында қолданылған термин. Бұқаралық мәдениеттің пайда болуын өздеріне қызмет ету үшін жалданбалы жұмысшылар армиясын құру қажеттілігін туғызған ірі шаруашылықты өндіріс қалыптасуының кезеңімен байланыстырады. Феодалдық қоғамдағы дәстүрлі әлеуметтік құрылымның бұзылуы, үйреншікті іс-әрекеттер формалары және олармен байланысты рухани дәстүрлерінен ажыраған дүйім жұрттың пайда болуымен қатар жүрді. Бұқаралық мәдениет бір жағынан, жалдамалы жұмысшылар мен қызмет етушілер қатарынан тұратын жана әлеуметтік қабаттың өзіндік бір қалалық-халықтық мәдениетін құруға деген талпынысы болса, екінші жағынан, үстемдік ететін саяси және экономикалық құрылым мүддесіндегі бұқаралық сананы басқару құралы ретінде пайда болды. Бұқаралық мәдениет жүріс-тұрыс үлгісі мен әлемді танудың бұлыңғыр кодексін қалыптастыратын идеалға деген адамзаттың табиғи сағынышын қандыруға ұмтылады.

Бұқаралық мәдениет архетиптік пікірлер мен сезімдерді (махаббатты қажет ету, алынбаған асу алдындағы қорқыныш, табысқа ұмтылу, ғажайыптың болатынан сену және т.б.) балалардың шындықты тікелей қабылдауының аналогиясы сияқты тұтынушылардың эмоционалдық реакциясына есептеп жасайды. Бұқаралық мәдениет тұтынушылар тарапынан өздерінің қарапайым тіршілік етулерінен гөрі барынша шынайы, әрі рас деп қабылдайтын өзіндік әлемді құрастыра отырып қазіргі заманғы мифологияны жасайды. Бұқаралық мәдениеттің мәнді жағына, табысты болған жағдайда қомақты пайда алып келетін көркемдік және техникалық әдістерге сәйкес таңдауды анықтайтын тұтынушыға бағытталған (жас мөлшерлік, әлеуметтік және ұлттық топтар) нақты таңдау жатады. Бұқаралық мәдениетке өз қабылдауына белгілі бір интеллектуалды күш талап ететін көркемдік жағынан ерекше құндылықтық нәтиже жасауға қабілетті элитарлық мәдениет қарсы қойылады.

Бұқаралық мәдениеттегі жаңашылдық элементтері айтарлықтай емес, себебі оны жасаушылар бұқаралық сана үшін көбіне «жоғарғы» мәдениет жетістіктері нұсқаларының ескірген, үйреншіктіге айналған формаларымен айналысады. Бірақ бұқаралық мәдениетті таза өнермен еш қатысы жоқ, әдепсіздер мен нашар талғамдылар қорығы деп есептеу қажетсіз. Шын мәнінде, бұқаралық мәдениет жалпыға қабылданған элитарлық мәдениет құндылықтарымен дәстүрлі халықтық мәдениет арасын дәнекерлеуші, сабақтастырушы қызметін атқарады. Эзотериялық ашылымдар мен маргиналды көркемдік эксперименттерді «аңқау» сана бөлігіне айналдыра отырып, бұқаралық мәдениет оның баюуы мен дамуына ықпал етеді. Сонымен бірге, қоғамдағы бұқаралық көңіл-күй мен бағдардың тіршілік етуін негізге ала отырып, бұқаралық мәдениет элитарлық мәдени шығармашылыққа кері әсерін тигізіп, белгілі бір дәрежеде мәдени дәстүрдің қазіргі заманға лайық болуын міндеттейді.

Бұқаралық мәдениет динамикасы қоғамдағы рухани өмірдің негізгі тенденциялары және әлеуметтік идеалдар мен дүниеге көзқарастық үлгілер эволюциясына нақты мінездеме бере алады. Бұқаралық мәдениет өз жанынан қазіргі заманғы өркениетті тудырады. Бұқаралық мәдениеттің барынша жарқын феномендері (комикстер, «қара» криминалды роман, отбасылық саға) урбанистикалық фольклордың бір түрі ретінде жиі қарастырылмайды. Сондықтанда бұқаралық мәдениет нәтижесінің нақты мәні оның жалпыадамзаттық құндылықтарымен емес, өз заманының тілінде сол дәуірдің қиялын, үміті мен мәселелерін дәріптей алу қабілетімен анықталады. Бұқаралық мәдениет бұқаралық санамен тығыз байланысты.

Бұқаралық сана әлемнің тұтас мәнділігімен салыстырмалы түрде күнделікті өмір тәжірибесінің қарама-қарсы элементтерінен тұратын түрлі эмпирикалық материалдарды реттеудегі адамның қарапайым ұмтылысы нәтижесінде пайда болады. Бұқаралық сананың негізі шынайылық туралы эмоционалды-бейнелік пікірлер мен жүріс-тұрыстың нақты-практикалық үлгісі қатарын көрсетеді. Бұқаралық сананың құрамдас бөліктерін үшке бөліп қарастыруға болады:

1) әрекеттердің нақты жағдайдағы бағдарламалары мен тікелей тәжірибеде таралған бұлыңғыр білім;

2) жәй жеке тұжырымдар мен ұсыныстар түріндегі күнделікті өмірден жиналған тұрмыстық және кәсіби тәжірибе, қарапайым өмір сүрудің тәртіптері мен құрамы;

3) аталмыш мәдениеттегі құндылықтар жүйесі, мәдени дәстүрлер, сонымен бірге білімнің арнайыланған түрлі салалары үстемдік ететін тікелей тәжірибе шеңберіндегі тұтас әлем картинасы. Бұқаралық сана өте қарапайым «үйірлік» тобыр санасынан өзінің күрделі құрылымымен ерекшеленеді және қоғамның өзіндік санасы болып табылады.

Өзін тексеру сұрақтары

1. Тұлға дегеніміз не?
2. Тұлға мәдениетінің қажеттілігі мен іс-әрекеттік жетестігін саралаңыз?
3. З.Фрейдтің «либидо» ұғымына талдама жасаңыз?
4. Тұлғаның әлеуметтік құрылымын жіктеңіз?
5. Жеке адам мен тұлғаның ұқсастықтары мен айырмашылықтары неде?
6. «Құндылық» терминін толыққанды зерттейтін ғылым?
7. Мәдениеттің құндылықтық-танымдық қызметі.
8. Діннің қоғамдағы құндылықтық қызметіне тоқталыңыз?
9. Білім – мәдениет пен құндылықтың көрсеткіші ретінде.
10. «Бұқаралық мәдениет» ұғымының пайда болу жолы.
11. Бұқаралық мәдениет пен элитарлық мәдениет ерекшеліктеріне талдау жүргізіңіз?
12. Бұқаралық сана дегеніміз не?

Өзін жетілдіру тапсырмасы

Бұл тапсырманы әр студенттің жеке орындағаны абзал! Ең алдымен әр студент өзіне ұнаған спортсмен, музыкант, ғалым, бизнесмен, жалпы қай салада болмасын өзі үшін жетістікке жеткен адам деп есептейтін үш тұлғаны таңдап алуы қажет! Содан соң таңдалған үш тұлғаның жүріс-тұрысы мен мінез-құлқына талдама жасау қажет! Оның киген киімі, сөйлеген сөзі,

оқитын кітаптары, достары, хоббиі, еңбекқорлығы, дағдылары, әдеттері, жоспарлары т.б. жарқын қырларына талдау жасаңыз. Суреттерін жапсырып әрлеуге және кестені толықтыруға болады. Ең соңғы кесте сіздің таңдауыңыз туралы нақты шешімге арналады.

Тұлға	интеллект	эстетика	этика	спорт	психология	қаржы	Неге таңдаңыз!
1.							

МӘДЕНИЕТТІҢ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯЛАРЫ

1. Типология» ұғымы және оның мәдени философия аясындағы қызметі.
2. Мәдени-тарихи мектеп негізі, жетістіктері және мәдениет тарихына қосқа үлесі.
3. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы мәдени байланыстар.

Мәдениеттің шығу тегі туралы ілім және мәдениет тарихы мен мәдениеттануда мәдениеттің пайда болу процесін алғашқы тас құралдарынан бастап құралдық процесс дамуының қалыптасуымен тығыз байланысты әлеуметтік заңдылықтарды белгілеу үшін қолданылатын ұғымды «культурогенез» деп атаймыз. Ал мәдениет тарихындағы әр түрлі белгілерді жіктеуді типтеу деп атап, осыған байланысты типологияны қалыптастырамыз.

Типология:

1) объектілер жүйесін жіктеу және оның байытылған, идеалдандырылған үлгісі мен типтері арқылы топталған ғылыми таным тәсілі;

2) типологиялық суреттеу мен салыстыру нәтижесі. Әлеуметтік-мәдени әлемнің көптүрлілігі мен көптектілігін мойындау мәдениеттің тарихи типологиясын құруда түрлі көзқарастарға алып келеді.

Тарихтың бастапқы кезеңдерінің жіктелуін қазіргі заманғыға ұқсас етіп алғаш рет Лукреций Кар (б.э.д. 99-55) «Заттар табиғаты туралы» атты поэмасында берді. Ол ежелгі адамның еңбек құралын жасауын өз жіктемесінің негізі етті. Типология таңдалынған және концептуалды негізделген түсіндірмелер немесе эмпирикалық және теориялық негіздемелер арқылы өтеді. Оның морфологиялық және құрылымдық (статикалық); процессуалды (динамикалық); генетикалық, салыстарамалы-тарихи процедуралары арқылы ажыратуға болады.

Мәдениет – қоғамдық экономикалық формациялардың алмасуына байланысты дамитын тарихи құбылыс. Мәдениет түрлерінің өте көптігі және олардың әрқайсысының жекедаралығы әлеуметтік концепция болып табылатын «мәдени-тарихи типтер» теориясының негізін қалады. «Мәдени-тарихи типтер» теориясы сызықтық-еуроопорталықтық тарих концепциясы мен тарихи процестердің эволюционистік түсіндірмесіне қарсы тезис ретінде қалыптасты. Бұл теорияның негізін қалаушы – Н.Я. Данилевский. Оның ары қарайғы дамуы О. Шпенглер, А. Тойнби, П. Сорокин еңбектерінде өз жалғасын тапты. Осы «мәдени-тарихи типтер» теориясының жақтаушылары Кант, Гегель және Гумбольдтен бастау алған қоғамдық-тарихи мектепке шоғырланды.

Жаратылыстанушы, философ, әлеуметтанушы Николай Яковлевич Данилевский «Ресей және Еуропа» (1869) атты ерекше еңбегінде О.Шпенглер мен А.Тойнбиден бұрын бір-бірімен және қоршаған ортамен үнемі үзіліссіз күресте болатын тірі ағзаларға ұқсас «мәдени-тарихи типтердің» тіршілік ететіндігі туралы идеяны негіздеген болатын. Олар да биологиялық түрлер сынды табиғи алдын-ала анықталған пайда болу, гүлдену, картаю және өлім стадияларынан өтеді. Н.Я. Данилевский оның тарихи түрде өзіндік пайда болуын 4 топқа бөледі: діни, мәдени, саяси және әлеуметтік-экономикалық. Оның есептеуінше тарих жүрісі мемлекеттілік арқылы «этнографиялық» күйден өркениеттік деңгейге дейінгі жолда бірін-бірі ығыстырып отыратын «мәдени-тарихи типтер» ауысуымен айқындалады. Ғалым біріңғай әлемдік мәдениет тіршілігін теріске шығарды. Оның пікірінше, адамзат тарихы өзіндік жеке дара мәдени-тарихи типтерден құралады және даму сатысы барлық әлемге бірегей, жаппай жүруі тиіс, ал батыс Еуропа тарихи ерекшеліктерінің бар әлемге еш қақысыз көшірілуі дұрыс емес. Мәселен, славяндық мәдени-тарихи типті дамыту және сақтау Ресейдің тарихи міндеті. Батыс Еуропа, Ресей мен славяндыққа кері көзқараста, сондықтанда славян халықтары өздерін жоюға ұмтылған батысқа қарсы күреске дайын болып, мықтап бекінуі тиіс, ол үшін славяндардың басын біріктіру қажет. Н.Я. Данилевскийдің мұндай қызықты ойы мәдени-тарихи типтер концепциясын жасаушы көптеген

ғалымдардың назарына ілігіп, біршама талқылау-тартысқа түсті. Кітап автор қайтыс болғанан кейін де оның досы Н. Страховтың қадағалауымен бірнеше рет қайта басылып шықты. Өз ойын қорытындылай келе, Н.Я. Данилевский тарихи дамудың бірнеше жалпы тұжырымдарын бес заңға негіздейді.

1 заң. Ешқандай терең филологиялық ізденісті тудырмайтын, шығу тектерінің тікелей қатынасы сезіліп тұруы үшін барынша өзара жақын, жеке тілі немесе тілдер тобымен сипатталатын кез-келген тайпа немесе халық қауымдастығы, егер ол өзінің рухани жатырынан тарихи дамуға қабілетті және балалық шақ уақытынан өткен болса, онда өзіндік мәдени-тарихи тип құрады.

2 заң. Өркениеттілік өзіндік мәдени-тарихи типке тән және халық өзіне тиесілі саяси тәуелсіздікті пайдалану үшін пайда болуға және дамуға қабілетті.

3 заң. Бір мәдени-тарихи типтің өркениеттік бастауы басқа типті халыққа берілмейді. Әрбір тип өзі тіршілік кешіп отырған немесе қазіргі заманғы өркениеттің, яғни бөгденің әсерін аздықөпті ала отырып, өзі үшін өзіне жасайды.

4 заң. Өркениет әрбір мәдени-тарихи типке тән, олай болса ол тек әрдайым толығып отыруға, әртүрлілікке және байлыққа қол жеткізеді. Әртүрлі энографиялық элементтер және оны құрайтындар тәуелсіздікті пайдалана отырып, федерация немесе мемлекеттің саяси жүйесін құрмаса бір саяси тұтастықта бола алмайды.

5 заң. Мәдени-тарихи типтердің даму жолы, өсу кезеңінің ұзақтығы белгісіз, бірақ гүлдену және жеміс беру сәтінде салыстырмалы қысқа, олар өмірлік күшін соңғы рет өсім бергенде жоқ етіп жіберетін көпжылдық бірұрықтық өсімдікке жақын.

Орыс тарихшысы Ю.В. Яковец пікірінше тарихи цикл идеясы жаңа емес. Біздің дәуіріміз басталғанға дейінгі рим тарихшысы Полибийдің 40 томдық «жалпы тарихы» және қытай тарихшысы Сыма Цяньнің «тарихи жазбалары» қоғам тарихын айналым, циклдік қозғалыс ретінде қарастырды. Үлкен тарихи циклдер идеясын біздің дәуіріміздің басында араб тарихшысы аль-Бируни ұсынды; бірнеше ғасырдан соң осы идеяны Тунистен шыққан Ибн Халдун жалғастырды. Қайта өрлеу кезінде тарихи процестегі цикл идеясын француз тарихшысы Дж. Вико

қарастырды, ал неміс философы әрі тарихшысы Иоганн Гердер XVIII аяғында жазылған «Адамзат тарихының философиясына деген ойлар» еңбегінде тарихтың генетикалық бастамасы мен ғарыштық масштабтағы дәуірлер арасындағы кезеңдік ауытқуларды айрықша зерттеді. XIX ғасырдың екінші жартысында К. Маркс пен Ф. Энгельс тарихи прогрестің түпкі негізі іспеттес қоғамдық-экономикалық формациялардың кезеңдік ауысу идеясының негізін қалады. Локалды өркениеттің мәдени-тарихи типі туралы идеяны 1869 жылдың өзінде-ақ орыс тарихшысы Н.Я. Данилевский ұсынған болатын; бұл идея дами түсіп, 1918 жылы О. Шпенглердің «Еуропаның батуы» атты кітабында жарияланды.

Неміс философы және мәдениет тарихшысы О. Шпенглер «Еуропаның батуы» (1921-1923) атты кітабында тарихты мәдениеттер ауысымы ретінде қарастырады. Онда әрбір мәдениет құдды «ағза» сынды ішкі бірлікпен бітіскен және өзі сияқты басқа «ағзадан» жекеленген. Шпенглер мәдениеттегі жалпыадамзаттық сабақтастықты терістейді. Ол адамзат тарихындағы 8 мәдениетті атап көрсетеді: египеттік, үнділік, вавилондық, қытайлық, грек-римдік, византиялық-исламдық, батысеуропалық және орталық америкадағы майя мәдениеті. Ғалым есебінше орыс-сібір мәдениеті жаңа, келешек санатына кіреді.

Ағылшын тарихшысы және әлеуметтанушысы А.Дж.Тойнби өзінің 12 томдық «Тарихты зерттеу» (1934-1961) еңбегінде адамзат дамуын «өркениеттер» айналымы рухында мазмұндауға ұмтылып, бұл терминді «мәдениеттің» синонимі ретінде қарастырды. Алғашқыда Тойнби тарихты паралелді және жалғасымды дамушы, бір-бірімен генетикалық тұрғыда аз байланыста және көтерілуден құлдырауға, сөнуден өшуге дейінгі кезеңдерді бірдей өтетін «өркениеттер» жиынтығы ретінде қарастырды. Кейінірек барлық танылған мәдениеттер әлемдік діндермен (христиандық, исламдық, будистік және т.б.) сусынданған деген қорытындыға келіп, бір адамзат «тарих бәйтерегінің» бұтағы іспеттес деген ой айтады. Олардың барлығы бірлікке ұмтылады, себебі олардың әрқайсысы оның бір бөлігі болып есептеледі. Дүниежүзілік тарихи даму қозғалыс түрінде локалды мәдени жалпылықтан бірыңғай

жалпыадамзаттық мәдениетке қарай жылжып отырады. 8 «өркениетті» айқындаған О.Шпенглерге қарағанда А.Тойнби оларды 20-30-ға дейін санап, ең соңында 13 санына тоқтады. Тарихтың қозғаушы күшін күдіретті «басқарудан» бөлек, жекелеген жарқын тұлғалар мен «шығармашылық азшылық» кұрайды деп есептейді ғалым. Олар аталмыш мәдениеттер тастаған ішікі әлеммен рухани қажеттілік «шақыруына» жауап береді, нәтижесінде «жауап» келіп түскен сол немесе басқа қоғам дамуы қамтамасыз етіледі. Аталынған «шығармашылық азшылық» өзінің мистикалық «өмірлік парызын» қарапайым өмірге айналдыруға қабілетсіз және тарих «шақыруына» жауап бере алмаған жағдайда ол өз билігін беделімен емес, қару күшімен көрсететін «мемлекеттік элитаға» айналады. Жатсынған, шеттетілген бұқара халық «ішкі пролетариатқа» айналып ақыр соңында аталмыш өркениетті бүлдіреді, әрине егер ол оған дейін табиғи апаттардан өздігінен құрып кетпесе. Өзінің жұмыстарында нәсілдік пен «еуропаорталықтықты» объективті түрде теріске шығарған Тойнби ұлт-азаттық қозғалыстарға жанашырлықпен қарап барлық халықтар арасындағы өзіндік түсіністікпен ынтымақтастықты жақтады

Мәдени-тарихи мектеп 19 ғ. орта шенінде пайда болған Еуропадағы интеллектуалды дәстүр. Мектептің негізін қалаушы және басты теоретигі – француз ғалымы И. Тэн. Оның ізбасарлары Германияда – Г. Геттнер, В. Шерер; Данияда – Г. Брандес; Италияда – Де-Санктис, Ресейде – А.Н. Пыпин, Н.С. Тихонравов және басқалар. Мәдени-тарихи концепция бағыты негізінде Конттың философиялық позитивизмімен Сент-Бева әдеби сынындағы «биографиялық тәсіл», неміс ағартушыларымен романтиктерінің кешеуленген культурологиялық концепциясы және Ф. Гизо, О. Тьерридің француздық романтикалық тарихнамасының жекелеген ой-пікірлері топтастырылған. И. Тэннің теориялық зерттеулерінде екпін айғақтар арасындағы қалыптасқан заңдылықты байланыстарға түседі. Тэн бойынша өнер шығармашылығына тән ерекшеліктер былай түсіндіріледі: «нәсіл» – туа біткен ұлттық темперамент; «орта» – әлеуметтік жағдайлардағы климаттық және табиғи шарттар; «сәт» – дәстүрлердің ықпал етуі. Осылайша

түсіндірілген айғақ көптүрлі жан-жақты факторлар ауқымында адасып сіңіп кетті.

Осы мектептің ірі теоретиктері мен практиктері Пыпин, Тихонравов, Шахов, ағайынды Веселовскийлер этнографиялық ескерткіштер, халық шығармашылығы, ескі әдебиеттерге аса қызығушылық танытты. Олар дамудың өзіндік әдеби заңдылығын шеттетіп, өнер шығармашылығын мәдени-тарихи дәуірдің белгілі бір ескерткіші ретінде түсінді. Нәтижесінде әдеби жанрлар, бағыттар, поэтикалық әдістер мен формаларға деген қызығушылық төмендеді. Мәдени-тарихи мектептің Н.И. Стороженко, Н.П. Дашкевич сынды жекелеген өкілдері бұл ілімнің тарлығын түсініп, одан шығар жол ұсынды. Осылайша мәдени-тарихи мектеп орыс ұлттық әдебиетінің тарихы, салыстырмалы-тарихи әдебиеттанудың принциптерін дайындауда үлкен еңбек сіңірді. Мектеп әдеби даму заңдылығын, оның жалғасымды сияптын орнатты, мәтіндік қорытынды тәжірибесін жинады. XX ғасырда мәдени-тарихи мектеп бағыт ретінде тарап кеткенімен, оның концепцияларының іздерін көптеген ғалымдар еңбектерінен кездестіруге болады. Тіпті 60 жылдарға дейін шетелдік (В. Паррингтон – АҚШ, М.Пидаль – Испания, «университеттік сын» – Франция) және ресейлік (П.Н. Сакулин, Н.К. Писканов) ғалымдар жұмыстарынан көрніс тапты.

Отандық мәдениеттанушы, мәдениет типологиясын жасаудағы алғашқы ғалымдардың бірі Тұрсын Хафизұлы Ғабитов қазақтың және оның ата-тектерінің әлемдік өркениеттілік дүниесіне қосқан басты құндылықтарын төмендегідей жіктейді:

1. Еуразиялық көшпелілер кеңістікті игеруде адамзат тарихындағы бірінші жетістікке жетті (К. Ясперс атап өткен жылқыны пайдалану).

2. Номадалар адамдандырылған қоршаған ортаны кеңейтті, шөл мен шөлейттерді үйлесімді игере алды.

3. Еуразиялық көшпелілер тарих катализаторлары (А. Вебер) қызметін атқарды, олардағы миграциялық үрдістер жаңа өркениеттер қалыптасуының себебі болды (Үнді, Иран, Ғұн мемлекеті, Араб халифаты, т.т.)

4. Ұлы жібек жолы және басқа да мәдени коммуникациялық жүйелер арқылы ілкі түркілер түркілер Батыс пен Шығыстың

арасында дәнекерлік қызмет атқарды, олардың сұхбатына себепкер болды.

5. Қазақтың арғы тектері әлемдік өркениеттіліктің шалбар, алдаспан, киіз үй, күйме, металл өңдеу, зергерлік, ұсталық сияқты артефактыларын алғашқылардың бірі болып енгізді.

6. Түркілердің әмбебапты дүниетанымдық жүйесі – тәңіршілдік адамдық ынтымақтастық пен келісімділіктің маңызды формасы болды.

7. «Адам бол!» ұстанымы, әлемді Жарық дүние деп түсіну, адамның көңіл-күйіне мән беру, ғарыш және басқа адамдармен үйлесімділікте болу, жасы келгендер мен баланы қастерлеу сияқты қазақ дәстүрлі әдебінің құндылықтары қазіргі руханиятта ерекше орын алады.

Т.Х. Ғабитов қазақ өркениеті – ежелгі көшпелі өркениеттерден бастау алатын (сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, ортағасырлық түркілік дала империялары, Алтын Орда, Ақ Орда, т.т.), кейін қазақ хандығы уақытында қалыптасқан, түркі-соғды, түркі-араб синтездері нәтижесінде исламдық суперөркениеттің құрамына енетін этномәдени бірлестік деп қазақ өркениетінің мәдени-тарихи болмысын талдай келе, қазақ өркениеті православиялық, исламдық, конфуцийлік атты үш үлкен өркениеттердің тоғысқан жерінде тұр деген ғылыми пайымдау жасайды. Қазақстандағы қазақ өркениеті деген ұғымды алғаш қолданушылардың бірі Е.С.Омаров әлемдік өркениетке қандай үлесімізді қостық деген сұраққа жауап ретінде мына жіктемені ұсынады:

Бұл мемлекет: математика мен жазудың отаны Шумер /қазақтар арасында шөмекей атты үлкен ру бар/; Арийлар, Элам /ары қарай – Әлімдер – Аландар/; Парфияндық және Вавилондық, Ұлы Тұран, Ұлы Ғұн, Батыстық және Ақ ғұн /эфталиттер/, Құман патшалығы, Сақтар, Скифтер, Сарматтар, Хорезм, Хазарлар, Аварлар, Түрік қағанаты және т.б. Олжас Сүлейменовтің мәліметі бойынша, Сақтардың Хасақтар деген аты болған, соған қарағанда біздің халқымыздың аты мен шығу тегі осыдан болса керек /б.з.д. 4 ғ./.. Айтпақшы, қытайлар бізді қазіргі күнге шейін Хасақтар деп атайды. Қазахия атты мемлекеттің тіршілік етуі туралы X ғасырда Византия білген.

Ата-бабаларымыздың еңбек құралдарын және күнделікті өмірде қолданылатын тұрмыстық заттарды жасаудағы үлесін тізбетесек: шалбар, дөңгелек, дөңгелек арбалар – киіз үй, полихромдық стиль, кофта, косметика, жасампаз бұйымдар, жылытатын алаңдар /Отырарда/, су құбырлары, лас суды қала сыртына шығаратын құбырлар, иригациялық жүйе, күйдірілген кірпіш, сәулетшілік, күнтізбе, тон, кілемдер, текеметтер, етіктер, биік өкше, сақтайтын қорғандар, бірінші, әрі ең керемет керуен поездары, моншалар, бесік, ағаштан салынған үйлер, металдар, болаттар, шойын және алтын. Әскери өнерге қосқан үлесі: мықты атты әскер, әскери соғыс әдісі, бірінші меңгерілген темір қылыштар, найза, жебелер, қалқандар; үлкен және құрама садақтар мен ысқыратын жебелер психологиялық шабуылдың элементтері ретінде, ер-тұрман, жүген, қатаң әскери тәртіп, ту, тас-темірлі қондырғылар, қабыраға бұзушылар, рыцарьлық.

Өнер мен ғылымға қосқан үлесі: шумерлік және орхон-енесейлік жазу, шумерлік сандар – дәреже 6, 60, 3600, мүшел /күнтізбелік цикл/ – 12 жыл /бұл 12 алтылық/, кітаптар, өнердегі полихромдық және аң стильдері, астрономия, алгебра, зороастризм, тәңірлілік, халық медицинасы, сүйек түзеуші, мал дәрігерліктің майталманы, фольклор, домбыра, кобыз және басқа да музыкалық құралдар, шандап байлау, ақ ғұндардың ақша мен тиындары, ертегілер, эпостар, айтыстар, мақалдар, ақын-жыраулар, математиктер, философтар, тарихшылар. Осы ойды ары қарай жалғастыра болсақ, сауда мен қолөнердің Қазақстандағы орталығы – қалалар болып табылды. Олардың пайда болуы мен дамуы ерте орта ғасырдағы Қазақстанның маңызды факторы болды. Жетісу жерінде 6-7 ғасырларда қалалар мен қалашықтардың тез қалыптасуына мынандай себептер ықпал етті:

- ыңғайлы климаттық жағдай;
- өзендердің көптігі;
- Жетісу, Қытай, Иран және басқа араб елдері Үндістан мен Византия арасындағы байланыстырушы буын болды.

VI ғасырда Жетісуда 56 қала болса, X-XI ғасырларда олардың саны 200-ге жетті. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы қалалар дала мен отырықшы-егіншілік аймақтар қиылысында орналасқан бұл жерде көшпелілер, қала тұрғындары мен егіншілер

арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстар байқалып отырды.

Ортағасырлық қалалар экономикасын қолөнер мен сауда анықтады. Сол үшін қала қолөнерінің жетекші түрлерін атай кетейік:

- қыш құмыра өндірісі;
- шыны бұйымы;
- металл өңдеумен байланысты қолөнер /ұсталық, зергерлік/;
- ауыл шаруашылығы шикізаттарын өңдеумен байланысты қолөнер /тігіншілік, тері өңдеу ісі, сүйек және ағаш өңдеу.

Бұл тарихи-экономикалық сипаттамалар сонау ерте дәуірлерден сабақтаса келген өркениеттілік нышандары, дәлелі. Қазақстан мемлекетінің тамыры тереңде, қазақ хандығында, түркі дүниетанымында, алғашқы сақ тайпаларында жатыр. Сол кезден бастап үздіксіз сабақтаса жалғасып келе жатқан жетістіктер бүгінгі ұрпаққа мирас етілген бай мұра. Жоғарғы өркениеттілік нышаны болып есептелінетін, сауда, дипломатия, құрылыс, шаруашылық, өндіріс т.с.с. барлығын қазақ тарихынан, халық даналығынан, сұңғыла ойларынан, өмір сүрген ортасынан анық байқауға болады.

Этнографиядағы мәдени-тарихи мектеп XX ғасырдың басында мәдени бағыт ретінде пайда болып, мәдениеттің қайта туылуы бір жерде бірнеше рет болады деген ойды мақұлдады. Оның әртүрлі халықтарда болуы ең бастапқы орталықтың таратылуынан деп түсіндірген бағыт, оны ғылыми тілде мәдени миграционизм, диффузионизм деп те атайды. Мәдени диффузия дегеніміз – белгілі бір тарихи мәдениеттің қасиеттері мен ерекшеліктерінің басқа мәдениеттерге таратылуы. Материалды және рухани мәдениет элементтерінің сол немесе басқа территорияда белгілі бір тұстарының сәйкес келуі «мәдени шеңбердің» жасақталуына алып келеді. Нәтижесінде мәдениет тарихы түйықталған циклдік бірнеше «мәдени шеңберлердің» жапсырмалануы мен ауысуын қарастырады. Алайда бұл процесс қоғамның болмысы мен бейнесіне тікелей қатысты. Сол себепті «мемлекет», «қоғам», «құқық», «азамат» сынды ұғымдардың мән-мағынасы мен қолданыс аясы аса маңызды.

Мемлекет пен азаматтық қоғам ара қатынасы түрлі ғылымдар контекстінде зерттелініп жүрген мәселе. Бұл мәселенің

философиялық мәні әлеуметтік философияның түрлі бағыттарында мейлінше көзге шалынып жүр. Мәселенің өзектілігіне бүгінгі өркениетті қоғамда кең қанат жайған – азаматтық қоғам құру мәселелері және осыған қатысты аталмыш қоғам мен мелекеттік жүйе, билік формалары мен негіздері тәріздес қарымды да, ауқымды сұрақтардың тұтас бір күрделі жүйелілігі толық негіз болып табылады. Мемлекеттің өзінің іс-әрекетін заң арқылы жүргізетін ұйым ретіндегі рөлге ие бола бастауы адамзат өркениеті дамуының ерте кезінде-ақ басталған. Антика дәуірінің ойшылдары Сократ, Демокрит, Платон, Аристотель, Полибий, Цицерон т.б. мемлекеттік билік пен құқықтық мемлекеттің байланысы мен өзара тигізер ықпалын көрсетуге тырысты және егер заң азаматтар мен мемлекетке бірдей болса, сонда ғана адамдар тұрағының саяси формасы әділ мемлекет бола алады деп санады. Оны Аристотельдің «Заң билігі жоқ болса, онда ешқандай мемлекет құрылысына орын жоқ» немесе Цицеронның «Мемлекет – ол халықтың ісі», – деп айтқан қанатты сөздерінен анық аңғаруға болады. Ежелгі Греция мен Римдегі мемлекеттік-құқықтық идеялар мемлекет жайлы ілімнің қалыптасуы мен дамуына белгілі ықпалын тигізді. Аталмыш мемлекеттік құрылымдар белгілі бір мөлшерде қоғамдағы мәдени дамуға да өз ықпалын тигізіп, өзіндік аспекеттер қалыптастырады. Кең мағынада заң, құқық, азаматтылықтың өзі мәдени ұғымдар, себебі оларда адамдардың қоғамдағы белгілі бір тәртіппен, ережелермен өмір сүруін талап етеді, адамдар арасындағы қатынасты реттейді. Құқық мәдениетсіз халық арасында сіңіру қалпынан айрылады.

Феодолизм дәуірі негізіндегі құқықтық мемлекет жайлы ойды, сол замандағы ұлы ойшылдар М. Макиавелли мен Ж. Баден тарихи жағынан айтып кетсе, ерте буржуазиялық революция кезінде құқықтық мемлекет концепциясын дайындауда көптеген тың идеяларға мұрындық болған алдыңғы қатарлы ойшылдар Г. Гроций, Б. Спиноза, Г. Гоббс, Д.Локк, Ш.Монтескье, Д.Дидро, П.Гольбах, Г.Джефферсон және т.б. еңбектері өлшеусіз. М.Макиавеллиге тоқталар болсақ, ол мемлекеттің көп жылдық өмір сүру тәжірибесіне орай, өз теориясында саясаттану принциптері, саяси өмірдің қозғаушы күштерінің дамуына сәйкестендіре отырып, жауап беретін идеалды мемлекеттің негізі

болуы керек деп нұсқады. Ал мемлекеттің формаларын пысықтап әрі негізін қалау Республикаға берілді, себебі тек Республиканың ғана көп жағдайда теңдік пен еркіндікті қамтамасыз етерлік қауқары мейлінше жеткілікті болатын. Республика мемлекеттік форманның өркениетті түрі. Демек, М. Макиавелли сенім артқан Республика талай сындарды басынан кешірген өркениет өлшемдерінің тоғысуы болып табылмақ.

Енді ерте буржуазиялық қоғам жетекшілерінің ойлары мен пікірлеріне жеке-жеке тоқталып, олардың ой-толғамдарын таразылап көрелік.

Гуго де Гроций жаратылыстық құқықтық мемлекеттің аса көрнекті теоретигі. Ол «жаратылыстық құқық» және «ерікпен қабылданған құқық» ұғымдарын ғылыми айналысқа ендірген. Туа біткен жаратылыстық құқыққа ол – басқа біреудің мүлкінен аулақ болу, келтірген шығындардың орнын толтыру және халық алдында тиісті жазасын тарттыруды жатқызады. Мемлекеттен таралатын, ерікті қалыптастыратын құқық жаратылыстық құқықтың барлық принциптеріне сәйкес келуі керек. Феодализмнің құқықтық институттары Гроций бойынша адам табиғатына қайшы келеді, сондықтан ақыл заңына жауап беретін жаңа құқық керек. Мемлекеттің басты мақсаты әрбір азаматқа өз мүлкін пайдалануға ерік беру және оларды барынша қорғау. Кез-келген мемлекет формасының бастауы Гроций пікірінше, қоғамдық келісім болып табылады, сондықтан халық басқарудың кез-келген формасын таңдауына болады, бірақ халық, таңдағын билеушісіне сөзсіз бағынуға міндетті. Мемлекеттің формасын өзгерту, тек екі жақтық келісім арқылы ғана іске асады. Гроций ұсынған теория, таза өркениеттік сипатта. Өркениеттік басқару салтын ұстанған елде “таңдау құқығы” өте жетілген болуы керек. Сонымен қатар, әрбір өркениетті елдің адамы өзінің қызметтік, қоғамдық орнын білуі және өзіне жүктелген жұмысын орнықты, мүлтіксіз атқаруы тиіс.

Голланд философы Б. Спиноза – келешектегі заңмен байланысты шынайы құқық пен адам өрлеуін қамтамасыз ететін демократиялық мемлекетке теориялық анықтама берген. Ол, егер, мемлекет әр азаматқа өмірін сақтауға кепілдік беріп қана қоймай, оның басқа да мүдде-мақсаттарын қанағаттандыру

арқылы оның өзіндік істеріне қолын сұқпаса, тек сонда ғана күдіретті мемлекет болмақ деп сындарлы пікір айтты.

XVIII ғасыр ойшылы Т. Гоббс, Англиядағы абсолюттік монархияны ерекше жақтаушы, осыған қарамастан кейіннен буржуазиялық революцияның ойшылдары жалғастырған қоғамдық өмірдегі құқықтық мәртебеліктің бірнеше прогрессивті жағдайларын қарастырған. Оның қатарына заң алдындағы формалды теңдікті негіздеу, шарттардың орындалуы жатады. Гоббс адам бостандығы туралы адам мен заңмен шектелмеген кез-келген нәрсені жасауға құқылы деген идеяға негіз салады және қоғамдық келісімдерді реттеу принциптеріне байланысты теориялық бағдарлама жасады.

Джон Локк феодалдық қоғамға қарама-қарсы буржуазиялық қоғамдағы құқықтың түсініктерін нағыз классикалық түрдегі жақтаушысы болады. Адамның шынайы еркіндігін қорғауға құрылған мемлекет, Локк бойынша, жеке меншікті қорғауға пайдаланады. Осындай мемлекет жеке меншік құқығын, әр адамның еркіндігі мен теңдігін қамтамасыз етеді. Құқықтық мемлекет жағдайында адам еркі, деп жазды Локк, заң шығарушы билік шығарған жалпыға бірдей заңға сәйкес болады, бұның мәні әр адамның өз еркіне байланысты, заңмен шектелмеген кез-келген мұқтаждығын қамтамасыз етуіне қақысы бар деген ұғыммен терең астасып жатыр.

Ш.Л. Монтескье, құқықтық мемлекетті қалыптастыруды азаматтық қоғамда саяси бостандықтың қажеттілігімен түсіндірді. Саяси бостандық идеясы мемлекет тарапынан азаматтардың қауіпсіздігіне орай қалыптасатын азаматтар бостандығы идеяларымен тікелей байланысты. Биліктің зияндылығын шектеу үшін барлық азаматтардың заңды қатаң сақтауы қажет. Монтескье бойынша "Бостандық" дегеніміз, заңда бекітілгеннің бәрін қолдану құқығы, егер азамат заңда тыйым салынған істерді жасаса, онда бостандық болмайды, өйткені мұндай істі басқа азаматтар атқарып, бірін-бірі шектеп, қалыпқа келтіріп отырулары керек. Бұл саяси-құқықтың теориясындағы маңызды идея. Кейіннен бұл идея тәжірибе жүзінде өркениетті елдерінің мемлекеттік құрылысынан кеңінен көрніс тапты.

Д. Дидро, мемлекеттік биліктің құқықтық бастауы қоғамдық келісім шарт арқылы орнаған суверенитетке негізделеді деп санайды. Мемлекеттік билік, оның ойы бойынша қоғамға ұйымдасқан саяси түр беретін, қоғамдық келісім-шарттың "басты азығы" рөлін атқарады. Адамдар тек анда-санда ғана негізгі мұқтаждықтарын қамтамасыз ету, еріктері мен күштерін біріктіру мақсатында шынайы тәуелсіздіктерін мемлекетке сеніп тапсырыды. Мемлекеттік билік суверенитеті халық еркіне негізделген: «тек ұлт қана шынайы суверенитетті: шынайы заң шығарушы тек қана халық, тек халық еркі ғана саяси биліктің негізі болады. Мемлекеттің басты мақсаты азаматтардың бұлжымас заңды құқығын және бақытын қамтамасыз ету». Дидроның бұл идеялары Канттың құқықтық мемлекетке қатысты теориясында тамаша философиялық негіздемеге ие болды.

Америка Құрама Штаттарының тәуелсіздігі Декларациясының авторы Г. Джефферсон қоғамдық келісім және адамының шын мәнідегі шынайы құқығы тұрғысынан биліктің монархиялық формасын сынға алып, шынайы халықтық суверенитетті яки еркіндік пен өзін-өзі билеуін талап етеді. Джефферсонның декларациясы адам құқығы болу керектігін және мемлекет алдымен осы принципті қорғау жолында құрылатындығын баяндайды. Декларацияда адам құқығы және жеке адам құқығы мемлекет мүддесімен қатар тұратын болады. Мемлекеттің жаңа доктринасы үшін, бұл тіпті өте тың да келелі жағдай еді, себебі алғаш рет адам құқығы мемлекеттік билік жүйесімен тығыз байланыстырылып, тікелей мемлекеттік шаруаға айналды. Демек, құқықтық мемлекет өркениетті мемлекеттің іргетасын қалайды, адам мен қоғам арасындағы еркін қатынасты орнатады, сонымен қатар, заңдағы заң шығару еркіндігінің сипаты мен қалыптасуына деген бақылауды және басқа да белгілерді қалайды. Азаматтық қоғам да құқықты мемлекет белгісі. Азаматтық қоғам азаматтың белгілі бір құқ пен еркіндікке ие болуы арқылы, өзін қоғамның жеке дара мүшесі ретінде сезініп, өзінің барлық іс-әрекетіне моральды түрде жауапкершілігін сезінетіндей жағдайға жеткенде ғана айтуға болады.

Азаматтық қоғам жөніндегі тұғырнамалар жүйесі ХҮІІ ғасырдан бастап теориялық түрде қалыптаса бастады. Т. Гообс,

Б. Спиноза, Ж.Ж. Руссо, Ш.Л. Монтескье, И. Кант, Г.Гегель, Т. Пейн осы теорияның негізін қалаушылар болып есептелінеді. Азаматтық қоғам жайлы тұғырнаманың қалыптасуы жеке еркіндік идеясымен, әрбір жеке тұлғаның өзіндік құндылықтарының қалыптасуымен тығыз байланысты. Феодализмнің тұсында қоғам туралы түсінік: қоғамдық өмірдегі маңызды институттар (меншік, жанұя, еңбек ұжымы т.с.с.) феодалдық иемдену, сословие, цехтік бірлестік түрінде көрінді және осылардың нәтижесінде феодалдар мемлекеттік өмірдің статустық элементтерін иемденді. Нақ осылар арқылы жеке адамдардың мемлекеттік ұйымдарға деген қатынасы айқын көрінді.

Буржуазиялық қоғамның ерекшелігі стратификацияның саяси және әлеуметтік түрде бөлінуінде де ерекшеленді. Бұл стратификация азаматтық қоғамдағы жеке адамның құқықты статусын, оның әлеуметтік-экономикалық мәнінен бөледі және оны бір уақыт ішінде әрі жеке тұлғаға, әрі қоғам азаматына айналдырады. Жеке мүдделер, жалданбалы еңбек және құқық өрісі саяси бақылаудан босатылады. Мұра болып қалатын барлық сословиелік жеңілдіктер өз күштерін жоғалтады. Бірінші орынға әлеуметтік қозғаушы күштердің тәуелсіз бөлігі ретіндегі жеке адамның табиғи қабілеттері мен еркіндігі қойылады. Азаматтық қоғам экономикалық және мемлекеттік құрылым арасында орналасқан, сондықтанда ол тұтас жүйелік әлеуметтік және рухани аймақтардың жиынтығын құрайды. Дамыған азаматтық қоғамның ең маңызды базасы, XX ғасырда басталған өнеркәсіптегі өркениет, машиналандырылған өнеркәсіп және осыларға байланысты еңбекті бөлу жүйесі, экономикалық қатынастықтың негізгі формасы болып табылатын еркін нарықтық қарым-қатынастар.

Азаматтық қоғам, мемлекет және оларды құратын күрделі институттар, әр түрлі әлеуметтік күштер мен көзқарастардың арасындағы үйлесімділікке жету үшін құрылған. Қоғамдық келісім, әсіресе, құқықтық мемлекеттің нормасымен арадағы межені көрсетеді. Басқаша айтқанда, жеке тұлғалардың бір-бірімен күресін бұзушы потенцияның мығымдылығы кез-келген адамдар бірлестігінің көп және аз мөлшердегі өмір сүру ерекшелігіне, олардың бірлігінің мәніне байланысты. Соның

ішінде, мәселен, бір-біріне үксайтын элементтердің біркелкілігінің маңызында ғана емес, оларды құрайтын адамдар, әлеуметтік топтар, қарым-қатынастар, сонымен қатар, олардың айырмашылығы, көп түрлілігі, плюрализмі алдыңғы қатарға суырылып шығады. Плюрализмді қарапайым, әртүрлі ішкі субстанцияның бірлігінен айрылған, шекелуі категория пайдасыз қозғалыстардың әртүрлігі деп түсінбеу қажет. Азаматтық қоғам бірлігінің мәні – қазіргі өмірге деген ортақ мақсатқа ұмтылған, азаматтық қоғамда өмір сүретін әлеуметтік күштер, институттар, ұйымдар мен топтардың жасампаз іс-әрекеттеріне барынша тәуелді.

Жеке адамның өзіндік құндылығын, құқығын және еркіндігін мойындау, сол жеке адамның өз алдандағы және қоғамның басқа мүшелерінің алдандағы жауапкершілікке бапйланысты көптеген азаматтардың еркіндігін, теңдігін, әділеттілігін және құқығын қорғау, өмір сүруге бейімділігін және жүйенің бірқалыптылығын сақтау – мемлекет пен азаматтық қоғам араасындағы тепе-теңдікті сақтаудың тың жолдарын іздеуге әкеп тіреді. Бұндай теңдікті бұзу, болжап болғысыз қиын нәтижелерге әкеліп соғады. Азаматтық қоғамда заң бойынша азаматтардың мынадай құқықтарының сақталуына кепілдік беріледі: экономикалық және саяси болмысын таңдаудағы еріктілік, идеология басымдылығының болмауы, есесіне ар-ұят еріктілігінің басым болуы. Ал экономикасының негізі – экономиканың көп сатылығы, оның әр түрлі меншік формаларымен және нарықтық қатынастық байланысына негізделген. Азаматтық қоғамның саяси өмірі барлық азаматтардың мемлекеттік және қоғамдық істерге қатысуына толық мүмкіндік береді. Мемлекет пен азамат ортақ жауапкершіліктері арқылы байланысады, яғни, заңның мәртебелілігін сақтау және баршаның заң алдындағы теңдігін қамтамасыз ету. Осыған орай, жалпы халықтық қабылданған нормаларға сай, адам құқығы сақталатын азаматтық қоғам өмір сүреді: яғни, ұлттық-этникалық, саяси, діни, жыныстық-жастық белгілеріне қарамастан кез-келген және жеке адамды заңды түрде мықтап қорғау (оның мүліктері мен үйлеріне ешкімнің құқығының болмауын, мамандық таңдауға құқысын, тұрғылықты жерін таңдауға құқысын, тұрғылықты жерін таңдауға деген құқығы, мемлекеттен кетуі және келуі, хат жазуы,

жеке телефон арқылы сөйлесуінің құпиялығының сақталуы, сөз еркіндігі, жазу және хабар еркіндігі): азаматтың көзқарасына және рухани қажеттіліктеріне ерік беру: сот органдары және қоғамдық ұйымдар жағынан азаматтар құқығын барлық жағынан қорғау.

Азаматтық қоғам өзінің дамуында бірнеше сатылардан өтеді. Мысалы XX ғасырдың басында Ресейде өзіндік державалық басқару формасына қарамастан азаматтық қоғамның дамыған, ірі өркениетті мемлекеттерге тән формасы қалыптасты. Бұл азаматтық қоғамның негіздері Қазан революциясы кезінде және тоталитарлы жүйе орнату кезінде құрдымға кетті. Кеңес үкіметі кезінде еліміздің территориясында индустриализация науқаны басталды, бірақ оған қажетті азаматтық қоғам аяусыз жаншылып тасталды. Азаматтық қоғам тоталитарлы жүйемен араласып кетті. Жеке азаматтардың, әлеуметтік топтардың мүдделері коммунистік мемлекет және утопиялық ілім мүддесі үшін жоққа шығарылып отырды. Азаматтық қоғам мүддесін жақтаушы топтар азаматтық қоғаммен бірге мемлекеттен шектелініп отырды. Әскери – бюрократиялық типтегі, бұйрық арқылы басқару іске қосылды. Кеңес дәуіріне тән қасиет – жұмысшылардың меншіктен, жұмыс нәтижесінен және саяси биліктен аластатылуы болатын-ды. Социалистік қоғамның құқықтық және саяси шындықтары, осы қоғамның нарықтық постулатының принциптеріне қарсы болды. Тағы бір мысал, бұл абсолюттік монархия, нарқытық мұнда тек бір тұлғаның ғана іс-әрекеті үстемдік етеді. Олардың айырмашылығын конституциясында демократиялық еркіндіктің жоқ болуынан да көруге болады, яғни бұрмалаушылық ашық түрде көрінеді, ал негізгі мақсаттарын “социализм үшін” деп жүзеге асырады.

Ал дамыған, өркениетті капиталистік мемлекеттерге келетін болсақ, оларда қалыптасқан азаматтық қоғам, олардың дамуына, социумына қажетті табиғи біртұтастық болып табылады. Т. Адрио, Э.Фромм, М.Хоркхаймер, Э.Эриксон және басқалары: соғыстан кейінгі либерал-демократиялық жүйені фашистендірілген дейді, яғни, бұнда авторитарлық тұлға халықтық тип болып табылады. Адрио және оны жақтаушылардың пікірінше, саяси авторитарлы тұлға ежелгі дәстүрге, кедейлерге еш көңіл аудармайды, ол тек билік пен

күшке ұмтылды. Хоркхаймер авторитарлық тұлғаны XX ғасырда енген жаңа “антропологиялық” тип деп атайды. Егер, авторитарлы тұлға қоғамда тип ретінде орын алып, социалистік саяси жобада өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік алса, онда ол азаматтық қоғам қызметінің жойылғаны болып табылады. Авторитарлық тұлғаның типіне тән, бұл тоталитарлық жүйенің негізіндегі ерекшеліктер: консервативтік, агрессивтік ағымдар, билікқұмарлық, интелегенцияны және басқа этникалық таптардың өкілдерін жек көру, ойлаудағы тиісті стереотип, конформизм және т.б.. Авторитарлық тұлға концепциясы қанша сынға түскенмен оның азаматтық қоғамға қауіп төндіретін және өте кең таралған тип екенін көруге болады.

Азаматтық қоғам капиталистік қатынас жағдайында оның экономикалық базасы ретінде қалыптасады және азаматтық қоғам талабы бойынша алғашқы шара нарықтық экономика қалыптастыру және оның негізінде қоғамдағы барлық экономикалық қатынастарды реттеу болып табылады. Нарықтық механизмде саясаттың экономикаға үстемдік етуі немесе заң шығарушы органның қоғамдағы шынайы қатынастарға үстемдігі болмауы тиіс. Экономикалық реформа азаматтық қоғам қалыптасуының экономикалық негізін құрайды. Азаматтық қоғам қалыптасуының қиындығы онымен бір уақытта демократиялық құқықтық мемлекет қалыптасу қажеттігімен де байланысты. Тарихи тұрғыдан құқықтық мемлекет дамыған азаматтық қоғам базисінде пайда болады. Демократия талабы бойынша мемлекет қоғамның сенімді бақылауында болуы қажет. Әрине, оған мемлекеттік қызметтің қомақты бөлігі, әсіресе, экономикалық бөлігі беріледі. Осыған байланысты, азаматтық қоғам дифференцияланған әлеуметтік құрылым базасында пайда болады. Бұл құрылымға әдетте кәсіпкерлер, фермерлер, басқа өндіріс құралдар иелері, еркін мамандық иелер, сондай-ақ, өз жұмысшы күшін жалдаушы адамдар кіреді. Еңбек нарқы экономикалық дамудың қажетті шартын көрсетеді.

Азаматтық қоғам орта тап деп атауға негізделген әлеуметтік қабатта қалыптасады. Орта тап өкілдері, өз ерекшелігі мен маңызы бойынша, азаматтық қоғамның идеологиялық құндылықтарын тасмалдаушы болып табылады. Кәсіпкерлік еркіндігі мен демократиялық құқық және тағы да басқалары да

базасында бірітіндеп азаматтық қоғамның: партия, саяси қозғалыстар, кәсіпқой одақтар, әр түрлі ассоциациялар сияқты өз мүшелері құқықтарын талап етуге қабілетті маңызды институттары қалыптасады. Демек, азаматтық қоғам қалыптастыру жолында саяси тұрақтылыққа жету үшін келісімге жету – аса маңызды принцип болып табылады. Азаматтық қоғамды құру оның қалыптасу процесіне қарағанда мейлінше күрделі құбылыс. Өйткені ең алдымен қоғамда тоталитарлық жүйе шартындағы әлеуметтік институттар қызметінің кең көлемді теріс тәжірибесі пайда болады.

Сондықтан, өркениетті елдердегі азаматтық қоғам қазіргі ахуалда қатаң орныққан және басқа жағдайға өзгертуге қабілетсіз деп есептеуге болмайды. Олай болса, біздің осы философиялық талдауымыз қоғамның, мемлекеттік биліктің қажетті ортада және тиімді формада өркениетті түрде жүзеге асуына, қызмет етуіне, аз да болса өз септігімізді тигізу. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамда оқта-текте орын алып отырған құбылмалы факторлар әлі де өз күшін жоғалта қойған жоқ. Бұл мәселелер жас Қазақстан Республикасының алдында тұр. Қазақстан өркениеті тек құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам негізінде ғана тұғырында нығайып, болашаққа қарыштап дами алады. Біз көп ұлтты жас, зайырлы мемлекетпіз, бірақ біздің түп бастауымыз өте тереңде жатыр. Қазіргі азаматтық қоғамның негізі сонау дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан, демек іргетасы бар дүниені қаластыру аса қиындық туғызбауы тиіс. Себебі біз, жоғары өмір стандарттары бар әлемдегі ең ырғақты дамып келе жатқан мемлекеттердің біріне айналдыру туралы алдымызға өршіл мақсат қойдық. Ол мақсатқа адам әлеуетінің белсенділігін, азаматтардың іскерлігін арттыру арқылы ған қол жеткізуге болады деп Қазақстан кәсіпкерлерінің конгресінде сөз сөйледі. Елбасының бұл сөзінен Қазақстан алдында талай асулардың тұрғандығы анық екендігін білдіртеді. Жоғарыда айтып өткендей, сонау ерте заманнан бастап, қай кезеңде болмасын ірі ойшылдардың барлығы дерлік әділеттілікке негізделген тең құқықты, ойлы азаматты мемлекет болуды аңсаған және осы мақсатта түрлі тоерияларды өмірге әкелген, жүзеге асыруға тырысқан. Олай болса, өркениеттік қалыпқа

жүгінген құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды таңдаған еліміздің бағыты құптарлық.

Мәдениет пен өркениет күрделі динамикалық құбылыс. Олар тарихи дамудың адамзат жеткен белгілі бір рухани және материалдық, практикалық және теориялық, экономикалық, адамдардың идеологиялық әлеуметтік әрекеттерін, сонымен қатар, саяси, құқықтық, өнегелік, эстетикалық қатынастарда пайда болатын адам күші мен мүмкіндіктерінің даму деңгейін тіркеп отырады. Өркениет кең мағынада – әлеуметтік прогрестің өзі, яғни жаратылысты-табиғи дамуға қарама-қайшы процесс. Өркениет – бұл негіз, әлеуметтік процестің ядросы және оны әлемдік тарихи процестегі барлық адамзаттың жеткен әлеуметтік прогресінің магистралі ретінде сипаттауға болады. Өркениет – бұл қоғамдық болмыс элементтерінің өзара әрекет ету тәсілі, оның негізін мәдениеттің ғасырлар бойы жинақтаған өзіндік тұрмыстық қасиеттері мен принциптері, материалдық өндірістері мен рухани құндылықтары құрайды. Мәдениет өркениеттің барлық элементтерін біріктіріп тоғыстыратын, оның іргетасын қалап, барлық тарихи дамудың қоры болатын рухани негіз, ядро.

Адамзат өркениетінің тарихы мен мәдениеті қиын да күрделі жолды басынан өткеріп келе жатыр, осы жолда қаншама жаңалықтар ашылды, оның есесіне қаншама құндылықтар жойылды. Ескінің орнын ауыстырған жаңашылдық әрдайым өркениеттік сипатқа ие, бірақ уақыт өте кейбір ескі құндылықтар жанданып, қайта қалпына келіп, жаңа өркениеттік талапқа сай көркемделіп жаңашылдық санатына ие болады. Өркениет негізін мәдениет құрайды, демек өркениет мәдениеттің сыртқы формасы. Қазіргі таңдағы жас мемлекеттер үшін аса қауіпті «жаһандану» мәселесі бас көтеріп тұрғанда, жайбырақаттыққа салынып, асықпай аяңдау аса қауіпті. Батыс идеологтарының соңғы он жылдықта ұстанған бұл ұстанымы екі жақты мазмұнға ие. Жағымдылық, яғни үстіңгі жағынан үстірт қарасақ жаһандану адамзат баласын жақындастырып, олардың таным деңгейлерін көтеріп, жарқын болашаққа жол ашады. Екінші көлеңкелі, жағымсыз тұсынан қарасақ, жаһандану ұсақ ұлттарды жойып, бас көтертпей бір ету, қазақшаласақ, бір жіппен күрмеу. Бір жіппен күрмелген елдерге бір билік, бір тіл, бір дін жетіп жатыр, осылайша қаншама әлжуаз елдер тарих сахнасынан мүлдем

жоғалып кетпек. Жаһандану – біздің рухани қазыналарымызға, санамызға, ұлттық құндылықтарымызға тежеу салатын өзгеше құбылыс. Жаһанданудың басты мақсаты халықтарды ұлтсыздандыру, ал ұлтсызданаған халық үшін ұлттық құндылық жәй ғана қатынас құралын атқарады. Жаһандану дегеніміз – бір-бірімен тығыз экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси, мәдени байланыстағы біртұтас адамзат қауымдастығының қалыптасуы, сонымен бірге, әртүрлі елдермен жақындасу, бүкіл адамзаттың ортақ тағдырын сезіну, ұлттық мәдениет жетістіктері, жаңа технологиялар алмасу процесі. Жалпы жаһандану мәселелерін шешу жолдарын зерттеуде екі негізгі бағыт қалыптасты: технооптимизм, яғни жарқын болашақ бастауы және технопессимизм, яғни қасіретті болашақ болжамы.

Жаһандану проблемасы көптеген ғалымдардың зерттеу аймағына айналған ғылыми жоба. Э.Гидденс, Р.Робертсон секілді ғалымдар жаһандануды жаһандық модернистік жобаның бір бөлігі деп тұжырымдап, оның басты үш ерекшелігін бөліп көрсетеді:

- 1) жаһандық коммуникация;
- 2) карама-қайшылықты процесс;
- 3) тәжірибелік білім.

Қазіргі әсерлі қоғамның өзін Э.Гидденс жүрісін жылдамдата беретін күйме бейнесінде елестетеді. Осы заманғы институттардың бәрі әмбебаптылық жағына қарай өзгереді: капитализм, индустриалану, қадағалау, күштеу құралдарын монополиялау, халықаралық еңбек бөлінісі, әлемдік әскери тәртіптің қалыптасуы. Жаһандану тек қана әлемдік капиталистік жүйені экспансиялау мен мәдени біртектіліктің орнығуынан ғана тұрмайды. Әрине, Гидденс стандарттау үрдісінің әсіресе түрленім нысанында болатынын көрсетеді, себебі капиталистік өндіріс пен бөлу қазіргі заман институттарының басты құрамдас бөліктерін қалыптастырады.

Энтони Гидденстің жаһандану теориясындағы басты нәрсеге – модернистің жергілікті әдет-ғұрып пен дәстүрге тигізетін ықпалына, жергілікті және жаһандық диалектикаға назар аудару қажет. Гидденстің ойынша, жеке адамның таңдау мүмкіндігі жоқ әлеуметтік мәжбүрлеу жағдайы ретіндегі іс-әрекетке ешқашан ортақ бола алмайды. Таңдаудың болмауы әрекеттің оған берілетін жауаппен алмастырылғанын білдірмейді. Агенттілік

тікелей немесе жанама түрде құрылымның бір бөлігі болуы мүмкін. Перифериядағы іс-әрекеттің әлем-жүйені ұстап тұруда өмірлік маңызы бар. Гидденс жеке адамдарды өзінің салдары бойынша жаһандық болып табылатын әлеуметтік ықпалды жүргізушілер ретінде көрсетеді. Дәл осы сарында жергілікті өзгерістер мәселесі кеңістік пен уақыттағы байланыстардың кеңеюі ретінде ұғынылатын жаһанданудың бір бөлігі болып отыр. Валлерстайн да әлемдік жүйелік сараптау теориясын қарастырып, жаһандануды таза экономикалық процесс және феномен ретінде түсіндірді.

Жаһанданудың ең танымал теорияларының бірі американдық Рональд Робертсонның мәдени центристік тұжырымдамасы болып табылады. Робертсон әлеуметтанушылар арасында алғашқылардың бірі болып “жаһандану” терминін қолдана бастады. Робертсон теориясының мәдени центристігі мемлекеттер ықпалдасуының басты бағытын мәдени жүйеленудің орнығуы деп есептеуінен көрінеді. Ол қазіргі замандағы әлем жаһандануының мынадай сатыларын көрсетеді:

«А» кезеңі немесе жаңадан пайда болу кезеңі (XV-XVIII ғғ.) Жаһандық әлемнің пайда болуына Еуропада діни тұтастықтың бұзылуы, бүкіл планеталық әлем картасының пайда болуы, астрономиядағы гелиоцентристік жүйе және адамзат туралы алғашқы мәліметтер ықпал етті.

«Б» кезеңінде жаһандық жүйе пайда болды (1750-1850 жж.). Бұл кезеңде халықаралық дипломатия жүйесі орнығып, азаматтық ұғымы түпкілікті қалыптасады, мәдени салыстырмалылық жүреді: халықаралық көрмелер пайда болады, еуропалық емес елдерге енген халықаралық коммуникация жүйесі дүниеге келеді.

«В» кезеңі жаһандық әлемнің шарықтау сатысы ретінде түсіндіріледі (1875-1925 жж.). Бұл кезеңде әлемді: экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени жүйелену ретінде төрт тармақта ұғыну айқындала түседі, сонымен бірге, ортақ күнтізбе қабылдау іске асады, алғашқы халықаралық сайыстар (Олимпиадалар) мен мәдени фестивальдер заңды түрде бекітіледі.

«Г» кезеңі гегемония үшін күрес кезеңі (1925-1969 жж.). Бұл екінші дүниежүзілік және “қырғи-қабақ” соғыстар, әлемдік

саяси-құқықтық жүйенің қалыптасу кезеңі. Робертсон адам құқықтарын қорғау саясатының қалыптасу мәселесіне зор көңіл бөледі. Бұл кезең сонымен бірге “үшінші әлем” тақырыбының пайда болуымен маңызды.

«Д» кезеңі – белгісіздік кезеңі (1969 жылдан осы кезге дейін). Сыртқы кеңістікті зерттеу кезеңі. Мұнда ғарыштық зерттеулер, адам құқықтары туралы халықаралық пікірталастардың шығуы және кейінгі материалистік құндылықтарды насихаттайтын пайымдаулардың таралуы туралы сөз болады. Жаһандық феминистік және экологиялық қозғалыстардың пайда болу сатысы, шын мәніндегі жаһандық бұқаралық-медиа, ғарыштық коммуникациялар дүниеге келеді. Халықаралық қатынастар күрделілене түседі.

Жаһанданудың ең басты техникалық құралы – Әлемдік Ақпараттар Жүйесі немесе қысқаша Интернет. Жүйенің алғашқы даму баспалдағының өзі адамзаттың ақпараттық потенциалы айтарлықтай дамытып, әлемнің барлық бұрышындағы миллиардтаған адамдардың тең әрі оңай бірігуінің басты себебі болды. Интернет 1969 жылы АҚШ-тағы ARP Anet компьютерлік жүйесінде қорғаныс министрлігінің компьютерлік орталығын біріктіруші және академиялық ұйымдар қатарында құрылды. Бұл жүйе бір салалы мақсатқа бағытталған еді: ядролық жарылыс жағдайында байланыс орнату және зерттеушілерге ақпарат алмасуға көмектесу. Осы жүйенің өсу өлшеміне байланысты көптеген басқа жүйелер құрылды және дамыды. Интернет сіздің кез-келген қызығушылықтарыңызды бөлісіп, сізді толғандыратын кез-келген тақырыпта әңгіме-дүкен құратын адамдарды іздейтін керемет құралға айналды. Интернет кез-келген тақырыпты он мыңдаған серверлерге лезде тарата алады және жан-жақты ақпараттармен қамтамасыз етеді.

Интернет тарихы ақысыз жүйе болудан басталғанымен, қазір ол қыруар қаржы, әлемдік дәрежедегі электронды бизнес көзі болып отыр. Жүйенің бірінші әрі басты ерекшелігі оның ақпараттарды тасмалдаудағы тек тиімді әрі әмбебапты құрал болуы ғана емес, сонымен қатар оның шексіз сақтау қабілеттілігі. Болашақта ақпараттарды электронды жүйеде тасмалдау уақыт өте «қағаздық» тасмалды толығымен ығыстырып тастау мүмкіндігі күмәнсіз. Ақыр соңында кітапқа деген махаббат –

оның салыстырмалы түрдегі арзанқолдығы, ақпараттарды сақтап жеткізуі, пайдалануға деген оңайлығы, тіпті мыңдаған ғасырлық дәстүрлілігі – адекватты электронды қондырғыны құруға ұмтылдырады. Оған дәлел ретінде кітап мұралары, сонымен бірге кино қоры, музыкалық жазбалар жинағы және тағы да басқалардың электронизацияға ұмтылуы, осылайша Жүйе тек ыңғайлы ғана емес, бұқаралық қолданыстың бәсекеге түспейтін жалғыз құралына айналады. Қазіргі заманғы кітапханалар, мұражайлар мен мұрағаттар және басқа да локальды мәдени орталықтар Жүйе ілімін қалай жинаудың артық ерекшеліктерін ескеруде, себебі ондағы бар ақпараттар кез-келген оқырманға ашық және азғантай ғана уақытта пайдалануға жарамды. Сонымен қатар сіз әлемде болып жатқан кез-келген жаңалықты бірінші болып хабарлану мүмкіндігіңіз бар. Басқаша айтқанда интернет барша әлемді бірлік пен тұтастықта ұстап тұрғандай. Бұл әлемдік прогресс және техника жетістігі.

Жаһанданудың басты қозғаушы күші болып табылатын техникадағы ең керемет жетістік ақпараттарды сақтау мен беру: кітаптық басылым, кино, радио хабарлама, телеарна. Қазіргі таңда барынша құрметті орынға ие болып отырған оқыту фильмдерімен, білім беруші бағдарламалар футурологтардың болжамдарын күтпеген сәйкессіздікке алып келді. Өркениеттің өте қатты ырғақтағы дамуын ағартушылық саласынан анық байқауға болады. Білім жинау жылдамдығы мен техниканы қалыптастыру оқыту процесінің ешқашан аяқталмайтынын және қандайда бір оқу процесін толығымен бітті деп есептеуге болмайды деген қағида ұсынып отыр. Әлеуметтік өзгерістер кез-келген «дәстүрлі» тәрбиеге «шақыру» тастап отыр. Бұл «шақыру» бір қалыпты өмір ағымына дағдыланған кеңес адамдарына ауыр соқты. Олар кеңес дәуіріндегі партия қызметкері, әскери флот қызметкері, комсомол жастар ұйымының қызметкері, агроном, мал дәрігері сияқты жоғары мәртебелі қызметтерін қазіргі таңдағы сұранысқа ие мамандықтарға қарай ауыстыруына тура келді. Бұрынғы алған білім қазіргі таңның сұранысын қанағаттандырмайды. Өз аймағында үлкен тәжірибеге ие, өзін білікті маманмын деп есептеген адам қазіргі заманғы еңбек нарығында не істеймін деген ойға қалады.

Сондықтанда ескі мамандықтарды қайта өндіріске дайындау мәселесі туды. Мысалы өте көп жұмыс тәжірибесі бар дәрігер жұмыс биржасында кезекте тұр, ал ірі фармацевтикалық компаниялар медицина өкілін және кеңес берушілер іздеп сабылып жүр. Мұндай келеңсіздік қоғамға қажет ескі мамандықтардың қазіргі заманғы жабдықтармен жұмыс істеуін, жаңа дағдыларға үйренуін қажет етті. Осы сәт ескі мамандықтармен жаңа мамандықтардың арасындағы өзінше бір сабақтастықты туғызды. Бұрыннан филологиялық білімі бар адам жалақы аздығынан немесе басқа да себептерге байланысты оқытушылық қызметін аудармашы, арнайы құжаттарды ресми кұрушы, референт немесе басқарушы көмекшісі мамандығына ауыстырды. Кеңестік дәуірдегі кадрлар бойынша инспектор мамандығына сұраныста болған мыңдаған психологтар қазіргі заманғы еңбек нарығында кадр менеджері мамандығына қарай қайта жарамдануда. Инженерлер мен технологтар кәсіпорындар мен өндірістердің жандануына байланысты қазіргі ең үлкен жалақылы аса қажет мамандарға айналды немесе бір салалы дәрігерлер қосымша экономикалық білім алып фармацевтикалық бизнес бастап кетті. Осылайша жаһандану ағымына ілескен қоғам үшін ескі мамандықтардың жаңа өмірге сабақтасуына байланысты жаңа мамандықтардың тууы, олардың қоғам дамуына, адамдардың өз мамандықтарына деген басқаша, жаңа көзқарастарын туғызуына алып келді. ХХІ ғасырдың еңбек нарығы ұсынып отырған жаңа мамандықтар:

Мерчендайзер – жеке саудадағы өнімдердің қозғалысы бойынша маман. Ол тауарлардың сөрелерде қалай қойылуын бақылау, тауар имиджін көтеру, жарнаманы бақылау, тауар бағасын қадағалу жұмыстарына тікелей жауапты;

Логистик – өндіріс құралдарын, тауарларын, шикізаттарын тасмалдау және жеткізу процесінің белсенділігімен айналысатын маман. Логистиктің міндеті – тауар қозғалысының сызбасын өңдеу, жеткізу, экономикалық жолдарды есептеу, негізгі бөлімдерді координациялау;

Девелопер – жылжымайтын мүлік сатып алу, оның операцияларымен айналысу, құрлыс ғимараты секілді жобаларды өңдеу және оны ары қарай сату немесе жалға беру сияқты істерді тындыратын маман;

Копирайтер – жарнама жобасын өңдеуші адам. Копирайтер міндетіне жарнамалық кампанияның концепциясын құру, жарнамалық мәтіндерді, сөздері, пресс-релиздерді және т.б. дайындау кіреді;

Джоббер – қор биржасының делдал маманы. Негізгі міндеті акцияларды сату және сатып алу;

Коучер – компания жұмысшыларының тұлғалық потенциалын ашу мәселесімен айналысушы маман. Ол жұмысшылардың өндірістілігі мен тиімділігін артырады, керек жылдамдықта және бағытта қозғалу қабілетін жүзеге асыруды дамытуға көмектеседі, адамның дағдылық жүйесін қозғалысқа алып келеді.

Осы аталған және басқа да жаңа мамандықтар қазіргі заманғы еңбек нарығында өте үлкен сұранысқа ие және бұл мамандықтар енді мамандық таңдауға бет бұрған жастар үшін аса тиімді. Жаңа мамандықтардың тұтас тобының өмірге келуі мен жоғалып кетуі қосындысындағы еңбек нарығының тұрақсыздығы адамдарды өз ісімен айналысуларын тоқтатып, басқаға түрге ауыстыруларына және осыған байланысты қоғамдық функцияларын алмастыруға жиі әкелеп соғады. Ең маңыздысы айқын жаулап келе жатқан жаһандану біздің қалау-қаламауымызға қатыссыз кейбір әлемдік стандарттарға тәуелді. Бұл тәуелділік тек білім деңгейінде ғана жүзеге асырылып жатқан жоқ, сонымен бірге жүріс-тұрыс нормаларымен құндылықтар аймағындада өз ықпалын тигізіп отыр.

Өзін тексеру сұрақтары

1. «Типология» деген ұғымның мәдени философия аясындағы қызметін қалай түсіндіңіз?

2. Н.Я.Данилевский, О.Шпенглер, А.Тойнби жасаған мәдени-тарихи типтерді салыстыра отырып өз бетіңізше талдама жасаңыз.

3. Мәдени-тарихи мектеп қашан, қайда пайда болды және негізін қалаушы теоретикті атаңыз?

4. Мәдени-тарихи мектеп жеткен жетістіктердің мәдениет тарихына қосқа үлесі қандай?

5. Құқықтық мемлекет тарихын ғалымдар пікірлері мен еңбектеріне сүйене отырып, талдау жүргізіңіз?

6. Азаматтық қоғам ұғымына түсініктеме беріңіз?

7. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы мәдени байланыстар?

8. «Жаһандану» ұғымын қалай түсінесіз және оның пайдасы мен зиянын өз бетіңізше таразылап көріңіз?

9. Әлеуметтанушы Р.Робертсонның мәдени центристік теориясы неше кезеңнен тұрады?

10. Жаһандану процесі арқасында еңбек нарығы талабына қарай ауысқан жаңа мамандықтар қатарын атаңыз?

11. «Рим клубыны» құрылудағы көздеген мақсаты не?

12. Әлемдік Ақпараттар Жүйесінің таралымдық қасиеті мен оның тұрмыстағы маңыздылығын атаңыз?

Өзін жетілдіру тапсырмасы

Хәкім Абайды және оның «толық адам» концепциясын құрайтын үш негізбен студенттердің барлығы дерлік таныс. Сондай-ақ әлемдік деңгейде адамның тиімділігін анықтайтын бірқатар коэффициенттер бар. Тапсырма Абай атамыздың «толық адам» концепциясымен мен тиімділік коэффициенттерін теңестіре отырып өзінді іздеуге бағытталады. Төмендегі бос орындарды студент өз тиімділік көрсеткіштерімен толтыруы қажет. Егер қандайда бір тиімділік коэффициенті жоқ болатын болса онда оның орнын толықтыру үшін жаңа жоспарлар, мақсаттар қоюға болады.

Нұрлы ақыл	Жылы жүрек	Ыстық қайрат	Толық адам
-	-	-	-
Интеллект коэффициенті (Intelligence Quotient – IQ)	Эмоционалдылық коэффициенті (Emotional Quotient – EQ)	Күш коэффициенті (Physical Quotient– PQ)	Руханилық коэффициенті (Spirituelle Quotient – SQ)

Нәтижесі: Бұл тапсырманы орындаған студент өзін-өзі жан-жақты жетілдіру қажеттігін түсінеді. Егер қандай да бір олқылық кетіп бара жатса оны қалпына келтіру мүмкіндігі бар. Абайдың толық адам концепциясына лайықты болуы үшін аталған үш негіздің барлығы да жеткілікті деңгейде болуы қажет. Абайдың ғасыр бұрын ұсынған ұсынысын тиімділік коэффициентімен шендестірген әрбір тапсырма орындаушы студент өзін қазіргі таңдағы заманауи адам екендігіне көз жеткізе алады.

ӨРКЕНИЕТТЕР САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ МӘДЕНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

1. *Өркениет ұғымы, мәні, мағынасы мен қолданыс аясы.*
2. *Сабақтастық – қоғам дамуының ең негізгі циклі ретінде*
3. *Ескерткіш – өркениеттілік белгісі.*

Мәдениеттің кластық сипаты дәстүршілдікпен жаңашылдықтың ара қатынасындағы өзара байланысты талдауда ерекше айқын. Сабақтастық қаншалықты тарихи дамуда тамырланып, адамзаттың өндірістік іс-әрекетінде көрінсе, соншалықты тарих аренасына шығушы және ескі өндірістік қатынастар тіршілігін кері итеруші әрбір жаңа класс, материалдық немесе рухани мәдениет аймағында болсын бұрын қол жеткізген нәтижелерге сөзсіз сүйенеді. Дәстүр бұл жерге міндетті түрде қажет. Бағындырушы кластың алдында тұрған міндеттерінің өзгеруіне байланысты, дамудың әртүрлі баспалдақтарындағы сол немесе басқа формациялар – ерекшеліктерді, сабақтастық процесін сипаттауды, антогонистік формациялардағы дәстүрлер мен жаңашылдықтар аралығындағы ара қатынастарды түсінуге деген кілт. Әрбір класс рухани мәдениеттен өткенінін мұрагерлейді және әрі қарай өзіне объективті қажет және субъективті жақын нәрсені дамытады. Себебі, дәстүр қаншалықты тұтас болғанмен ол әрқашан да жүз пайызға толық көлемде болмайды. Адамдар мол мұралы дәстүрден маңыздыларын жалғастырады да, сол өмір сүріп отырған қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге, өзіне жақын қалыпқа салып алады. Өйткені ол қоғам ішінде өмір сүреді. Басқаша сөзбен айтқанда, қоғам адамның терісімен тең, адам қанша талпынғанмен адамдық теріден шығып кете алмайды.

Қоғам дамуындағы сабақтастық, үздіксіздік бір ғана қоғам тарихының фазалары арасындағы үздіксіздікке қарағанда барынша әлсіз көрініс алған, бірақ әртүрлі кезеңдегі екі нақты

қоғам мысалы, батыстық және эллиндік қоғам арасындағы уақытша байланысты қарастырсақ, метафоралық сипатта «әкелі-балалы» деп атауға болатын қатынасты көре аламыз. Тарихқа адамдық қатынастарды зерттеуші көзімен қарай отырып, осы пайымдаулар шеңберінде бірқатар қорытындыларды келтіруге болады. Сыртқы және ішкі аспектілері арқылы айқындалған қоғам өмірі – оның негізгі пәні. Ішкі жағы оны құрайтын барлық қауымдастықтың жиынтығы, тарихының бастаушысы жағынан кез-келген қоғамның көрінісі бола алады. Сыртқы аспектісі – кеңістік пен уақыттық өлшемдегі жеке қоғамдар арасындағы қатынас болып табылады. Л.Сокольская пікірінше О.Шпенглерге қарағанда А.Тойнби өркениеттер сабақтастығын ешқашан жоққа шығарған емес, тіпті соңғы еңбектерінде әлемдік тарихтың біртұтас екендігін мойындады. Ал А.Тойнби болса, «мен өркениет астарынан өз елінің тарихын білуге ұмтылған адамның тарихи материалдар жиынтығына үңілуі деп ұғынамын» – деп жазады. А.Тойнбидің осы ойын өркениетті анықтау мәселесінде негіз етіп алуға болады. Ғалым пікірінше, өзінің, тегінің, елінің, отанының, ұлтының тарихын толық меңгермеген және оны білуге ұмтылмаған, қызығушылық танытпаған адамды өркениетті деп атаудың өзі тым артық. Өркениеттің бастауы осы арадан басталады. Қазіргі заманғы қоғам туралы ойымызды жалғастырар болсақ, танымал американдық У.Ростоудың пікірінше, қазіргі замандағы қоғам, экономикалық көзқараста ұсынылған бес ұғымның біріне жатады:

- дәстүрлі қоғам;
- алғышарттарды құру стадиясы (өткінші кезең);
- көтерілу стадиясы;
- тезірек гүлдену стадиясы;
- бұқаралық қолданыс ғасыры.

У. Ростоудың бұл жіктемелері өркениетке келіп тіреледі. Стадиялар соңы бұқаралық қолданыс, яғни, барлық процестерден сыналып өткен нәтижені халықтың жаппай қолдануы. Кез-келген техникалық өркениет жетістігі немесе адамдар арасындағы қатынастың жетілген түрі болсын барлық әлем халықтарына жаппай қолданылады. Ол өркениет жетістігінің қайдан шыққаны, оның зияндығы немесе

пайдалылығы, тілекті немесе тілексіз, ұлттық немесе жат болуы да ешкімді де алаңдатпайды. Бұрын әрбір өркениеттің жетістігі сол өркениет территориясында ғана жаппай қолданылған, оған мысал, Шумер-Аккад, Ассирия немес Шығыс, Батыс өркениеттері. Бұлар өзара байланыста болғанымен өркениет жетістіктерін қолдануға келгенде территориялық, яғни шектеулік негізде болды. Олардың өмір сүру салттары, салынған ғимараттары, ойлау жүйелері, тіпті ер мен әйелдердің қатынастары да әр басқа болды. Қазіргі күнде өркениеттік қолданыс ортақ. Түрлі машиналар, ұялы телефондар, жылыту пештері тағы сол сияқты техникалық жетістіктер немесе мониторинг, дебат, ток-шоу сияқты сұхбат, қатынасу тәсілдері де ортақ қолданыста. Бұл өркениеттердің сабақтаса келе тоғысуы. Себебі, өркениет жетістігі жаппай қолданыста болады. Демек, У. Ростоу бөлген кезеңдерге «өркениеттік қолданыс» кезеңі артық етпес еді.

Рухани мәдениеттің дамуындағы сабақтастық процестерінің зерттеу міндеті барлық жаңа және жаңа нақты айғақтарды тізбектеп беру емес, бір-бірінен ажыратылатын сабақтастықтың нақты формасына тән барлық шексіздікті, яғни сол жалпылықтың пайда болуын ашу. Осыған орай, бізге өте маңызды екі сұрақтың қалай қойылуы керек екендігін анықтау қажет: біріншісі, рухани мәдениет дамуының материалдық мәдениеттен айырмашылығындағы сабақтастықтың ерекшелігі туралы, екіншісі, рухани мәдениет дамуының өзіндегі сабақтастық түрлерінің айырмашылықтары туралы. Рухани мәдениет әрқашан тұтас, әрі біркелкі дамиды, ал материалдық мәдениет біріңғай дами алмайды, себебі оның негізінде сән, үлгі, талғам жатыр. Рухани мәдениет негізі – өмір, өмірдегі адамның сезімдік сәттері, көңіл-күйі, шабыттануы, рухтануы, асқақтауы немесе жабырқауы. Адам бұл сәттердің барлығын табиғатпен қатынас арқылы алады. Сондықтанда өнердің барлық түрі өте ежелден дамыған және күні бүгінге дейін тұтастықта сабақтасуда. Материалдық игілік сезімге бас ұрмайды, ол әрқашан бірінші кезекте қажеттілікті қанағаттандыруға тырысады. Қажеттілік өз мұқтажын қанағаттандырған сайын көбейе береді, сол себептенде материалдық игілік бір ізбен дами

алмайды, үнемі өзгерісте болады. Материалдық даму сырт көзге тұтастықта сабақтасатын сияқты, дегенмен өзгермелі.

Тек ғана әрбір жаңа ұрпақ емес, сонымен қатар әрбір жаңа формация өзінің класстық құрылымынан тәуелсіз, ол материалдық құндылықтар еңбегі процесінде құрылған, өндірістік тәжірибе, ертеректен жинақталған еңбек құралын мұрагерлейді. Материалдық мәдениеттің барлық негізгі компоненттеріндегі мұндай мұрагерліксіз, сабақтастықсыз қоғамның прогресивті дамуы жоқ. Бұл – объективті заңды процесс.

Адамдардың табиғат туралы өзара әсерлері адам тіршілік етуіндегі құралдардың дамуымен оның өзінің жетілуіне әкеліп тіреледі. Еңбек әрекетінің негізінде адамда даму туралы идея өңделінеді, ары қарай осы идея мазмұнының өзгеруімен дамуы адам қоғамының, адамның өзінің дамуымен өзгеруіне алып келері түсінікті жайт. Бұған қоса даму идеясы сабақтастық идеясымен еш бөлінгісіз. Даму тек ғана сабақтастық негізінде пайда болады және соңғысын дамудың ерекшеліктерінсіз қарастыру ақылға сыймсыз деп ойлаймыз.

Тарихта, жалпы мәдениет тарихында сабақтастық мәселесіне, прогресивті даму кезеңінен бастап, құлдырау кезеңінің аяқталуына шейін көбіне буржуазия идеологтары үлкен көңіл аударды. Мысалы, XVIII ғасырдың басында Дж. Вико қоғам дамуын экономикалық қатынастар, саяси және құқықтық институттар және рухани мәдениеттің сан алуан аймақтары жүйесіндегі түрлі аспектілерде қарастырды. Ол жаңадағы сақталынған есікінің сарқыншақтарын тауып, тарих пен мәдениет қоғамының дамуын – сабақтастық деп көрсетті. Сонымен қатар, ол дербес бір елдің дамуындағы сабақтастықты және оның бір елден екіншісіне әсерін әр түрлі елдер мен халықтар тарихындағы сабақтастықтың байланысы ретінде қарастырды. Қарастыра келе, ол «халықтың табиғи құқығы әрбір халықта жеке дара жаратылады және де біріншісі екіншісі туралы бейхабар болады. Кейіннен түрлі соғыстар, елшіліктер, сауда қатынастарының одақтары нәтижесінде ол барлық адамзат тегіне тән жалпылық ретінде мойындалынады».

«Адамзаттық заттар» прогресіндегі сабақтастықты Дж. Вико қоғам тарихындағы бірінің ізін бірі басып отыратын үш кезеңнің ауысуын атайды:

1) «Құдайлар ғасыры» – бұл ғасырда әр түрлі тілде сөйлейтін адамдардың өзара некелік қатынастары орын алады, яғни отбасы, жанұя институттары пайда болады. Отбасыларды әкелер басқарады, ал әкелер құдайларға бағынды. Отбасылардағы тіл, дін сынды мәселелерді құдайлар шешіп беріп отырды.

2) «Батырлар ғасыры» – бұл ғасырда өзіне сенімі мол ерекше тұлғалар мен батырлар халық арасынан бөлініп шығып аристократиялық республикалардың барлық жерінде патшалық құрды. Патшалықтың тілі оны құрғандардың тіліне қарай ыңғайланды. Вико оны «символикалық, тілдік кезең» деп атады.

3) «Адамдар ғасыры» – бұл ғасырда «халықтық тіл» кезеңі басталды. Барлық адамдар адамзаттың табиғи болмысы бойынша тең екендігін мойындаған кез болды. Сондықтанда бұл ғасырдың басында халықтық республикалар гүлденсе, соңына қарай, монархия пайда болды. Бұл екі формада адамзаттық басқаруға тән.

Осымен жарқын қоғам дамуының процесі аяқталады, ары қарай, оның құлдырауы басталып, барлық цикл қайтадан қайталанады. «Адамдар ғасырындағы» өркениет кезеңі өз қозғалысы бойынша «алғашқы варварлық кезеңмен қайта оралған варварлық кезеңнің таңқаларлық сәйкестігін» анықтап, варварлыққа, «құдайлар ғасырына» келеді.

Әлемдік тарих өзінің даму кезеңдерімен бірге – шығыстық, грек-римдік және германдық – бұл еркіндікті тану процесі ретінде монархиялық кезең Германияда аяқталады, Гегельдің тұжырымдауынша «барлығы бостандықта» болатын ел. Шығыс – дүниежүзілік тарихтың бастауы, Еуропа – оның соңы. Шығыста «сыртқы физикалық күн шығады», ал Батыста «ішкі өзін-өзі тану күні шығады». Рухани үстемділіктің қарапайымдылықтың астында екенін мойындау Гегельді Батыс үстемдігінің Шығыс астында екенін бекітуіне алып келді. Бірақта, Гегельмен келісе отырып, мынаны байқауға болады. Шығыссыз, оның ұлтарағындағы жаңалыққа деген дайындықсыз тек жаңа Батыс ғана емес, жалпы әлемдік тарихта болмайтын еді. Тарих пен

мәдениет дамуындағы гегельдік сабақтастық концепциясының мәні осы.

Кез-келген дәуір өзінің өмір сүру бейнесімен ерекшеленеді. Сондықтан болар, біз оларды ерте немесе антикалық кезең, орта ғасыр, жаңа дәуір т.б. деп бөлеміз. Осы кезеңдер ішіндегі орта ғасырдың алар орны тіпті бөлек. Дінге шырмалған ортағасыр адамдарының ойлау, топшылау жүйелері гректік ой жүйеден мүлдем басқа, тіпті антикалық кезеңнің жалғасы деуге келмейтіндей. Әрине кезеңдер арасындағы сабақтастық еш ажыраған емес. Дегенмен осы тұста сабақтастық ролінің әлсірегенін философия тұрғысында анық байқауға болады. Бұл турасында В.Н. Гасимен былай деп жазады: «философия тарихымен танысудағы таң қалатын жағдай тек концепциялардың көптігі емес, сонымен бірге, олардың арасындағы байқалып тұратын қандай да бір сабақтастық байланысының жоқтығы. Философиялық ілімдердің «индивидуалдығы» бір қарағанда-ақ философиялық ілім дамуындағы сабақтастықты бұзады.

Философиялық ілім және мәдениет философиясы дамуындағы сабақтастық осы көзқарас бойынша шексіз сияқты, бірақ аталмыш философиялық жүйенің күші ақиқатын тіршілік ету мәңгілігімен шынайылығын түсіндіруде болып табылады. Сондықтанда сабақтастың рөлі бар мезетте де өте маңызды. Сабақтастықты өркениеттік тұрғыдан қарастыру адам болмысының жан-жақты зерттелуі және олардың бірлігі мен үздіксіздігінің жиынтығы болып табылады. Дәстүр мен сабақтастықтың өзара байланысы, кез-келген өркениет дамуының негізі бола алады.

Құран, Таурат, Інжіл, Забур сынды негізгі діни кітаптарды адамзат дамуының немесе ақылының шыңы десек қателеспеген болармыз. Олай болса, абсолютті жаңа нәрсе жоқ. Демек, көнені жаңаландырып отырған негізгі жаңаны дәнекерлеуші сабақтастық. Мәдениеттің кластық сипаты дәстүрлермен жаңашылдықтардың ара қатынасындағы өзара байланысты талдауда ерекше айқын табылуы мүмкін. Сабақтастық қаншалықты тарихи дамуда тамырланып, адамзаттың өндірістік іс-әрекетінде көрінсе, соншалықты тарих аренасына шығушы және ескі өндірістік қатынастар тіршілігін кері итеруші әрбір

жаңа класс, материалдық немесе рухани мәдениет аймағында болсын бұрын қол жеткізген нәтижелерге міндетті түрде сүйенеді. Егер барлық дүние пайда болатын болса, онда олар өзара байланысты. Сабақтастық заңы мен өзара байланыстылық болмыстың құбылысы, яғни табиғат туралы басқа да ғылымдармен бұзылған, эволюциялық теориямен анықталынған, ғылыми экстрополяция, заңды өлшемділіктің арқасында жалпыға арналған заң болды. Демек, Сабақтастықтың белгілі бір сабақтасар заңы бар. Бұл жазылмаған заң әрбір ұрпақтың, ұрпақ өмір сүрген дәуірдің қожасы. Сонымен, сабақтастық табиғи құбылыс, әзірге адам жер бетінде тіршілік иесі болған жағдайда сабақтастық қызметі ешқашан үзілмейді.

Сабақтастық ұғымы қай салада да маңызды орынға ие, сондықтанда бұл мәселе үздіксіз зерттеуді талап етеді. Кеңес дәуірінде де бұл ұғым өз маңыздылығынан ажырамады, керісінше иедологиялық тұтастық үшін аса қажет болды. Осылайша сабақтастық қызметі тарихи-мәдени процестегі объективті қажетті байланыс ретінде танылды. Сабақтастық қызметінің негізі болып табылатын дәстүр, дәстүрлі мәдениет, дәстүрлі өркениет ұғымдарының біртұтастылық жағдайындағы мәдени үйлесімділігі зерттеу объектісін тереңірек және барынша кеңірек ашуға көмектесті. Сабақтастықтың құрылымы, әмбебапты механизмі мен технологиясы сарапталып, тарихи рөлі айқындалады. Сонымен қатар, әр кезеңдегі сабақтастық қызметінің деңгейі, оның түрленуі қарастырылып, олардың адам санасына, қоғамдық функцияларға тигізер ықпалы түрлі мысалдар арқылы дәйектелінеді. Өркениеттің соңғы лебі болып есептелінетін интернет пен жасанды заттар әлемінің ескілікпен қисындылығы, пайдасы мен зияндылығы тарзыланады.

Ұлттық мәдениеттің сақталуына, бұрмаланбай дұрыс қолданылуына тікелей өз ықпалын тигізетін, тіпті ұлттық мәдениеттің тарихы деп айтса да болатын, егіздей қатар жүрер, дәстүрлі мәдениет ұғымы. Дәстүрлі мәдениетке анықтама бермес бұрын, дәстүрдің не екендігін анықтап алған жөн. Ұлттық энциклопедияда анықтама былай берілген: Дәстүр – белгілі бір ұлттың немесе халықтың ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын, тарихи қалыптасқан, олардың әлеуметтік ортасында ұзақ уақыт бойы сақталып отырған әлеуметтік-мәдени құндылықтар

жиынтығы. Дәстүр өз ішінде қоғамды басқару жүйесін, әлеуметтік қарым-қатынас пішімдерін, шаруашылық жүргізу тәсілін, әлеуметтік мұра нысандарын /материалдық және рухани құндылықтарды/, оларды ұрпақтан-ұрпаққа қалдыру үрдістері мен тәсілдерін қамтиды. Белгілі бір қоғамдық тәртіптер, мінез-құлық нормалары, құндылықтар, идеялар, сай-жоралғылар т.б. Дәстүр дегенміздің өзі мәдени құндылықтардың уақыт ішіндегі үздіксіздігін қамтамасыз ететін бірден-бір тетік. Өткен кезеңнің замана сағымының элементі болса да, рухани мұра атаулыны жаңғырта білу де дәстүрден артық даналықты табу әсте қиын. Әрине, дәстүрдің даналығы тек жекелеген тұлғалар немесе әлеуметтік институттар арқылы қамтамасыз етіліп, тек белгілі бір кеңістік пен уақыт шеңберінде жүзеге асырылады.

Қоғам орнағаннан бері ұрпақтарға әр түрлі жолмен беріліп келе жатқан ақпараттар үлкен мәнге ие. Себебі осы ақпараттар жиынтығы белгілі бір мұраны құрайды. Сонау заманнан осы күнге дейін жеткен түрлі ертегілер, мифтер, аңыз-әңгімелер, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, ескерткіштер, асыл бұйымдар, ғимараттар т.с.с барлығы да ақпараттар. Бүгінгі күннің ақпаратынсыз ертеңгі күнге өту мүмкін емес. Ақпарат ол адамды жетілдіреді және оны өзгертуге болады. Бірнеше өзгеріске түскенімен ақпараттар көп жағдайда өзінің алғашқы түп нұсқасын жоғалта қоймайды. Ақпараттардың керемет пайдалы екеніне күмән жоқ, дегенмен оның шамадан тыс көбеюі адамзатқа аса қауіпті. Мысалы, су тіршіліктің көзі, ал су тасқыны адамдардың өлуіне, қалалардың қирауына жалпы көптеген қиыншылықтардың етек алуына себеп болады. Осы сияқты ақпараттар тасқыны немесе ағыны адамзаттың құрып кетуіне жол беруі әбден мүмкін. Жаңа ХХІ ғасыр ақпараттар ғасыры. Осы орайда «ақпаратты қоғам» терминін алғаш ғылыми айналымға енгізген Дж. Масуда екенін ескере кеткен жөн.

Ақпараттарды беру құралдарының дамуына байланысты, белгілі бір коммуникативтік құралдар негізінде дәстүрді мынандай формаларға бөлуге болады. Олар: акторлық; ауызша; жазбаша; ерекше /қазіргі заманғы бұқаралық коммуникация құралы жағдайында дәстүрде қолдану/.

Дәстүрдің акторлық формасы нақты қатынасқа немесе императивтік сипаттағы сөйлеу жүйесіндегі іс-әрекетке

негізделген. Дәстүрдің ауызша формасы сөйлеу жүйесіне орайланып, коммуникациялық құралдардың вербальды және паравербальды жүйесін көрсетеді /мимика, жест, интонация, мелодика/. Сөйлеу жүйесін коммуникацияның бірнеше каналдары пайдаланады. Өйткені сөйлеу жүйесі бір жағынан үлкен түсініктілікті, нақтылықты, ал екінші жағынан, беріліп отырған ақпараттардың қайталанбастығы мен контекстуальдығын сақтайды. Осы себептен де дәстүрдің ауызша формасы мәтіндер қорын қамтамасыз ете алмайды. Осыдан дәстүрдің ауызша формасының мынандай түрлері туады:

- а) мәтіндердің мимитировтік массиві;
- ә) мәтіннің емес, контексттің күдіреттілігі.

Дәстүрдің жазбаша формасы жазба жүйесіне негізделіп, дискреттілік және құрылымдық ерекшеліктерімен сипатта бола алады. Ақпараттардың бекіту мүмкіндігін мәтіндер қорының шексіздігі қамтамасыз етеді, оларды өздері құрылған контекстінен бөлектенуге рұқсат береді. Мәтіндер қорының шексіздігі әлеуметтік жадының экстенсивті өсуіне еліктіреді. Әлеуметтік жады көлемінің көбеюі дәстүрдің маңыздылығын көтереді, ақырында қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Осы тұста К.В. Чистов жағдайды анық аңғарғандай: «бұл жерде әңгіме жәй ғана «ауызша» мен «жазбаша» айырмашылығында болып отырған жоқ. Егер бұл осылай болса, онда осы айтқанға тоқтауға болар еді. Қазіргі заманғы техникалық құралдар /радио, кино, телеведение, үнжазба/ анығын айтқанда ауызшаны қайта орнына келтіреді, бірақта олар тірі қатынасты қалпына келтіруге күштері жетпейді». Шын мәнінде қазіргі коммуникацияның бұқаралық құралдары, дәстүрдің ауызша және жазбаша түрлерінің ерекшеліктерін анықтайтын жаңа айрықша түрінің пайда болуына негіз бола алады.

Біздің уақытымызда ақпараттар ағынының адамдар сезіміне қатты әсер еткендігі сонша, оны құрушы батыс халықтарының өзінде де ақпаратты бағалау және таңдау мүмкіншілігі барынша төмендеген. Олай болса, ақпараттар әлеміндегі қосымша рөлге иегерлерді айтпай-ақ қояйық. Электрондық ақпарат – қазіргі заманғы өркениеттің ұрпағы. Осылайша бұрынғы бұқаралық мәдениет күші ақпараттарға сүйенеді, батыс өркениетінің құндылықты легитимділігіне байланған, осы шеңберде

ақпаратты революция ең маңызды жетістік болып есептелінеді. Демек қазіргі мен өткенді құрайтын байланыс дәстүрдің негізі. Егер әлеуметтік процестер екіншісі басталмас бұрын аяқталып қалатын үзілісті болғанда дәстүрлердің пайда болуына ешқандай негіз болмаушы еді. Бірақ бұл олай емес. Ендеше қоғамның бүгінгімен ертеңін жалғастырар өткеннің толығымен жоғалуы мүмкін емес. Бұл қоғам табиғатының нақ өзі. Өткен толығымен жоғалмайды. Себебі, бұл бірін-бірі толықтырушы себептер механизмі арқасында болып отыр. Оларды сипаттарына орай материалдық немесе физикалық және идеялық немесе психологиялық деп бөлуге болады. Материалдық пен физикалық себеп – заттық, себебі барынша тұрақты әрі нақты және алғашқы түпнұсқалық идеясын сақтауға қабілетті, кейде заманның ағымына салып аздап өзгертуге болады. Идеялық және психологиялық себеп – интуитивтік, бұл барынша тұрақсыз, мүлдем жоғалып кету қаупі басымырақ, түпнұсқасы сақталмайды, бірақ тұтастық сипатта бола алады.

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов дәстүр туралы былай дейді: «Дәстүр болмысты көркем образға айналдырудың ғасырлар бойы машықталған тәсілдерінен және айналамызды қоршаған қоғамдық орта мен табиғатты, ой таразысына сала отырып бейнелеудің ұрпақтардан ұрпақтарға мирас боп келе жатқан қағидаларынан құралады. Дәстүр тұлғасы, тарих талқысынан өткен, халықтың ой-сезіміне етене болған, халықтың эстетикалық талғамына төтеп бере алатын бейнелеу нақыштарымен күллі ұлттық тіл байлығы арқылы жақсы көрінеді. Ұлттық дәстүрлер көркемдік шеберліктің халықтар жинаған мол қазынасын ғасырдан-ғасырға әкеп тапсыратын эстафета іспетті. Бірақ олар ұлттық әдебиеттердің өзара қарым-қатынастарының, өзара игі ықпалының нәтижелерін міндетті түрде қамтиды. Сонымен қатар, қоғамдық өзгерістердің және халықтың ұлттық характері дамуының нәтижесінде, ұлттық дәстүрлердің кейбір элементтері күн асқан сайын құри береді. Көне заман шығармашылығына тән діни мифологиялық образдармен метафролар немесе кейбір ежелгі ақындардың бипаздалған бал көмейлігімен лұғатты сәуегейлігі – қазір бағзы архаика ғана. Дәстүрлер шебер суреткерлердің жаңашылдық ізденуі арқасында толысып, түрленіп отырады. Жаңа дәстүрлер

туады». Бұл келелі ойдан дәстүрлердің ұлттық ерекшеліктің маңызды элементі екендігін анық байқауға болады. Жаңа дәстүрлердің тууы заман ағымын реттеп отырады және ол ескі дәстүрден алшақтап кетпейді. Жаңа дәстүрлердің тууына бірден-бір себеп мәдени сұхбаттастық, қоғамның өзгеруі, адамдардың қоғамға деген жаңаша көзқарастары, кеңейген дүниетанымдары.

Дәстүр туралы тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаев «Расыменде, егер бұрынғы догмалар байыпты болмаса, біз қайда бұрылып қараймыз? Әрине ең қарапайым, түсінікті сонымен қатар, әрбір халық өмірінде терең өнегелілікке ие – дәстүрлерге. Олардың халық өміріндегі рөлі ешқандай талас тудырмайды. Мәдени дәстүрлер әрқашан әлеуметтік қайта өрлеудің қайнар көзі болды. Өз бастауына, мәдени тамырына қайта оралу – жағымды процесс. Қазіргі заманғы әлем тәжірибесі кейбір дәстүрлі құрылымдардың бұрынғы өркениеттер тамырына өте шектеліп байланатынын сенімді түрде көрсетіп отыр. Тәжірибесіз жаңашылдықтың болуы мүмкін емес. Дәл осы дәстүрлер адамның жоғалмауына көмектеседі, әрі құлшыныспен өзгеру үстіндегі қазіргі уақыттағы әлемде өз орнында табуға бейімдейді» деп пікірін білдіреді.

Дәстүр мен қазіргі заман арақатынасы мәселесі XX ғасырдың 70-ші жылдарында көптеген зерттеулердің объектісіне айналды. Осы салада шұғылданушылардың бірі Меквилл Херсковиц жаңа дәстүрлерге ықпал ететін үш формасын былай атап көрсетеді:

- бірінші форма – ескі ережедегі жаңа іздердің қарсыластығы мен араздастығы;
- екінші форма – жаңаға қалыптасудағы ескіліктің сынуы немесе бүлінуі;
- үшінші форма – жаңаның таратылуы, берілуі және оның дәстүр формасына лайықтанып қалыптасуы.

Меквилл Херсковицтің формаларына талдау жасар болсақ, сол кезеңдегі өмір сүріп отырған халық үшін өзінің пайдаланып отырған тұрмыстағы дәстүрі дұрыс әрі әділ секілді болып көрінеді. Ал жаңа дүние білінбей, ақырын енбесе, ол көпшілікке кері әсерін тигізуі әбден мүмкін. Жалпы адам психологиясында кез-келген жаңа дүние, адам үшін әрі таңсық, әрі қорқынышты, әрі қолайсыз сияқты болып елестейді. Ескіліктің үйреншікті

жетегіне үйренген адамға жаңа іздер міндетті түрде қарсыластық пен араздастықты туындатады. Дау тудырған жаңа дүние де күн өте ескілікке айналады. Ол ескілікті сындырып, бүлдіріп немесе орнынан ығыстырып барып жаңа орынға орнығады. Осы сәттен бастап жаңа дүние өзімізге етене жақын, бұрыннан қолданып келе жатқандай күйге енеді. Бұл үрдістер көзге көрінбей, айқын білінбей, айқайлап еңбегендіктен халық санасында дәстүр, яғни ұрпақтан-ұрпаққа бұзылмай сақталған күйде енгендей болады.

Дәстүрлер туралы айту үшін бірнеше себепті байланыстар аздық етеді. Себебі дәстүр жалпыға ортақ дүние. Әлеуметтанушы П. Штомпканың дәстүр туралы ойы дәстүрлі ойлардан мүлдем бөлек. Ол былай дейді: «адамзат тіршілік етіп жатқаннан бері болып келген жаңалықтар – дәстүр емес, қоғамдық генеология. Бұрынғы өткен жағдайлардың да ықпалы дәстүр емес, ол – тек қоғамның қазіргі заманғы жағдайы ғана. Осы аталған талдаулар дәстүр ұғымын мағынасыз етеді. Дәстүр туралы тек өткен мен қазіргінің арасындағы байланыс өте тығыз интимдік сипатта болғанда ғана айтуға болады. Дәстүр өзіне біздің қабылдауымыздағы екі форма: материалды және идеалды немесе объективті және субъективті, басқаша айтқанда, өткен мен қазіргінің үзіліссіз тіршілігін енгізуі қажет» деп белгілі дәстүртанушы немесе дәстүр зерттеушілер ұсыныс жасаса, Э. Шилз «дәстүр қарапайым мағынада бұрынғылар болашаққа беретін жәй тауар» – деп, келте қайырады. Егер қарапайымдандырып түсіндірер болсақ, адам бір ісін күнделікті қайталса немесе оның басқа адамдардан ерекшелендіретін қасиеті, тіпті жаманды-жақсылы қылықтарында дәстүр деп есептеуге болады. Ескі дәстүрдің жаңашаланып отыруы дәстүр процесінің сипаты. Жаңа дәстүр өздігімен ескі дәстүрге қаттыссыз құрылуы мүмкін емес, оған тарих куә. Жаңа дәстүр дегеніміз ескі дәстүрдің жаңаланған жалғасы. Дәстүрлер ұлттық топырақта пайда болады. Онда сол халықтың дүниетанымы мен тұрмысының ерекшеліктері жарқын көрніс табады. Қысқасын айтқанда, дәстүрлер өздігінен қалыптаспайды, оны адамдар құрады, итереді немесе алмастырады. Дәстүрлер қоғамдық психологияға үнемі әсер етіп тұратын күдіретті құралдың бірі, оның мағынасын бағалау немесе саралау мүмкін емес. Олар

қоғамда реттеуші, бақылаушы жүйелерді атқарады. Дәстүрлер адамдардың мінез-күлқы мен жүріс-тұрыс түрткілерінің сыртқы объективті күші болып табылады. Дәстүрлер уақыт пен жағдайдың өзгеріп отыратындығына қарамастан кейде қоғамдық даму шеңберінде жалғасады. Дәстүрлер ұрпақтар арасындағы өзінше бір байланыс құралы, осының арқасында қоғамдық жүйелердің тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Жас ұрпақ дәстүрлерді меңгере отырып, алдағы ұрпақтардан тәжірибе алады, ал сонан соң алынған прогресивті идеяларды ары қарай дамытады. Сондықтанда дәстүрлер сабақтастығы қоғамның ары қарай дамуының қажетті элементі.

Дәстүр өткен тәжірибенің, қалыптасқан тәртіптің шеңберінен шықпайды десек, себеп мынада: онда болашаққа деген болжам көмескі, тұлғалықтың еркіндігі мен шабытын қолдаушылық кемтарлау. Оның үстіне мемлекетке дейінгі және өтпелі кезеңдегі дәстүр қазіргі нарықтық және ақпараттық қоғамдағы демократиялық өзгерістермен үйлесе бермейді. Ғылыми-техникалық прогрестің, ұлтаралық және дінаралық келісімнің шарттарын есік алдынан қабылдамайды. Өткеннің ықпалындағы дәстүр кейде болашақ өмірдің қажетіне жарамай, бағдарына қызмет ете бермейді де. Дәнекерсіздік осыдан білінеді.

Дәстүрлі мәдениет ұғымына келер болсақ, отандық мәдениеттанушы, доктор, профессор Т.Х. Ғабитовтың айтуы бойынша: «дәстүрлі мәдениет-әлеуметтік не этникалық ортада дәстүр негізінде қалыптасқан саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастар жүйесі. Осы жүйе негізінде әлгі әлеуметтік не этникалық қоғамдағы тарихи сабақтастық жүзеге асып, кез-келген ұлттың өзіндік бітім-болмысы сақталып қалады. Әдетте, дәстүрлі мәдениет уақыт ағымына, замана ырқына бағынбайды, жас ұрпақ жаңа буын мәдени дәстүрлерді өзгертуді мұрат тұтпайды да, әлеуметтік ортада берік орныққан салт-дәстүр адамдардың санасында уақыттан тысқарылық сезімін қалыптастырады. Әр ұлттың дәстүрлі мәдениеті оның тарихи дамуы барысында ұстанған діни сенімдері, дүниетанымы, мүдделері, тұрмыстық ерекшеліктері, өре елдермен саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастары негізінде қалыптасып, орнығады».

Дәстүрлі мәдениет халықтың тарихи дамуының жетістіктерінің жемісі. Адамдардың басқа жетістіктеріне карағанда дәстүрлі мәдениет өз тұрақтылығымен белгілі. Дәстүрлі мәдениеттің мәні бұрынғы құндылықтарды тек сақтап қалу ғана емес, оның дәстүрлі қалып ретінде сақтай тұрып, атқаратын қызметінде адамның өміріндегі ролінде. Сондықтан біз дәстүрлі мәдениеттің, соның ішінде қазақ дәстүрлі мәдениетінің мәнін айтқанда, ең алдымен, оның дүниетанымындағы орны мен атқаратын қызметін айтамыз немесе мәдени ұғымның дүниенің құрылымын танудағы маңыздылығын, адамның рухани өміріндегі алатын орынын айтамыз. Яғни рухани мәдениет жас ұрпақты әділдікке тәрбиелейді, асқақтыққа жетелейді, адамды ақиқат арқылы жетілдіреді».

Мәдениеттегі дәстүршілдік пен жаңашылдық мәдениет дамуының екі жақты даму процесі сияқты. Мәдениет өз бойында әрі тұрақтылық, әрі өзгергіштік қасиеттерге ие. Мәдениеттің тұрақтылық қасиеті дәстүр болып табылады. Дәстүр халық арасында салт-дәстүр, әдет-ғұрып деген мағынаға ие. Олай болса, мәдениеттегі ғұрыптарға байланысты аса бір маңызды терминдердің бірі инициация ұғымына тоқталып өтсек. Инициация латынның *initio* – бастау, арану, культтік құпияға ену деген аударманы білдіреді. Дәстүрлі мәдениеттегі инициация дегеніміз адамның дайындық күйінен белгілі бір қоғамдастыққа толық мүше болып өтуі. Өркени әдет-ғұрыптар алғашқы қауымдық қоғамда кең қолданыста болған. Оның барлық мүшелері белгілі бір жасқа дейін иждивенд, яғни ересектер өміріне өтуге дайындық дәрежесінде болады. Олар шаруашылық немесе басқа да іс-әрекеттерде ересектермен жиі бірге жүреді, бірақ олар сол жерде өзінің тұрақты орнына және есімге ие бола алмайды және өз әрекеттеріне жауап бермейді. Дайындық кезеңі жақындаған уақытта, дайындықтағы адам барынша жан-жақты мінез-құлық көрсетуі шарт, ұсынушы /неофиттер/ емтихан тапсырады, әлемнің құрылымы мен ондағы болып жатқан құбылыстар турлы ілім алады, ағартушылық шараларын жүзеге асырады, қалай есімге ие болу керек және қандай әрекет жасау керектігі жазылған қаулымен танысады. Ережеге сай инициация құпия әрі маңызды сынақпен орындалады. Кейде сынақ қайтыс

болу мүмкіндігімен ұштасады. Ұсынылушы арнаулы бөлімдерден рухани және мазмұнды дайындықта болған кезде ғана өте алады. Абыздар инициациясы /инстери/ тек құпия қоғамға ғана арналған, олар көбіне өткен өмірдің бір үзігімен байланысады /масондар, тыйым салынған секталар/. Ал инкультурация дегеніміз жеке адамның процесс барысында оның өзіне тиесілі, соған сай мәдениетін, ойлау әрекетінің дәстүрлі әдістерін игеру .

Инициация – дәстүрдің іс жүзінде кәдеге асуы, «қасиетті ілімнің стихияға әсерлі де жарасымды түрде жанасуы, оның шынайылығын инициациядан өткен білік иелерінің айрықша тізбегі қорғап тұрады» – деген А.Дугиннің сөзін негізге алған Зира Наурызбаева қазақ мәдениетіндегі инициация рөлін былай түсіндіреді: «өкінішке орай, үздіксіз инициация институттары туралы өткен шақ тұрғысында ғана айта аламыз, себебі қазақ мәдениеті үшін олар өткен заманның қойнында қалып кеткені рас. Өткен ғасырдың 20-40 жылдарындағы рухи тұлғалар мен дәстүрлі өнер өкілдерін жүйелі түрде қуғын-сүргінге ұшыратудың көрнеу зардабымен қатар, жасырын зардаптары бар еді. Соның бәрі бізді өзіміз айқын сезіне бермейтін шығындарға ұшыратты, алайда ұлттың және оның «элитасының» рухани құлдырағанын, нағыз рухани көсемдердің, игі жақсылардың жоқтығын сезініп, жүрегіміз сыздаған сайын соны түйсінгендей боламыз. Біздің жоғалтқанымыздың молдығы мен түпсіздігі, қайта оралмастай болып кеткені соншалық, тіпті, дәстүрлі мәдениетіміздің мамандары – этнографтар мен фольклоршылар да қазақ мәдениетіне қатысты инициация терминін мүлде қолданбайды, ондай проблема мүлде қойылып көрген де жоқ» – деп бүгінгі ғалымдарға үлкен талап артып отыр. З.Наурызбаева пікірінше зерттеуші артефакты сол артефакттың өзін дүниеге әкелген өркениеттің білім дәрежесінен, теориялық тұрғыдағы болса да, өз білімділігі төмен болса, ұға алмайды. Қазақтың дәстүрлі мәдениетін зерттеу де осы сорақылыққа ұрынып жүр: ғалымдар өздері де білмейтін құбылыстардың ізіне жолығады, өйткені, ол ауызша түрде ғана өмір сүріп, ұстаздан шәкіртке ауызша дарытылып келген, содан соң өткен ғасырдың бірнеше онжылдығының жүзінде түгелдей жойылған, сондықтан, оларды аңғармай да, қате түсіндіріледі. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің

асылы болған, өте асқақ, рухани құбылыстар «соқыр таңдаққа» айналып, бүгінгі ғылым түйсіне алмайтын күйде қала береді ...

Инициация институттарының сақталуы дәстүрлі мәдениет бұзылмауының кепілі. Өткен өмірмен үзіліссіз байланыс бүгінгі күннің ақиқаты. 70 жылға үзілген байланысты қайта жалғау оңай емес екендігі өз алдына, осы үзіліс арасындағы жоғалған қаншама асыл мұра, халық қазынасы, рух қызметінің орыны толтыру, қайта кәдеге жарату озық ойшыл азаматтардың арқасындағы батпан жүк, артылған үмітке айналып отыр.

Дәстүрдегі мәдени мұра элементтері ретінде біз құндылықтарды, дәстүрлерді, ғұрыптарды, әдістерді, идеяларды, дүниетаным және басқаларын айта аламыз. Мәдениет – осы процестің үздіксіздігін, оның ішкі потенциалын көрсетсе, өркениет әлеуметтік құрылымдардың алмасу жолы арқылы жүзеге асуының қарқындылығын және жалпы сипатын анықтайды. Мәдениет өркениеттің құндылықтық және мақсаттық қалыпын тұжырымдайды. Демек, өркениет мәдениеттің әлеуметтік-ұйымдасқан және қалыптасқан технологиялық құралын және дамуын қамтиды. Сондай-ақ мәдениетті анықтап, яғни оған шек қойып, қоғамдық дамудың қуатты импульсіне айналдырады, ал мәдениет болса, іштей ұсынылған өркениеттік мүмкіндіктерден айырады. Кез-келген дәстүрлі қоғам зерттеушілерінің алдында, әлеуметтік-мәдени шындықты барынша өзгерту мен даму үлгісін таңдаудағы дәстүрлі мәдениетті трансформациялау, қоғамды модернизациялау мәселесі пайда болады.

Дәстүрлі мәдениет арқылы біз ақырындап өркениеттің ішіне енеміз. Себебі біз қандай заманды басымыздан кешірсек те, дәстүрлі мәдениет бізбен қатар жүрері анық. Дәстүрлі мәдениет болған жерде дәстүрлі өркениет те болуы шарт. Дәстүрлі өркениет өз алды ғылыми ұғым ретінде ғылыми айналысқа енгенімен белгілі бір түсінікке ие ұғым. Зерделей келе, өз тарапымыздан «дәстүрлі өркениет озық ұлттық дәстүрлердің ықшамдалған көрнісі» деген анықтама бергіміз келеді. Жаңа түсінікті талдар болсақ, әрбір ұлттың ең үздік деген дәстүрлері әлемдік өркениетке жолдама алады. Көптеген озық дәстүрлер, жетістіктер арасынан суырылып шыққан мәдениет ғана әлем халықтары тарапынан қолдау тауып, жаппай қолданысқа немесе

бұқаралық пайда көзіне айналады, қызмет етеді. Қандай да бір дәстүрлі өркениет өзегі, белгілі бір ұлттық мәдениет екендігі анық. Мұндай дәстүрлер көбіне саяси-мәдени тұрғыда жүзеге асады. Демек, рухы жоғары, дәстүрі құнды елдің әлем алдында беделі де, танымалдылығы да жоғары. Осы себептен де әр ел, әр ұлт өзіндік төл қасиеттерімен ерекшеленуге тырысады. Оған мысал ретінде Голландияны алсақ, ол сан-алуан гүлдердің, сарғалдақтар мен қызғалдақтардың отанына айналды. Гүлдерді будандастыру арқылы жаңа әрі кездейсоқ гүлдер түрін ойлап тапқандығы үшін бұл мемлекет әлемге танымал және барлық әлем халықтары голланд игіліктерін өз пайдаларына жаратады. Олардың гүлдерді өсіру, баптау, будандастыру және т.б. мәселелері өзіндік дәстүрлі мәдениетке айналған, сол гүлдерді әлемдік қолданысқа енгізуі дәстүрлі өркениет болмысына тән. Сонымен қатар, Швейцар сағаттары басқа сағаттармен салыстыруға келмейді, олар өзіндік мәртебеге ие болғандар. Олай болса, зерттеудің өзегіне айналып отырған өркениет дегеніміз не, оны басқа өркениетсіз қоғамдардан қалай ажыратамыз деген сауалдың бір ұштығы мазалап тұрады анық. Г. Чайлд пікіріне сүйенсек, ол өз кезеңінде алғашқы қауымдық ұжымнан принципіалды түрде ажырылатын алғашқы өркениеттерді анықтайтын он негізгі критерилерді ұсынды. Олар:

- ірі отырықшы қала типтес қоныс;
- қоғамдық қарулармен қарулану;
- салық жүйесінің нақтылығы мен орталықтанып қорланған құралдардың тізбекті әсері;
- сауда алмасуды қоса отырып, экономика дамуының анықталуы;
- мамандар – қолөнершілер бөлімі;
- жазу;
- бірнеше ғылымдардың даму ұрығы /арифметика, геометрия, астрономия/;
- дамыған өнер;
- топтардың пайда болуы;
- мемлекет.

Ал В. Эберхард болса, қарапайымнан жоғары мәдениетке дейінгі, яғни, өркениеттің бес кардиналды айырмашылығын айтты:

- стратифицировандық қоғам және мемлекеттік ұйым;
- үй жануарларын қолданумен дәнді дақылдап жермен айналысу;
- тіпті болмаса бір қала типтес орталық болуы /қалалық сәулет т.с.с/;
- жазу және іс құжаттарын жүргізу;
- металдарды қолдану.

Қазір бұл критерийлердің заманы өтті, себебі осы аталғандарды басынан өткізбеген бірде-бір мемлекет жоқ.

Өркениет дәстүрлігінің бір формасы – ренессанс, яғни қайта жаңғыру. Жиырма бес ғасыр ішінде бірнеше ренессанстық жағдайлар болған. Әдетте, ренессанстық жағдай міндетті түрде екі компоненттен тұрады. Бірі жаңа өркениеттік сапалық өзгеріске ұмтылу, екіншісі алдағы өткен мәдени дәстүрді жаңғырту, жаңалау. Демек, ренессанстық жағдайларда алдыңғы мәдени дәстүр мүлдем жойылмай даму эволюциялық жолмен жүреді. Ренессанс табиғатына революциялық төңкеріс жат. Ренессанс дегеніміз мәдениеттің өзінен-өзі, өз ішкі даму заңдылықтарына сәйкес жаңарып, жаңғырып отыруы. Олай болса, адамзат пайда болғанан бастап өркениет тарихының, өркениет дәстүрінің, өркениет нышандарының бүгінгі күнге дейін қалай жалғасып, сабақтасып келгенін таразылап көрерлік.

Адамзаттық тарих – бұл өркениет тарихы. Адамзат дамуын өркениеттен бөліп алып қарау мүмкін емес. Тарих ежелгіден /шумерлік және египеттік, классикалық және мезоамерикандық/ христиандық және исламдық өркениетке дейін, сонымен қатар, синдік және үнділік өркениеттердің пайда болуынан бастап өркениеттің тұтас ұрпақтарын қамтиды. Барлық өркениеттердің тарихы ағымында адамдар үшін бірегейліктің ең жоғарғы деңгейі ұсынылды. Осының нәтижесінде өркениеттің қайнар көзі, пайда болуы, көтерілуі, өзара әсері, жетістігі, батуы мен құлдырауы Макс Вебер, Эмиль Дюркгейм, Освальд Шпенглер, Питирим Сорокин, Арнольд Тойнби, Альфред Вебер, А.Л. Кребер, Филипп Бэгби, Кэрролл Кушли, Раштон Колборн, Кристофер Даусон, С.Н.

Айзенштадт, Фернан Брюдель, Ульям Г. Маккил, Адда Боземен, Имануил Валлерстайн және Фернан-дез-Арместо сынды жарқын бейнелі тарихшылардың, әлеуметтанушылардың және антропологтардың ізденулерінің арқасында саликалы зерттелініп жатыр. Осы аталған және басқа да зерттеушілердің қаламынан өркениетті салыстырмалы талдауға арналған баға жетпес ғылыми еңбектер туды.

Өркениеттің қазіргі көз ілеспес жылдамдығын, адамның толық жетіліп, санасының тәуелсізденген шағымен теңестіруге болады. Жалпы алғанда жаңа дәуір адамдарының осылай жетілуіне орта ғасыр адамдарының ықпалы болса, орта ғасырлықтарды антикалық дәуірсіз елестету мүмкін емес. Яғни, бұлар бірі-бірінен жалғаса алмас еді. Сонда алғашқы адамдар тағы, жабайы болса, онда біз сол тағылардың ұрпағы, яғни, жаңашаланған қазіргі заманның тағылары мен жабайыларымыз. Бұндай атақты қазіргі заман адамы естігісі, тіпті мойындағысы келмес, дегенмен солай екені шындыққа саяды. Олай болса, санасы төмен, жетілмеген, тағы, жабайы деген айдарларды алып, тек алғашқы түпнұсқасы "Адам" атымен қалдыру керек сияқты.

Ғалым Андре Боннар пікірінше өркениеттер өз дамуында табиғат жаратылысының жолымен жүреді. Олар өз дәуірлеріндегі классицизмге жете отырып туады, дамиды, нақтыланады, олар гүлденеді, құлдырауға ыңғайланады, өледі. Бірақта олар кейде толығымен өліп қалмайды. Олар болашақтағы адамдар үшін отанына деген сағыныш, өткен өмірдің бір үзгі ретінде сақталынады. Осы сақталынған мұралармен кейде ұрпақтар өздерінің жаңа шығармашылықтарымен, ойларымен кеңесіп отырады. Кейбір келеңсіз сәтсіздіктерге төзе отырып, олар өздерінің орындалмаған армандарына үміт артып, адамзат жадында шынайы әрі тірі із қалдырады. Бұл әбден болуы мүмкін жайт, себебі қандай өркениет болмасын адам қолының ісі, сондықтанда ол мәңгілік емес. Бірақ, мүлдем жойылып кетеді деуден аулақпыз, себебі жаңаны дәйектеу үшін ескілікке қайтып оралмай тағы болмас.

Даму – бұл батыстық өркениеттерге негізделген батыстық ұғым. Мұны түсінбей, дамуды түсіну мүмкін емес. Сондықтан даму мәселесін қарастырмас бұрын, оның негізінде не жатқандығы туралы біліп алған жөн. Кейбір адамдардың

пайымдауынша Батыс – бұл жаңа ұғым, бірақ адамзат өркениетінің қайта жаңғыруынан жоғарғы емес. Яғни, барлық адам қолынан жасалған нәрселер секілді батыстық өркениетте уақытша, әрі құлдыруға бейімделінген. Біріншіден, даму – бұл механикалық процесс емес және оны ақылды адамзат иесінің көмегенсіз жүргізуге болмайды. Екіншіден, парасатты ойлауы жоқ қоғам, мәселелермен бірінші қақтығыстың өзінде-ақ теңділігін жоғалтады.

Қазіргі заманғы өркениет – бұл біздің ғасырымыздың маңызды шынайылығы. Ол адамзат баласына көптеген үлкен игіліктер алып келді. Бірақ оның көптеген кемшіліктері бар. Қазіргі таңда өркениеттің барлық саланы жаулап алғаны сондай мәдениеттің көптеген түрлері тысқары қалғандай. Осындай тығырықтарға тірелеген адам баласының қазіргі таңдағы ойлап тапқан жолы ол түрлі конференциялар, акциялар, клубтар т.б. ұйымдастыру болып отыр. Соның бірі 1992 жылы шілде айындағы Рио-де-Жанейрода өткен даму мен қоршаған орта туралы БҰҰ конференциясының, жаңа даму жолындағы өркениет, адаммен табиғат ара қатынасындағы үйлесімділікпен адамдар арасындағы түрлі қоғамдастықтар негізінде болу керек деген ұсынысы.

Әрине, бұндай конференциялардың, түрлі қоғамдастықтардың адамзатты дұрыс бағдар ұстауға, жалпы өзі өмір сүріп отырған қоғамның қандай жағдайда екендігін немесе тығырықтан шығудың белгілі бір жолдарын ұсынуы дұрыс. Бірақ термоядролық және экологиялық қақтығыстарды өркениет дағдарысының жалғыз себебі деп есептеу дұрыс емес сияқты. Бұл қорқыныш техногендік өркениетті одан сайын айқындай түседі, негізінен бұл адамдардың субъективті өлшемдеріне қатысты. Өркениет дағдарысы – ол тек өркениеттің ғана дағдарысы емес, жалпы адам баласы мен табиғаттың дағдарысы немесе тоқырауы. 1945 жылы құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы құқықтық реттеу субъектіндегі жеке елдерге тұтас ауысу, әлемдік қоғамдастыққа айналуы туралы ойларды қозғауда маңызды рөл ойнайды. БҰҰ-ның бүкіл әлемдік конференцияларынан бастап «әлем» сөзі «ұлт» сөзімен қатар тұрып, әлемдік саясатта кілттік сөз мағынасына ие болды. Ұйымдастырылған конференциялардың негізгі мақсаты басты масштабтағы адамзаттың өткір мәселелерін қарастыруға

бағытталған болатын. Шолу жасап өтер болсақ, адам мен қоршаған орта /Стокгольм, 1973ж/, халық қоныстануы /Бухарест, 1974ж./, өндіріс туралы /Рим, 1974ж./, теңіздер мен мұхиттарды пайдалану /Ванкувер, 1976/, жұмыссыздық /Женева, 1976ж./, су ресурстары /Буэнос-Айрес, 1977ж/, ғылым мен техника /1979ж./, қауіпсіздік пен сенімділік /Стокгольмск, 1984-86 жж./, атом бомбасына наразылық /Женева, 1995ж./, әйелдердің жағдайы /Пекин, 1995 ж./, азық-түлік мәселе / Рим, 1996 ж./, қоршаған орта және қоғам мәселелері /Салоники, 1997 ж./, «Болонья декларациясы» /Болонья, 1999 ж./, білім беру мәселесі /Дакар, 2000 ж./, тұрақты даму бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу процесін жетілдіру / Женева, 2001ж./, білім беру жүйесінің барлық деңгейіне тұрақты дамыту тұжырымдамасын енгізу /Йоханнесбург, 2002 ж./ т.т. Осы тұста БҰҰ-ның конференциясы барлық елдердің үкіметтерін тұрақты дамудың ұлттық концепцияларын қабылдауға шақырғанын және біздің еліміз де бұл үндеуді жылы қабыл алғанына баса назар аудару керек. Оған еліміздегі «Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшу концепциясы» атты құжаттың айналымда болуы дәлел бола алады.

Тұрақты даму мақсаттары – бұл кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға, жер шарын қорғауға және барлық адамдар үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталған әлемде қабылданған мақсаттар. 2030 жылға дейін 17 негізгі бағыттар таңдалды, олардың жүзеге асырылуы елді өмірдің барлық негізгі салаларының тұрақты дамуына және осы әлемдегі әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге жетелейді. Тұрақты даму мақсаттарын енгізу және оған қол жеткізу процесі БҰҰ өкілдері тарапынан да, Қазақстан Республикасының үкіметі тарапынан үнемі бақыланады. Тұрақты даму мақсаттарына тиімді жету үшін ведомствоаралық және тұрақты дамудың мақсаттық индикаторлары жөніндегі сарапшылар тобы БҰҰ-ға мүше әр мемлекет үшін осы көрсеткіштерді мемлекет меншігіне айналдыру мүмкіндігі бар ғаламдық көрсеткіштер жүйесін жасады. Бүгінгі күні Қазақстанның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу мониторинг жүйесі 280 индикаторды қамтиды, оның 205-і

ғаламдық, ал 75-і ұлттық индикаторлар. 2024 жылдың есебі бойынша әлемде 8 млрд 100 мыңнан астам бар.

Ғалым У. Ростоу жер бетіндегі адамның саны турасында өз заманында былай деген болатын: «1925 жылы Әлемдік халық саны 2 миллиардтай болды. Бұл санға жету үшін 75 жылдай қажет болды. Келесі миллиард 37 жыл ішінде пайда болса, 1962 жылы 3 миллиард, ал келесі миллиард 13 жыл ішінде қосылды. 1975 жылы әлемдік халықтардың қосындысы 4 миллиард деңгейіне жетеді. 1995 жылы 1925 жылдан 3 есе көп халық 70 жыл ішінде бұндай құмырсқаның илеуінде қалай тұруға болады?» У.Ростоу көрсеткен 1975 жылғы 4 миллиард халық саны 50 жыл ішінде екі есеге артып отыр. Халық санының көбейуіне әлемнің Азия бөлігі үлкен үлес қосып отыр. Мәселен, Қытайда 1, 412 млрд адам болса, Индияда 1, 417 млрд, Индонезияда 275,5 млн адам, ал әлемнің Солтүстік Америка бөлігінен АҚШ-та 333,3 млн адам.

Жер бетіндегі халық санының артуы өте қауіпті. Ғалымдардың пікірінше, жердегі шикізат 10 млрд. адамға есептелген. Адам санының артуының себебінен бүгінгі күні дөңді дақылдар, жемістер жасанды, жартылай фабрика күйінде пайдаланылады. Ал мұндай ас адам денсаулығы үшін өте зиян. Мысалы, Қытай халқының тұрмысы төмен адамдарының барлығы дерлік жасанды күрішпен ауқаттанады. Осы өркениеттің ХХІ ғасырдағы ең озық жаңалығы ол жасанды жады мен жасанды, яғни клондалған адам. Бұл мәселе әлем халықтары тарапынан өте қатты сынға ұшырап жатыр. Ал осы мәселемен айналысушы ғалымдардың пікірінше, клон – ол жәй ғана уақыттан кеш қалған басқа адамның бірегей егізі. Клон адам ешқандай зомби емес, қарапайым тіршілік иесі. Оны әйел адам кәдімгідей тоғыз ай көтеріп, өмірге әкеледі және ол да басқа балалар секілді отбасында тәрбиеленеді. Ал, жасанды жады ғылым мен өркениеттің ары қарай дамуы үшін аса пайдалы болып отыр. Десек те, кез-келген халық өркениеттен тыс өмір сүре алмайды. Олай болса, сол өркениет тығырығынан шығу үшін де бірігіп жол тапқан жөн болар. Ол жолдың басты және ең негізгі себебі адамдардың ақылында, яғни олардың қайырымды да ізгі ойларында болып отыр. Тез қарқынмен дамып келе жатқан өркениетті тежеп, әрбір басқан қадамымызды ойланып, ең бастысы қауіпсіз бассaq мүмкін тығырық қойнауынан сәл де

болса ажыраймыз. Не де болса өркениеттің бізді бір тұғырыққа апарып тірері анық. Ол тұғырыққа жетпеу мүмкін емес, ал оны айналып өту мүмкін. Ол үшін не істеу қажет? Тура жолды ешкім де көрсетіп бере аламас, дегенмен сол жолды табуға түрлі ұмтылыстар мен талпыныстар болуы шарт.

XIX-XX ғасырлардың екінші жартысынан басталған буырқанған даму ориенталистика, дінтану, аймақтану және тағы да басқа мәдениеттің әртүрлілігін оқытатын мамандықтар, жекелеп алсақ антропологияда үлкен өз қорын құрды. Аталмыш жобаны талдап түсіндіруде танымдық құрылым емес, оның ішкі әртүрлілігі, құндылықтардың ашылуы үлкен рөл ойнады, ал батыстық орталықтандыру идеясы бір жағына қалып қойса, басқа жағынан, батыстықтардың бұндай қатынасына шығыс елдерінің, колониальды жүйедегі азиаттық қоғамның реакциясы заңдылық.

Жалпы технологиялық тәуекел адам әрекетінің дұрыс бағдар ұстау қажеттілігі уақытының келгенін ескертетіндей. Себебі адамдар тәуекелге саналы түрде, белгілі бір табысты алу үшін бел буады. Бүгінде керісінше, экономикалық пайда мен адамға ыңғайлылық туғызатын факторлар басты, өзекті адамның тіршілік етуі, өзін-өзі қорғауы сияқты әлеуметтік міндеттерге орын босатуы қажет. Осы тұста мәдениет пен өркениет қазіргі түсінік бойынша орынға таласып қалатындай.

Әлемдік өркениеттердің ежелгі ошақтары: египеттік, шумерлік, ежелгіқытайлық, ежелгі үнділік бір-бірінен аса айырмашылығы жоқ өз дамуларының ерте кезеңінде "дәстүрлі-өркениеттерді" туғызды. Бірақта, эволюциялық процестің ары карай жүруінде "дәстүрлі-өркениеттер" өз бойына өзіндік сақтаудың ерекше механизімін, айрықша тарихи типтер мен әлеуметтік жүйелердің қалыптасу тәсілдерін жинақтап алды. Барлық үш шығыстық дәстүрлі-өркениеттер бағдарлы болған жоқ, олар бір түрлі европалық сияқты, жекеменшіктік, жеке құқық жүргізушілік, дербес нормалар мен құндылықтарға толы болды. Керісінше, социумнің игілігі мемлекет тарапынан құндылықтар жүйесінің шыңы ретінде қабылданып, осыдан европалық дәстүрлі-өркениеттерге қарағанда барынша өте қатал, жаңашылдықтарға үйрене мен ажырата білетін, ғасырлар бойы

өңделініп келе жатқан механизмнің сақталуындағы дәстүрлі екпін.

Эрик Хобсбаум дәстүрлердің бейнеленуін үш топқа бөліп жіктейді:

- ✓ біріншісі әлеуметтік жақындықты білдіреді және бейнелейді, ұлттар мен қоғамдастықтарды бірегейлендіреді;

- ✓ екіншісі, статусты, институттарды, авторитеттерді заңдастырады;

- ✓ үшіншісі белгілі бір құндылықтарды, нормаларды, мінез-құлық ережелерін әлеуметтендіреді. Бұл аталғандардың барлығы мәдениет атты үлкен қазан ішінде пісіп жетіледі. Мәдениеттің күрделілігі де осында. Мәдениет алғашқыда адамдардың өз қажеттіліктерін, мұқтаждықтарын өтеуден басталғанменен, оның нағыз ғылым ретінде философияның құрамдас бөлігінен ажырауы, XX ғасырдың басындағы белгілі американдық ғалым Лесли Уайттың еңбегі болып табылады. Сондай-ақ бәрімізге белгілі культурология термині, яғни мәдениетті зерттейтін ғылым ретінде өз отауын құрып, кейіннен өзінің бағыттарымен, мектептерімен толығы бастады. Бірте-бірте зерттеу объектілері ұлғая келіп, социологтардың, тарихшылардың, лингвисттердің және тағы да басқа көптеген мамандардың қызығушылықтарын туғызды. Қазіргі кезде мәдениет үлкен әрі өзекті мәселелердің бірі болып кеңінен қарастырылу үстінде. Нақты ғылымдардағыдай мәдениетте қатып қалған анықтама жоқ. Дегенменде көп сатылы мәдениетке және сол мәдениеттің түрлеріне әр мәдениеттанушы өз зерттеу объектісіне, жинақтаған материалдарына, тіпті өз түсінігі бойынша түрлі анықтамалар береді. Соңғы мәліметтер бойынша Ресей кітаптарында мәдениетке мыңнан, ал өркениетке бес жүзден астам анықтамалар берілген. Жылдар өткен сайын анықтамалар уақыт талабына сай өзгеріп отырады.

Осы тұрғыда Қытай данышпаны Конфуцийдің Ақиқат кашанда екі пікірдің ортасында болады деген ұлағатты сөзіне тоқтауға болады. Сонда өркениеттің өлшемі не болмақ. Егер қазіргі көз алдымызда күн санап өсіп келе жатқан қалалар саны, адамның барлық жағдайларына жасалған зиянды-зиянсыз электронды бұйымдар, астықтың түр-түрлері тағы да басқа көптеген таңқалар-таңқалмас дүниелермен өркениеттің деңгейін

анықтар болсақ, онда қателескен болар едік. Өркениеттің өлшемі адамның санасы, оның жоғары деңгейлігі, жалпы халықтың сана сезімі. Ендігі мәселе өркениеттен кейін қандай кезең келмек және оның жай-жаспары қандай болар екен деген мәселе бойынша футурологтар жұмыс жасау үстінде. Жалпы қандай ғылым болмасын, біріншіден, пәннің теориясы, екіншіден, оның негізі ал, үшіншіден, болашақтағы болжамы керек. XX ғасырдағы ірі футурологтардың бірі Элвин Тоффлердің тұжырымдауынша үш толқын бар. Олар аграрлық, индустриалдық және ақпараттар ағымы, яғни өркениет, бұл толқындар бірі басталғанда келесісі тоқтап қалмай, бірін-бірі жалғастырып дамуда. Енді дәстүрлі өркениеттің жалғасы төртінші толқын не болар екен деген даулы сұрақ біреуді толғандырар, біреуді толғандырмас, дегенменде бұған жауап әзір дайын болмасы анық.

Өркениеттің тағы бір ерекше көрністері – ғимараттар, күмбездер, ескерткіштер, жалпы алғанда, сәулет өнері. Саралай қарасақ, әрбір сәулет өнерінің жемісі – ескерткіш. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, бір ғана Қазақстанда ата-бабамыздан қалған заттық мәдениеттің 25 мыңға тарта ескерткіші бар. Олар негізінен Сыр бойына, Отырар алқабына, Маңғыстау мен Үстіртке, Ұлытау төңірегіне, Талас-Шу аңғарына, Жетісу мен Ертіс сыртына шоғырланған. Көкше өңіріндегі мұнан 5 мың жыл бұрынғы қоныстың орны Ботай, Іленің оң жақ қанатындағы Бесшатыр қорғандары (б.з.б. VII-IV ғ.), Қаракөңгірдегі Домбаул ғибадатханасы (VIII ғ.), Маңғыстаудағы Шақпақ Ата мешіті (X ғ.) халқымыздың мақтанышы, олардың ғасырлар бойы қалыптасқан құрылыс мәдениетінің жетістіктері болып табылады. Қазір ғылым тарапынан қолдау таба бастаған Отырар өркениетін отырар мен оның өзінен кем түсе қоймайтын іргелестері – Көкмардан, Кедер (Күйрық төбе), Оқсыз, Қаракөңшек, Шілік (Бұзық), олардың тікелей ықпалында болған Иасы (Түркістан), Сауран, Сығанақ, Шорнақ, Қарнақ, Хұзақ (Созақ), Баба Ата, Құмкент, Сүткент, Қараспан, Хұрлық (Шымкент) сияқты ортағасырлық қоныстар қалыптастырылған. Мұны біз Отырар – Қаратау мәдениеті дегенге жататын Көкмардан, Күйкімардан, Қыркескен қазбаларынан табылған заттардан әсіресе балшықтан

күйдірілген, тастан қашалған, металдан соғылған бұйымдардан, еңбек кұралдарынан аңғарамыз.

Өткен ғасырдың басында қазақ сәулеті өнері жөнінде алағаш кітап жазған белгілі зерттеуші Джозеф Кастеанье былай деген еді: "қырғыз (қазақ) даласындағы қарапайым ескерткіштер Самарқанд пен Бұхараның зәулім сарайлары мен көк тіреген күмбездерінің қасында елеусіз көрінгенімен көнелігі мен тарихи маңызы жағынан ешбір кем түспейді". Шын мәнінде де даламыздағы мәдени мұрағаттар қақтың өзі сияқты қарапайым да қораш мен мұңдалап көрінбейді. Расында да Қазақстан аумағынды көне дәуірдің 25 мыңнан астам тарихи-мәдени ескерткіштерінің, ежелгі заманның адамдар мекендеген сан алуан орындары, менгирлер, дольмендер, кромлехтер, қашалған тау жыныстары, салтанатты тас қабірлер, зираттар, қорғандар, лақаттар, көне дәуір қалаларының жұрттары мен тұрғын жайлары, мазарлар мен сәулет өнерінің басқа да үлгілері сақталып келгеніне қарамастан, республикамыздың сәулет өнері тарихы мен дамуы жөніндегі жалпыға мәлім деректер, мәліметтер бүкіл әдебиетте, өзге ақпарат көздерінде де дәйекті, жүйелі берілмей келеді.

Ескерткіш мейлі сурет болсын, ғимарат болсын ол – Адам қолтаңбасы, демек сол адамның басқаларға қалдырған ескерткіші. Осы ескерткіштер арқылы біз өткен өмір амдарының ой-армандарын ұғынамыз, орындауға тырысамыз. Біз күнделікті өмірде, орталық алаңдарда немесе көше бойында тұрған үлкенді-кішілі тас мүсіндерге, көне мовзолей, мешіттерге, яғни ескерткіштерге аса мән бере бермейміз. Бұл мүсіндердің қаншалықты құндылықты және не үшін қойылғандығы туралы ой жүгірту қарапайым өмір таралғысында жүзеге аса қоймайды.

Ескерткіш – халықтың өткен өмірінің, дүниетанымының мәңгілікке қалған бір белгісі. Ескерткіш ешқашан жәйдан-жәй қойылмайды, яғни әрбір мұраға қалдырылған ескерткіштің өзіне тән бір шежіресі бар екені анық. Сонымен қатар, ескерткіш орнатылған жердің өзі маңызды мәнге ие болуы тиіс. Тағы бір ескеретін жайт, ескерткіштің жасалу материалы, ол көбіне тас болып табылады. Неге? Себебі тас ұзаққа сақталады, яғни жоғарыда айтылған ескерткіш идеясының мәңгілікке екендігінің тағы бір дәлелі. Бұлжымас айғақ, сан ғасырлық шежіреге толы

Күлтегін сына жазуы. Даналардың өз ұрпақтарына ата-бабаларының ұлылығын аманат етуге ойлап тапқан бірден-бір әдісі. Егер бұл шежіре тасқа емес, басқада материалдарға жазылғанда бізге еш мәлімет жетпес пе еді. Жырда айтылғандай бұл жазуды Қытайдан шебер алдыртып арнайы жаздырған. Демек, ескерткіш – ұлылықтылық ісі.

Ескерткіш идеясы туралы тарихшылар оның қашан және кімнің тұсында, қай соғыспен сәйкес екендігін анықтайтын болса, тіл мамандары оның бейнелік мәнін, сюжетін, басты кейіпкерін оның тұлғалық қасиеттерін тізбектер еді, ал сәулетшілер болса оның формасын, биіктігін, енін, стандартқа сәйкестігін, жасалу материалын т.б. зерттейді. Сонда ол ескерткіштің нақты идеясы туралы оның неге қойылғандығы туралы зерттеу кімнің еншісіне тимек. Қазіргі таңдағы мовзолейлер мен ескерткіштердің құран оқып, басына түнеп, одан қалса үйленгендердің гүл шоғын қоятын орындарына айналып бара жатқаны шындық. Бұл надандықтың нышаны. Ол үшін қандай ескерткіш қандай құрметті талап ететіндігін анықтау қажет.

Жалпы ескерткіштердің түрлері өте көп, оларды былай топтастыруға болады:

а) қасиетті адамдар немесе халық атауынша әулиелерге арналған мешіт, күмбез, қашы т.б. түрде орнатылған ескерткіш;

ә) жеке белгілі тұлғаларға арналып жартылай немесе толық денесімен құйылған ескерткіш;

б) белгілі бір оқиғаға лайықталынып, сол оқиғаның мазмұнын беретін ескерткіш;

в) ескіден мұраға қалдырылған жұмбағы жартылай ашылып-ашылмаған ескерткіштер.

Ескерткіш ешкімнің меншігі және ол ешқандайда пайданың көзі емес, мүмкін осы себептен де біз оған аса көңіл аудармайтын шығармыз. Ескерткіш жұмбақ мәтін, оны талдау қажет. Оны тек түсінетін ойлы, данышпан адам ғана кітап секілді оқи алады. Әрбір ескерткіштің өз алдына тарихы, салдырған адамы, салған адамы, таңдалынған орны және ең маңыздысы берер идеясы бар. Осы себептен де ескерткіштерді қалай болса солай асығыс және адамдарға теріс бағдар беретін жағдайда салуға болмайды. Ескерткіш адамның рухын көтеріп, ой тастайтын, мазмұнды және

мағыналы болуы шарт. Ескерткіштер, анығығын айтқанда, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» күмбезі туралы академик Ғарифолла Есім: «Күмбез – ерекше архитектуралық шешіммен салынған тарихи-мәдени ескерткіш. Мұндай Күмбез салу үшін аса мол қаражат, арнайы дайындығы бар мамандар қажет, жырдағы тоқсан мың жылқылы Қарабай сияқты дәулеттілердің де мұндай құрлыс салуға мүмкіндігі жетуі екіталай іс. Анығы сол, бұл айтулы тарихи жағдайға байланысты, символдық мәні бар Күмбез. Ол тек армандарына жетпей дүниеден өткен екі ғашыққа салынған зират емес, оның мемлекеттік деңгейде маңызы болған заман ескерткіші екенін мойындау керек» деген ерекше ой тастады.

Ескерткіш өзінің өзгеріссіз, яғни ешқандай реставрациясыз сақталынған күйімен құнды. Ескерткіш – ол мәдени мұра, ұрпақтар арасындағы сұхбаттастық. Ескерткіштерге дұрыс қарап мән беру, мемлекеттік деңгейде қамқорлыққа, бақылауға алу өркениетке барар бірден-бір жол. Кеңес үкіметі жылдарында тарихи ескерткіштердің молдығына байланысты Қазақстанның оңтүстігі мен Маңғыстау ескерткіштерінің көпшілігі есепке алынып, біразына реставрация және жөндеу жұмыстары жүргізілді. Солардың қатарында Сыр бойындағы X-XI ғасырларда салынған Бегім-ана мен Сарман-Қоса мұнараларына да реставрация жұмыстары жасалды. Бұл ескерткіштердің архитектура тарихында ерекше маңызы бар, себебі, салынғанына 1 мың жыл болған бұл құрылыстар – Закавказье мен Ирандағы мұнаралы мавзолейлердің пайда болуына негіз болған. Оғыз тайпалары Сыр бойынан көшкенде осындай құрылыстарды салу әдісін Әзірбайжанға, Иранға, – Кавказ сыртына апарған деген пікір бар. Реставрация сәтсіз шыққан. Біздің ескерткіштерге немқұрайлық танытуымыз, ұғымды дұрыс түсінбеуіміз, қате пікірде болуымыз. Егер тереңірек үңіліп, ескерткіш дегеніміз қайталанбастық деген ойдың желісінде әңгіме өрбітсек, әрбір жанды, әрі жансыз дүниелердің пайда болуының себебі бар, әрбір себепті жаратылыстың өзіндік ізі, салынған сызаты болады. Осы тұрғыда Сұлтанмахмұт Торайғыровтың мына өлең жолына сүйенсек:

Мал болмақ, маймыл болмақ, адам болмақ,
Қасқыр болмақ, құс болып ұшып қонбақ,

Сол болғандар болмаған өздігінен
Болғызған еріксіз бір себеп қолдап.

Себеп – философия категорияларының бірі. Олай болса себеп бастамалардың бірі. Онда әрбір себептен туындаған дүниелерде әртүрлі болмақ. Демек, әрбір адам ескерткіш, өйткені ол қайталанбайды. Әрқайсысының өмір жолы, тағдыры, сыртқы бет-бейнесі, құрылымы, ойы, дүниетанымы, түсінігі әр басқа.

Адамға бұл себептің көбі мәлім
Біледі салған сайын мидың әлін,
Себепін біле-біле бір кездерде
Жаратуға бек мүмкін қолдан бәрін.

С. Торайғыровтың мына өлең жолдары бүгінгі адамзат ғасырының бірінші мәселесі. Адамға бұл себептің көбі мәлім, шын мәнінде де табиғаттың көптеген құбылыстарының ғылыми дәлелі бар, демек біз оның себепін білеміз. Біледі салған сайын мидың әлін, бұл адам ойлауының жоғары деңгейлігі, демек адам әрбір құбылыстың себепін білген сайын ол білім мидың әлділігін, оның мүмкіндігінің молдығын білдіреді. Соңғы екі жол – ХХІ ғасырдың сипаты, яғни жасанды заттар әлемі. Адам барлығын жасанды түрде қолдан жасады, синтетикалық өнімдер басымдылығы артып келеді.

Әрбір орнатылатын ескерткіштің философиялық мәңгіге сақталар мәнін жоғалтпау қажеттің қажеті. Бұл сырға тұнған ескерткіштер еліктірген ертеңгі күнге сабақ ретінде ескіден қалған естелік. Естелік деген сөздің өзі есте қалу, есте сақтау деген сөздерден құралып тұр. Ал жәй қарапайым дүниелерді еске сақтаудың қандай қажеттілігі бар. Біз күнделікті өмірімізде болып жатқан жаманды-жақсылы іс-әрекеттерімізді ертеңгі ұрпаққа естелікке қалатындай етіп саналы түрде ескерткіштер қалдырыуымыз керек. Бұл өркени үрдіс. Осы кезде ғана ұрпақтар арасындағы сабақтастық жалғасып, сұхбаттастық процесі дұрыс мағынада жүзеге асады.

Бәрімізге белгілі Елбасы құнды ескерткіштерді сақтау мақсатында «Мәдени мұра» бағдарламасын ұсынған болаты. Елімізде осы бағдарлама жобасымен көптеген игі істер

атқарылуда. «Мәдени мұра» – елбасы сөзімен айтқанда, сан ғасырлардың сүзгісінен өтіп, осы күнге жеткен ұлттық мәдениет руханиятын жаңғартуға арналған бағдарлама. Ел экономикасы аяғынан тік тұрып, мемлекет байлығы еселенген тұста ұлттық мәдениеттің қордаланған әлеуметтік проблемаларына мұндай биік дәрежеде мән берілуі ғылым, мәдениет пен әдебиет саласында өз үлесін қосары сөзсіз. Аталмыш бағдарлама бірнеше бағытта жүргізіледі: археологиялық қазба жұмыстары, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау, мұрағаттар қорын толықтыру, ұлы тарих жәдігерлерін жинау, ежелгі қазақ кітаптары мен қолжазбаларын жинау, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін басып шығару, музыкалық мұраны жинау. Мәдени мұра бағдарламасының логикалық жалғасы ретінде 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы жарық көрді. Бұл бағдарлама ұлтымыздың жаңа тарихи даму кезеңін көздейді және рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтауға септігін тигізді. Бағдарлама даму үшін алға екі рет қадам басып ұлтымыздың өткен жолын ұмытып қалмас үшін артқа бір қарауды негіз етеді.

Ескіден қалған мұра естелікке қалған ескерткіш, әрбір көне зат көнетоздығымен құнды. Олай болса, бұл бағдарлама рухани жаңғырудың бастамасы, әлемдік өркениетке деген ұмтылыс алғышарты. Өз елінің, өз ата-жұрты мен ата-бабасының аманатқа қалдырған мұрасын, әрбір азамат көзінің қарашағындай сақтап, мәртебесін асырып, әлемге паш етуі өтелмес парыз.

Өзін тексеру сұрақтары

1. «Мәдениет», «Дәстүрлі мәдениет» ұғымдарын философиялық контексте қарастырыңыз?
2. ХХІ ғасырда адамзат үшін не басымдылық болмақшы?
3. БҰҰ сынды әлем халықтарының басын біріктіретін және олардың ортақ мәселелерін шешетін ұйым туралы қандай ақпараттар білесіз және ол ұйымның қызметіне деген көзқарасыңыз қандай?
4. Ұлттық мәдениет пен ұлттық өркениеттің мәдени-тарихи ұғымдық айырмашылықтары мен ұқсастықтары қандай?

5. Өркениеттер сабақтастығының беріктік пен ұзақтылық мәні.

6. Өркениет туралы көзқарастар тарапынан өзіңізге ұнайтын тұжырымды тандаңыз және оның сізге неліктен ұнамды екеніне үштен кем емес аргумент келтіріңіз!

7. Өзгермелі әлемдегі өзгермейтін ескерткіштер мәні неде деп ойлайсыз?

8. Ескерткіштер мәдениетіне мәдени көзқарастардың өзгеруіне деген көзқарасыңызды тұжырымдаңыз.

Өзін жетілдіру тапсырмасы

«Боламасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеніз» деген Хакім Абайдың сөзіне ден бере отырып студентті әлемдік деңгейдегі ғалым марапаты арқылы ғылым жолына қызықтыру. Жалпы әлемде де, елімізде де ғалымдарды өз салалары бойынша марапаттау, төс белгілер, ғылыми статустар беру, жобаларды қаржыландыру, сыйақылар берудің түрлі жолдары қарастырылған. Соның ішіндегі ғалымдар үшін ең алпауыты – «Нобель сыйлығы». «Нобель бейбітшілік сыйлығы» – Альфред Нобельдің 1985 жылы 27 қарашада Парижде бейбітшілікті нығайту жетістіктері үшін өсиет еткен бес бағыттағы жыл сайынғы сыйлығы. Ол 1901 жылдан бастап жүргізіліп келеді. Әлемдік түрлі ірі оқиғаларға байланысты өткізілмей қалған жылдары да бар. Нобель сыйлығын жеңген ғалым аса танымалдыққа және қомақты сыйақыға ие болады.

Студент «Нобель сыйлығына» ие болған философтарды іздеп тауып ол туралы ақпараттар жинауы қажет.

Нобель игерінің аты-жөні (философ)	Нобель алған жылы	Мемлекеті (қай елден шыққаны немесе ұлты)	Нобельге ұсынған еңбегі	Марапат негіздемесі	Сыйақы көлемі
-	-	-	-	-	-

Нобель сыйлығының ғасырдан астам уақыт бойы жүзеге асырылып келе жатқандығын ескеріп, студент белгілі бір жылдар аралығындағы философтарды немесе 5 кем емес әр жылдағы өзіне ұнаған иегерлерді топтастырады. Кестеге сай ақпараттар толтырылған соң жалпы қорытынды жасауға болады.

Нәтижесі: тапсырманы орындай отырып студенттің әлемдік деңгейдегі марапатқа ие болудың ғалымның өзі және оның елі үшін үлкен мәртебе екендігін түсінеді. Қомақты сыйақы көлемі де нарықтық заманға бейім жастарды қызықтыруы ықтимал.

ШЫҒЫС ЖӘНЕ БАТЫСТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ СҰХБАТЫ

1. *Шығыс философиясының ерекше мәдени аспектілері.*
2. *Батыс философиясындағы мәдениеттің қалыптасу мәселелері.*
3. *Шығыс пен Батыстың әртүрлі мәдени ой географиясы.*

Шығыс және батыс философиясының мәдени-тарихи қалыптасу жолдары тым ұзақ әрі күрделі. Адамзат өркениетіндегі құнды мұра болып есептелетін шығыстық және батыстық философия мен олардың әлеуметтік ойлары жалпы философиялық дәстүрдің негізін құрайды. Қазіргі таңдағы көптеген күрделі жаһандық мәселелер мен дау-дамайларды оңтайлы шешудің бірден-бір әдісі шығыс пен батыстың ынтымақтастық мүддесі. Қазіргі батыстың биік ойлары мен идеяларының түбі шығысқа барып тірелсе, шығыстың бүгінгі келбеті батыстың өркениетімен астасып отыр. Сол себепті әлемдік мәдениет шығыс дамуындағы батыс пен батыс дамуындағы шығыстың үлес салмақтарын нақтылап жаһандық мәселелерді шешуде интеграциялық диалогтың рөлін күшейтуді көздейді. Шығыс пен батыс халықтары көптеген ғасырлар бойы әртүрлі тарихи және мәдени жағдайларда қалыптасып келеді, сәйкесінше олардың өмір сүру жүйесінде екі түрлі нақты ойлау тәсілдері бар. Осы себепті әлемдік мәдениеттегі болып жатқан әртүрлі құбылысты екеуі екі түрлі өзіндік тәсілі арқылы қабылдайды.

Жалпы «Шығыс-Батыс» ұғымы ерекше әлеуметтік жүйе ретінде пайда болғанға дейін, оның сыртқы айырмашылығы мен идентификациясы әлеуметтік-экономикалық сипаттағы факторлармен байланыста болды. Ғылыми прогресс идеясының бекітуі бойынша қоғамның екі түрінің мәңгілігі туралы талқылау, біртіндеп олардың тарихи сабақтастығына ауыса бастады: "батыс" сәйкесінше, "шығыспен" салыстырмалы түрде барынша прогрессивті, ал "шығыстық" қоғам – даму бойынша батыстан артта қалушы ретінде – дей отырып, батыс тарихи дамудың

белгілі бір кезеңінде пайда болған форма ретінде қарастырыла бастады. Бұл тек ғана географиялық бөлініс емес, сонымен қатар ақылды тіршілік иесіне табиғаттың өзі бөліп берген заттар қатары: бұл екі принцип, екі динамикалық табиғат күшімен сәйкес келеді. Дегенменде бұл екі бөліністің негізгі себебі даму мәселесі деп алатын болсақ, бұл ұғымның өзі өзіндік толық мағынасын бермейді.

Орта ғасырларда күрделі әлеуметтік, экономикалық және саяси Шығыстық ғұлама ойшылдар дамытқан мәдениет пен философия, нақты ғылымдар мен ғылыми жаңалықтар нағыз өркендеу, өркениет бейнесін берді. Шығыстың болмыс-бітіміне тән баяулық ренессанстан соң тіпті басым болды, осы сәтте ортағасырлық дін шырмауынан енді құтылған батыстықтар үшін шығыстық жаңалықтар үлкен қор, таусылмас қазына болды. Олар өздеріне тән шапшандықтарымен шығыстық ілім-білімді өз сүзгілерінен өткізіп, өздері үшін жаңа философия жасады. Жаңа философия – философия тарихындағы жаңа заман философиясы. Демек, қайта өрлеу философиясы ешқандайда көне емес, оған аты да сәйкес келмейді. Жаңа философия шығыстық ойды батысқа айналыдырып жаңашаландыру, тікелей айтсақ пайдалану. Бұл жердегі мақсат батыспен шығысты бір-біріне қарсы қою емес, керісінше осындай пікірлерден арашалап алу. Отандық ғалым Ж. Мүтәліпов: Шығыс пен Батыс мәдениеттерін бір-бірімен қатар қоюға да, салыстыруға да болар, бірақ оларды бір-біріне қарама-қарсы қою дұрыс емес, олай болатын себебі Шығыс пен Батыс – әлемдік екі бастама, екі рух, екі дене, екі жаратылыс дүниесі. Сондықтан да «өзімдікі» мен «өзгенікі» пиғылына бас ұра бермей, мәдениеттің өрісін кеңейте түскенге не жетсін. Ең бастысы мәдениеттің ең алғашқы ошағы Шығыс болғандығын, дәлірек айтқанда мәдениеттің Шығыста пайда болғандығын естен шығармауымыз керек сияқты дей келе, Шығыстың мәртебесін көтеретін “Ұлы жібек жолы” туралы былай дейді: “Екі мың жылдық тарихы бар Ұлы Жібек жолы өзінің ғұмырының ұзақтығымен ғана емес, сонымен қатар адамзат баласының мәдени дамуына қосқан үлесімен даралық қасиеттерге ие болған, енді қайтып қайталана қоймайтын мәдени құбылыс және өркениет жолы болды. Жібек жолы көшпелі қазақ халқының сауда-саттық қатынастарының қайнар бастауы. Ол

Азия мен Еуропа елдерін байланыстыратын, батыс пен шығыс өркениетінің мәдени дәстүрлерін, діни сенімдерін, ғылыми-техникалық жетістіктерін түйістіретін ежелгі керуен жолына айналды. Бұл жолдың едәуір бөлігі Орта Азия мен Қазақстан территориясын қамтығандықтан, сол кезеңдегі Шығыс мәдениетінің беделі барынша жоғары болды.

XV ғасырға дейін жалғыз сауда магистралі ретінде қызмет еткен Ұлы Жібек Жолы әлемдік өркениеттердің қомақты жетістігі ретінде дәріптеледі. Қазіргі кезеңде Ұлы Жібек жолының ізін жалғастырған жаңа еуразиялық континенталдық көпір Қытайдың шығыс порттарын Орталық Азия мемлекеттері арқылы Батыс Еуропа порттарымен байланыстыратын трансконтиненталдық теміржол магистралы жүзеге асты. Дружба және Алашанькоу станциялары арасында 1990 жылдың қыркүйегінде іске асырылған түйісу Қытай және басқа да Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің Қазақстан арқылы Еуропа елдеріне шығуға мүмкіндік берді. Жалпы қазақ даласында қоғамдық ғылымдар таратылуының бой алуы ежелде Шығыстың Араб, Иран, Қытай ойшылдарының көзқарастарынан байқалса, кейінірек ресейлік ықпалдың күшеюімен бірге Еуропалық ойлар жалғасты. І Петр Қазақстанды Азияға шығар қақпаның кілті десе, хакім Абай Ресейді Еуропаға көзқарасты кеңейтер үлкен терезе деп үлкен мәдени сұхбаттастық көпірін мегзеді. Жоғарыдағы ойымызды өрбіте келе, философия тарихына енген дәуірлер қатарының тізбектеле бірін-бірі жалғастыруы тарихи реттілік, ал тарих дегеніміз – адамдар тағдыры, өркениеттер тағдыры.

XII ғасырдың екінші ширегінен бастап еуропалықтар мұсылмандармен тығыз қарам-қатынаста болды. Бұл қатынастар сауда-саттық, мәдениет, өнер және ғылым салаларында жасалынды. Дәл сол кезеңде Андалузияда медресе саны көп болған. Көптеген еуропалықтар сол білім ордасы қызметін атқарған медреселерде ең алдымен араб тілін оқыды. Себебі, сол дәуірдегі медицина, философия, инженерлік іс, астрономия т.б. ғылым салаларына қатысты жаңа зерттеулермен еңбектерді араб тілін білмей меңгеру мүмкін емес еді. Яғни, араб тілі – ғылым тілі қызметін атқарды. Математика саласында да елеулі өзгерістер орын алды. Мұсылман ғалымдарының ізденістері арқасында адамзат араб сандарымен танысты. Сөйтіп, қолайсыз латын

сандарының орнына есепке араб сандары алынды. Қазіргі кезде бүкіл әлем есепте қолданылатын сандар жүйесі, яғни бірлік, ондық, жүздік, мыңдық реті мұсылман ғалымдары еңбектерінің нәтижесі. XII-XIII ғғ. Еуропаның кітапханалары ғылымның түрлі салаларына қатысты араб тілінде жазылған мыңдаған құнды еңбектердің латын тілінде жасалған аудармаларымен толықтырылды. Сонымен қатар латын тіліне аударылған мұсылман ғалымдарының табиғаттану, философия, математика, астрономия, медицинаға қатысты еңбектері Франция, Италия, Британиядағы Оксфорд және Кембридж университеттерінде оқулық ретінде қолданылды. Осылайша мұсылман ғалымдардың үлесіндегі түрлі ғылыми зерттеулердің нәтижелері мен жетістіктері бүкіл адамзаттың еншісіне тиген.

Егерде өркениетті шартты түрде өз, төл мәдениетінді әлемге паш ету деп алар болсақ, оның түрлі жолдары бар. Ал мұсылман өркениетін таңдаған жолдарының бірі – аударма. Аударма – мәдени құбылыс. Өйткені біріншіден, аударманы қажет етуші де, жасаушы да адам. Ал адам мен мәдениетті бөліп-жарып қарастыра алмайсыз, себебі мәдениет – адами болмыс ету нәтижесі. Екіншіден, аударма – мәдениетаралық байланысты жеңілдетіп, мәдениеттердің жандануына, өзара ықпал нәтижесінде баюына үлкен әсер ететін құбылыс. Әрбір ұлттың ең үздік, озық ойшылдарының еңбектері араб тілдеріне аударылып, халықтың өз тілдерінде рухани сауаттануы өркениетке шығудың бір түзу жолы еді. Ортағасырлық діни философия батыста христиандық сипатта болса, шығыста исламдық, яғни мұсылмандық сипатта болғаны бәрімізге мәлім. Демек, ортағасырлық мұсылман философиясының баяулаған ырғағынан кейін батыстық философия күш алып, шығыс идеясын сүзгіден өткізіп өз тездеріне салып басқаша сөйлетті. Шынына келгенде, философияны батыстық немесе шығыстық деп бөлудің қажеті жоқ. Философия – ол біреу ғана.

Шығыс философиясы шығыс поэзиясымен, дінмен, яғни мұсылмандықпен өте тығыз байланысты. Шығыстың әрбір ақыны қол тигізген кез-келген «рубаят», «бейт», «газель», «касыда», «кыта», «маснави» белгілі бір философиялық ойға, мәселеге толы. Рудаки, Фирдоуси, Ибн-Сина, Саади, Хафиз, Джами және т.б. сынды ақындардың еңбектері Еуропаға жақсы

танымал. Себебі олар тек өлең жазумен ғана емес, сонымен бірге математика, медицина, астрономиямен де шұғылданған. Рудакидің 130 мыңнан астам екі қатарлы өлеңдері, яғни бейттері бар, өкінішке орай, олардың бізге мың бейті ғана мәлім. Оның «Камила және Димани» атты поэмасының өзі 12 мың бейттен тұрады. Рудакидің шығарма көлемінің қомақты екенін дәлелдеу үшін мынандай мысалдар келтіруге болады. Мәселен атақты Гомердің «Илиадасы» 18 мың, «Одесеясы» 12 мың қатар, Дантенің «Божественная комедия» еңбегі 15 мың қатар болса, Пушкиннің «Евгений Онегині» бес мың қатар. Отыз жыл бойы атақты «Шах-намені» жазған Фердоуси поэмасы 60 мың бейттен, яғни 120 мың қатардан тұрады, бізге жеткені жүз мың өлең қатары, яғни поэманың негізгі мәтіні, түпнұсқалық идеясы сақталған деп айтуға толық негіз бар.

Шығыс жұлдыздарының бірі Фирдоусидің «мәдениеті мен өркениеті төмен халық қатыгез және аяусыз келеді, сондай-ақ, олар көбінесе жеңімпаз болады. Көне мәдениет пен өркениет о бастан өз бойында «өлтірме» деген түсінікті қамтыған» деген бір тамаша даналық ойы бар. Бұл даналық сол заманда өте актуалды болса, қазір өркениет заманының тұсында оданда маңызды күйге жетті. Өздерін ірі өркениетті елдерге жатқызып ерекшеленетін мемлекеттер тек мемлекеттің экономикалық, қаржылық, саяси және т.б. байлықтарын салмақтай бермей Фирдоуси атаған мәдениеттілік пен өркениеттіліктің түпкі мағынасына мән бергендері абзал болар еді.

Парсы поэзиясының жұлдызы Рудаки: «Ей, адам, қылышқа ие болсаң адамды өлтірме, себебі, Құдай зұлымдықты ешуақытта ұмытпайды ... «Иса жолда өліп жатқан адамды көріп, бармағын тістеп, «О, бақытсыз! Сені өлтірерліктей, сен кімді өлтіріп едің? Сені өлтірген адамды енді кім өлтірер екен?!» деген екен. Ұлы парсы-тәжік ақынының осы философиялық-поэтикалық пікірі «Өзіңе азаттық пен бақыт тілесен, өзгелерге де соны тілеуің керек» деген негізгі өмірлік принципке саяды. Осы тұста Рудакидің «ақылды қайырымдылық пен бейбітшілікке ұмтылады, ақымақ соғыс пен қырсықтыққа тұтылады» деген қанатты сөзін қиыстыруға болады. Адамдардың толыққанды санасы мен өмірге деген реалды көзқарасы, адамдық қасиеттерді жоғары қоюы мен ұлтжандылығы, ең бастысы имандылығы мен өз мәдениетіне

деген құрметі барлығын да қалыпқа келтіреді. Біз дала перзенттеріміз. Дала перзенттерінің мынандай бір дана ережесі бар: «құрбақалар арасында өзінде құрбақаға айналасың» немесе «өзгеге ерсең өзінді жоғалтасың». Қыпшақтар кең дала секілді дархан, ақылды, өнершіл, қайырымды, ақ көңіл халық, яғни тарихта аталған «жабайылықтың» керісінше нұсқасы.

Батысқа үлгі, таусылмас қазына, біліммен ғылымның кені бола білген шығыстық философия мұндай маңыздылыққа ислам дінінің, жүрекке ұялаған имандылықтың, ар тазалығының арқасында жетті. Ислам дініндегі ең маңызды феномен дінмен ғылымның аса үйлесімді бірлікте болуында. Мұсылмандар арасында кең таралған Мұхамедтің «бесіктен бейітке дейін білім іздендер» деген өсиетімен «тал бесіктен жер бесікке дейін білім ізде» деген осы өсиет үндес парсы мақалы дәлел бола алады. Орта ғасырлық тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и-Рашиди” еңбегінде Қазақстан территориясына ислам дінінің таралуы туралы аңыз келтірілген. Дулатидің айтуынша алғаш ислам дінін қабылдауға ниет білдірген тарихи тұлға Тоғылық Темір хан екен. Аңыз мәтіні былай басталады: “Шейхтен Тоғылық Темір хан: “Адамды иттен артық ететін бұл не нәрсе?” – деп сұрайды. Шейх: “Иман”, – деп жауап берді. Содан кейін жалпы ислам діні мұсылмандық шарттары жайлы толық түсіндіреді. Сонда хан оған: “Егер мен хан болып, тәуелсіздік алсам, міндетті түрде сіздің келуіңізді сұраймын. Мен исламды қабылдаймын”, – дейді. Осы оқиғадан кейін Шейх хәл үстінде жатып, баласы Маулана Аршададдинге болған оқиға жайлы әңгімелейді және мынандай өсиет қалдырады: “Мен бір түс көрген едім, түсімде бір шырақты жоғары көтеріп жүр екенмін. Оның нұры бүкіл Шығыс жақты жарқыратып тұр екен. Осыдан кейін мен Ақсуда Тоғылық Темір ханға кезіктім”, – деп өткен оқиғаны ұлына баяндайды. Менің ғұмырым жетпеді. Енді сен: “Егер сол балаң жігіт хан болса, іздеп бар, ол өз уәдесін орындауға тиіс. Сол бақыттың қолдаушысы өзің боласың. Оның мұсылман болуы бүкіл әлемді жарқыратады”, – деді. Аңыз сарыны ескіргенімен түпкі идеясы ескірмеген. Бүгінде Ислам ең таза дін ретінде көпшілік арасынан үлкен қолдау тауып, шын мәнінде де Шығысты жарқыратып тұр. Өзге дін өкілдерінің өзі

Ислам дінінің ұлылығын мойындап отырған шақта, бұл діннің келешекте бүкіл әлемді жарқыратуы әбден мүмкін.

Өркениеттердің адамзат тарихында алар орны ерекше екендігін тағы да қайталай отырып, өркениеттер тоғысуының қашанда басқа халықтың, ұлттың, мәдениеттің, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің құрметтеу негізінде болғанын атап өткен жөн. Халықтар арасындағы қатынас әрдайым осы ұстанымға негізделіп, адамзаттың үйлесімді дамуына оңды ықпалын тигізген. Қандай өркениет болмасын өз бетінше дамиды, өркен жаяды. Бұл жерде өз бетінше даму деген сөзді тура мағынасында түсінудің қажеті жоқ. Өйткені еш қозғалыссыз, ара-қатынасыз даму болмайтыны бәрімізге белгілі. Демек, сол кезде бір тілдегі құнды еңбектер басқа тілдерге аударылып отырған. Ал, кейін басқа тіл иелері ол аудармаларды зерттеп, сол еңбектер мен зеттеулерді үйлесімді түрде жалғастырған. Бір ғалымының еңбегі басқа ғалым еңбегінде өз жалғасын тапқан. Барша адамзат өркениеті осы жолмен дамыған. Бұған мысал ретінде мұсылмандық өркениетті алайық. Бұл өркениет өзінің алғашқы күнінен бастап басқа өркениеттердің құндылықтарына назарын салып, олардың өнегелі тұстарын пайдалана білді. Бұған дәлел ретінде мұсылман ғұламаларының грек, парсы және үнді өркениеттерінің тарихын зерттеп білуі.

XI ғасырда, нақтырақ айтқанда 1069 жылы бүгінгі күні қазақ халқының көне тарихынан сыр берер асыл мұралар қатарындағы «Құтадығу білік» еңбегінің авторы, адам бойындағы адамгершілік құндылығын дәріптеген, ізгілікті адам тәрбиесін ұсынған ортағасырлық ғұлама Жүсіп Баласағұн білімнің пайдасы мен надандықтың зияны жайында

Айтайын білім жайын, құнты бар бол,
Ей, достым, білімдіге ынтызар бол,
Ашылар білімменен бақыт жолы,
Білім ал жолға түсіп бақыт толы.
Білімді – алтын көзі ашылатын,
Надан жан – қара бақыр шашылатын.
Білімсіз тең бола ма білімдімен,
Азамат – білікті әйел, ер – қатын –

деп жырлады. Алайда ғұлама пікірінше барлық болып кеткен, болып жатқан және алда болатынның барлығы бір Алланың қолында екенін айтады. Баласағұн:

Жер мен көктің, тірі жанның иесі,
Же мәз болып – берді ризық тиесі.
Барша жанға көміп берді көмейді, -
Жегізеді, бірақ өзі жемейді.
Аш қоймайды жаны бардың бірісін,-

Ішім, жеммен асырайды тірісін – деген өлең сөздері арқылы адамның өмірде, отбасын құрған сәтінде, одан ары ата-ана болған кезде бір-бірімізді немесе балаларымызды қалай асыраймыз деп қайғыланудың қажеттілігі жоқ екенін алға тартады. Жаратқан ризық-несібені бөліп қойған, тек соны алуға ұмтылып, адал еңбек етуге шақырады. Жүсіп Баласағұнның осы ойын келесі өлеңімен жалғауға болады:

Білік берді – адам бүгін жетілді,
Ақыл берді – талай түйін шешілді.
Кімге хұда берсе білім, ақылды,
Қолы жетіп, алар ол мол асылды!
Ақылды – ұлы, біл, білімді – білікті,
Қонса екеуі, ұлы етер жігітті –

деген сөздер қыз балаларға өзіне өмірлік жар таңдау мәселесінде ақыл-кеңес бола алады. Өмірлік жар таңдау ер жігіт үшін де қыз баласы үшін де аса маңызды қадам. Қалыпты отбасының сәтті қадамы дәл осы жұп таңдаудан, жарасудан басталады. Қалыпты отбасын құруды мақсат еткен қыз бала ер жігіттің білімі мен білігінің дәрежесіне назар аударуы керек. Бұл даналық өсиеттерден білімнің қай кезеңде болмасын адамзат үшін қажет те маңызды болғандығын көреміз. Білім – бүгінгі күннің тренді. Бұл турасында хакім Абай адам адамнан байлығымен, бет-пішінімен емес, білімімен, мінезімен айрықшаланады деген еді.

Қазіргі қалыптасқан еуропалық батыс өркениеті мен далалық шығыс өркениеті мәселесі ғалымдар тарапынан түрлі көзқарастар тудырып отыр. Осы екі өркениеттің қайсысы

бірінші, қайсысы күшті, өркениеттің алғашқы ошақтары қай өркениетте болды деген салыстырмалы таластар бүгінгі заманның сәніне айналғандай. Бәрімізге белгілі өркениетшілердің көпшілігі шығыс өркениетін, оның ішінде дала, көшпелілер өркениетін дамыған әлемдік өркениет қатарына қоспай жабайы деп есептеген. Өз тарихтарынан басқа тарихты мойындағылары келмегендіктен бе әлде бұйрық солай болды ма белгісіз, бұрмаланып, керісінше келеңсіз жазылған тарих беттерін алға ұсынып, батыстық зерттеушілер үлкен даудың қызу ортасында жүр. Осыған орай, осындай таластардың дәлелдемесі ретінде бірнеше ойларды салыстыра отырып тоқталып көрерлік.

Даудың басын шығыстың мәртебесін көтеріп, қайта жазылған тарихтың шындалған шыңын дәлелдеп жүрген тарихшы Мурад Аджидан бастасақ:

"Біздің тарихымызды қорлады және именденді. Қыпшақ халқы туралы тек дұрыс емес дүниелер ғана жазылған. Бізге қастық тілегендер әрқашан бізді күл болып өмір сүруімізді, туыстықты білмейтін орыстануымызды қалаған. Тарихтағы "жабайы көшпенділер", "оңбаған татарлар", "варварлар", "вандалдар" атағы бар ата-бабаларынан үялсын және ешқашан ешкім естеріне түсірмесін деген ниетпен тарихты бұрмалап қайта жазған. Түбіне келгенде еуропалық өркениеттің негізін қалаған біздің халық, яғни, қыпшақ халқы. Біздің ата-бабаларымыз еуропаға темірді балқытуды, одан қол өнер бұйымдарын жасауды үйреткен. Бізге қарап еуропаның ерлері шалбар киді, қасық пен шанышқы және басқа да тұрмыстық заттарды қолдануды үйренді". Крест жорығы кезінде, батыстық әлем ислам әлемімен соқтығысты. Сол уақытта ұлы ислам өркениеті күлдірауға шақ тұрған. Батыстық әлемде хроникалық дағдарыстан қиналып тұрған, батыстың оянуына дәл осы қақтығыстың маңызды рөл ойнауы әбден мүмкін, оның жемісі Қайта өрлеу, яғни Ренессанс және қазіргі заманғы батыстық өркениет шыққан Реформация қозғалысы. Батыс осы байланыста басқа жаңа әрі таңсық өркениет пен әдебиет формасымен танысты. Мұсылмандық ойшылдардың арқасында Батыс өздерінің мәдениеті мен өркениетінің алғашқы қайнар бастауын білді, яғни, Антикалық Гректер мен Рим идеялары. Қайта өрлеу – бұл бір керемет, ортағасырдың жалғасқан кезеңінен шығу сәті.

Бұл уақыт Грек қалалдарында, мемлекеттерінде, республикаларында пайда болған, ал кейіннен Рим империясында дамыған ежелгі мәдени дәстүрлермен қайта қалпына келу байланысы. Әрине, Қайта өрлеу – бұл қайта түсіну және дәстүрлердің өзгеруі. Өркениетті негіздерге жүгіну өркениеттілік ұғымына тереңірек үңілуді туындатады. Бүгінде оны жеке адамдар мен топтардың заттық және рухани аспектілерінің жалпы байланыстарына негізделген, уақыт пен кеңістікте бұлжымас орнықтылығы бар әлеуметтік өмірдің үлкен көлемді қалыптағы ұйымдастырушысы деген түсінік көпшіліктің мойындауымен ерекшеленді. Қоғамдық қатынастардың рухани қалыптары ерекше мәнге ие болады. Мұның өзі жалпылық мәнге ие және қажетті жүйелік компоненттерде іске асады. Бұл өркениеттің әлеуметтік күштері арқылы оның тұтастығы құралады. Бұл өз көрнісін рухани байлықтардың, идеялардың білімінің, бет-бағдардың, дәстүрдің, нормалар мен символдар бірлігінен табады. Тек өркениеттілік қоғам дамуындағы үйлесімділікті, оның болашақпен байланысын қамтамасыз етеді, қоғамды өзінің ырғағына бағындырады. Бұл өз көрнісін әрқилы қалыптасу кезеңдерінен, өркендеуден немесе тоқыраудан табады.

Осы негізде нағыз ұлттық қоғамдасу тек капитализмнің келуімен әлеуметтік мәдени жүйе болып қалыптасады деген формациялық көзқарастың жалғандығына көз жеткіземіз. Көп жылдық айтыстар көрсеткендей, "азиялық өндіріс әдісі" батыстық экономикалық өлшеулерге бағынбайды. Сондықтан да Шығыстағы өркениет мүлдем Батыстық емес қауымдасу әдісіне негізделген. Бүгінгі күні Батыс алдында Шығыстың басы көтеріңкі, себебі қазір шығысты барша әлем мойындап отыр. Күншығыс өзінің бір кездердегі беделі мен кемеңгер кезіне келе жатыр. Батыстың шығысқа алақөзденіп қараған бір кездердегі әрекетін Абайдың мына бір өлең жолдарымен сипаттауға болады.

Күшік асырап, ит еттім
Ол балтырымды қанатты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты.

Қазір өркениеттіліктің ортақ теориясы жоқ. Дегенмен, Шығыс қоғамдарын жүйе ретінде зерттеу үшін өркениеттілік мәні мен оның орнын сипаттауға мүмкіндік беретін жалпы көпшілік қабылдаған ұғымдар бар. Өркениет бұл жағдайда аталмыш қоғамның бүкіл шекарасы мен өнбойын көктей өтетін, мәдени қалыптардың барлығына қорек беріп, қоғамның рухани негізін құрап, бүтіндікті бекітетін белгілі бір механизм, субстанция ретінде түсіндіріледі. Халықтың әртүрлі қауымы, оның ішінде қалалықтар немесе ауыл тұрғындары орталықта тұрса да, шеткері аймақты мекендесе де, белгілі бір мөлшерде сол қоғамға тән идеалдар мен байлықтарға кездесіп отырады. Бұлар сол қоғамда бола тұрып әруақытта болатын бүтінділік механизмімен бекітіледі. Бұл өркениеттегі ең бастысы – рухани өндірістің қолма-қол жүйесі, ол заттық өндіріс факторына қарағанда әлдеқайда мығым, орнықты.

Өркениеттің рухани аспектісінің көлемді болғаны сонша, оның Шығыс қоғамындағы орны Батысқа қарағанда мүлдем өзгеше. Осы негізде Шығыс өркениеті батыстың өмір сүру үрдісіне қайшылық /конфронтациялық/ қатынасын қалыптастырады. Қазір өркениетті даму концепциясына үлкен үміт артылып отыр. Бұл дүниетанымдық теориялардың европоцентристік түрінің жалпы әлемдік әмбебаптылыққа ие болмағандығына байланысты келіп тірелген тұйық. Даму түрінің көпқабаттылығы идеясы, эволюция жолдарының плюрализмі, яғни өркениет Шығыста да Батыстағыдай әрқилы жолдармен жүреді делінеді.

Адам баласының адамзат атанған күннен бастап дүниетаным деген ұғым қалыптасты. Дүниетаным арқылы біз айналамыздағы бар дүниенің жай-жапсарын анықтаймыз, оны тануға, санамызға сіңдіруге және меңгеруге тырысамыз. Әрбір жеке тұлғаның дербес дүниетанымы біріге келе тұтас бір дүниеге көзқарасты тудырса, сол дүниетанымнан әрбір жеке адам көзқарасы өз бастауын алады. Дүниетанымның қамтымайтын аймағы жоқ. Ол адам баласына қатысты барлық мәселелерге араласып, өз деңгейін көрсетіп отырады. Алғашқы ғылым ретінде танылатын философияның негізгі іргетасын осы дүниетаным құрайды. Жалпы алғанда, философия – дүниетанымдық ғылыми жүйе. Дүниетанымның теориялық негізі немесе ғылыми жүйесі

ретіндегі философияның басты ерекшелігі, бүкіл дүниені бір тұтас бүтін ретінде қарастыруында, яғни оның ішкі және сыртқы байланыстарын өзара бірлікте зерттейді. Ал дүниетанымның негізгі ұғымдары «дүние» және «адам». Бұлардың әрбірі объективті шындық, ерекше бір құбылыс болғандықтан, олардың әрқайсысының ішкі табиғатын, бір-біріне өзара тәуелді қатынасы, байланысы арқылы ғана түсінуге әрі түсіндіруге болады. Демек, кез-келген ғылым осы екі табиғи шындықтың қатынасынан туындайтын мәселелерді зерттейді десек артық емес. Екінші сөзбен айтқанда, әр ғылым қоршаған орта мен адам бірлігінің немесе жалпы объективті шындықтың белгілі бір көріністерін ғана зерттейді.

Дүниетаным деңгейі өркениет деңгейімен үштасып жатыр. Өркениетті жасаушы да, жоюшы да адам болғандықтан, антропология мәселесін жан-жақты салалы зерттеу қай кезеңдеде толастаған емес. Адамға ең қызықты объект – ол адамның өзі. Адам адамға әрі объект, әрі субъект. Ешқандай ғылым адамды толыққанды зерттей алмайды. Бір ғылым адамның жанын зерттесе, екіншісі биологиялық құрылымын, ал үшіншісі қоғамдағы рөлін зерттейді. Адаммен байланыссыз бірде-бір ғылым жоқ. Барлық ғылым адамға тәуелді, себебі ол адам ойының, адам дүниетанымының жетістігі.

Адамзаттың шығу тегі немесе алғашқы адамның тіршілік жағдайы туралы әр түрлі салыстырмалы пікірлер қатарында бір-біріне қарама-қайшы екі көзқарас бар. Көптеген зерттеушілер алғашқы адамды жәй ғана жабайы деп есептеп, олар өркениетке ешқандай прогресивті қозғалыс туғыза алмайды деген көзқарасты ұстанды. Тарихқа жүгінсек, кейбір нәсілдер белгілі бір кезеңдерде немесе ғасырлар жалғасында өз дамуында тоқтап қалады, кейде тіпті сол дамудан кейін шегінеді. Басқа авторлар диаметральды қарама-қайшы көзқараста болды. Олардың пікірлері бойынша, адам әу бастан-ақ қазіргі біздің көріп жүргеніміздей, тек олар бізден гөрі ғылыммен, өнермен азырақ таныс болды, бірақ ақыл сапасы қазіргі адамнан еш кем болмаған.

Осы тұста белгілі ғалым, археолог Д. Уотли ойына мән бергеніміз де орынды: «қандай да бір қауым ешқашан бөгденің көмегінсіз толық варварлық күйінен келесі біз өркениет деп атап

жүрген күйге өтпеген және өте алмайды да, ал бұған біздің сенбеуімізге еш себеп жоқ. Адам жабайы күйден шыққан жоқ, әрбір қауымдағы өркениетке деген прогресс сол қауымның өз ішінде, сондықтан олар сол күйден, алыста қалған толық варварлықтан әрқашан ішкі күштері арқылы шығып отырды, соған қарағанда адамдар ешқашан толық жетілмеген немесе өздігімен дами алмаған». Д. Уотли бойынша: біріншіден, жабайылар арасында прогресс бар, екіншіден, ең ірі өркениетті ұлттардан да алғашқы варварлардың іздерін табуға болады. Шындығында да, алғашқы адамдар терімшілік, егіншілік және малшылықпен айналысты, жабайы аңдарды үй жануары етіп қолға үйретті, тіпті қазіргі арнайы дайындықтағы сарбаздарымыздың соғыс алдында беттеріне қара бояу жағып алуы, алғашқы қауым адамдарының өлімнен қорқайды деген сенімдерінен қалған. Жабайылар арасындағы прогрессивтілік өркениеттің бастауына алып келді, өркениетке шығушы күш, мотивке айналды.

Тарих бойынша әлемнің әр түкпірлерінде бір-бірімен жарыса өрбіген өркениет нышандарын еш қиындықсыз анықтауға болады. Алғашқы варварлар адамдардың бұл атаудан құтылуына негіз болды, қазіргі заман адамдары өздерін варварлардан алшақтатады, дегенмен олар алғашқы үлгі, адамзаттың бастапқы күйі. Олар өркениеттің пайда болуына себепші. Сондықтанда біз оларды «варвар» деп айдарлап, өзімізден алшақтатқанымыз өркениеттілікке жат. Өйткені олар жабайылықтың емес, нағыз өркениеттіліктің бастамасы болды. Осы орайда, алғаш өркениет терминінің шығуына мұрындық болып, өздерін варварлардан ерекшелендіргісі келгендіктен азаматтық, мемлекеттік деген мағынаны білдіретін *civilis* /civilis/ сөзін ендірген атақты Римдіктер ойға оралады. Міне, бұл да варварлардың себебінен болып тұр, болмаса олар өздерін кіммен салыстырар еді. Сонда өркениеттің алғашқы шығу себебі қандай, римдіктер енгізген негізі неде? Бұл сұраққа ертедегі грек тарихшысы, өркениет пен варварлық құндылықтарының ара қатынасы мәселесін көтерген Публия Корнелия Тациттің көзқарасы арқылы жауап табуға болады.

«Ертедегі рим тарихшыларының ізденістері дұрыс бағытта. Онда азаматтық, идеалдарға деген сенімділік, жанұяға деген

махаббат сияқты әлеуметтік мәні бар адамзаттық, өнегелік құндылықтар бар, бірақ сонда да адамның ішкі дүниесінен, жан сарайынан бір дабыл сезімі сезілетін секілді» – дейді Тацит. Оның көптеген ойлары әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Қай кезеңде болмасын тек ізгілікті ойға негізделген идея ғана мәңгілік болмақ, ізгіліксіз ой уақытша ғана үстемдік етеді. Оған Маркстік ілім мысал бола алады. Социализм түсындағы марксизм-ленинизм атты тұтас ілімнің бүгінгі күні еш маңызы жоқ, яғни ол уақытша үстемдік еткен өктем ой ретінде қала берді. Ойымызды жалғастыра болсақ, Тацит әртүрлі халықтардың өмір сүру ерекшеліктерін қарастыра отырып, мынандай жағдайды байқайды: «Гректер тек өздеріне табынады, олар жалқау әрі өз бетімен кеткен... арабтарда дисциплина жоқ /недисциплинированны/... египеттіктер ырымшыл /суеверны/». Тацит рим экспанциясында апологет болған. Б.з.д. II ғасырдың басында Римнің жаулап алу саясатын ақтау шаралары басталған еді. Сол кезеңде Римнің саяси қайраткерлері мен сөз шешендері, Рим жаулап алу соғысын жүргізіп жүрген жоқ, керісінше, мәдениетті, халықтар достығын жариялап жүр деп дәріптеді. Тациттің пікірінен, Римдіктердің өркениетті енгізуде «мәдениет, өркениет» идеяларын ұстанып, осы саясатты жүргізіп жүрміз деп дәлелдегенімен, бұл идея немесе «өркениет» теориясы шын мәніндегі мағынасын бере алмағанын байқауға болады. Осындай тарихи мәліметтер қатары жоғарыда аталған әртүрлі көзқарастардың қалыптасуына мүмкіншілік туғызады.

Арабтың «тамаддун» сөзі өркениет деген мағынаны білдіреді, оның тамыры «мадина» немесе «мадине» қала яғни, қалалық болу, қалада жиналу деген сөзден тараған. Қазақтың «мәдениет» сөзінің түп-төркіні де дәл осы арабтың «маданият» сөзінен қалыптасқан. Тағы бір дәлел әл-Фарабидің қайырымды қала, адасқандар қаласы, надан қала, игілікке бағытталған қала туралы әлеуметтік-саяси, этикалық көзқарасы. Қала дегеніміз – көп адамның бір жерде шоғырланып өмір сүруі, демек олар жалпыға бірдей белгілі бір ережелер мен өмір сүру тәртіптеріне көндікпесе, бірігіп өмір сүру мағынасы жойылады. Бірігіп өмір сүру адамдарды мәдениетке, бірін-бірі тыңдауға, бір-бірінің қалауын сыйлауға және өз көзқарастарын біріктіріп, барлығына ортақ қарапайым этикалық нормалардың дүниеге келуіне

себепші болады. Кейбір ғалымдар бұл сөздің лексикалық мағынасына мән беріп, қоғамның рухани құндылықтарын қамтитын мәдени дамуға қарсы қойып, материалдық дамудың мән-мағынасында түсіндіреді. Демек, өркениеттің белді белгілері болып есептелінетін материалдық жетістіктер, қалалар, жолдар, көпірлер, керемет сарайлар, мектептер, әбсерваториялар, кітапханалар мен мешіттердің салынуы, математика, космография, астрономия, медицина, фармокология сияқты нақты ғылымдар аймағындағы ғылыми прогресс арқасында жүзеге асырылып отыр. Осы көзқарасты Ф. Энгельс те қолданған, оның “Отбасы, жеке меншік және мемлекеттің пайда болуы” деген еңбегінде өркениет жазу, қалалар және мемлекетпен бірге пайда болды деп жазады. Бірақ бұл ұғымға қайшы тағы бір көзқарас бар. Ол қоғамның рухани-мәдени құндылықтарын қамтитын әдебиет, тарих, дәстүрлер мен салттар, дін мен ұлт. Мысалы, Арнольд Джозеф Тойнби мен Уил Дорант әлемдік өркениет мәселелеріне арнаған өз еңбектерінде дәл осы ерекшеліктерді, яғни өркениеттің әмбебаптық мәнін ескерген еді.

А. Тойнби тарихшы ретінде салыстырмалы терең зерттеу жүргізе отырып, өз бетінше әр қоғамға сипаттама беруге тырысты. Ол ең бірінші өзіне жақын православиялық христиандық қоғамнан бастады. «Біз бұл қоғамға алғаш жақындаған уақытта аса көп қиындықты кездестірмейміз, себебі, әмбебапты мемлекет, әмбебапты шіркеу және тайпалардың қозғалысы – құбылыс тек аналогиялық қана емес, тіпті бірегей, өйткені, батыс қоғамының тарихи негізін зерттеу барысында біз мұндайларды кездестіргенбіз демек, православтық христиан қоғамы батыс христиандығымен сәйкес, яғни Эллиндік қоғаммен «бауыр-туыстық» қатынаста, ал мұнан шығатын қорытынды, бір қоғам бірнеше әртүрлі қоғамдармен «отандық-туыстық» қатынаста бола алады. Мұны дәлелдеу үшін географиялық факторларға қайта оралу қажет». Тарихшы-ғалым өркениеттердің немесе өзі атаған қоғамдардың географиялық орналасуына, тарихи мәліметтерге, археологиялық айғақтарға сүйене отырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын және жас шамаларын дәлелдеуге тырысты. Мысалы ислам мен иудаизмнің дамуы туралы А. Тойнби былай дейді:

«православтық христиан Кавказдың солтүстік етегінен дала шетіне ақырын жылжыған уақытта, иудаизм мен ислам тарихи аренаға шығып кетті. Иудаизм Волганың төменгі жағымен Дон аралығын мекен еткен орта хазарға жайылды, ал ислам – Орта Волгада ақ болгарлар арасында кең тарады. Мұндай жағдай Солтүстік-Шығыстағы православтық христиан экспанциясына нүкте қойды».

Осылайша Православтық христиан қоғамынан бастаған А. Тойнби ирандық және арабтық қоғамға келеді. Ол бұл қоғамды тірі қоғам қатарына жатқыза отырып, әмбебапты мемлекет – Аббасидтердің Бағдат халифаты, әмбебапты шіркеу – ислам, тайпалар қозғалысы – Ұлы дала төсіндегі түрік және моңғол көшпенділерінің қозғалыстары деп есептеді. Қазіргі күнгі ислам қоғамы шығу тегі бойынша бір емес. Оның бірлігі – дамуының соңғы фазасы Халифат Аббасид болған қоғамдардың бірігу нәтижесі.

Келесі қоғам сериялықтар қоғамы, А. Тойнби белгілі бір империялардың үқсастықтарын, олардың әкімшілік принциптерімен әлеуметтік және рухани өмірлерін салыстыра отырып, уақыт аралық өлшемдерінің сәйкес келуін және тамаша үқсастығын ғана қарастырып қойған жоқ, сонымен қатар, бұл мәліметтерді аса тарихи маңыздылығы бар бөлініс деп пайымдады. Ахеменидтер мен Римдік империя шығу тегінің үқсастығы ғалым пікірінше еш күмән туғызбайды, олардың басты айырмашылығы Эллиндік әмбебапты мемлекеттің бір ғана Римдік бастаудан өсуінде. Келесі тірі қоғам Инд пен Ганга даласын, өңірін мекендеген инд қоғамы және ең соңғы тірі, әрі араб қоғамына жақын ежелгі қытай қоғамы. А. Тойнби бойынша, өлі қоғамдар қатарына реликт, миной, шумер, хет, вавилон, анд, юкатан, мексикалық және майя, египеттік жатады.

А. Тойнби батыстық қоғамға жататын бір түрдегі 21 қоғамды қарастыра, біріктіре және белгілі бір критерийлер негізінде шамалап, өзіміздің жеке дара тарихымызға, нақтырақ айтсақ, әмбебапты мемлекеттердің, әлемдік шіркеулердің, батыр ғасырлардың, уақыт пен кеңістік арасындағы өркениеттер байланыстарының шығу тегі, өсуі, бірігуі мен ажырасуы, пайда болуы мен құлдырауына көшеміз, дей келе, өркениет керемет, ол еш нәрсемен салыстыруға келмейді деп тұжырымдайды. Бұл

«Өркениеттердің бірлігі» туралы тезис, әлеуметтік ортаның аса күшті ықпалына мықтап шырмалған, қазіргі заманғы батыс тарихшылары арасында танымал болған, жалған концепция болып табылады. Өзінің экономикалық жүйесін бар әлемге таратқан қазіргі заманғы батыс өркениеті осындай адасуды туғызуға бірден-бір себеп болып отыр. А. Тойнби екшелеген 21 өркениеттің жетеуі ғана тірі, ал қалған он төртті өлі өркениетке жатады. Өлі өркениеттердің кем дегенде үшеуі яғни, миной, египет және шумер қоғамдары тарихтың таң шапағында дүниеге келген. Демек, бұл үш өркениет тірі және өлі өркениеттер қатарынан бөлек, тарихи уақытта барынша ұзақ өмір сүрген өркениеттер ретінде жинақталуы керек. Бір ескеретін жайт, өркениеттерді уақыт арқылы салыстыра қарастырар болсақ, бірінің орынын бірі басып отырған өркениеттердің барлығы дерлік аталмыш үш өркениетті басып оза аламайды. Бұл өркениеттер ежелгі, алғашқы өркениеттер болып саналады, бірақ осыған қарамастан олар өте бай, қоры мол, үздік өркениеттер.

Ғалым пікірінше өркениетті қиыншылығы мол жол күтіп тұр, «өмір сол жолды жүргізуші және бұл жолды біраз адамдар өздігімен таба алады». Бірақ осы жолды тапқан адамдар, яғни шығармашылық тұлғалар, өркениеттің қозғалысына немесе оны бағыттауға жарамды ма? Олардың өз жолының дұрыс екеніне сенімділерінің өзі артына жалтақтамай алға жылжи алмайды. Олар «әлеуметтік жануарлар» іспеттес өз замандастарын артқа тастап кете алмайды, соларды бағыттау үшін, біріктіру мақсатындағы қозғалысқа қоғамның барлық мүшелерін жұмылдыру үшін, бар күш-жігерін жұмсайды. Бірақ қоғамның шығармашылықтан тыс бөлігі әрқашан және кез-келген жерде шығармашылыққа бейімделген азшылықты басып кетеді де, қиқар бұқараның тежеуішіне айналады немесе жалпы және бірқалыпты қалыптасуға мүмкіндіктері болмайды.

А. Тойнби бойынша «Қүдіреттілік ... әзірге адам жалғыз кезде еш мүмкін емес. Ол өз жанынан шығын мен қиналысқа ұшыраса да, өзін-өзі дамыту үшін, барлығын мойнымен көтеріп, басқаларды өзімен бірге жетілдіру жолына табанды түрде алып келуге міндетті». Әлеуметтік өмір табиғатының өзі шығармашылықты тұлғалар алдына серпіліс жасау таңдауын қояды. Бұл серпіліс Платон анықтамасы бойынша «өте күшті

интеллектуалды одақ және өте тығыз жеке дара араласу» арқылы ғана бір жаннан екінші бір жанға «алаудан шыққан жарқылдаған үшқын, жарық сәуле» тәрізді күдіретті от бере алады. Бірақ бұл жол басқалардың қатысуын талап ететін болғандықтан желтідіру мақсатында аса қолайлы емес. Сонымен қатар, ішкі рухани игілік беруші – қасиетті, себебі бұл барынша сирек, әрі керемет құбылыс, құдды әлемдегі қасиеттіліктің пайда болуы тәріздес. Әлем – шығармашылықты тұлғалар өмір сүріп, еңбек ететін жер. Бұл жәй, қарапайым адамдардың қоғамы. Шығармашылықты тұлғаның міндеті қарапайым адамдардың тобын өздерінің ізін қуушылар қатарына қосу, адамзат бойындағы белсенділікті арттыру, оны мақсатқа бағыттау болып табылады, ал мұндай міндетті тек мимесис немесе еліктеу арқылы ғана жасауға болады. Мимесис дегеніміз – әлеуметтік жаттығулардың әртүрлілігі. «Бір адам басқа адамнан еркін импульсті қалай алады? Мұның екі жолы бар. Бір жол жаттығуларда болса, екіншісі мистицизмде, яғни діни жоралғыларда. Бірінші тәсіл өнегелілікті дәстүр арқылы таратуды ұсынса, екіншісі азды-көпті толық идентификацияға, яғни өзін-өзі табу жолына түсе алатын басқа тұлғаны, тіпті рухани одақты ұсынады. Екінші тәсіл жағдайды ақылға салатынсақ немесе Платон сөзімен айтсақ, керең құлақ Орфейдің баға жетпес кифара музыкасын естуге қабілетті болмаса да, командирдің бұйрығын лезде қағып алады. Шығармашылықтан мақұрым көпшілік тіпті бұл жол оны өлімге апарса да, өз көсемдерінің артынан соқырларша ілесе беруі мүмкін. Сонымен қатар, мимесисті шынайы қолдану барысында қиыншылықтар мен басқа ережелер кездеседі. Егер мимесис жаттығу түрі болса, демек ол белгілі бір дәрежеде адамды механизациялайды. А. Тойнби біз «жұқалтаң механизм» немесе «техникалық шығармашылық» тіпті болмаса «шебер механика» деп айтқан кезде, бұл сөздер материя астарында өмірдің жалпы триумфалды идеясын бере алады, әсіресе, адамзаттық еркіндік пен табиғат аясындағы ойлар триумфі ерекше аталады деп есептейді. Механикалық ашылымдар шын мәнінде қоршаған ортаға деген адамның үстемдігін кеңейтті. Осылайша, жансыз объекттер өз мақсатына жетуге ұмтылған адамға көмектесе бастайды. Бірақ сержанттың өзі бұйрық бере отырып, взводтан

механикалық дағдылар жинай бастайды, бұл дегеніңіз адамдардың механизацияға жетуі деп пайымдайды.

Табиғаттың өзі адамды механикалық құралдарды пайдалануға дайындай отырып, ойлаптапқыштық қабілет берді. Адам үшін шығармашылықтың шебер туындысы – адамдық дене, табиғи механизм. Онда өзі реттейтін екі машина – жүрек пен өкпе бар, машиналардың жетілгендігі сондай олар өздерінің жұмыстарын автоматты түрде орындайды. Табиғат адамға сезім мен ойлау, шығармашылықты қайталанбас жұмыс қозғалысын орындау үшін бұлшық ет пен психикалық энергия берді. Табиғат органикалық өмірдің эволюция жолымен барынша өте жұқа ағзаларды пайда болғызды. Ол алға жылжудың барлық кезеңдерінде де Орфей тәрізді қимылдады. Табиғат өте көп қайталанатын жаттығулар қосқан, басқаша айтқанда, ол автоматизмге жетуді мұрат етті. Адамдық қоғам сияқты табиғи ағза өз бойында шығармашылыққа бейім азшылық пен керісінше көпшілікті ұстайды. Өсіп келе жатқан ағза да, өсіп келе жатқан қоғам тәрізді көпшілік жетекшілік етіп отырған азшылықтың нұсқауымен жүріп-тұрады және соларға еліктейді.

А.Тойнби тұжырымдаған келелі ойды түйіндер болсақ, адам жаратылысы расымен де өте күрделі. Адам санасының ауқымы шексіз және жаратылу шеберлігі аса ыждахаттылықпен қиыстырылған. Адамның әрбір дене мүшесі өздігімен керемет, олар өз қызметтерін еш жаңылмастан мүлтіксіз орындайды. Демек А. Тойнби көтерген мүшелердің автоматты қызметі мәселесі өте дұрыс, демек адам табиғатынан автоматтылық қызметке жақын. Адамның айқын мүшелерінен басқа сезім мүшелерінің болуы тіпті ғажап. Бұл мүшелер қызметі табиғаттан автоматтандырылған. Олай болса, адамдардың іс-әрекеттері өзінің жаратылыстану аймағынан алысқа кетпесе керек. Олар әуел бастан-ақ бір-бірімен қатынас жасауға, әрқашан алға ұмтылуға, өздерінің табиғатынан берілген жаратылыстық қасиетіне, яғни басқа дүниелерді өздерінің ақыл сапасына салып жаратуға бейімделген. Осы жаратылу дәстүрінің үздіксіз жалғасуының арқасында адамзат бүгінгідей даму тенденциясының жоғарғы дәрежесіне жетіп отыр. Дәстүрлер – бұл әдетке айналған ұрпақтан-ұрпаққа берілер іс-әрекеттер тәсілі. Адам жаңа нәрселерді жаратудан еш жалыққан емес,

себебі бұл дәстүрдің жалғасуы оның тумысынан берілген қасиеті. Ал жаңашылдық – ол өркениеттің өзегі, мәдениеттің мұрасы.

Өркениет – әлі күнге дейін өз мәресіне жетпеген, илеуі қанбаған, бірақ көптеген сан-саладағы зерттеушілердің қызығушылығын туғызып отырғандықтан, оған тоқталмай кеткен философтар, әлеуметтанушылар, тарихшылар тағы да басқа маман иелері кемде-кем. Өркениет тарихы сонау заманнан бастап, сабақтаса қалыптасып келе жатыр. «Өркениет» ұғымы ғылыми айналымға XVIII ғасырдағы француз ағартушыларының ықпалымен енді де, ақыл-ой мен әділдікке негізделген қоғам мағынасын берді. Кейіннен өркениетті қоғам жетістігінің рухани және материалды-техникалық бірлігі, сонымен қатар, белгілі бір уақытты-кеңістікті шектеулі шеңбер деп түсіне бастады. Оған антикалық, феодалдық, шығыстық, батыстық және тағы сол сияқты өркениет түрлері мысал бола алады. Өркениеттің тарихи алғашқы негізін өндірістік шаруашылықтан жер бөлінісінің таратылынуы, қол өнер, сауда, жазу, ой еңбегінің дене еңбегінен бөлінуі, жеке меншік пен класстардың пайда болуы, иерархиялық [тігінен] және партнерлық [көлденеңнен] байланыстардың қалыптасуынан бөлек қарастыра алмаймыз. Өркениетті қоғамдық дамудың баспалдағы ретінде сипаттасақ, К. Маркс пен Ф. Энгельсте «жабайы өркениет» немесе «өркениет жабайылығына» мән берген. В.И. Ленин болса, қоғам жағдайын «өркениетті жабайылық» деп атап, марксизм-ленинизм классиктерінде өркениетке жабайылық пен варварлықтың антиподы деп айдар таққан болатын. Олар Л. Морганның өркениет адамзат қоғамының жабайылық, тағылық сатысынан кейін орнайтын мемлекет пен құқықтың пайда болуымен сипатталатын даму сатысы деген пайымдауынан бас тартып өркениетті қоғамның тарихи дамуы, жабайылық пен варварлықтың ауысу кезеңі деп түсінді. Ал, өркениет варварлық кезеңмен тек «тауар өндірісі» өзінің арнаулы биік дәрежедегі орнын алғанда және қоғам дамуы үшін жеке негізін құрғанда ғана ауысады. Осылайша нағыз табиғи қатынастар орнына қоғамдық қатынастар келді де, адам табиғаттан салыстырмалы түрде тәуелсіз болғанымен, заттарға тәуелді болып қалды.

Ф. Энгельс өркениеттің варварлықтан ерекшелендіретін критериилерін атап көрсетеді. Олардың бірнешеуі мыналар:

барлық қоғамдық еңбек бөлінісінің дамуы, ауыл мен қала арасындағы қарама-қайшылықтың күшеюі, қоғамдық өндірістің тауарлық сипаты, мүлікті мұрагерлеу құқығы, түрлі биліктер, темір ақшаның енгізілуі, жабдықтаудың шығуы, жерге жеке меншіктің пайда болуы, құлдық еңбектің өндірістің үстем етуші түрі ретінде болуы. Қоғамдық қатынастардағы бір некелік жанұялар өзгеріп, әлеуметтік теңсіздік пен қоғамның шаруашылық бірлігі, мемлекет және адам, адамды шеттету, құқығын төмендету немесе қанау пайда болды. Формация термині геологиялық ғылымда К. Маркс есімімен қабылданды. Аталмыш терминді философия тарихына енгізген соң, К. Маркс оған аналогия элементі бұрыннан сақталса да, жаңа мазмұн берді. Философия тарихының контекстінде алғаш рет «формация» термині өз мағынасында К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брүнері» атты еңбегінде қолданылды. Формациялық ыңғай тарихи процесте субстанция ретінде анықталынды. Ол қоғамдық өмірдің жалғыз негізімен байланысты және осы негіздің өзгеруіне тарихи процесс стадиясының бөлінуі тәуелді деп есептеді. Бірақ К. Маркс тек формацияны ғана емес, сонымен қатар, өзінің принципті сипаттамасына сәйкес келмейтін өркениет үштігін ашты. Өркениет үштігін қалыптастыру кезінде К. Маркс бірінші орынға философия-антропологиялық парадигманы ұсынды. Ол адам әлеуметтілігін үш баспалдақтың ауысуы немесе дамуы түрінде елестетуге болады деп көрсетеді.

- Бірінші баспалдақ – жеке тәуелділік;
- Екінші баспалдақ – мәңгілік тәуелділікке негізделген жеке тәуелсіздік;
- Үшінші баспалдақ – адамның жан-жақты, әмбебапты дамуы, еркін жеке даралық.

Формациялық аспектідегі өркениеттің алағашқы баспалдағы батыс еуропалық тарихты, антика мен феодализмді қамтиды, екіншісі – капитализм, ал үшіншісі марксистік ұғым бойынша болашақтағы коммунизм. Бірақ мәселе маңызы тек тарихи кезеңдердің сәйкессіздігінде ғана емес, оның өркениеттік үштікті қалыптастыруында. Формациялық үштік бәрінен бұрын қоғамдық қатынастар жүйесінің тамырынан бастап қалыптасуын бейнелейтін тарихи процестің үзілмелілігін баса айтады, ал оның

әлеуеттілігін ұсынатын өркениет үзіліссіздігі бірқатар формациялық және өркениеттік баспалдақтарды өтуі мүмкін. Осыдан өркениет дамуындағы, әсіресе тарихи дәуірлерді басынан өткерген әлеуметтік-мәдени құндылықтардағы сабақтастық туындайды. Егер осы үштікті өркениеттік қалыпқа салсақ, оның өзі тарихтағы формациялық және өркениеттік тұрғының әртүрлілігін куәлендіреді. Бұл қарастырылып отырған баспалдақтар бірін-бірі шорт кеспейді, керісінше, жарасымды үйлесімділікпен бірін-бірі толықтырып отырады. Формациядан өркениет теориясының айырмашылығын байқауға болады. Ол әр баспалдаққа тек біреу емес, бірнеше негіздермен жақындайды. Сондықтан өркениеттік тұрғы тарихи процеспен кешенді яғни, біртұтас болып табылады. Формация бойынша марксистік кезеңге бөлу салыстырмалы қысқа уақыт аралығында батыстың өркениетті елдерінде қолдау тапты. Алайда, марксизм сынына қарамастан, көптеген авторлар адамзат қоғамының сатылап даму идеясынан, прогресс идеясынан бас тартпады. Солардың бірі американдық әлеуметтанушы У. Ростоу. Оның пікірінше, экономика дамуындағы шешуші саты қысқа мерзімді өрлеу сатысы болып табылады. Ол барлық өрлеу процестерін ынталандыратын бірнеше басты сатылардың жедел өсуімен сипаттады. Осы сатылардың ішіндегі ең бастысы адамның өмір сапасын іздеуі. Өйткені, бұл процесс адамның рухани дамуын жетілдіріп, өмір сапасын іздеу сатысын маңызды етеді.

Адамзат өркениетінің тарихы мен мәдениеті қиын да күрделі жолды басынан өткеріп келе жатыр, осы жолда қаншама жаңалықтар ашылды, оның есесіне қаншама құндылықтар жойылды. Өркениеттегі даму өзгерістерінің шапшаң көбеюі, қоғамдық және жеке болмыс, сана, әлеуметтік-экономикалық динамизм, саяси-рухани өмір сферасындағы уақыт факторының басып кіруімен сипатталады. Бұл адамды ғылыми ізденіске ұмтылдыра отырып, философиялық және арнайы ғылыми зерттеулерде уақыт концепциясын қайта бағалаудағы объективті алғышарттардың бірі болып табылады. Бұдан басты ұғынатынымыз адамзаттық мәселе сипаты – объективті және субъективті шындықтардың уақыт формаларындағы әртүрлілік сапасын дәлелдеу.

Уақыт – біздің тарихымыз, біздің өміріміз, біздің іс-әрекетіміз. Біз кішкентай хронстар тәрізді сағаттап және жылдап жасалынған болашақта өмір сүреміз. Бұл сағаттың, жылдың, ғасырдың тарих хронометрінен тысқары қалуы мүмкін еместігін білдіреді. Уақыт ешнәрсеге мойымайды, кері қайтарылмайды, ешкіммен санаспайды және ең бастысы тек алға жылжу қасиетіне ие. Сондықтанда уақыт әркез тарихтың өлшемі, көрсеткіші. Демек, адамзаттың дүниені тануы дәстүрлі уақыт қойнауында қалыптасады. А. Кушнер сөзімен айтсақ: «Уақыт таңдамайды, онда адамдар өмір сүреді және өледі». Уақыт тек алға жылжуды ғана біледі, ол ешкімді күтіп тұрмайды. Біреулер сол алға жылжып бара жатқан уақыттың жетегіне ілессе, екіншібіреулер уақытпен қатар жүреді, әлдебіреулер жете алмай қуып жүреді. Бірақ ешкімде уақыттың алдына түсе алмайды. Сондықтанда әр заманның, әр уақыттың, әр қоғамның өзіндік дәстүрі бар. Дәстүр дегеніміз сынақтан өткен тәжірибелер жиынтығы. Дәстүр қиялдан немесе арманнан туындамайды, керісінше ол нақты болған жағдайлардың нәтижелерінен құралады және заманның ағымына қарай өзгеріп отырады. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген қазақтың көнетоз мақалының өзі осы ойдың бір дәлелі.

Дәстүр – бұл филогенетикалық және онтогенетикалық мағынада адамға тән, оның жарық дүниеге келу кезеңімен сәйкес құбылыс. Кез-келген дәстүр – бұл бұрынғы жаңашылдық және кез-келген жаңашылдық – болашақтағы дәстүр ағымы. Дәстүрлер жаңашылдықсыз тіршілік етуі мүмкін, бірақ керісінше емес, оның дамуына дәстүр сөзсіз қажет. Жалпы бір нәрсенің қайталана беруі, үрдіске айналуы немесе оның тарихтан-тарихқа жалғасуы – дәстүр болып табылады. Бұл динамикалық процесс болғандықтан әрдайым жаңаланып, түрленіп, көбейіп немесе заманның ағымына, талабына байланысты өзгеріп, кейде азайып та кетеді. Демек қандайда мәдениет немесе өркениет болмасын оның дәстүрі, дәстүрлі табиғаты болады. Оны халықтың басынан өткерген тарихынан, ұлттық мәдениетінен байқауға болады. Мәдениет пен өркениет сыңарлас ұғым. Өркениетте, мәдениетте халықтың өмір сүру салтына байланысты қалыптасады. Өркениет – бұл анық байқалынатын мәдениет. Бұл екі ұғым да көптеген ұрпақтардың мәдениетке берген бірінші дәрежелі

мағынасын құндылықтар, нормалар, менталитет және заңдар арқылы көрсетеді. Өркениет туралы Фернан Бродель өркениет – бұл «аудан, мәдени кеңістік, мәдени сипаттардың және феномендердің жиынтығы» десе, Имануил Валлерстайн оны «сол немесе басқа тарихи тұтастықты және басқада феномендермен қатар өмір сүретін қоғамдық құрылым мен мәдениеттің, дәстүрлердің керемет жиынтығы» деп анықтайды. Кристофер Даусонның есептеуінше, өркениет – белгілі бір халықтың ерекше айрықшаланатын мәдени шығармашылық процесі. Сол уақыттарда Эмиль Дюркгейм мен Мосс үшін өркениет “өз кезегінде кейбір халық санын қамтитын рухани орта, яғни әрбір ұлттық мәдениет – тұтастықтың бір ғана бөлшекті формасы болып табылады”. Освальд Шпенглер бойынша “өркениет – мәдениеттің қашып құтыла алмас тағдыры ... яғни, дамыған адамзаттың әртүрлілігін қабылдау мүмкіндігі, барынша сыртқы және жасанды күй. Ол – аяқтау, ол қалыптасу жолындағы қалып. Мәдениет – әрбір өркениет анықтамасының жалпы тақырыбы”.

Алғашқы қауымдық мәселелерге эллиндік философтар көптеп көңіл бөлген. Олардың жасаған болжамдары мен түйген түйіндері керемет көңіл бөлерлік сипатта болмағанмен, тарихқа дейінгі заман туралы біраз мағлұматтарды тұжырымдауға болады. Алғашқы қауым концепциясына мысал ретінде материалист Демокрит: алғашқы адамдар жабайы әрі қара дүрсін өмір кешкен. Олардың не үйі, не киімі болмаған, сонымен қатар, отты қолдануды және қалыпты өмір жағдайын білмеген. Жинақталған тәжірибенің арқасында олар ақырындап өнерді жасауды және қоғамдық өмірден пайда көруді үйренді дей келе, адамзаттың алғашқы «ұстазы» және мәдениеттің басты қозғаушы күші – «қажеттілік». Өзіне тамақ табу, табиғаттың түрлі құбылыстарынан қорғану қажеттілігімен тағы да басқалар адамдарды «ақылды» етіп, алға қарай ұмтылдырып, табиғатпен күресте түрлі жаңа әдістерді ойлап табуға итермеледі. Алғашқы адамдар жануардан аса қатты айрықшаланған жоқ. «Тіршілікке деген күрес адамдарды барлығына үйретті» деп есептейді. Демокрит ойымен толықтай келісе отырып, өз тарапымынан қазіргі адамдардың қозғаушы күші ретінде “бәсекелестікті” атар едім. Бәсекелестік – бүгінгі күн адамдарын алға жетелер бірден-бір себеп. Олай болса “қажеттілік” мәдени бастама болса,

“бәсекелестік” өркениет көрсеткіші. Өркениеттің жасанды мәдени туындылары қазіргі заманның ең айшықты жетістіктері. Демек, мәдениеттің өзегі болып табылатын рухани болмыспен өркениеттік негіз материалдық болмыстың да тұма салдары – Қажеттілік. Осы қажеттілік жетіле келе бәсекелестікке айналды. Қазіргі таңда бәсекелестік өркениет адамының өмір сүру салты. Өз тәуелсіздігін қолына алған жас Қазақстан Республикасы үшін де бәсекелестік даму эволюциясының алғышарты болды.

Өз кезегінде грек классикалық философиясының ірі өкілі, энциклопедист Аристотель адам тек адамдармен қоғамда ғана өлшенеді, бағаланады, мақұлданады, реттеледі, дамиды, мойынұсынады, яғни ол «қоғамдық жануар» деп сипаттайды.

Гомер, адам деген кім? – «тегі жоқ, тайпасы жоқ, заңдардан тыс, ошағы жоқ»; ондай адам, табиғатынан тек соғысты көксейді; ал оны ойын тақтасындағы қатардан шығып қалған пешкамен салыстыруға болады» десе, осы мәселені хакім Абай өлең күдіретімен былайша өрнектейді:

Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы,
Боқтан сасық боласың өлсең тағы.
Менімен сен тең бе деп мақтанасың.
Білімсіздік белгісі – ол баяғы.

Абай мұралары қазақ халқына өмірлік рухани азық, сапасына сын түспейтін, дәуір өткен сайын ескірудің орнына керісінше, таныған, меңгерген сайын жарқырай түсетін жақұттай қымбат. Сондықтан да болар Елбасы өз сөзінде «Абай – біздің ұлттық ұранымыз болуы керек. Абайды таныту арқылы біз әлемге қазақ халқын танытамыз. Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс» деп Абайды бар қазақстандыққа үлгі етті. Ақын шығармаларын оқи отырып, біз оның адам жаны мен уақыт талабын жете түсінген дарын иесі болғандығына көз жеткіземіз. Абай өзінің адамгершілік, гуманистік, қоғамдық, эстетикалық ізденістерін бүкіл дүние жүзі мәдениетінің жетістіктерімен ұластырып, өзі де жаңа биік деңгейге көтеріле түсті, сол арқылы бүкіл адамзаттық идеяларға жол тапты. Өзімізді-өзіміз тану үшін, қазақ елінің әлем халықтары арасында өз орны мен рөлі табу

үшін Абай сияқты халық арасынан шыққан дана адамдар қажет. Абай Құнанбаев мұраларын бүгінгі күнгі әлемдік әлеуметтік шиеленіскен мәселелердің шешімі ретінде қарастыруға болады. Себебі Абайдың адам туралы ілімі дүниежүзіндегі адамзаттың ортақ проблемасына арналған. Оған Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым, деп!» деген өлеңі дәлел бола алады. Академик Ғарифолла Есім өзінің «Ғұлама-Наме» атты ғылыми трилогиясында неге қазақ халқы Абай жолымен жүруі керек? деп дүйім жұртқа сұрақ қойып, сол сұрағына өзі мынандай жауап айтады: «Хәкім Абай әлемде ешбір ойшыл айта алмаған биік идея ұсынған. Ол «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» – деген тамаша ой. Бұл Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымының маңдайшасында ұран етіп жазылатын сөз. Абай адамзаттың бәрін бауырым деп сүймесе, адам баласы адасады, тозады, ақырзаман жақындайды деген болатын.

Жоғарыда келтірілген ойларды сабақтай келе алғашқы адамдарды жетілмеген, саналары төмен деп айтудың өзі үлкен қателік. Барлық үлгі өмірден алынады, демек дүниеге келген жас нәресте бірден өзінен-өзі жүріп, тұрмысқа бейімделмейді. Алғашқы адамдар да сол секілді бірден зәулім үйлер мен түрлі машиналар жасай алмасы анық. Олардың тамақтарын асырау үшін пайдаланған ағаш, тас секілді бұйымдар қолға ұстауға ықшамдалынып, кейіннен түрлі сызықтармен безендендірілген немесе қауымдаса отырып аңдарды орға жығып ұстаудың өзі өркениеттік тәсіл. Ал, жаңа идея, жаңа тәсіл өркениеттің нағыз өзі. Шынтуайтына келгенде, қазіргі жеткен жетістіктердің басым көпшілігінің алғашқы түпнұсқалары мен нышандары алғашқы адамдар тұрмыстарынан алынып отыр. Негізгі идея, тәсіл, ұжымдық сана сол заман адамдарының еншісінде, біз олардың идеяларын заманнан заманға өткен сайын үнемі жаңартып, тұрмысқа ыңғайландырамыз. Бұл алғышарттар әлемдік тарихи-мәдениеттің дамуына, өркениеттің қалыптасқан дәстүріне өз ықпалын тигізеді.

Мәдениет ешқашан өздігімен, еш сұхбатсыз, қатынасыз дами алмайды. Мәдениет ешқашан да томаға-тұйық күйде дамымайды, ол синтездік құбылыс. Тұжырымды дәлелдеуге Қ.Р. Аманжоловтың “Түркі халықтарының тарихы” атты еңбегінен мысалы келтірсек: көне түріктердің бір бөлігі болып саналатын

шумерлердің тұрмыстық салттарында түркілік нышандардың көптеп кездесетіндігін айтуға болады. Олар арпадан ішімдік жасап, сикер деп атаған. Ол кейінгі түркілік атаумен бізде боза деп қалыптасқан. Сондай-ақ Қосөзен бойының тұрғындары күн ысыған қырық күн шілдеде тағамға лақ соятын болған. Бұл дәстүр қазақ халқының арасында әлі күнге дейін сақталған. Осы орайда шумерлердің байырғы отаны Еуразия құрлығы, оның ішінде Қазақстан топырағында болғандығы жөніндегі тарихи деректерді ескере отырып, шумерлер өркениеті мен түркі әлемі мәдениетінің өзара тығыз байланыста болғандығын ерекше атап өткіміз келеді. Қазірдің өзінде шумер тіліндегі 400-ден аса сөз түрік сөздеріне ұқсас. Мұндай ұқсастықтың басты себептерінің бірі – көне түркі тілінің солтүстікке, солтүстік-шығысқа, Кавказ бен Түркменияға, тіпті Месопотамияға дейінгі ұлан-ғайыр жерге кеңінен таралуы деп топшылауға болатын болар. Әр кезеңде белгілі бір этнос озық шығып, басқа этностарға үлгі болады. Сол озық шыққан этностың қол жеткізген жетістіктері өркениет ошағына айналады, аты тарихта алтын әріптермен жазылады.

Қазақстан Республикасындағы Иран елшілігінің мәдениет сұрақтары бойынша expertті Хейдарнияның пікірінше, Батыстық және Шығыстық тарихшылар, мұсылмандық қоғам екі жүз жыл бойы сол кездегі өркениеттің бай әрі керемет жетістіктерін игерді. Адам Мтиц, Густав Лабон және басқа да зерттеушілер, өз заманында ғылым мен өнер саласында көптеген жетістіктерге жеткен әл-Фараби, Харезми, Бузаджани, Ибн-Сина, Әбу Райхан Бируни, Закарийа Рази, Омар Хайям, Ибн Касир Фаргани сынды оқымысты-энциклопедистерге арнап қалың-қалың кітаптар жазды. Бұл аталған ғалымдар ғылым мұрасына, өркениет өнегесіне мәңгілікке бай игілік қалдырды. Бұл игіліктер, сөз жоқ, адам дүниетанымының кеңеюіне үлкен ықпалын тигізеді. Демек, қалыптасқан дүниетаным жалғасымды дәстүрдің көрнісі болып табылады.

Өркениет дүниетанымының бірлігі мен әртүрлілігі заман талабына сай туындап отырған мәселе болғандықтан осы процестегі үйлесімділіктер мен қайшылықтар жаңа мәдени құндылықтар көзі ретінде қарастырылды. Әлемдік тарихи-мәдени даму қоғамда қайшылық тудырып отырған төмен

деңгейдегі құнсыздықтар мен келеңсіздіктер проблемасымен күресіп келеді. Өркениеттік дәстүрдің жаңа бағытқа бет алуы заңдылық, бірақ қазіргі одан тысқары қалмауы тиіс. Себебі, өркениет жағдайында дәстүрлі мәдениет жаңа өркениет талаптарымен ұштасып жатады.

Мәдениет пен өркениет туралы көптеген арнайы еңбектер жарық көргенімен, олардың бірлігі мен ерекшеліктері жөніндегі талас-пікірлер, дау-дамайлар күні бүгінге дейін бір арнаға түскен жоқ. Зерттеушілердің көбісі бұл екі ұғымды бір-бірімен шатыстырып, анығын ажырата алмай жатады. Осындай мәдениет мәселесін зерттеушілерінің бірі, өркениет туралы айрықша анықтама берген, ойлау жүйесі осы саладағы зерттеушілерден мүлдем бөлек, өркениеттің болашағын құрдымға кетті деп есептейтін, кәсіби әлеуметтанушы, мәдениеттанушы Освальд Шпенглер. Оның ең ірі төл тумасы «Еуропаның батуы» дүниені дүр сілкіндіріп, әлемдік аренада биіктен көрініп, көптеген адамдарға үлкен ой салып, басқаша ойлау мүмкіндігін алып берді. Бұл еңбектің алғашқы атауы «Батыстың құлауы» деп аталып 1918-1922 жылдар аралығында Мюнхенде жарық көргенімен, еңбекті орысшаға аудару барысында дүйім жұртқа «Еуропаның батуы» деген атпен таралып кетті. Мәселе кітаптың аталуында емес, оның мазмұнында екенін ескере отырып, О. Шпенглер пікіріне сүйенсек, мәдениет тіршілігінің алғашқы кезеңі – өзін көрсету құралын іздеу уақыты; анықталу, идеяларды қалыптастыру уақыты. Мәдениет неғұрлым көрегендік, толысқан шағына жақындаған сайын, соғұрлым оның соңғы қорытынды тіл формасы ер мінезділікке, шапшаңдыққа, билік құмарлыққа қанған болып, бейнесі анықтала түседі. О. Шпенглер үшін қандайда бір қысқа ғасыр өлшенген болса, өркениетте өзіндік бір жаңа өмір бар. Неміс ойшылының пікірі бойынша, өнер мен философия қазіргі кезде азған және ұрықсыз, оның себебін бүгінгі күндегі дипломаттар мен қаржыгерлердің философтардан көп екендігінде, тәжірибелік психология атты жайпақ өнермен айналысқандарда деп түсіндіреді. Өркениет өзін-өзі бүзбай, жүйе ретінде қалыптасып, тұтастықты сақтау мақсатында міндетті түрде қажет. Егер біз өркениетті О. Шпенглерше ағза деп алатын болсақ, әрбір ағзаның өзіндік қажеттіліктері бар. Бұл имманенттік қажеттілік өзін-өзі

қанағаттандыра алады және ол өте мәнді. Өркениет дами отыра өзгереді, себебі даму ұғымының дұрыс мағынасы – Өзгеріс. Өркениет өзгеріске ең бірінші ішкі негіз бойынша ұшырайды, өйткені ол ашық жүйе. Ашық жүйе әрқашан жаңа ақпаратқа ие, ал ақпаратты өңдеу үзіліссіз үрдіске тән. Сонымен қатар, ол табиғи аймақтан да көптеген жаңалықтар мен мәліметтер ала алады.

Мәдениет пен өркениет ұғымдары О. Шпенглер философиясында барынша айқын анықталған. Дегенменде бүгінгі таңдағы батыс біздің көз алдымызда құламағанымен, рухани жұтаңшылық дағдарыстың етегіне алып келіп тұрғаны жасырын емес.

Қазіргі заман деп отырғанымыз мәдениеттің емес, өркениеттің фазасы. Осы фаза, яғни өркениет – ізденістер аяғы, даму сатысының соңғысы. Ол дәстүрлердің әлсізденуімен, діниліктің құлауымен, қалалардың өсуімен, әлемге деген себеп-салдарлы көзқарастардың таратылуымен сипатталады.

1869 жылы жазылып біткен аты барша жұртқа танымал «Ресей және Еуропа» еңбегінің авторы жаратылыстанушы, философ, әлеуметтанушы Николай Яковлевич Данилевский пікірінше, адамзат тарихы өзіндік жеке дара мәдени-тарихи типтерден құралады және даму сатысы барлық әлемге бірегей, жаппай жүруі тиіс, ал батыс Еуропа тарихи ерекшеліктерінің бар әлемге еш қақысыз көшірілуі дұрыс емес. Мәселен, славяндық мәдени-тарихи типті дамыту және сақтау Ресейдің тарихи міндеті. Батыс Еуропа, Ресей мен славяндыққа кері көзқараста, сондықтанда славян халықтары өздерін жоюға ұмтылған батысқа қарсы күреске дайын болып, мықтап бекінуі тиіс, ол үшін славяндардың басын біріктіру қажет.

Ғалым пікірінше, Батыс пен Шығыс, Еуропа мен Азия біздің санамызда тарихи жағынан да, географиялық орналасу тұрғысынан да бір-біріне қарама-қарсы сипат алған. Үздіксіз алға жылжу мен ұдайы жетілдіруді ұстанған Батыс және Еуропа әлемнің прогестік полюсін құраса, Шығыс пен Азия – қазіргі заман адамының ашу-ызасын тудыратын тоқырау полюсін құрады. Бұл ешкімге күмән туғызбайтын тарихи-географиялық аксиомалар. Егер Батыс болмаса онда Шығыс, егер Еуропа болмаса онда Азия жоқ, демек мұнда белорта жоқ. Еуропа-Азия,

Батыс-Шығыс деген болмайды. Тіпті егер бұлар болған жағдайда ақылға сыйымсыз болар еді. Тоқырау мен жанасудың әрбір қосындысы өзімен бірге зияндылық пен өлімді алып келеді. Біз санамыздағы прогресивтіліктен, еуропалықтан, адамзаттық өркениеттен еш құтыла алмаймыз, прогресс біз үшін өлімнен де артық жеккөрінішті, өмірден де артық құнды, тіпті одан тыс өркениеттің болуы мүмкін емес, себебі одан тыс прогресс жоқ, олай болса, біз, біздің өлкені Еуропалық деп қалай ашық айта аламыз. Алыс кеткен тарих сахнасына қайта оралған, өз ісін тамамдаған, нәрі таусылған немесе тіршілікке ұмтылған халыққа ешнәрседі көмектеспейді, Шығыста ма, Батыста ма, тіпті оның қайда тұратыны да ешкімге қатыссыз. Өсімдіктер немесе жануарлар тегіне, тобына, тұтас түрлеріне, сондай-ақ жекелікке бөлінбейтін барлық тіршілік иелеріне ақыр соңында өлімге алып келетін белгілі бір өмір жиынтығы беріледі. Геология және палеонтологияның көрсетуі бойынша жанды тіршілік иелерінің тобына қайта туылу, шегіне дейін даму, біртіндеп азаю, ең соңында толығымен жойылуға уақыт бар. Мұның неге бұлай екендігін әркім түрліше жорамалдауға ұмтылғанымен ешкім жауабын білген емес. Шынтуайтына келгенде, бұл қартаю, яғни, тұтас түрлердің, тектің, тіпті тобырдың құлдырауы, тозуы, ендеше, жеке индивидумдер өлімінің себебі не екендігін ешкімнің білмейтіндігі, түсінбейтіндігі ешкімді де таңқалдырмайды. Тарих баяғы сол халық туралы айтады: олар туады, әр түрлі дәрежедегі даму жетістігіне жетеді, қартайды, өлімші халге жетеді, өледі, бірақ тек ішкі себептерден ғана емес. Ішкі себептер, жекелеген адамдар сияқты көбіне ауру немесе әлсіреген дене өлімін жеделдетеді, ал күші тасып, жастықтың немесе қайраттылықтың толысқан шағын басынан өткеріп отырғандар олардың зиянды ықпалдарына өте жақсы тосқауыл бола алар еді. Ішкі себептер жануарлар мен өсімдіктер және сол сияқты саяси ағзалардың өлімнен кейін де оны таратуға жәрдем береді. Бірақ кейде, өте сирек болса да, зиянкес ішкі әрекеттер әлсіз әсер етеді немесе ағзаның оған қарсы тұра алар қауқары бар, олар табиғи өлім немесе кәріліктің салдарынан өледі деп атайды. Қытай дәл осындай сирек жағдайды ұсынады. Дене барынша бірегей және тығыз, оның тыныштық пен жайлылықта өскені сондай, өлімге қарсы тұра алар үлкен күш жинаған қария

сияқты, ол туралы жұрттар: олар басқа ғасырда өмір сүріп жатыр, оларды ажал ұмытып кетті – деседі. Олардың бойында тіршілік пен жастықтың әрекеті баяғыда ұйықтап қалған, бірақ жануар өміршендігі немесе өсімдіктердің тылмысы қалып қалғандай. Мұнда таңқаларлық не бар, неге мұндай ағзада жастықтың оты сөніп, прогресс күші солған? Бұл жерде заң не бере алады. Еңбек нәтижесінің анық куәләндіруі бойынша, олар әрқашан солай болған. Үнді жері дәл қазір осындай өлімші халде, көптеген уақыт бойы Египет пен Византияда осындай жағдайда болған, бәрінен бұрын жердегі қозғалыс, жалпы ішкі әсерлер оларды тоздырып жіберді және олардың өлі денелеріне ең құрама бөліктерін орнатып қойды. Бұл елдер азды-көпті халықтар адасуына кез келді де Қытай сияқты ірі, әрі тығыз бұқара жиынтығын құра алмады, сондықтанда процесс тез болып, өлім халіндегілердің орынын жаңа, жас халық басты. Бір қауымның орнын өзгемен алмастыра алатын сабақтастық ғана Шығыстан гөрі Батыс тарихына прогресивті сипат береді, ал ол батыс халқына тарихи қозғалыстың монополиясын беретін ешқандай рух қасиетінің ерекшелігі емес. Сондықтанда прогресс Батыстың немесе Еуропаның үстемдігін, ал тоқтап тоқырауға ұшырау – Шығыстың немесе Азияның нағыз бет-пердесін құрамайды; осы екеуінің мәні, халықтың қай жерді мекен етуін, дамуын және оның азаматтылығының қай тайпаға жатуын емес, тек сол кездегі халықтың жас шамасын сипаттай алады. Осыған орай, шын мәнінде, Азия мен Еуропа, Шығыс пен Батыс өзіндік, өте айқын тұтастықты құраған күннің өзінде, олардың Шығыс пен Азияға қатыстылығын беттеріне басылған теріс таңба ретінде қарауға болмас еді.

Ғалым Н.Я. Данилевский көтерген мәселе бүгінгі күні жаһандану, батыстандыру, еуропаоратылық және т.б. проблемаларымен ұштасып отыр. Басты проблемалар қазіргі заманғы әлемдік өркениет тоқырауының мазмұнын құрайтын қарама-қайшы процестердің жиынтығы болып табылады. Демек, болашақ адамзат өркениетінің мәселесі өзінің өткірлігімен, өзекті мәселелерінің кеңдігімен қазіргі таңдағы қоғам болмысының жағдайында қойылып отыр. Қоғам дамуының стратегиялық таңдауы құлдырайтындай қиялды емес, ғылыми теорияға негізделген және шынайы болуы әбден мүмкін. Егер

осы заманның жақын маңдағы өткір мәселелері тарихи үрдістің заңды контекстінде шешілетін болса, олар тұтастықтағы материяның әлеуметтік формасының даму қозғалысы мен адамзат өркениеті болмысының объективті заңдарына қарама-қайшы болмас еді деген тұжырым бар.

Өз еңбегінде Н.Я. Данилевский «Ресей Еуропаға кіреді ме»? деген сауалға: Қалай ыңғайлы, мүмкін кірер, мүмкін кірмес, мүмкін белгілі бір бөлігі кірер және оның қанашалықты кіретіні әркімнің өз тілегіне байланысты. Шын мәнінде ешқандайда Еуропа жоқ, тек алғашқыда басқа азиялық жартыаралдардан ерекше айрықшаланатын, ал аяғында ақырындап сырғып бөлініп бара жатқан Азияның батыс жартыаралы ғана бар – деп жауап берген болатын. Сонда «Еуропа» сөзінің ешқандай мән-мағынасы жоқ жәй ғана дыбыс болғаны ғой? Әрине жоқ! Бірақ оның мағынасы географиялық емес, мәдени-тарихи жағынан барынша толық және оның Еуропаға кіруі немесе кірмеуі туралы сұраққа географияның еш қатысы жоқ. Олай болса мәдени-тарихи мәндегі Еуропа деген не? Бұған жауап өте анық әрі жағымды. Еуропа герман-романдық өркениеттің қалдығы немесе метафоралық түрде айтар болсақ, Еуропа дегеніміз герман-романдық өркениеттің нақ өзі. Ғалым осылайша Еуропаның шығу тегін талдап айтып беруге тырысады және көптеген айғақтар мен мысалдар келтіре отырып, өз ойын дәлелдеп шығады. Мысалы, Фалестің философиясы, Геродоттың тарихы, Гиппократтың медицинасы, сонымен қатар, мүсін өнері, лирика, поэзия және тағы да басқа салалар кіші азия жағалауында пайда болған эллиндік өркениет жемістері. Демек, ежелгі эллиндік мәдениет өз дамуында Азия, Еуропа және Африка атты әлемнің үш бөлігін аралап өтті, яғни тек ғана Еуропаның маңызын құраған жоқ. Ол Еуропада басталмады және аяқталмады. Қай кезде Еуропа өркениеті шығармашылық күшке толы апогея дәуіріне сай келеді және жоғалып кеткен Үнді, Грек, Рим өркениеттерінің қайсысы олардың барынша көп қор жинаған дәуірінің нәтижесі болып отыр? Аналогияның таңқалдырғаны сонша, бұған жауап бермеу қиын, XVI және XVII ғасырға бірінші не сәйкес, бұл тұрасында Петр шіркеуі пайда болған сәтте былай жазылды: Рафаель, Микеланджело және Кореджио, Шекспир өздерінің драмаларын жазды, Кеплер, Галилей, Бэкон және

Декарт жаңаша ойлау негізін салды, сонымен бірге ғылыми зерттеудің жаңа тәсілін ойлап тапты, ал екінші – теориялық және практикалық нәтижелерге толы – XIX ғасыр. Бірінші дәуірге өзіндік таза еуропалық өнер мен еуропалық ғылым жинақталды, сондықтан келесі уақытта ол тек сол жол арқылы ғана дамуды жалғастырды. Жеміс дегеніміз күз айының басында берілетін байлық, ал түс, көктем соңының беретін берімі. Дәл осылай қалыптасқан өсімдік ұрығы таңқалдырар әсем бейнемен қанық бояулы жылтыр түс беріп, белгілі бір қабықта пайда болады, ал жаңа философия мен ғылыми ой ұрығы да дәл осындай поэзияның бар кереметімен өнердің бар асылымен айнала қоршалады. Гүлдену кезеңі өсімдік өміріндегі ең соңғы жаңа сәті, сондықтанда ол келесі бір өмір жарқылының ізін білдіретін өсу күші шығармашылығының ең жоғарғы мезеті болып есептелінеді. Ол басты сіңіргіш мүшелер және жапырақ тәрізді солып қалғаннан кейін жалғасады; кейде байланып әрі қалыптасқан жерінде, тіпті жемістің өзі өсімдіктен жұлынып қалғаннан кейінде жалғасады; кейде арнайы сақтау бөлмесінде де жалғасады. Осылайша қоғамдық күш шығармашылығының ең жоғарғы сәті, ары қарайғы бар мәдени дамудың мазмұнына қызмет етер сол идеяның нақты пайда болу кезін, сол уақытты мойындауы тиіс. Бұл қозғалыс, бұл серпіліс нәтижесінің әлі де болса өсуі мүмкін және ол өзімен бірге бар байлығын, өркениеттер жемісін береді, бірақ оны пайда болғызып және жетекші еткен күш әлсіреп, өзінің құлдырау шағына қарай ауысады. Өз циклін аяқтаған барлық пайда болған өркениеттердегі акырындап дамудың көптеген түрлері осындай сипатта, оның қалай қарай жүруі бізге азды-көпті танымал. Егер Еуропаның мәдени-тарихи типі осындай жалпы сипаттамадан нақты өзгертілмейтін мәмілеге келу керек болса, онда сол өзгертілмейтін жалғыз нұсқаның себебін көрсету керек, ал біз оны мойындайын десек, көре алмаймыз. Дегенмен келесі жайтты көзден таса қылмау керек: Римнің мәдени типі бір мемлекетте өмір сүре отырып, өте қарапайым болды. Ең қиыны Грек типі, ал мұндай әртүрлі кезеңдердегі қиыншылықтар соңы оның даму барысында тіпті бірдей болуы мүмкін емес. Ал тек өзінің тәтті естеліктерімен тіршілік етіп жатқан Афинада өмір оты сөне бастаған кезде, Ахей мен Этолий одақтары біраз уақытқа дейін

грек бастамасының өміршендігін әлі де болса сақтаған еді. Оданда толық әрі ұзақ сақталыну процесі Александр колониясы мен кейінірек Царьградта болды. Екі негізді еуропалық тип одан да күрделірек, сондықтанда ол табиғи, оны құрайтын қандайда бір халықтардың даму жолы қолайсыз жағдайларға байланысты тоқтап қалды, олай болса, бұл халықта шығармашылық бастаманың жоғары дамуы мен оның нәтижелері өзге халықтармен салыстырғанда кешірек пайда болады. Мысалы, Реформация кезінде бастау алған жоғары мәдениет дамуының тоқтауына басты себеп болған отызжылдық қаңыратқан қанды соғыс Германияның басынан өткен еді. Сондықтанда өткен жүз жылдықтың жартысында енді ғана басталған Германиядағы жоғарғы поэтикалық шығармашылық дәуірі, оның ізін қуған өзіндік-германдық философиялық ой мен XIX ғасырдың алғашқы ағымында бірінші орынды иеленген ғылымның дұрыс дамуы еуропалық өркениеттің жалпы жүру жолына айтылған жоғарыдағы көзқарасқа қайшы болып есептелінбейді, демек оның шығармашылықты жасаушы күштері шамамен бір жарым немесе екі жүз жыл бұрын нақты өзінің сара жолына түсті. Олай болса, жеміс беру уақыты басталды!

Ағылшын тарихшысы Арнольд Тойнби 12 томдық «Тарихты зерттеу» атты еңбегінде үш ұрпақтың локалды өркениет айналымы және олардың циклдік динамикасы туралы ойды барынша толықтырды. «Аннал» француздық тарихи мектебінің басшылығындағы Марк Блок пен Люсьен Февр және осы мектептің ең көрнекті өкілі Фернан Бродель қоғам тарихындағы циклдердің сан алуан түрлерін зерттеуге қомақты үлес қосты. Адамзат тарихындағы үш толқын – аграрлық, индустриалды және постиндустриалды – идеясын американдық футуролог Олвин Тоффлер негіздеді. Тарихи цикл зерттелімі бойынша орыс зерттеушілері арасынан Л.Н. Гумилев пен жалпытарихи процестің сегіз фазалы концепциясымен қазіргі заманғы тарихшы И.М. Дьяконовты ерекше атап өту керек.

С.А. Вайгачев пікіріне сүйенсек, қазіргі заманғы философия мен әлеуметтануда Н.Я. Данилевскийдің аты О. Шпенглер, А. Тойнби, Ф. Нортроп, А. Шубарт, П.А. Сорокин сынды ойшылдардың қатарында. Бірнеше еуропалық тілге аударылған «Ресей және Еуропа» еңбегінің авторына, батыс Еуропа мен

Американың ең жоғарғы ғылыми шығарылымдарында көптеген мақалалар арналып жазылды. 1964 жылы Н.Я. Данилевскийдің өркениетті салыстырмалы түрде талқылаудың халықаралық қоғамына қосқан үлесі бағаланды, есесіне ғалым мұрасының тағдыры өз отанында құрметке ие болмады. 1895 жылдан бері Н.Я. Данилевскийдің осы атақты кітабы мен басқа да еңбектері Ресейде бір ретте қайта басылып шықпады, ал оның аты ұмытылуға айналды. Пайымдауымша ғалымның түпкі ойы, мақсаты дұрыс, бірақ еңбектің жазылу барысында ол нигилизмге, ұлтшылдыққа, ұлтжандылыққа көптеп салынып отырады, сондықтанда кітаптың кейбір тұстарындағы ұлттық нигилизмге тән ойлар В. Соловьев ойымен сәйкес келіп қалады. Ол адамзат өркениетінің тағдырын үш әлемдік күш анықтайды, олар: Шығыс, Батыс және славяндық әлем – деген болатын. Оған қоса ғалым алғашқы екеуін әлсіз, құлдырауға ұшыраған деп есептеп, үшінші, яғни славяндық әлем оларға күш беріп, жаңартып отырады, бұл тек ғана славяндық және орыс халқы ғана болмақ – деген ойларын білдірген еді. Өркениеттің алғашқы ошақтарын анықтап оларды жіктеу теориясы жоғарыда талданған А.Тойнби, О.Шпенглер, Н.Я.Данилевский және т.б. ғалымдардың еңбектері арқылы жақсы таныс. Өркениеттің нақты белгіленген шекарасы және анық бастамасы мен аяғы жоқ. Адамдар өздерін әртүрлі бірегейлендіре алуы мүмкін және осылайша істейді. Нәтижесінде өркениеттің құрамы мен формасы уақыт келе өзгереді. Халықтардың мәдениеті өзара әсерлеседі және бірін-бірі қатарласа басып отырады. Орыс ойшылдарының көзқарастарына тоқтау болатындай С.Хантингтонның бұл пікіріне толығымен қосылуға болады. Ізденістің теориялық және әдістемелік негізі батыс өркениеттерінің ұстанымдары мен мәдени философиялық парадигмалары болып табылады.

Өзін тексеру сұрақтары

1. «Батыс пен Шығыс», «Еуропа мен Азия» қалай болды және қалай болуы керек деп ойлайсыз?
2. Аталмыш бөлімде келтірілген саяхатшы ғалымдарды атаңыз және ерте кездегі ғалымдықтың бұл сипаты неге орын алғанын түсіндіруге тырысыңыз.

3. Дж.Тойнби зерттеген қоғамдар реттілігі қандай және оның логикалық-құрылымдық мәні қандай болуы мүмкін?

4. Н.Я. Данилевскийдің «Ресей Еуропаға кіреді ме»? деген сауалына сіз қалай жауап берер едіңіз?

5. Уақыт пен сағаттың тарихи-мәдени мәндік ұғымы туралы ой қозғаңыз.

Өзін жетілдіру тапсырмасы

Дэвид Дж. Шварцтың 2013 жылы шыққан, орыс тіліне аударылған «Искусство мыслить масштабно» деген 304 беттен тұратын кітабы бар. Бұл кітап әлемдегі миллиондаған адамдарға өз көмегін тигізді, өз ісін сәтті етуге, сәйкесінше өзін бақытты сезінуге құрал бола алды. Осы кітаптағы практикалық әдістерге сүйене төмендегі кестемен жұмыс істеңіз.

Сұрақты оқу	Біреуін таңдау		Белгілегеніңізге ғана жауап жазыңыз		Мен жауаптарымның шынайылығына және тек өзіме қатысты екендігіне	
			Не үшін «Иә»	Не үшін «Жоқ»		
Өзіңіздің табысты адам екендігіңізге сенімдісіз бе?	иә	жоқ			сенімдімін	сенімсізбін
Сәтсіздік болғанда сылтау айтасыз ба?	иә	жоқ			сенімдімін	сенімсізбін
Бір істі бастар алдында өзіңізге сенесіз бе?	иә	жоқ			сенімдімін	сенімсізбін
Жаңашылдыққа жақынсыз ба?	иә	жоқ			сенімдімін	сенімсізбін
Жаныңыздағы адамдарға көңіліңіз тола ма?	иә	жоқ			сенімдімін	сенімсізбін
Өмір соққысына қарсы тұра аласыз ба?	иә	жоқ			сенімдімін	сенімсізбін
Кез келген іске жанызды салып кірісесіз бе?	иә	жоқ			сенімдімін	сенімсізбін
Өмірлік тұрақты, нақты мақсатыңыз бар ма?	иә	жоқ			сенімдімін	сенімсізбін
Сол мақсатқа жетуге әрекеттік жоспарыңыз бар ма?	иә	жоқ			сенімдімін	сенімсізбін
Сол мақсатқа жетудің алғашқы қадамдарын жасадыңыз ба?	иә	жоқ			сенімдімін	сенімсізбін
Өзіңіздің мықты тұстарыңызды білесіз бе?	иә	жоқ			сенімдімін	сенімсізбін
Өз-өзіңізбен кеңесесіз бе?	иә	жоқ			сенімдімін	сенімсізбін
Өзіңізге қоғамға пайдамды тигізуім керек дейсіз бе?	иә	жоқ			сенімдімін	сенімсізбін

Нәтижесі: студенттердің кішкентай ғана проблеманы үлкен проблема ретінде көруі арқылы өз-өзіне тек кедергі әкелетінін түсінуге жетелейді. Кестемен шынайы жұмыс істеген студент өзінің жетілдіру қажет тұстарын өзі үшін анықтай алады және өзіне оның орнын толықтыру үшін ізденеді, Дэвид Дж. Шварцтың кітабын оқып шығуы да мүмкін.

КЛАССИКАЛЫҚ ЕМЕС ТЕОРИЯЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН МӘДЕНИЕТКЕ ТИГІЗЕР ЫҚПАЛЫ

1. *Ілім, білім және ғылым.*
2. *Ғылымның классикалық, классикалық емес және постклассикалық емес кезеңдері.*
3. *Жасанды интеллекттің мәдениет дамуына ықпалы.*

Біз күнделікті өмірде «ілім», «білім» және «ғылым» сөздерін жалпы біртұтас ұғым немесе синоним ретінде жиі пайдаланамыз. Дүниенің секіріп алға басуы осы ұғымдарға тікелей қатысты, сондықтанда әлем халықтарының барлығы дерлік бұл ұғымдарды жоғары бағалайды. Әлемнің күн санап алға жылжып, адамзаттың ой-санасының өсуі де осы аталған ұғымдардың қызметіне негізделеді. Білім дегеніміз – материалдық және рухани құбылыстар туралы шынайы әрі нақты мәліметтер жиынтығы, олардың адам санасында дұрыс, объективті бейнелеуі болса, білім беру – бұл білім қызметінің жан-жақты, құрылымдалған жүйесі. Оқыту – бұл білім алудың өзіне тән процесі мен нәтижесі, яғни оқыту арқылы басқа біреудің оқуын жеңілдету әрекеті болса, ғылым – бұл жүйелі бақылау және эксперимент жүргізу арқылы айналамыздағы құбылыстар мен оқиғаларды зерттеу болып табылады. Біртұтас аса маңызды бұл ұғымдардың бір-бірінен ажырататын және ерекшелендіретін тұстарына аса назар аудару үшін олардың этимологиясына үңілу қажет.

«Ілім» – сөзінің түбірі «ілу» деген іс әрекетке келіп тіреледі, яғни ана құрсағында жан біткен сәттен бастап адам өмірінің соңғы деміне дейін естігені, көргені, сезгені, ұстағаны, әрекет еткені сынды табиғаттан, өмір тәжірибесінен берілетін, жалпыға тән табиғи тұтас ілімнен іліп алу болып есептеледі. Бұл жүйені тарихта талай қайраткерлер өз пайдасына ұтымды пайдаланған, олар өз идеяларын жалпыға тән ілімге айналдырып, бұқара халыққа оны «тұтас идеология» ретінде қабылдауға мәжбүрледі.

Ілім сөзі қазақ тіліне арабтың «илим», «улум» сөздерінен енген. Діни түсіндірме бойынша дін – адам баласын Жаннатқа бастар жолға шақырар дүние білім деп үйретеді. Алдымен білім, ал білімнің атасы – ілім. Білім мен ілім екеуі екі дүние. Ілім көктен түседі және ерекше тандалған адамдарға түседі. Олар ілімшілер аталады. Олар алған ілімдерін білімшілерге тарқатады. Ғылыми түсіндірме бойынша ілім мен білім егіз. Ілімсіз білімді игеру мүмкін емес. Ілім білімнің алғышарты, сондықтанда қазіргі күні білімнің қажеттілігі орасан.

«Білім» – сөзінің түбірі «білу» деген іс әрекетке келіп тіреледі, яғни бір салада немесе бағытта алынатын жеке ілімдер жинағы, ол оқу, білім алу, эксперимент жасау арқылы жүзеге асады, демек, ілінген нәрсені өзіне тоқу, білу, санаға сіңдіру. Жалпыға бірдей берілген білімді білім алушылар әртүрлі сіңіреді. Ол білім алушының қабілет-қарымына, білім алуға дағдыланған дағдысына, ынтасына, күш-жігеріне байланысты әр түрлі деңгейде орын алады. Білім әрқашан ізденісті, оқуды талап етеді. Білім барлық нәрсенің шыңы болып саналады. Білім – теңдік. Барлық адам жынысына, нәсіліне қарамастан білім алуға құқылы және білімі артық адам ғана білімсізден жоғары бола алады. Білімді әйел ер азаматпен тең, білімсіз ер адам сол білімді әйелдің алдында төмен, ез болып көрінеді. Білімнің негізгі компоненті «оқу» болғандықтан, қазіргі заманғы адамдардың тоқсан пайызын білімділер қатарына жатқызуға болады. Әріп танып, оқу оқыған күнен бастап адам білімді игере бастайды. Оған дейінгі баланың көрген-білгені, тәрбиеден үйренгені, табиғатты, қоршаған ортаны өз бетінше тануы ілімнің жинақталуына алып келеді. Білімі жоғары, атақ-даңқы, дәрежесі, мәртебесі бар кейбір азаматтарымыздың әліпті әріп деп танымайтын әже-аталарымыздан ілімділік жағынан кем түсуі әбден мүмкін. Демек ілім білімді, білім ғылымды туғызады және бұлар бір-біріне қызмет етеді. Атақты грек философы Сократ үш негізгі ілімді атайды:

Біріншісі, «әлсіздік», яғни құштарлықты қалай ояту керек туралы ілім;

Екіншісі, «өжеттілік», яғни қауіптіліктен қалай құтылу керек туралы ілім;

Үшіншісі, «әділеттілік», яғни адамдық және құдайлық заңдарды қалай сақтау қажеттігі туралы ілім.

Сократ пікірінше шындық – жақсымен жаманды ажырата алған білім, бұл екеуін бойына тоғыстыра алған адам ғана игілікпен өмірлік бақытқа жету мүмкіндігіне ие бола алады. Сондықтан да тек қайырымды, білім алуға қабілеті, құштарлығы бар адамдар ғана білім алуға міндетті. Ал шаруа және басқа да жұмысшы адамдар өзін танудан аулақ, олар тек денемен қатынасты ғана біледі және соған қызмет етеді. Егер таным ақылдылықтың белгісі десек, онда осы адамдардың ешқайсысы өзінің бір ғана жұмысы немесе қолөнері арқылы ақылды бола алмайды. Жұмысшы, қолөнерші, егінші, яғни барлық демостың (құлдарды айтпағанда) білім алу мүмкіндігі жоқ – дей келе, білім мен ғылым тек ізгілікке ғана жұмыс істеуі қажет деп қазіргі заманның асқынған ауруына ем табады. Бұл турасында Аристотель Сократқа кері пікір білдіреді. Демек барлық адам еш айырмашылықтарға қарамастан білім алуға болады және тиіс.

Сократ, Платон, Аристотель сынды әлемдік ұстаз-ғалымдар. Жалпы ежелгі Греция мен Рим мәдениеті әлемдік педагогиканың қалыптасуы мен дамуына тікелей ықпалын тигізді. Афина мектебі балаларды өнерге баулыды. Спартада құлдарды қатал қанауға негізделген, мұнда үстем таптың балаларына әскери-жауынгерлік тәрбие берді, оларды 7-18 жасқа дейін мемлекеттік мекемелерде тәрбиеледі. Балалардың денесін шынықтыру, аштыққа, суыққа, шыдамды етіп үйрету, әндер айту, найзаласу, жүгіру, секіру ойындары жүргізілді. Афинада жеті жасқа толған балалар мектепке алынды. Олар грамматист (жазу, сызу), кифарист (музыка), полестра (күрес) мектептерінде оқыды. Грек философы Платон өзінің пікірінде Афина мектебінен Спарта мектебін ұштастыру керек деді. Ол тәрбие мемлекет тарапында болсын дей отырып, құлдардың балаларын оқытуға қарсы болды. Аристотель мемлекеттің мақсаты барлық адамға тәрбие беру керек деп ұсынды. Ол алғаш рет балалардың жас ерекшеліктерін даму кезеңдерге бөлді. Ежелгі Рим мемлекетінде элементарлық және жоғарырақ грамматикалық болып екіге бөлінді. Элементарлықта жазуға, санауға үйретті. Грамматикалық мектептерде үстем таптың балалары барды. Олар латын тілі, грек тілі, риториканы оқыды.

Сократтың өзін-өзі тану философиясы мен майевтика, ирония әдістері жеке тұлғаларды ерекшелеуге бағытталған. Онда әрбір адамның жеке тұлға ретінде маңыздылығы, ең бастысы оны өзінің түсінуі ерекше орынға ие болды. Қазіргі білім мен ғылым дамыған кезеңде көшбасшылықтың алға шығуы, ежелгі тәрбие бастауларының қайта жаңғыруы болып табылады. Платон Сократтың тікелей шәкірті болса да, оның бірқатар идеяларына кереғар пікірлер білдірді. Платонның тәрбиені мемлекет ұйымдастыруы қажет, өзінің мақсаты, мазмұны, әдістемесі бойынша үстем таптың мүддесіне толықтай сәйкес келуі керек деген ойы бүгінгі күнге дейін өз деңгейінде орындалып келеді. Барлық мектептер алдын-ала дайындалған және мақұлданған бағдарлама бойынша оқиды. Онда мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан саясат міндетті түрде кіріктіріледі. Әрбір оқушы мемлекет саясатының бір бөлшегі және мемлекеттің азаматы, сондықтанда оның ой-өрісі мемлекет мүддесімен сәйкес келуі керек.

Платон пікірінше, тәрбие дегеніміз үлкендердің кішілерге ықпал етуі, балалар бойындағы адамгершілікті, қайырымдылықты қалыптастыруы. «Мемлекет» атты еңбегінде Платон жас кезінен бастап балаларға қоғамдық тәрбие беру идеясын ұсынды және оны ұйымдастырудың белгілі жүйесін қарастырды. Платон ұсынған жас ерекшелікке байланысты тәрбие:

- 3 жастан 6 жасқа дейін барлық балаларды мемлекеттің тағайындаған тәрбиешілердің басшылығымен алаңдарда ойын ұйымдастыруға ерекше мән берді. Кішкентай балаларды тәрбиелеудің негізгі құралы ретінде ойынның ролін жоғары бағалады;

- 7 жастан 12 жасқа дейін балалар мемлекеттік мектепке барады, онда оқуға, жазуға, санауға, саз өнеріне және ән-күйге үйренеді;

- 12 жастан 16 жасқа дейін дене тәрбиесімен жан-жақты айналысатын мектепке – полестраға қатысады. Онда гимнастикалық жаттығулармен айналысады;

- 16 жастан бастап ғылым негіздерін арифметиканы, геометрияны, астрономияны, практикалық мақсатта оқып-үйренеді;

- 18 жастан 20 жасқа дейін эфебияда арнулы әскери-дене даярлығын алады;

- 20 жастан бастап, ақыл-ой сабақтарына ешқандай қабілеттілік аңғартпаған жастар әскер қатарына алынады;

- 30 жасқа дейінгі жастардың аз ғана бөлігі білім берудің жоғары үшінші сатысына өтеді, онда философияны, арифметиканы, геометрияны, астрономияны және саз теориясын философиялық-теориялық негізде оқып-үйренеді. Олар мемлекеттік қызметке даярланады. Ерекше дарындылық аңғартқан кейбіреулері философиялық білімін тағы да 5 жылға, яғни 35 жасқа дейін жалғастырады;

- 35 тен 50 жасқа дейін мемлекет басқару ісімен айналысады.

Платонның тәрбие жүйесі дене тәрбиесіне деген жеккөрушілікке негізделеді, құлдардың балаларына білім алуға тыйым салынады. Бірақ, Платон мектепке дейінгі тәрбие туралы, тәрбиенің бірізді мемлекеттік жүйесі туралы, жағымды үлгі-өнеге арқылы тәрбиелеу талаптарын және т.б. ұсынды.

Платон Сократтың, Аристотель Платонның шәкірті, ол да өз ұстазының жолын қуып, Платонның біршама көзқарастарымен келіспеді. Аристотель пікірінше тәрбиенің үш түрі бар: дене, адамгершілік және ақыл тәрбиесі. Тәрбиенің мақсаты табиғатпен тығыз байланысты жанның барлық жақтарын үйлесімді дамыту. Аристотель баланың табиғатына сәйкес дене, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесін ұйымдастыру, сонымен қатар, балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп атқаруды ұсынды. Аристотель ұсынған жас ерекшелікке байланысты тәрбие:

- туғаннан бастап, 7 жасқа дейінгі кезең. Бұл кезеңде бала өз отбасында тәрбиеленуі тиіс және ол тәрбие процесі табиғат процесімен міндетті түрде үйлесуі керек;

- 7 жастан 14 жасқа дейінгі кезең. Бұл кезеңде бала мемлекет қарамағына өтеді, яғни мектепке барып, барлығы бірдей білім алады. Бірақ барлығы бірдей деген сөз қыз балаларға қатысты емес. Балалар мектепте санауға, оқуға, жазуға, сурет салуға, ән

айтуға үйренеді. Жас балалардың қабілет-қарымын, үйрену шапшаңдығын негізге алу керек.

- 14 жастан 28 жасқа дейінгі кезең. Бұл кезеңде білім алушылар әдебиетті, тарихты, философия мен астрономияны меңгеруге кіріседі. Басты назар этикалық, эстетикалық тәрбиеге бұрылады. Аталмыш тәрбиені қалыптастыру үшін қажетті әрекеттер жиі қайталанылады. Бұл тәрбие жүйесіне ата-аналар міндетті түрде тартылады.

Грек классиктерінің жоғарыда келтірген оқушының жас ерекшеліктеріне қарай білім мен тәрбие беру жүйесінің кейбір элементтері күні бүгінге дейін өз қызметін атқарып келеді. Бұл жүйе әлемдегі білім беру процесіне өз ықпалын тигізіп, білім берудің негізіне айналғаны анық.

Орта ғасырлар дәуірінде шіркеу ықпалы қатайып, тәрбиені толығымен діни арнаға бұрды. Еуропада 12 ғасыр бойы үстемдік еткен діни догматикалық басқару білім мен ғылымның дамуына жол бермеді. Қайта өрлеу заманында философияның азаттығымен қатар, тәрбие, білім, мәдениет, өнер т.б. еркіндікке ие болып гуманизмге негізделген педагогика өмірге келді, ары қарай дами келе XVII ғасырда философиядан ажырап дербес ғылым лауазымына ие болды. Педагогиканың бұл лауазымға ие болуына тікелей мұрындық болған чех педагогы Ян Амос Коменский болатын. Оның «Ұлы дидактика» атты кітабы алғашқы ғылыми-педагогикалық еңбек ретінде педагогика тарихында мәңгіге қалды. Ондағы айтылған идеялардың көпшілігі осы күнге дейін өзінің көкейкестілігін және ғылыми маңызын жоғалтқан емес. Я.А.Коменский ұсынған табиғи сәйкестік принципі, сынып-сабақтық оқу жүйесі және оқытудың:

«Автопсия» – өз бетті бақылау;

«Автопраксия» – практикалық әрекет;

«Автохрессия» – меңгерілген білім мен іскерлікті қолдану;

«Автолексия» – өз еңбегінің нәтижесін әңгімелеу, жариялау іскерлігі сынды кезеңдері басқа да оқу принциптері, әдістері, формалары педагогикалық теорияның алтын қорынан орын алды.

Я.А. Коменскийдің философиялық-педагогикалық ілімдері, оның ішіндегі адам проблемасы да маңызды орынға ие. Ол

жалпыға бірдей бастапқы оқыту идеясын алға тарта отырып дұрыс тәрбие барлық жағынан да табиғатпен үйлесімділікте, сәйкестікте болуы керек екендігін негіздейді. Оқушылардың жас мөлшерлік кезеңін қарастыру барысында ғалым мектептік жүйе мен кейбір дидактикалық принциптер және ережелерге баса назар аудара отырып, балалардың жас айырмашылығы мен түр келбетіндегі табиғи өзгерістерге көңіл бөлу керектігін айтады. Осылайша Коменский ұрпақ өмірін 4 кезеңге бөледі, әр бөлікке жас мөлшерін қояды:

- Туғаннан 6 жас аралығына дейінгі балалық кезең. Бұл кезеңде физикалық өсу қарқыны мен сезім мүшелерінің дамуы еселенеді. Сондықтанда бұл кезеңде «аналар мектебі» жұмыс істейді, яғни мектепке дейінгі аналар жетекшілігіндегі тәрбие;

- 6 жастан 12 жас аралығына дейінгі жеткіншек кезең. Бұл кезеңде тіл және қол сынды орындаушы мүшелердің белсенділігі арқылы жады мен елестету қабілетінің артуы белең алады. Сондықтанда бұл кезеңде жеткіншектерге арналған алты жылдық мектеп қажет. Ол мектепте әрбір оқушы өзінің туған тілі мен өлкесі туралы білім алады;

- 12 жастан 18 жас аралығына дейінгі жас өспірімдік кезең. Бұл кезең түсіну және талдау турасындағы ойлаудың жоғарғы деңгейімен сипатталады. Осы сипатқа ие жас өспірімдер үшін әрбір қалада латын мектебі немесе гимназия қажет;

- 18 жастан 24 жас аралығына дейінгі ересек кезең. Бұл кезеңде ерік пен үйлесімділікті сақтау қабілеті дамиды. Сондықтанда осы кезеңнің жастары үшін әрбір мемлекетте академиялар болуы керек. Осы соңғы кезеңнен басқасының бөріне Коменский оқыту бағдарламасын жасады.

Хакім Абай «сенде бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан» деп, қоғамда немесе мемлекетте әрбір жеке адамның өзіне тиесілі орны бар, оның мақсаты сол тиесілі орынды адаспай табу және бір-бірінің ісіне араласып кедергі жасамау екендігін баса айтады. Тоқтаусыз салынып жатқан құрылыстың дұрыс немес бұрыс болуы, әрбір кірпіштің өз кетігін дұрыс тауып қалануынан. Ал адасқандар мемлекет ісін үлкен кедергілерге ұшыратып, жан-жағындағы адамдарды да дұрыс жолдан тайдыруы әбден мүмкін. Сондықтанда адамға ғана тән қабілеттілік, интуиция,

ынта-жігер, ең бастысы таңдау еркіне зерек болу, дәл бүгінгі күні аса қажет сияқты. Демек, құндылықтың ең бастысы адам және адамның ізгілікті ойы, іс-әрекеттерінің ізгілікті жемісі екені анық. «Оқу – инемен құдық қазғандай», яғни ілімнің білімге, ал білімнің ғылымға айналуы тез болатын үрдіс емес.

«Ғылым» – сөзінің түбірі «қылу» деген іс әрекетке келіп тіреледі, яғни ілген, білген ақылыңды өзіңнің және ел-жұрттың пайдасы үшін өнімділік әрекетіне айналдыру. Әрбір адам күніге тұтынатын өнімдердің авторлары өз ілімдері мен білімдерін пайдалы қылған адмдар тобы, оларсыз дүниенің алға жылжуы мүмкін емес. Жеке адам өмірден ілген ілімі мен жинақтаған білімін іске жаратпаса, яғни ғылымға айналдырмаса, онда ол өзінің жемісін бермейді, аяқталмаған процесс ретінде есептеледі. Сол себепті де ғылымның негізгі миссиясы – адам өмірін жақсарту, оны жеңілдету, ыңғайлы ету. Егер әрбір ғалым өз жетістігін тек өзі пайдаланар болса онда тағы да дүние алға жылжуын доғарар еді.

Ғылым тарихында физиканың пайда болуы және қарыштап дамуына байланысты ғылымды «классикалық», «классикалық емес» немесе «неоклассикалық емес» және «постклассикалық емес» деп үшке бөліп қарастырды. Философия тарихында бұл бөлініс «Сократқа дейінгі», «Сократтық» және «Сократтан кейінгі» кезең деген атауға ие. Жалпыадамзаттық мәселелерді түсіну, түсіндіру және шешу кезінде бұл бөліністер ғылым жіктеліміне өз көмегін тигізді.

«Классикалық ғылым» – ежелгі математика ғылымы мен табиғат теориясына сүйене отырып, ғылыми революция кезінде пайда болған ғылыми дәстүрлерді білдіреді. Ол геометрия, астрономия және механика сияқты салалардағы жаңа ғылыми бастамалардың негізін қалады. Классикалық ғылым әрбір күрделі концепцияның классикалық талдауы бар екенін білдіреді, мұнда концепцияның классикалық талдауы метафизикалық тұрғыдан қажетті және осы тұжырымдаманың ықтимал әлемдер бойынша кеңеюінде болу үшін бірлесіп жеткілікті жағдайларды қамтамасыз ететін ұсыныс болып табылады. Классикалық ғылым – ғылым дамуының классикалық кезеңінде теорияландыру мен ерекшеленеді. Мәселені қою тәсілдері, зерттеу тәсілдері, пәндік аймақтарын сипаттау,

нәтижелерді дәлелдеу түрлері, нәтижелерді ұсыну, мазмұндау, бекіту түрлері сынды типтік ерекшеліктерінің бастамасы. Классикалық ғылымның онтологиясы -макронысандар, олардың қасиеттері, қатынастары, детерминистік заңдары, кеңістік пен уақыттың субстанционалдығы, кеңістік пен уақыттың бір-бірінен және материядан тәуелсіздігі, кеңістік пен уақыттың евклидтік сипаты, материалдық әлемнің мәңгілігі мен шексіздігі, онда эволюциялық ортақ вектордың болмауы.

«Классикалық емес ғылым» – күрделі жүйелерге бағытталған. Мұндай жүйенің айрықша белгілерінің бірі оның құрамдас элементтерінің қасиеттеріне дейін төмендетуге болмайтын бүтіннің жүйелік қасиеттерінің болуы. Классикалық емес ғылымның онтологиясы – микронысандар және олардың қасиеттері, табиғат заңдарының ықтималдық сипаты, кеңістік пен уақыттың атрибуттылығы, олардың қасиеттерінің салыстырмалы сипаты, кеңістік пен уақыттың бір-біріне және материяға тәуелділігі, физикалық кеңістіктің евклидтік емес құрылымы, материалдық әлемде оның негізгі қасиеті ретінде ішінара белгісіздіктің болуы. Ғаламның пайда болуы және оның ақырғы кеңістіктік өлшемдері бар, ол үнемі кеңейіп отырады, оның эволюциялық сипаты өзгерістер оның құрылымын үнемі күрделендіруге және сананың материяның рефлексиялық қасиеті ретінде пайда болуына бағытталған.

«Постклассикалық емес ғылым» – қазіргі заманғы ғылыми білімнің әлеуметтануы, ғылыми қызметтің коммуникативтілігі, ғылыми білімді дамытудың парадигмасы, ғылыми таным моделі, постструктурализм сынды жаңа көзқарастарды тудырды. Постклассикалық емес ғылымның онтологиясы – адам және оның техникалық, технологиялық және экологиялық қызметтері мен табиғи-әлеуметтік объектілер және адами жүйелер.

Отандық ғалым Г.З.Абдрасилова өзінің «Ғылым тарихы және философиясы» атты магистранттарға арналған дәрістер топтамасында классикалық емес ғылымды бейклассикалық ғылым деп атап оған былай деп анықтама береді. Бейклассикалық ғылым – классикалық емес кезеңін идеялық негіздері – 20 ғ. архетиптеріндегі көп мағыналы идиомалар: жаңашылдық, ревизия, дәстүрмен кездесу, экспериментаторлық, стандарттан ерекшелік, шарттылық, визуалдылықтан бет

қайтару, концептуализм, символдылық, бейнелеудің өзгертілген стратегиясы. Осы, өмір мағыналы ортада канонға сәйкес емес белгілірге толы дәстүрлі емес интеллектуалды перспектива қалыптасты. Соның ішінде: полифундаментализм, интегратизм, бірізгіліксізділік, когеренттік, көрнекіліктен айырылу, интертеориялылық.

Необейкласикалық ғылым – әлемнің мағыналы қасиеттерін көрсеткен және класикалық пен классикалық емес ғылымдарды қалыптастырған білім-бейнеге қарағанда біз басында тұрған неоклассика білім инструмент ретінде қызмет етеді. Алғашқы кезеңдерде танымның мақсаты болмыс туралы білім болса, қазіргі кезден бастап осындай мақсат ретінде біздің қажеттілігімізге сай болмыстың жарату перспективасын тану өзекті. Сөйтіп, неоклассикада субстанционализмнен креативизімге, онтологиядан телеологияға жылжуды байқаймыз, бұл білімге жаңа тенденциялардың еңгізілу белгісі. Соның ішінде:

«Синкретизм» – айқын білімді алуға негізделген фундаменталдық ғылымның интенциясы мен қоғамда жұмыс атқаратын қолданбалы ғылымның интенциясының бірігуі;

«Телеономия» – әлемнің антропоморфтық анықтамасын, әлемді өкпек, рызық мақсаттық-мағыналық бастамасын ашу; жаңа рационалдылық – қатаюдың оптималдық жолы арқылы қабылдалынатын құндылық-мақсаттылық түрде іске-асырудың болмыс-ұйытындысы. Классикалықпен қабылданған өзіндік әр бөліктерінде анық, жоққа келтірілмейтін, қажетті, өзінің ішкі жағында анық гносеологиялық утопия түбінде шекке жетті. Білімнің классикалық идеалдарының құлдырауына әкелген бәріне ортақ өзгерістер: ғылымның пәндік аймағында /неэвклид геометрияны құрастыру, небульдік алгебра, кванттік-релятивистік құрылыстар т.б./, оның бүкіл методологиялары /Гедель, Тарский, Коэн, Левенгейм, Сколем, Бринджен, Бор, Гейзенберг т.б. ғалымдардың шектелген нәтижелері/.

Ғылым тарихындағы көп өзгерістер әкелген терминнің бірі – «ғылыми революция» термині. Тарихшы А.Койрен 1939 жылы ғылымдағы өзгерістерді талдай отырып осы терминді ғылыми айналымға енгізді. Ғылыми түсінудің жаңа жолы ретінде оның нормалары, өзіндік ережелері мен шекаралары ғылыми

қызметтің жаңа стратегиялары мен әдістемелерін талап етті. Мұндай талаптар адам шығармашылығы мен мәдениетіне де өз ықпалын тигізбей қоймады, нәтижесінде бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы мен таралуы орын алды. Осы тұста әлеуметтік желілердің бүгінгі күнгі адамның өміріне тигізер ықпалы өте зор. Оған адамның әлеуметтік желілерге деген бағыныштылығы және күштарлығы, фотосурет пен дыбыс жазуға деген ерекше құмарлығы дәлел бола алады. Адамның әлеуметтік желілерге деген махабатты мәдени коммуникативтіліктің рөлін бәсеңдетті. Мұндай әлсіздік жасанды сананың тууына түрткі болды.

Жасанды интеллекттің қарыштап дамуы технология мен мәдени динамиканың байланысын өзгеше етті. Нәтижесінде халықаралық мәдени қатынастар өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер этика мен жауапкершіліктің күрт артуына және әлеуметтік тәртіптің күшеюіне әкеліп соқты. Жасанды интеллект жасаған теңгерімсіздіктермен күресу және жою жұмыстары басталып кетті. Мұндай өзгермелі технополитикалық контекст демократиялық құндылықтар мен адам құқығы мен бостандығын қорғау сынды онсызда өзекті мәселені одан әрі өзектендірді. Мұндай күрделі мәселенің бірден-бір шешімі ретінде біріңғай ақпараттандырылған білім кеңістігін құру, мәдени тәжірибелерді біріктіру, жаһандық мәдени қатынастарға нұқсан келтірмеу тетіктері ұсынылды. Осылайша адамның шығармашылығы мен мәдениеті жасанды интеллект технологияларынан ең көп заңдап шегетін сала ретінде анықталды.

Жасанды интеллект технологиялары пайда болғаннан кейін адамдардың мәдениет ережелері мен нормаларын ұстануы, белгілі бір мәдени өнімдерді тұтынуы, сақтауы және таратуы, жалпы мәдени ұстындарды жеке адамдардың мәдени нормаларына бейімдеуіне қатысты әрекеттер белсенділігі артты. Бұқаралық ақпарат құралдары жиі пайдаланатын мәтін, дыбыс, бейне, әуен сынды түрлі шығармашылық әрекеттер диффузиялық моделдер мен генеративті жүйелердің пайда болуына орай өздерінің мәдени қызметтерінің өзектілігін төмендетті. Осыған орай кәсіби журналистика азаматтық журналистикаға қарай ойысты. Арнайы кәсіби журналистикалық жоғары білім алмай ақ адамдар блогер, информаторлар бола

алатындығын дәлелдеді. Қандай маман иесі болмасын егер оның көпшілікті қызықтыратын контенті болса онда ол журналистік қызметті атқара алатын дәрежеге жетті. Әдебиет саласында ақындар, жазушылар мен баспагерлер жазу құралдары ретінде жасанды интеллекттің көмекшілері мен чатботтардың жаңа нұсқаларын мәтіндерді өңдеуге, қателерді түзетуге, рифмдерді құрастыруға, аудармаларға ұтымды пайдалануда.

Музыка саласында да жасанды интеллекттің қосымшаларын пайдалану арқылы аранжировка жасау, сапалы әндерді жазу мүмкіндігі артты. Музыка индустриясындағы оркестр, композитор, аранжировка жасаушылар сынды мамандардың өткір қажеттілігі азайып, түрлі төңкерістер орын алуда. Бұл өзгерістер бейнелеу саласынан да алыстамады. Жасанды интеллект бірнеше секундтар ішінде жоғары реалистік бейнелерді жасап беретін жағдайға жетті. Кескін компоненттерін өңдеу, бейне құрастыру жұмыстарының уақыты күрт азайды. Мұндай өзгерістер киноиндустриясына да біраз жеңілдіктер әкелді. Образдарды құрастыру және тез ауыстыру еш мәселе болмай қалды. Ойын динамикасы да күрт жоғарылады. Жасанды интеллект арқасында түрлі виртуалды ойындар тәжірибесі арта түсті. Осының бәрі адамның жалпы мәдени бейнесіне қатты ықпал етті. Мұндай күрделі өзгерістердің барлық салаларда жаппай орын алуы және өте аз уақытта жүзеге асуы адамның әлем картинасын өзгеше қабылдауына түрткі болды.

Өзін тексеру сұрақтары

1. Ілім, білім және ғылым ұғымдарының айырмашылықтары мен ерекшеліктері қандай?
2. Классикалық, классикалық емес және постклассикалық емес кезеңдердің бұлай аталу себебі неде?
3. Сократ, Платон және Аристотелдің білім алу туралы идеяларынан кімді қолдайсыз және не үшін қолдайсыз?
4. Ғылыми революция термині ғылым тарихында қандай өзгерістер алып келді?
5. Жасанды интеллекттің дамуы адам мәдениеті мен шығармашылығына қауіпті ме?

Өзін жетілдіру тапсырмасы

Классикалық, классикалық емес және постклассикалық емес кезеңдер туралы ақпараттардың пайдасы мен ықпалын анықтау. Ол үшін тапсырма орындаушы үш кезеңнің бірін не болмаса нақты бір кезеңдегі танымал бір авторды таңдап алады да, автор болса оның автобиографиясы мен шығармашылық жетістіктерін, егер кезең болса сол уақыттың айшықталуына не себеп болғанын, орын алған оқиғаны зерделеп арасындағы байланысты анықтайды.

Тапсырма критерийлері:

1. Сіз не үшін бұл авторды не кезеңді таңдадыңыз?
2. Таңдалған автор өмірбаянының немесе таңдалған кезеңнің айшықты үш тұсын нақты көрсетіңіз!
3. Таңдалған автордың өмірбаяны қаншалықты оның жемісті шығармашылығына ықпал еткенін анықтаңыз! Таңдалған кезеңнің қоғамға қалай ықпал еткенін және оның салдарларын анықтаңыз! Нақты аргумент келтіріңіз!
4. Таңдалған автор шығармашылығының немесе таңдалған кезеңнің ең биік нүктесін анықтаңыз!
5. Таңдалған автордың қоғамға қосқан үлесін немесе таңдалған кезеңнің халыққа тигізген ықпалын қысқаша баяндаңыз.

Нәтижесі: білім алушы орын алған немесе алатын кезеңдегі оқиғаларды міндетті түрде себебі болатынын және ол себептің қалай мақсат пен міндетке айналғанын және әрбір тарихи оқиға басында бірнеше авторлардың барын, яки авторлардың болатынын ұғынады. Автор жетістігі арқылы өзіне мотивация алады.

ӘЛЕМДІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ДАМУ АЛҒЫШАРТЫНЫҢ ӨРКЕНИЕТТІК ДӘСТҮРГЕ ЫҚПАЛЫ

1. *Цивилиография – ғылыми пән ретінде.*
2. *Мәдениет пен өркениет күрделі динамикалық құбылыс.*
3. *Ибн-Халдун: өркениеттік өмірдің құлауы.*

Жалпы өркениет тарихын зерттейтін, тарихнама шеңберінде болса да жоғары синтездік бөлім, жаңа өзіндік ғылыми пән ретінде – цивилиографияны бөліп алып қарауға болады. Ол тарихи ғылымдардың шеңберіндегі зерттеулер қорытындысына және басқа ғылыми пәндер қатарына сүйенеді. Цивилиографияның сұрақтарын екі бағытта қарастыруға болады:

біріншіден, макротеорияның өзара қатынасы өркениет дамуының логикалық дәрежесін анықтайды;

екіншіден, осы дамудың мәселесі анықталған макротеорияның ұстанымымен талқыланады. Цивилиография нақты айғақтарды және жеке қорытындыларды нысанаға ала отырып, аталмыш макротеорияның тәртібі мен құрылымын зерттейді.

Осы тұста өркениеттің генетикалық, қызметтік және трансформациялық құрылымын бір-бірінен ажырата білу қажет, себебі, соңғысы бір уақытта өркениеттің генетикалық құрылымы да бола алады. Генетикалық және қызметтік құрылым бір-біріне қарама-қарсы түрде тіршілік етеді, өйткені, өркениеттің жүйеленуі толық қалыптасу процесі аяқталғанша ұзақ болады. Қызметтік құрылымда генетиканың алғашқы компоненттері басты рөлде болуы міндетті емес. Әрбір пласт құрылымдарда тек ғана өзінің ерекше орнын сақтап қоймай, қиын жүйеде өзінің генетикалық және қызметтік аймағын құрады. Осыдан соң аймақтық құрылым процесі тәртіп бойынша өркениеттің қалыптасуымен сәйкес келмейді. Генетикалық құрылым пластасы өркениеттің қызметтік құрылымына кіре алады және керісінше, қызметтік құрылым пластасы өркениеттің

генетикалық құрылымына ене алады. Өркениет шеңберінде және дәл сол секілді аймақтық құрылымда бір компоненттер бірін-бірі аламастыра алады және өзіндік дамудың қортындысы ғана емес сол қатарға жататын құрылымдардың ықпалынан сапасы жоғарылайды. Өркениеттің құрылымы мен мәнін, механизмін анықтау үшін ең бірініші тарихи процесс негіз бола алады. Бірақ, қоғам тарихының, яғни тарихи процесс қай кезеңнен басталғаны туралы нақты айғақ жоқ. Археологтар мен антропологтар, тарихшылар және тағы да басқа маман иелері осы сауал көлемінде түрліше жорамалдар жасайды, бірақ қайткен күннің өзінде өркениеттің тарихпен қатар өмір сүріп келе жатқаны анық.

Өркениетті негіздерге жүгіну өркениеттілік ұғымына тереңірек үңілуді талап етеді. Бүгінде оны жеке адамдар мен топтардың заттық және рухани аспектілерінің жалпы байланыстарына негізделген, уақыт пен кеңістікте бұлжымас орнықтылығы бар әлеуметтік өмірдің үлкен, көлемді қалыптағы ұйымдастырушысы деген түсінік көпшіліктің мойындауына ие болды. Қоғамдық қатынастардың рухани қалыптары ерекше мәнде. Мұның өзі жалпылық мәнге ие және қажетті жүйелік компоненттерде іске асады. Бұл өркениеттің әлеуметтік күштері арқылы оның тұтастығы құралады деген сөз. Өркениет өз көрінісін рухани байлықтардың, идеялардың, білімнің, саяси бет-бағдардың, дәстүрдің, нормалар мен белгілер бірлігінен табады. Тек өркениеттілік қоғам дамуындағы үйлесімділік ғана оның болашақпен байланысын қамтамасыз етеді, қоғамды өзінің ырғағына бағындырады. Бұл жағдай өз көрінісін әрқилы қалыптасу кезеңдерінен, өркендеуден, тоқыраудан табады.

Дегенмен өркениеттің өзі адам қолының ісі, осы себептен тоқырауға ұшырау қаупінің дұрыс болып шығуы әбден мүмкін. Ол біріншіден рухани жұтаңдықты, екіншіден мекен етіп отырған ортамыздағы табиғи тәртіптерінің бұзылуы, яғни экологиялық дағдарысты тудыру. Бұл дағдарыстарды туғызып отырған адам болмысы емес, оның ойы, пиғылы, іс-әрекеті. Барлық жасалған істің екі жағы бар екенін ескере отырып, мәдениет не болмаса өркениет жетістіктерін таразылап отыру шарт.

Өркениет әлемдік мәдени-тарихи, ғылыми-техникалық тәжірибелерді іріктеу арқылы адамзаттың сол тәжірибеге

бейімделуіне тікілей араласады. Өркениет тоғысуының адамзат тарихындағы рөлі өте жауапты. Өйткені ол халықтардың, ұлттардың мәдениетіне деген құрметтен басталған. Себебі дәстүр мәдениеттің жетекші жүйесі. Сондықтан да әлем халықтары арасында белгілі бір мәдени қатынас пен үйлесімді даму қалыптасқан. Әлемдегі қандайда бір өркениет тарихын алып қарасаңыздар да дамудың өзіндік белгілерін табасыз, сонымен қатар жалпыға ортақ немесе сабақтаса байланысқан тұстарын да кездестіресіз. Өркениет жолында қалыптасқан құндылықтар бүгінгі күннің асыл мұралары. Халықтың өркениеттік нышаны, материалдық және рухани мәдениеті, кеңістікті-хронологиялық сабақтастығы мен кезеңдердегі жаңару үрдісі жазба түпнұсқаларда, археологиялық материалдарда көрніс табады. Себебі тарихи-мәдени сабақтастық ежелгі ұрпақтарды бүгінмен байланыстырады, соның нәтижесінде адамзат дамуы өзінің үйлесімді жалғасын табады. Демек ұрпақтар сабақтастағы өркениет дамуында басты қызметті атқарады. Өркениет осы уақыттың негізгі мәселесі, себебі ол барлық қоғамдық болмыс элементтерінің өзара әрекет ету тәсілін, мәдениеттің ғасырлар бойы тұрақты және өзіндік тұрмыстық қасиеттері мен принциптерін, материалдық өндірістерімен рухани құндылықтарын дәріптейді. Мәдениет өркениеттің барлық элементтерін біріктіріп тоғыстыратын, оның іргесін қалап, тарихи дамудың қоры болатын рухани негіз. Өркениет мәдениеттің кемеліне келіп жетілген түрі. Олай болса, өркениеттің тұтастығын түзетін дәстүр мен сабақтастықтың өзара байланыстары, даму тенденциялары теориялық және практикалық тұрғыдан жетілдіруді талап етеді.

Осы тұста неміс философиясының көш бастаушысы И. Канттың «әркім өзін ләззатқа бөлеген нәрсені – жағымды, тек ұнаған нәрсесін – керемет деп бағалап, мақұлдаған нәрсесін – жақсы деп атайды, яғни осының барлығы адамның объективті құндылықты қарастыруы» – деген сөзін келтіре кеткеніміз орынды. Адамға дене бітімінен басқа есім, жеке өмірбаян тән, сонымен қатар, ол жанұясымен, тегімен, нәсілімен, ұлтымен, басқа да әлеуметтік топтарымен /кәсібі, ұйымы т.б./ дінімен, мәдениетімен, тарихымен, дәстүрімен, кеңістігімен /туған жері, тұратын жері/, уақытымен /өмір сүріп жатқан дәуірі, жылы,

жаңалықтары/, мемлекетімен және өркениетімен анықталады. Нақтылап айтқанда, адамды анықтайтын бес фактор бар: біріншісі – тіл, екіншісі – дін, үшіншісі – дәстүр, төртіншісі – тарих, бесіншісі – отаны. Соңғысы, әрі негізгісі туралы немістің бас ақыны, философы Г. Гетенің: «Ақынды жете танып білу үшін оның туып-өскен Отанын аралап көру керек», – деген сөзі ойымызға дәлел боларлықтай. Дәл осы Отан төңірегінен аталмыш төрт фактордың да үйлесімділігін табуға болады. Егер осы аталғандардың бірі адам бойынан алшақ болса, онда ол адам сол ұлттың толық қанды мүшесі бола алмайды. Өзінің ана тілін білмеген адам өзінің тарихын да, дәстүрін де біліп жетістірмейді. Осылардың барлығы да адам санасынан, адам қолына өтеріне дау жоқ. Әрбір халық кеше жоқ, бүгін бар болмайды. Оның түзілу процесі бірнеше жүздеген, тіпті мыңдаған жылдарды талап етеді.

Бұл турасында Н.О. Бердяевтың ойы ерекше. Ол адам рухы әрқашан өзінің себебін біліп, жоғарыға көтеріліп, адамнан жоғары не бар деген сауалға тоқтауы тиіс дей келе, сонда ғана адам қобалжымайды және жоғалмайды, керісінше өзін-өзі жетілдіреді деп пікір білдіреді. Адам өзіндік ой бекіту мен өзіндік қанағаттанудан өзін жоғалтып алады. Сондықтанда құрбан болу, тұлғаны жетілдірудің сара жолы. Адам жападан жалғыз болмайды, онда дауыс бар /daimon'a/. Оны гректер daimon – игілік беруші деп айтады. Ғалым пікірімен санаса келе әлемдегі барлық жаратылыс тамаша, бірақ соладың ішіндегі ең күдіреттісі адам жаратылысы дегім келеді.

Өркениет генезисі адамның өзіндік табиғат шектеулерін жеңуіне байланысты екі аспектіде көрінеді. Бір жағынан адам өзіне ішкі табиғатты бағындырып, қоғамдық болмыс дамуының ықпалынан босатылады, ал екінші жағынан, қоғамдық мәннің пайда болуы, адамнан өзінің жеке, ішкі табиғатына қожалық етуді талап етеді. Осы аспектілердің тұтастығы өркениет шартындағы қоғам мен адам дамуынан тұрады, олар біріге отырып қоғамдық байлықтың өндіріс процесін құрайды. Өркениет – бұл заңды нәтиже және адамдардың жеке әрекеттерінің жемісі. Тек қоғамдық байлықтың жиналуы ғана адам өмірінен өркениеттік сапаның нышанын сездіреді. Өркениет құндылықтары – бұл әлемдік байланыстардың дамуын қамтамасыз ететін әмбебапты құндылықтар. Осы әмбебаптық

күндылықтардың жетіспеушілігіне байланысты өркениет күлдырай бастайды. Өркениеттің ақыры қазіргі күні батыста алдыңғы қатарлы мәселелердің бірі болып есептелгенімен, бұл мәселе шығыста сонау ерте заманда-ақ өз көрнісін тапты. Мысалы, Ибн Халдуннің өркениеттік өмірдің құлау себебінің бірнеше негізі мен өзара байланысын бөліп қарастыруы таңқаларлық жағдай. Ғалым өркениетті төмендегідей бөліп қарастырды:

- асабийя — кооперация мен қоғамдағы бірлік, өзіндік ұйымдастыруға негіз бола алатын өзара жақындық пен ресми қатынастардың әлсіреуі;

- адамдардың келісімі мен ауызбіршілігін білдіретін дін ықпалының әлсізденуі;

- бөгде топтарды басқаруға деген қоғам мен тартымды биліктің жатсынылуы;

- тирания — қоғамдағы ерік пен өзімсіну, қатыгездік пен күштеп қорқыныш тудыру;

- билік тарапынан әділеттіліктің бұзылуы мен әлеуметтік бөліністің етек алуы.

Ибн-Халдуннің «Пролегоменінде» мынандай тұжырымдар бірнеше дүркін кездеседі: «Өркениет – бұл адамзаттық қоғамның соңы /умаран/». Неліктен өркениет адамзаттық қоғам соңының орынын алмастырады? Өркениет пен мемлекеттің тікелей байланысы бұл сұраққа қысқа, әрі анық жауап бола алады. Мемлекет пен өркениет өлімінің куәгері — байлық /роскошь/. Байлықтың мемлекет пен қоғамға тигізер ықпалы қарама-қайшы, бір мәнді. Мемлекеттің алғашқы өмір сүру кезінде байлық мемлекет күшін жоғарылатады, әлдендіреді. Бірақ ары қарай байлық барлығынан өсіп шығатын жағымсыз рөл ойнай бастайды. «Өркениетті адамдар» әлсізденеді. Өркениетпен, байлықпен байланысты өнегеліктің өзі барып тұрған бұзушы. Бұрын адамдар өнегелілікті тікелей игере отырып, зияннан бұғып өтіп, тек пайда әкелетіндей қабілетті болса ғана нағыз адам болып есептелінген. Ал өркениет адамы, мүмкін енжарлықтан туған әлсіздік немесе артық игілік, байлықпен байланысты менменділіктен болар, өз қажеттіліктерін өзі қанағаттандыруға қабілетсіз, әрі дәрменсіз.

Ибн-Халдун пікірінше, мемлекет өледі. Бірақ жалпы, өлетін мемлекет емес, өлетін нақты ксенократиктік династикалық мемлекет, оның өлу формалары немесе құлдырауы әртүрлі болуы мүмкін. Мемлекеттің ұсақталып құлауы, басқа күштірек мемлекеттің немесе жабайы топтардың жаулап алуынан болуы да ғажап емес. Қандай жағдайда да әрбір адамға өлім таңылған, олай болса, дәл сол сияқты әрбір мемлекетке де өлім тән. Ибн-Халдун мемлекет туралы ойын алға тарта отырып, оның даму процесін адамдық өмірмен салыстырады. Ол былай деп жазады: «Білу керек, адамдардың жаратылыстағы жас өлшемі дәрігерлер мен астрологтардың тұжырымдауынша жүз жиырма жылды құрайды. Әрбір ұрпақтың жасы жағдайға тәуелді көптігімен немесе аздығымен ерекшеленді. Мемлекеттердің жас өлшемі жағдайға тәуелді әртүрлі болып айрықшаланғанымен, көп жағдайда үш ұрпақтың жас жиынтығынан аспайды. Бір ұрпақ – бұл орта жастағы бір адамның жасы, яғни қырық жыл; бұл – уақыт, оның өсуі мен дамуының аяқталатын кезі. Басқаша айтқанда, мемлекеттің жасы орта есеппен жүз жиырма жыл, бұл уақыт үш ұрпақтың, мемлекет адамдарының өмірі, яғни династия басқарушысының өмірі. Бірінші ұрпаққа салыстырмалы теңдік, өнегеліліктің қарапайымдылығы тән. Бұл ұрпақ әлі жабайылық күйдегі дәстүрлерден толығымен арылмаған, үзілмеген. Екінші ұрпақ, өркениет жағдайында өмір сүріп жатыр, олар енжарлықпен байлық әсерінен өздерін жаудан қорғай алмайтындай қабілетсіз қорқақ күйге түскен, сол себептен де жалдамалы күзет пен әскерді қажет етеді. Бұл ұрпақтың кезінде қарапайым, жабайы демократизмнің орнын теңсіздік, өзара қарсыластық т.с.с қатынастар алмастырады. Үшінші ұрпақ барлық қатынастар бойынша нақты құлдырауға ұшырайды. Олардың өмір сүру барысында мемлекет құлайды».

Ибн-Халдунның өркениетті жас шамасымен анықтауы жас өлшемі бойынша дәл келмегенімен, ұрпақтардың өмір сүру мағынасын анықтағанда біраз шындыққа жақындағандай болады. Әрбір ұрпақтың біріншіден келесіге өткен сайын мінезі, адамдық қасиеттері жоғары көтерілудің орнына төмен түсіп кетеді. Өз мұқтажын өздігімен өтей алмау адам әлсіздігінің басты көрнісі. Ибн-Халдунның сипаттамасы бойынша, әрине жас өлшемін есепке алмағанда, біздің қазіргі өмір сүріп отырған

кезеңіміз екінші ұрпақтың үшіншіге өту барысына ұқсайды. Ғалым пікірінше, адамдар алғашқы жабайылық /таваххуш/ күйден келеді. Ары қарай олар табиғат әлемінен бөлінеді де, әлеуметтілік, адамзаттық қоғам күйіне енеді. Олар әрдайым өзгеріс үстінде отырып, өз дамуында екі кезең немесе күйден өтеді, оны Ибн-Халдун «бидава» және «хидара» деп атайды. Бұл екі кезең бір-бірінен адамдардың тіршілік ету үшін қол жеткізген құралдарына тәуелді айрықшалаанады. Бірінші кезеңде /бидава/ адамдар көбіне жер өңдеу және малшылықпен айналысады, екінші кезеңде /хидара/ аталған шаруашылықтарға колөнер, сауда, ғылым және өнер қосылады. Адамдар қауымдастығының әртүрлі даму кезеңінде бидава мен хидара бір аймақ шеңберінде өмір сүруі мүмкін.

Қарапайым күйде өмір сүруші адамдар тек өмірге керек қажеттіліктермен ғана шектелген, ал қажеттіліктен артық табуға, қабілетсіз. Ал өркениеттілік күйде өмір сүруші адамдар, өздерінің жағдайлары мен дағдыларын жетілдіріп, байлыққа кенелгендер. Күмән жоқ, сол кездегі пайда мен артық қажеттілікті қажет етпейтін ежелгілік – тамыр, ал осыдан өсіп шығатын қажеттіліктен ажырағандар – бұтақ. Қарапайым күй – қалалармен өркениеттер тамыры және ол адам қажеттілігінен гөрі бірінші, бұл қажетті, егер қажеттілік жоқ болса, адам жетілдіру мен байлыққа келмес еді. Сонымен өркениеттілік Ибн-Халдун бойынша қарапайым жағдайдан туындайды. Оның өркениет туралы жалпы ойы батыстық ғалым О. Шпенглерге ұқсас болғанымен, ойдың түйініне келегенде екеуі екі бөлек.

Аталмыш көзқарастарға сүйенсек, еуропалық өркениет адамзат дамуының шыңы емес, керісінше, тығырыққа апаратын жол. Ал оның дәлелі, өркениет әлемінде өмір сүретін адамдар өмірінің мәні мен физикалық игілікті мақсат етуі. Бұл өркениет – дінді кері итеру және оның Еуропа халықтарын жаулап алғаны сондай, олар жарыместер сияқты. Себебі олар нағыз физикалық күш пен қайраттылықты жоғалтып алған. Олар өз энергияларын мас болудың күшімен ұстайды, ал үй ошағының патшасы болуы керек әйелдер, не көшеде қаңғып жүр, не фабрикаларда құлдарша еңбек етуде. Бұл өркениет осындай, оның өзінен-өзі қирайтыны анық, тек төзімділік таныту керек. Мұхаммедтің ілімі бойынша, оны «шайтандық өркениет» деп есептеуге болады. Индуизм

болса оны «қара ғасыр» деп атайды. Мен бұл туралы анық ұғым бере алмаймын. Өйткені ол ағылшын ұлтының өмірінен де маңызды мүшесі. Одан қашу керек". М.Ганди ойы өте орынды, бірақ ол барша әлемді бір сәтте жоқ ететін атом бомбасы немесе оданда қауіпті, яғни адамдар қиналып өлетін биологиялық-вирусты атом бомбасынан хабарсыз. Бұл адамзаттың өзіне-өзі жасаған қастандығының ең биік сатысы болар, дегенмен құндылықтар қай кезеңде болмасын әрдайым жетіспеген және жетіспейді. Себебі адамдар көбіне өткенді көксейді, болашаққа қорқынышпен қарайды, олар өркениет жетістіктерін пайдаланғанымен оның ары қарайғы жалғасына сенімсіздік білдіреді.

Өркениет мағынасының астарында қазіргі заманғы философия түсінігі бойынша, әмбебаптық құндылықтар негізінде құрылған әлемдік діндер, адамгершілік жүйелер, құқық және өнерде ізі бар әлеуметтік-мәдени жалпылық түсініледі. Батыстық қоғамдық-саяси ойлар екі бағытта таратыла басталды, бірі Батыс Еуропаның бейнесін жасайтын индустриалды қоғамның феноменалды заңдылықтары болса, екіншісі әлемнің әртүрлілігімен оның әлеуметтік және мәдени өлшемдерінің бейнесін ашады. Егер бірінші бағытқа қоғамдық өмірдің материалдық негізін, экономиканың рөлі мен мағынасын, қоғам өміріндегі өндірістік тәсіл, сонымен қатар, қоғамдық қатынастарға сай зерттеулерді жүргізу сипатын жатқызсақ, екінші бағытқа руханилықтың рөлі мен мағынасын, мәнін, яғни мәдениеттегі және қоғамдық өмірдегі әдебиет пен тіл, тарих, философия және дінді енгізуге болады.

Өркениет – бұл қоғамдық болмыс элементтерінің өзара әрекет ету тәсілі, оның негізін мәдениеттің ғасырлар бойы жинақтаған өзіндік тұрмыстық қасиеттері мен принциптері, материалдық өндірістері мен рухани құндылықтары құрайды. Мәдениет өркениеттің барлық элементтерін біріктіріп тоғыстыратын, оның іргетасын қалап, барлық тарихи дамудың қоры болатын рухани негіз, ядро.

Мәдени элемент А. Тойнби бойынша өркениеттің жанын, қанын, лимфін, мәнін көрсетеді. Өркениет мәдени дамудың сыртқы күшін жоғалтқан сайын өзара қатынастағы әлеуметтік құрылым элементтерін біртіндеп сіңіре бастайды. Егер

өркениеттің негізгі белгісі деп мәдени бірлікті есептейтін болсақ, онда қазіргі таңда әлемдік өркениет тіршілік етпейді. Тіпті әрі қарай мұндай өркениеттің пайда болу, болмау мүмкіндігі беймәлім. Бірақ қазіргі заманғы әлем егер өз бойынан мәдениетті көрсете алмаса, онда қандайда бір экономикалық, экологиялық немесе үлкен дәрежедегі ақпараттық және саяси жалпылықты көрсетері анық. Демек, Ұлы географиялық ашылымдар, колониализммен еңбектің халықаралық бөлінісін біздің қалай бағалайтынымыз белгісіз, бірақ дәл осы жаңалықтар мен құбылыстар Жердің планетарлық дене масштабындағы әлемнің жалпылығын құрды және құруды жалғастыруда. Жер тұрғындарының мәдени-тарихи, экономикалық, саяси және жалпы ақпараттық тенденциясы кейінірек өлшемге сай пайда болады, бірақ оған дейін басым батыс еуропалық өркениеттің экономикалық және саяси тіршілік етуші жүйесі қалыптасқан еді.

XVII ғасырдағы өркениет процесінің қалыптасу кезіндегі жаңа ғасырдың басталуы Британия, Голландия және Скандинавияда, ал XVIII-XIX ғасырлардан бастап жер бетінде, атап айтқанда барлық Еуропада ең атомдандырылған және жеке тұлғаландырылған қоғам болды. Қоғам неғұрлым дамыған, жетілген сайын, жеке адамның әлеуметтік әл-ахуалы соғұрлым жоғарылайды да, сол аймақтарда жаңашылдық өз күшіне енеді. Бұл дегеніңіз климаттық жағдаймен сәйкес келмеген немесе өз ландшафтынан энергия көзін шығару мүмкіндігі болмаған кездің өзінде, энергия шығындарын сатып алуға деген қолайлылықтың бар екендігін көрсетеді.

Еуропалық өркениеттің меншігі қатарына өмір де жатады, олай болса кезекті уақытта – істер мен қылықтар жасау қабілеттілігі /жекелеп алғанда, түрлі ақпараттармен бірге манипуляцияларды өндіру/ еуропа халықтарынан басқалары жасағанға шейін, еуропалықтар тарапынан барынша тез болды. Үнділік және қытайлық елдер сияқты дамыған өркениеттердің өзі еуропалықтарды қиындықпен қабылдады. Еуропалықтар дәстүрлі сананың бір шетінде ғана қалды. Қытай және Үнді өркениеттері, Британдық аралдың келімсектері мен Ника бұлақтары туралы әртүрлі бағдардағы ақпараттар кең ағыммен еуропалық өркениеттің ақпараттық ағымына кіреді. Бірақ әлемдік өркениет шексіз трансгерссии мен өз мәдениетінің

материалды-техникалық тұсынан қамтамасыз етілген басым тенденция болған жағдайда ғана пайда болады. Әлемдік өркениеттердің пайда болуы антропоаймақтық дамудың қашып кете алмас кезеңі, осындай экспанцияға ұмтылған өркениет кезкелген жағдайда пайда болуы шарт. Еуропа емес, Жапония, Қытай немесе арабтар әлемдік ойдың өзіндік төл түпнұсқасын ойлап тауып, әлемдік өркениет құруға талпынар еді. Қандай күрделі мәселе болмасын, оны шиеленістіретін де, шешімін табатын да адам. Сондықтан әрбір шешім адам санасында сан рет сараланып, мемлекеттің тегіне, нәсіліне, байлығына т.с.с. қарамастан адамзаттың бас пайдасына шешілуі тиіс.

Қазіргі дамыған елдердің ойлау деңгейі жоғарылап, адамзатты қиын дағдарыстардан алып шығу үшін түрлі жағдайлар жасалуда. Шын мәнінде материалдық игіліктен жүрдай адам ешқашанда руханилыққа бас ұра алмайды. Тұрмысы төмен адам қайткен күнде де тұрмысын жоғарылатуды ойлайды, материалды қамтамасыз етілген адамда мүмкіндік те үлкен. Патша сарайынан жалыққан Ситхартма Гаутамаға да ең алғашқы әлемдік дін Буддизмді таратуға себепкер болған дәл осы материалдық жеткіліктілік еді. Көптеген философ-ойшылдардың элиталық қоғам, аристократ отбасынан шыққандығын ескерсек, таза ой, ақиқат ақтығы мен табиғат күдіреттілігіне табыну, сезіну, рухын тояттата білу, тек жоғары ойлы адамдарға ғана емес, сонымен бірге тұрмысы жоғары адамдарға мүмкіншілік мол береді екен.

Қоғамдағы басты мәселелер қатарының көбеюімен олардың тереңдеуі, құндылықтардың құнсыздануы қазіргі заман өркениетінің дағдарысқа ұшырауының бір белгісі. Бұл дағдарыс өзінің тамырымен соңғы жүзжылдықтағы әлемдік қоғамдастықтың көш бастаушысы болып жүрген, дәл еуропалық мәдениеттің тарихымен тамырлас. 70-ші жылдары әлем, нақтырақ айтқанда, батыстық әлем, постиндустриалды қоғам дәуіріне енеді, ал 80-ші жылдары біз және біздің ұрпақтарымыз ақпараттық қоғамда өмір сүреді деген ойлар ашық жарияланып жүрді. Бұдан да басқа формулалар жетерлік, дегенменде оларды жалпы методология біріктіреді: жаңа өркениеттің бірегейлігі жаңашыл технологиямен экономикалық құрылым ерекшеліктерін алға тартады. Қызмет көрсету саласының рөлі күмәнсіз

өсіп, олармен байланысты әлеуметтік қабаттар немесе ақыл-ой еңбегі көбіне қоғамның бет-пердесін өзгертеді. Қазіргі заманғы әдістер, ақпараттар мен «компьютерлік революция» тек экономикалық әрекеттерге ғана емес, сонымен қатар адамзат өмірінің басқа да көптеген салаларына айтарлықтай әсерін тигізуде. Бірақ та, осылардың барлығы шын мәндегі өзгерістермен принципіалды жаңа өркениет құрады, яғни, бұл өркениет бұрынғыға қарағанда адамдардың салыстырмалы түрде материалды және рухани өмірлерінің тұтастығын саралайды.

Келтірілген «жаңа өркениет» формулаларының жетімсіздігімен тең еместілігі, ғылымның методологиялық құралдарымен өркениет кешенінің өлшемдерін анықтап, мәнін ашуға тырысады. Біз көп жағдайда өркениетті нақты бейнелей аламыз және оның жүйелік құрылым принциптерінің неден тұратынын білеміз. Сондықтанда өзгерістердің ықпалынан өркениет процестерінің мәнін азғыру туындайды да, жаңа құбылыстардың жарқын қарқынмен дамуы көзге бірден түседі. «Постиндустриализм» мен «ақпараттар революциясының» ұшқыр бағасы еркшеленіп, өркениеттік дәстүрдің технологиялық детерминизмі туындайды. Өркениет пен мәдениет туыстас ұғымдар болса да, өркениеттің тұтастығымен мәдениеттің жалпылығы сәйкес келмейді.

Бүгінде адамзат жаңа мыңжылдыққа қадам жасады. Осы тарихи меженің қарсаңы қоғамның санадағы сапалық өзгерістерімен анықталды. Бұл өзгерістер ең алдымен бүгінгі заманғы әлемде болып жатқан рухани құбылыстарды жаңаша бағалауға деген ұмтылысқа қатысты. Осы кезге дейін бұлжымыстай көрініп келген бірқатар ғылыми концепциялар мен тұжырымдар жаңа қырынан бағалануда, көптеген ғылыми көзқарастар уақыт алдында қайтадан сыннан өтуде. Бұл негізінде заңды әрі адамзат ойының өршіл ізденістігін көрсететін жағымды құбылыс. Әр дәуір өзінен ілгеріде жасалған игіліктердің рухани мұрагері бола отырып, осы құндылықтарды өз заманындағы объективті жағдайлармен жарыстырып, жаңаша түсіндіреді, әрі тарихтың осы өлшеміндегі қолданыс аясын анықтайды. Сөйтіп етене таныс дәстүрлі құбылысты жаңа мазмұнмен толтырып, оның жаңа қырларын, тың мүмкіндіктерін ашады.

Қоғамдағы кез-келген құбылыстар өркениеттік факторларға байланысты. Соның арқасында әлеуметтік кеңістіктегі тарихи

процестер құндылықтық өркениет өлшемінің жүйесі ретінде қалыптасады.

Адамзат тарихы дәл қазіргі ғасырдағыдай ғылыми-техникалық жаңалықтарға толы болған емес. Адам баласы мұнша материалдық байлыққа тап болғанмен жоғары деңгейде технологиялық жетістікке қол жеткізе алмаған. Оған қоса, адам баласы ішкі жан-дүниесімен жаратушы тарапынан берілген құндылықтары тұрғысынан алғанда бұрын-соңды болмаған күмән мен күдікке түсіп, дәл бүгінгідей санасы сергелдең күйде болған емес. Ұлттық құндылықтар мәдениеттің қажетті байлығы, онсыз қоғамдық құбылыстардың өркендеуі мүмкін емес. Ұзақ тарихқа ие болған қазақ халқы тәлім-тәрбиеге негізделген бай мұраны иеленіп, өз ұрпағын адамгершілік, әдептілік, еңбексүйгіштік, инабаттылық қасиеттерімен тәрбиелеп келген. Ұлы ғұламаларымыз Махмұт Қашқари, Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Яссауи, Ахмет Йүгнеки еңбектерінде тәлім-тәрбие туралы кең түрде баяндалғаны да осы пікірімізге арқау болады. Бірақ кеңес дәуіріндегі қоғамдық саясатқа байланысты өзімізге тән ұлттық әдет-ғұрыптарымыз, рәсім-қағидаларымыз «ескіліктің қалдығы» есептеліп, ұмытыла бастаған еді. Қазақстан Республикасы егемендікке ие болғаннан кейін, ұлттық мәдени мұраларға көзқарастар өзгеріп, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы мәліметтерді жинау, үйрену, зерттеу мүмкіндіктері жасалды. Көп ғасырлы тарихы бар дәстүрлі мәдениет мұраларының үйретілуі және бүгінгі тәрбиелі жүйеге негізделуі, өркениеттің ұлттық бағытта болуын қарастырады.

Өзін тексеру сұрақтары

1. Өркениет ұғымының мәнін ашатын қандай критерийлер деп ойлайсыз?
2. Өркениеттің өрлеуі адамның рухани әлеміне тигізер ықпалы туралы ойыңыз қандай?
3. Өркениет өледі ме, егер өлсе онда оның сипаты қандай болмақ?
4. Құндылық ұғымының адам үшін маңыздылығы қандай?
5. Қазіргі жастар үшін құндылық не болуы мүмкін?

Өзін жетілдіру тапсырмасы

Жоғары білім ғылымның алғашқы баспалдағы, академиялық білім ғылыми біліммен тығыз байланыста. Осы тұста студенттің ғылыми мәтінді түсінуі және оны өзге мәтіндерден ажырата алуы маңызды. Тапсырма осы бағытты жетілдіру мақсатында берілген, яғни студенттердің ғылыми мақалаларды талдауы және оны ғылыми емес мақалалардан ажыратуға бейімделуі.

Жоғары білім беру жүйесі академиялық шындық принципіне негізделген, алайда студенттер мен магистранттар ол принципті ұстанбастан интернеттегі өзге еңбегіне сілтеме берместен көшіру әрекеттерін жасайды. Осы тапсырма арқылы студенттер өз білім беру бағдарламасы бағытына сай бір автордың мақаласына талдау жасайды, талдау жасау арқылы оның көп еңбек сіңіргенін түсініп оны өз атыңа иемденудің интеллектуалды қылмыс екенін ұғынады.

Тапсырма «Ғылыми мақала менің көзіммен!» деп аталады, тапсырма шарты бойынша студент бір ғылыми мақаланы таңдап алып, оқып, түсінгендерін танымдық тұрғыда баяндау критерийлеріне сәйкес жазбаша немесе ауызша орындауы қажет.

Баяндау критерийлері:

1. Ғылыми мақаланың тақырыбы, авторы, жарияланған ресми сайты немесе журнал нөмірі, атауы, жылы;
2. Автор туралы бірер сөз, яғни оның ғылыми дәрежесі, лауазымы;
3. Мақаланың ғылыми өзектілігі, жалпы не түсінгеніңіз;
4. Сіздің пікіріңіз: осы мақаланың қазақ қоғамына тигізер пайдасы бар ма?
5. Ғылыми мақала мен газеттік мақаланың қандай айырмасы бар?
6. Сіз жасаған қорытынды қандай?

Нәтижесі: ғылыми мақала жазу белгілі бір интеллектуалды потенциалды қажет етеді. Студенттер ғылыми мақаланы талдау арқылы оның жазылу стиліне деталды көңіл аударады және талқылау арқылы авторлық құқық маңыздылығын түсініп, интеллектуалды қылмыстың ауырлығын сезінуі мүмкін.

МӘДЕНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ТӘЖІРИБЕ РЕТІНДЕ

1. *Сабақтастық объективті қажетті байланыс.*
2. *Өркениет ұстанымы және өлшемі.*
3. *Мәдениет философиясындағы тарихи-мәдени тәжірибе орны мен рөлі.*

Сабақтастық қоғамның барлық кезеңінде және барлық салада аса қажеттілікті туындатып, сан-салалы зерттелініп келе жатқан мәселе. Оған мектеп қабырғасындағы оқушыларды сабаққа үйретудің диалектикалық тәсілдері мен әдістерін қолданудағы сабақтастық, балаларға стационарлық және ауруханадан тыс көмек беруді ұйымдастырудағы сабақтастық, әдебиетті, сәулет өнерін, жаратылыстануды т.б. дамытудағы сабақтастық, философиядағы сабақтастық, ұрпақтар сабақтастығы және т.б. мысал бола алады. Сонымен қатар, Кеңес одағы тұсындағы марксизм-лененизм дәуірі кезінде диалектикалық материализм дамуындағы сабақтастық, социализм жағдайындағы мәдениет дамуының сабақтастығы, дамыған социализм кезеңіндегі КПСС саясатындағы жаңашылдық пен сабақтастық, социалистік демократия дамуындағы сабақтастық атты тақырыптарда Ресейлік ғалымдар В.О. Быстрин, В.М. Каарян, С.В. Колесников, А.Г. Лашин еңбектер жазса, отандық ғалымымыз З.А. Мұқашев «Философиядағы сабақтастық», «Сабақтастық – дамудың бір сәті тәрізді» деген іргелі еңбектерді жарыққа әкелді. Ғалым пікірінше, философиядағы сабақтастықты жүйелеп түсіндірмейінше, оқытылып жатқан диалектикалық және тарихи материализм курсы жекелеген құрамдас бөлшектерге таралып кетеді. Ал бұл курсты тыңдаушылардың бір ғана мүмкіндігі бар, ол – абстракты құрамалар жинағын қатаң тәртіппен жаттау. Сонымен қатар, З.А. Мұқашев социализмге дейінгі сабақтастықтың тарихын зерттеп, мынандай мағұлмат береді: «ертедегі данышпандар ой байланысы туралы сұрақты алға

қойған емес. Тек ежелгі Грецияда ғана емес, сонымен бірге, ежелгі Үнді және ежелгі Қытайда да философиялық ойлау ерекше адамдардың жеке дара қасиеті, яғни данышпандық деп есептелінді». Түйіндеп айтар болсақ, философия деген сөздің өзі данышпандыққа ұмтылу деген мағынаны береді, демек ежелгі ойшылдардың бағыттары дұрыс. Ал бұл аударманы талдар болсақ, ұмтылыс сөзінің өзі үздіксіздікті, әрдайым алға жылжуды, шексіз қозғалысты білдіреді, яғни ол ой сабақтастығының, ой байланыстылығының белгісі.

Ғалым ойын жалғастыра болсақ, сабақтастық – біріншіден диалектикалық және тарихи материализм категориясы. Ол болмыстың іргелі негіздеріне мұра етілген әмбебапты процестен көрінеді. Сабақтастыққа негізделген даму барынша күрделі қатынастар жүйесіндегі объектінің белгілі бір деңгейіне дейін өседі. Сақталынған объект ұсынылған материалдың сапасына дейін түсіп өзінің даралығын жоғалтады, әйтседе бір нәрсенің қарапайым элементі ретінде қалады. Сондықтанда ол тұтастықтың бір бөлігі іспеттес маңызды қызметтерді атқарады. Терістеу объекті субъективті түрде шектемейтін тұтастықтың бір немесе бірнеше анықтамаларына сүйенбейді. Сондықтанда сабақтастық бір ақпаратты сақтауды ғана емес, сонымен қатар бар ақпараттарды сыртқа шығару, тарату, жалпы артына еш нәрсе қалдырмауды да мұрат етеді. Тарихи кезеңдерде алдыңғы ұрпақтардың белсенді қатысуымен жасалған материалдар, қорлар, өндіріс күштерін бір ұрпақтың келесі ұрпақпен ауысу сәтінде сабақтастықтың қызметіне жүгінеді. Ғалым Ақселеу Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты кітабында сабақтастыққа мынандай түсінік беріледі: кез-келген халықтың алыс заманалардан бері қалыптасқан өмір салты, материалдық және рухани мұралар жасау машығы, дәстүр тағылымдары, кісілік қалыптары – сол халықтың бастан өткерген ғұмыр жолының айғағы. Сөз жоқ, тек айғақ ғана емес, сонымен бірге бүгінгі және болашақтағы сан тарау әлеуметтік және мәдени болмысының бой көтерер берік тұғыры да. Өткеннің парқын танымай тұрып бүгін мен болашақты дұрыс бажайлауға болмайды. Кез келген адамның кіндігі ілгеріде өткен туған-туыстарымен ғана жалғасып жатқан жоқ, солар өмір сүрген байтақ өмірмен де біте қайнасқан.

Адамзат баласының барша тіршілік-әрекеті, түптеп келгенде, оның адамдық болмысының айғағы.

«Ескіні» жаңаның ығыстыруы, жаңаның уақытқа қызмет етуі, бұл – мәңгілік процесс. Әрбір тарихи-әлеуметтік кезеңнің өз талғам-танымына лайық дәстүрі болады. Мәдениеттің қандайда бір айғағы болса да, мейлі мифологиялық, философиялық, эстетикалық, филологиялық немесе тар аядағы терминологиялық айғақтар болсын, бәрі-бәрі мәдениет атты байтақ әлемде тек ғана дәстүрдің көлігіне мінгесіп ілгері жылжиды. Тарих кең көзді елек сияқты. Уақыт екшеуіне төтеп бере алмағанның бәрі де сол елек көзінен түсіп қалады. Бұл қатал заңдылық дәстүрге де қатысты. Қоғам дамуына қағажу келтірген дәстүр атаулы тарихи процестің шаңын қауып қалмақ. Егер адамзат мәдениеті мәңгілік мұқитқа бет алған өзен болса, салт-дәстүр сабақтастығын сол өзенге нәр беріп жатқан бастау бұлақтарға теңеуге болады.

Сабақтастық – тарихи-мәдени тәжірибе процесіндегі жаңа мен ескінің арасындағы объективті қажетті байланыс. Бұл байланыс тұтастықты қамтамасыз етеді және мәдениеттің үдемелі дамуының алғышарты болып саналады. Сабақтастық – бұл әр кезең немесе баспалдақтар арасындағы болмыс, сол сияқты таным мен мән тәрізді дамудың байланысы, яғни бір күйден екінші бір күйге ауысу барысындағы жүйелік тұтас өзгерістердің сақталуы болып табылады. Осы шақпен өткенді және болашақты байланыстыра отырып, сабақтастық тұтас тұрақтылық сипатын түзеді. Егер әрбір зат, әрбір процесс басқалардан айрықшалана отырып, басқа заттармен, процестермен бірге жалпы үйлесімділік тапса, ол сабақтастықты маңызды етеді және оның жиі пайда болуы аталмыш құбылыстың даму процесіндегі қайталау болып табылады. Өзгерістер типінің тәуелділігі мен сабақтастық мазмұнының объектісі әр түрлі болуы мүмкін. Осы себеп бойынша сабақтастықтың негізгі формаларын толыққанды тұтас бөлу шарт.

А) бір деңгейдегі сабақтастық; бұл сандық өзгерістер, яғни өзгермеген сапаға салыстырмалы аталмыш шеңберде өтіп жатқан өзгерістер процесінде бақыланады.

Ә) әртүрлі деңгейлердегі сабақтастық; бұл сапалы өзгерістермен байланысты.

Бір деңгейлі сабақтастық тұрмыстық өмірге тән. Әртүрлі деңгейлі сабақтастық дәуірлік кезеңдерге жүгінеді. Бір дәуір ішіндегі сабақтастық сандық өзгерістер арқылы ғана жалғасады, ал дәуірден-дәуірге өту процесі сапаның өзгеруіне әкеліп тірейді. Бір тарихи кезең ішінде өмір сүрген адамдардың, жалпы ойлау жүйесі, қарастыратын мәселелері, ұстанатын ұстанымдары үксас, аса қатты айырмашылық сезілмейді. Мәселен, грек классиктері Сократ, Платон, Аристотель дүниетанымы үндес, ал орта ғасырлық Ф. Аквинский, П. Абельяр, А. Августин дүниетанымы аталмыш грек классиктерінен мүлдем бөлек. Орта ғасыр жалғасы қайта өрлеу дәуірі, керісінше антика дәуірінің заңды жалғасымды бейнесі іспеттес. Демек, тарихи жалғасымды дәуірлер арасындағы сабақтастық бір деңгейде жүріп отырады, ал белгілі бір дәуірлер арасындағы сабақтастық әр түрлі деңгейде сабақтасады.

Сабақтастық мәселесімен шұғылданушылардың бірі ғалым Мұрат Әуезов пікіріне сүйенсек: «Сабақтастық негізінен уақыттағы тұтас өмір. Сондықтанда қоғам саналы түрде өткенімен байланысты белгілі бір тұтастықты игеруге ұмтылады және болашаққа талпыныста ол сабақтастық заңдарынның мәнін түсінуге тап келеді. Ғалым сабақтастықты бір деңгейден келесі деңгейге өтетін дамудың негізі ретінде қарастыра отырып, үдемелі және инволюциялық сабақтастықтар ұғымдарын енгізді. Үдемелі сабақтастық дегеніміз өткен ғасырлардағы қол жеткен жағымды нәтижелердің, сапалы жаңа деңгейлерінің сақталауы және дамуы. Инволюциялық сабақтастық жағдайында бұрынырақ қол жеткізген бірнеше нәтижелердің, сол немесе басқа белгілер шығысының, белгілі бір объектіні өзгертетін сапалардың сақталуы, жоғалып кетумен бірге жүреді. Осының арқасында сабақтастық ұғымы жәй ғана абстрактылы категория болуды тоқтатады.

Сабақтастық тізбегі ғасырлар тереңінен тартылып келеді, әлемдегі халықтардың мәдени байланыс сенімділігін жүргізеді, сондықтанда әрқашан айқын көрінбейді. Тарихи пәндер өздерінің қатып қалған критерилеріне деген адалдығын сақтай отырып, бір күні бұлыңғыр қарым-қатынастың шынайы бейнесін сақтау үшін айғақтық материалдар жинайды». Түсініктірек болу үшін үдемелі және инволюционды сабақтастықтардың қандай

мағынада қолданылатынын ажыратып алайық. Аталмыш сабақтастықтар туралы біз тірі табиғатта, әсіресе адамдық қоғамда өтіп жатқан процестер түрінде ғана айта аламыз. Үдемелі сабақтастықтың мәні тірі табиғаттың немесе адамдық қоғамның алдыңғы тарихи кезеңдерінде қол жеткізген сапалы жаңа деңгейдегі жағымды нәтижелердің дамуы мен сақталуынан тұрады. Ескерусіз метафизикалық сабақтастық байланысының бір сапалы күйден басқаға өту процесі тағы да сол идеалистік тәртіп тұжырымына алып келеді. Үдемелі сабақтастық барлық қоғамдық прогрестердің бұлтартпас шарты болып табылады.

Инволюциондық сабақтастықтың ерекшелігі өзгермелі объектінің белгілі бір сапасының сақталуы, бірнеше нәтижелерден, сол немесе басқа белгілердің айрылуы, жоғалтуымен бірге қоса еріп жүретін бұрынырақ қол жеткізген үдемелі даму процесінен тұрады. Бұл анықтамаға мынандай мысалдар келтіруге болады: мәселен, биологияда өсімдіктермен жануарлардың регрессивті эволюция құбылысы мәлім. Ал ортағасыр кезеңінде біз ежелгі әлем, феодализм дәуірі және қазіргі заманғы өркениет жетістіктерінің арасындағы ұлы тарихи байланыстарды көрмей, адамзат дамуындағы қарапайым үзіліс мыңдаған жылғы жалпы барлық варварлықтың себебінен болған деп қарастыруға құқығымыз жоқ. Қоғамдық даму процесінде қандайда бір бұрылыстар, қалтарыстар, тіпті жарылыстар болса да, әрбір формация өткен кезеңнің жетістіктерін бәрібір пайдаланады. Тарихи дамудың бұл сабақтастығының объективті негізі адамдардың өндірістік әрекеттерін құрайды. Сондықтанда қоғам тарихындағы барлық талпынысты қозғалыстар жергілікті және уақытша сипатта, ал тарих, ақырында, регрессивтік тәртіп құбылыстарын басып өтіп келеді.

Сабақтастық ғылыми категория, оның маңыздылығы атқаратын рөлінде, яғни өтпелі кезеңдердегі адам баласының басынан өткерген түрлі оқиғаларының бір-бірімен жалғасуында. Демек сабақтастық тарихты жалғастырушы, адамзатқа бағыт беріп, үлгі көрсетуші. Мұндай процесс ұрпақтар сабақтастығының арқасында жүзеге асады. Сабақтастық қоғаммен қоғамды, тарихпен тарихты, өмірмен өмірді, түрлі оқиғалармен жаңалықтарды жалғастырушы, сабақтаушы маңызды рөлін атқарғанмен осы аталғандар ішінен айқын

көрінбейді, аса ерекшеленбейді. Бұл ұғымға қазақ тілінің сөздігінде мынадай түсінік берілген: «сабақтастық – сарындастық, үндестік, жалғастық, байланыстылық. Адам мен табиғаттың арасында көрінбейтін сабақтастық бар». Адамзат тарихындағы дәстүр тұрақты, қалыптасқан дүние болса, сабақтастық осы дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізер құрал немесе трансформацияланудың тәсілі, технологиясы, механизмі, тіпті бір кезеңнен екінші бір кезеңге өтудің сәті. Негізінен дүние немесе тарих кезеңдерге өздігінен бөлінбейді, ол тұтастық. Оны болған оқиғаларына байланысты жіктеме жасап, әрбіріне айдар тағатын – Адам. Кез-келген құбылыстың құндылығы, маңыздылығы оның берілу механизмінде, келесі кезеңге не болмаса дәуірге жету технологиясында, жалпы трансформациялануында. Сондықтанда адамзат тарихындағы сабақтастың рөлі өте зор, әрі жауапты. Сонымен бірге сабақтастық белгілі бір бағдарды, құндылықтарды анықтауда да өзекті болып табылады. Сабақтастық өздігінен болмайды. Ол үшін мәдениеттер мен өркениеттер арасында өзіндік бір байланыс болуы тиіс. Бұл байланыс әдетте сұхбат немесе қарым-қатынас арқылы жүзеге асады.

Өркениет ұзақ мерзімдегі эволюциялық тарихи дамудың нәтижесінде бір немесе бірнеше ірі этностардың қалыптасқан этно-демографиялық, әлеуметтік-мәдени бірегейлігін қалыптастырды. Белгілі бір кеңістікте пайда болған материалды, рухани мәдениеті бар бір тұтас макрожүйе, мәдени тип. Адамзат тарихының өзі әртүрлі мәдениеттердің арасындағы өзара қарым-қатынас үрдісі. Ол материалдық және рухани аймақты, қоғамдық тәртіпті, жеке тұлғалардың санасы мен мінез-құлқын, топ адамдармен жалпы барлық тұтас қоғамды қамтиды. Мәдениеттердің ара қатынасы тек менталдық шеңберді ғана емес, сонымен қатар, адамзат жүйесінің қосындысын да біріктіреді. Тарих заңдылығы мәдениеттердің өзара әсері, тарих өлшемінде тігінен және көлденеңнен, яғни кеңістік пен уақыттың араласуы десе де болады. Сол немесе басқа мәдениет жүйесіндегі көп нәрсе қарым-қатынастық дәрежеге байланысты, дұрыс мағынада тағдырды анықтайды. Тарих тәжірибесіне сенер болсақ, өлшемнен тыс «тұйықтық» кеңістіктегі шеңберлік қозғалысқа алып келсе, «ашықтық» болса өзіндік тұрмысты

киратты, қорытындысында өркениеттің не кең қанат жайуына, не жоғалып кетуіне әкеліп соғады. Өркениеттің қарым-қатынастық дәрежесі оның мәнін, динамикасын басқа да ерекшеліктерін күмәнсіз анықтайды. Бірақ бұл құрылым әр уақытта, әр түрлі тарих кеңістігінде әр қилы анықталынады. Бір ұлт әртүрлі кезеңде біресе ашық, біресе тұйық күйде бола алады. Ашылудың әртүрлі дәрежелері әртүрлі аймақтарда сипатталады. Мысалы, Батыс Еуропада антикалық кезеңнен бастап жоғары қарым-қатынастық деңгейі анықталды. Қарым-қатынастық дәрежесі екі факторға байланысты. Мәдениеттің өзара әсері, тәжірибе алмасу мен қабылдау мүмкіндігі, яғни, байланыс немесе тәжірибедегі мәдениеттердің қарым-қатынасын қамтамасыз ететін сабақтастық пен алшақтық арасындағы әлеуметтік күш.

Коммуникация (қарым-қатынастық) түсінігі – К. Ясперстің басты философиясының бірі. Ол берілген түсінікке сыни талдау бере отырып, төмендегі аспектілерді атап көрсетеді.

Ғалым жеке тұлғалардың қарым-қатынасы, өзінің жеке болмысын құрайтын басқа жеке тұлғалармен байланысты деп түсінеді. К. Ясперс бойынша коммуникацияның екі түрі бар: түпнұсқасыз – «дайын болмыстың коммуникациясы» және түпнұсқалы – «экзистенциалды коммуникация». «Экзистенциалды коммуникация» түсінігінің мазмұны қазіргі заманғы буржуазиялық қоғамдағы бұқараның жатсыну формасындағы қатынасына қарама-қарсы қойылады. «Түпнұсқасыз коммуникация» формасын талдағанда К. Ясперс үш нәрсені аңғарады; бірі индивидтердің байланысы табиғи-эмпирикалық мәнде олардың өзін қорғаумен қауіпсіздік құралы ретінде болса, екіншісі жалпылықты мойындайтын барлығының алдындағы абстракты-құқықтық теңдік негізіндегі коммуникация, үшіншісі, «рух» деңгейіндегі коммуникация яғни, әрбір жеке тұлға «тұтас идеямен» байланысты /халық, ұлт, мемлекет/ ағзаның жеке бір мүшесі секілді.

Коммуникациялардан «экзистенциалдық коммуникацияның» ерекшелігі К. Ясперс түсінігінде еркін, ішкі жағдайларға ыңғайланып жасалмаған қатынас түрі. Мұнда адам басқаға, сонымен қатар өз-өзіне, өзінің жеке негізгі түпнұсқасын аша отырып, экзистенциалды, біздің болмысымыздың құпия ішкі байланыстарының мәнін ашады.

Кеңес зерттеушілері арасында «экзистенциялық коммуникация» қалай айрықшалансада, К. Ясперсте бұл діни қатынастың өзінше бір түрі, мұнда ол «трансценденцияның бөліну» мүмкіндігін көреді. К. Ясперс философиясының дінге жақындығы күмәнсіз және мұны батыс теологтары қанағатпен айрықша атап өтеді. Коммуникация мәселесі К. Ясперстің соңғы жұмыстарында оның «сенім философиясы» және «белдеулік уақыт» түсінігі арқылы қортындыланды және жеке басының жоспарынан әртүрлі мәдениеттердің, халықтардың, діндердің өзара түсінісуімен диалогы мәселесіне дейін өсті. К. Ясперс тек өркениетті зерттеуші ғалым ғана емес, ол өркениет адамы.

Өркениет адамы басқаша айтқанда, өркениетті адам, ал экзистенциалистер пікірінше «еркіндікке бой ұрғандар». Бірақ бұл еркіндікке бой ұру жалғасымды емес, ол социумның тұрақсыздық күшінде түзіледі. Экзистенциалистер мәдениет келместей болып өткенге кетіп, өркениет толығымен өз күшіне мінген кездегі сәтінен әлемнің тұрақсыз күйін көреді. Бұл байқаусызда ақиқатты еркіндік деп есептелініп кеткен қате, бос кеңістік, еркіндіктің тек иллюзиясы ғана. Десек те, бүгінгі өркениет адамы антикалық, орта ғасырлық немесе жаңа замандық өркениет адамынан бітімі жағынан ерекшеленбесе де, ғылыми деңгейі жағынан айрықша. Бұл өткен дәуір адамдарын кемсітуден туындаған ой емес. Өткен дәуірлерде адам саны бүгінгі күнмен салыстырмалы түрде едәуір аз болды, оған қоса, адамдардың сауаттылық деңгейі де барынша төмен еді. 1907 жылғы «Сібір сұрақтары» деген журналда былай жарияланған екен: «Батыс Сібір мен Қазақстан қанша бай болғанымен мәдени жағынан Ресейдің Еуропа бөлігіне қарағанда көп артта қалған еді. Патша өкіметін және оның осы өлкедегі басшыларын халық мәдениетін көтеру ешқашан қызықтырмады. Сондықтан елдің көп бөлігі сауатсыз болды. Егер 1897 жылғы санақ бойынша халық сауаттылығын салыстырсақ, Батыс Сібірде 11,5 пайыз, Ресейдің Еуропа бөлігінде 22,5 пайыз, Польшада – 30,5 пайыз екен. Соның ішінде Ақмола облысында 10, ал Семей облысында 6 пайыз халықтың сауатты екенін көреміз». Сауатсыздық халықтың арасынан таңдаудың аздығын көрсетеді. Мысалы, Қытай неліктен әлем бойынша бар салада алғашқы орында, себебі оларда халық саны көп, демек таңдау, іріктеу мүмкіндігі

мол. XX ғасыр табалдырығынан аттағанда, әлемде 100 мыңнан кем емес, оқымыстылар жұмыс істеді, ал бүгінде бұл сан 100 миллионға жете қабыс. Демек, қазіргі күні бар жерде ғалымдар өмір сүруде, зерттеулер жүргізуде, жалпы жұмыс істеуде. Атап айтсақ, 90 пайыз оқымыстылар әлемнің түкпір-түкпірінде өмір сүруде, бұл жер шарының 1/4 бөлігін құрайды.

Сондықтан да қазіргі заманғы өркениеттер ежелгі өркениеттердің барлық құндылықтарын өз бойына сіңіріп, өз бойларынан қайта өсірді. Бірақ бұл үлестің адам баласының біліміне құйған көмек көлемі үлкен болғанымен, өте аз мерзімде істелінген дүние болғандықтан, өлшемді түрде ежелгі өркениеттердің алдын орағытады. Бұл пікірге толық қосылуға болады. Себебі, бүгінгі таңғала пайдаланып жүрген өркениет жетістіктерінің, технология жетістіктерінің барлығы дерлік ерте кезең идеясынан туындаған. Мәселен, техникалық өркениетке дем берген ортағасырлық кезең өзімен бірге готикалық сәулет өнерін, титулдық феодалдық аристократия және папаның басқаруымен шіркеулік иреархияны ала келді де біз осы арқылы римдік және гректік өркениеттерге жақындадық. Біз бұл жерден керемет ашылымдар мен жаңалықтарды таба алмаймыз, бірақ олар өздерін өнерде, философияда және қоғамдық орындарда көрсете білді. Бұл өркениеттердің басты өнімі: императорлық және патшалық билік, азаматтық құқық, христиандық, аристократиялық және демократиялық басқарудың сенаттық және консулдықпен араласуы, халық кеңестерінің жиналыстарымен демократиялық басқару, атты әскер мен жаяу әскерлерден тұратын қатаң тәртіпті әскер ұйымдастырылуы, теңіз әскері мен теңіз әскери техникасының құрылуы, жергілікті құқықты үлкен қалалардың құрылуы, теңіз саудасы, тиын ақшалар, жеке меншікті дербес территориялы мемлекет, ашылымдар қатары: күйдірілген кірпіш, көтергіш кран, су айдайтын доңғалақ, көпір, су құбырлары және су шығаратын құбырлар, кранды мыс құбырлары, арка, таразы, классикалық кезеңнің ғылымы мен өнері және олардың шығармалары, сонымен қатар сәулеттік үлгілер, арабтық сандар және алфавит. Л.Морганның XX ғасырдың I ширегінде пайымдаған тұжырымдары жетпіс жылдай уақыт аралығында өте ескіргенге ұқсайды. Қанашама жүз жылдықты артқа тастап жеткен

жетістіктердің деңгейі мен қазіргі таңдағы адамзат баласының қол жеткізген жаңалықтары, он тоғыз ғасырдың алдын он орағандай жылдамдықты көрсетіп отыр. Бұған не себеп? Бұған бір ғана себеп болуы мүмкін ол – Өркениет.

«Өркениет» сөзі 1756 жылы маркиз де В.Р.Мирабонның «Адамдар досы» атты еңбегінде алғаш рет пайдаланылды. Ол өз еңбегінде өркениет туралы былай жазады: «Егер мен көпшіліктен өркениет неден тұрады деп сұрасам, олар былайша жауап берер еді: өркениет әдептілік ережесін сақтау және осы ереже жалпыға тән заң рөлінде болуы үшін таратылған өнегеліліктің, құрмет тұтудың, мейрімділіктің және білімнің әлсізденуі – мұның барлығы қайрымды адамдардың шын бейнесі емес, жасанды бет-пердесі болып табылады. Егер өркениет қайрымды адамдардың қалпы мен негізін бере алмаса, онда ол қоғам үшін ештеңе өндірмейді». Осылайша өркениет термині қоғамның біршама сапалық сипатын білдіру және оның даму деңгейін анықтау үшін қоғамдық ілімге енді. Дәл осылай түсінілген өркениет өзінің мағынасын жоғалтқан жоқ және қазіргі заманғы қоғамдық ілімде оның мәні сақталу үстінде. Бірақ В.Р. Мирабо үшін «өркениет» ұғымы қоғам дамуының тек белгілі бір кезеңін ғана сипаттамайды, сонымен қатар қандай қоғамды сенімді түрде «өркениет» деп атауға болатындығын бағалайды.

В.Р.Мирабо және басқа да француз ағартушылары қоғамдық даму өнегеліліктің бағасын бере алады деп есептеді. Олар үшін өркениет – ол ең бірінші өнегелі адамзат дамуының белгілі бір деңгейі. Сонымен бірге өркениет қоғамның рухани-мәдени және технологиялық жетістіктерінің барынша жоғары деңгейі, әлеуметтік және саяси даму т.б. мағынаға ие болып қоғамдық ілімде кеңінен таралды. «Американдық мұра» сөздігінде өркениет саяси және әлеуметтік институт кешендерінің пайда болуы, жазудың өте белсенді пайдаланылуы, өнер мен ғылымдағы прогресті есепке алғандағы адамдық қоғамдағы интеллектуалды, мәдени және материалды дамудың озық күйі ретінде мағыналанған. Өркениеттің аяғынан нық тұруы еңбек бөлінісінің барынша жоғары деңгейімен, қоғамдағы кластық құрылымының қалыптасуымен, мемлекеттің құрылуымен, биліктің түрлі саяси, әрі құқықтық институттарымен, мәдени жазу формасының дамуымен, өлшем мен салмақ жүйесі, жалпы

діндердің дамуы және тағы да басқалармен байланысты. Өркениет ұғымының мұндай түрі ешқандай қайшылық тудырмайды және оны түсіну мәдениет пен қоғамның нақты типін сипаттаумен тең. Өркениеттің осы ыңғайдағы ұстанымы – ол белгілі бір кеңістікті-уақытты шеңбермен шектеулі және рухани, экономикалық, технологиялық, саяси даму өлшемдерімен нақ айқындалған, нақты әлеуметтік-мәдени феномен. Мұндай өркениеттерге Майя өркениеті, Ежелгі Грек өркениеті, Ежелгі Рим өркениеті мысал бола алады. Барлық осы ыңғайлардың негізінде өркениетке мынандай жалпы сипаттама беруге болады.

Өркениеттер – ол әлеуметтік топ, ұлт, мемлекет және өзіндік заңдылықтары бар ірі тұтас әлеуметтік-мәдени жүйе. Өркениеттер тұтас жүйе ретінде бір-бірімен келісімге келетін, әрі өзара тығыз байланыстағы дін, экономикалық, саяси, әлеуметтік ұйымдар, білім және тәрбие жүйесі сияқты түрлі элементтерді өз бойына енгізеді. Бұл жүйенің әрбір элементі сол немесе басқа өркениеттердің өзіндік ерекшеліктерін алып келеді. Бұл өзінділік барынша тұрақты. Дегенмен өркениеттерге ықпал ететін белгілі бір ішкі және сыртқы әсерлерден өзгерістер орын алады, бірақ оның негізі, ішкі ядросы өзгеріссіз қалады. Сондықтанда әрбір өркениеттің өзіндік өмірі, тарихи тағдыры, өз институттары мен құндылықтары бар. Өркениеттердің қалыптасу процесінде ірі әлеуметтік топтың белгілі бір территориясы және сол шеңбердегі орын мен уақыттағы мәдени өмірдің дифференциациясы тарихи сабақтастықтағы бірегей рухани өмірді дәріптеу болып табылады. Өркениеттердің анықталуы мәдениет ерекшеліктерін, яғни құндылықтар, нормалар, салт-дәстүрлер, мәдени үлгілер және тағы басқаларды қамтитын психикалық өмірдің өзіндік белесі – рухани факторды береді. Олардың бір-бірлерімен өзара байланыста болуымен өркениеттер өзіндік ерекшеліктерін жоғалтып алмайды, басқа өркениеттерден келген кейбір элементтердің қатысуы процесті тездетеді немесе баяулатады, байытады немесе біріктіреді. Өркениеттер формациямен сәйкес келмейді, себебі олар кеңістік пен уақытта нағыз өз сабақтастығын жалғастырып жатқан іспеттес және басқа өркениеттерменде осындай байланыста.

Қоғамның формациялық бөлінуі өндірісті-экономикалық қатынастарымен, жеке меншік қатынастарына байланысты болса, өркениеттік бөлініс мәдениет ерекшеліктеріне байланысты. Сондықтанда өркениеттер ерекшеліктерін түсіндіру барысында «мәдениет» пен «өркениет» ұғымдарының ара қатынасына аса мән беру қажет. «Мәдениет» және «өркениет» ұғымдарының қатынасы мәселесі көңілге қонымды шешім табуы мүмкін, егер өркениетті мәдениеттің жемісі, оның арнайы ерекшелігі және құрамы деп түсінсек: өркениет – бұл мәдени процесс кезіндегі қоғаммен құрылған оның қалыптасуымен жетілуіне қажет құралдар жүйесі. Өркениет ұғымы мұндай талдама бойынша жүйелілікті, технологиялықты, институтционалдықты көрсетеді. Мәдениет ұғымы – тек технологияға ғана емес, сонымен бірге құндылықтар мен мағыналарға ықпал етеді, себебі, ол адамдар мақсатының көзделіп жүзеге асырылуымен байланысты. Өркениет жүріс-тұрыстың, құндылықтардың, нормалардың және тағы басқалардың игерілген үлгісін ұсынады, мәдениет болса – жетістікті игерудің тәсілі. Өркениет дегеніміз нақты тарихи жағдайлардағы белгілі бір қоғам типін жүзеге асыру болса, мәдениет – қоғамның сол типіне түрлі өнегелік-рухани және дүниеге көзқарастық критерийлер негізінде қатынас жасау. Белгілі бір әлеуметтік жүйеге және олардың қарама-қайшылығына алып келетін мәдениет пен өркениеттің айырмашылығы абсолюттік емес, керісінше салыстырмалы сипатқа ие. Тарих көрсетуінше, мәдениеттің гумандық құндылықтары тек дамыған өркениеттер көмегі арқылы ғана өмір еншісіне айнала алады. Өз кезегінде жоғарғы өркениет мәдени мағыналарға рух беретін мәдени шығармашылық негізінде құрылуы мүмкін.

Өркениет өз бастауын қаншалықты тереңнен алса, соншалықты құнды, әрі нәрлі. Ежелгі өркениеттер жетістіктері бүгінгі өркениет жетістіктерімен салыстырғанда идеялық жағынан өте маңызды. Ғылым мен өнер өз дамуының шегіне жақындаған сәтте де ежелгі өркениет ошақтарының құпиясы әлі де бізге мәлім емес. Мұндай жағдай кейбір дәуірлер арасындағы сабақтастың әлсірегендігінен туындауы әбден мүмкін. Сабақтастық рөлін күшейту, өркениеттің қозғаушы күші

болғандықтан ұлыларды ұлықтау нағыз өркениеттік бастама болып табылады. Мысалы, Ежелгі Қытай ұстазы, ойшыл, ұлы философ Конфуцийдің туылғанына 2555 жыл толуына орай, 2005 жылдың 26 қыркүйегінде, Шаньдун елді мекеніндегі өз отаны Цюйфуда Конфуцишылдық мәдениет күндері өткізілді. Цюйфудағы мәдениет күндері «Ұлы данышпанды еске алу. Өркениеттің кереметтілігін, үздіксіздігін және сабақтастығын сақтау. Жаңа ашылымдарға, түрлі жаңартуларға, дамытуға ат салысу» деген ұрандармен өтті. Бұл мәдени іс-шаралар шығыс мәдениетінің ерекшелігін көрсету және әлемді конфуцийшылдықпен барынша кеңінен таныстыру, оның ілімдерін насихаттау мақсатында жүзеге асырылды. Мүшәйраның ашылу салтанатына ЫҚҰҒА өкілі келіп, Конфуций атында сыйлық бар екенін хабарлады. Бұл қытай атымен аталған алғашқы халықаралық өте жоғарғы деңгейдегі сыйлық философия, мәдениет және ағартушылықты дамыту ісіне қомақты үлес қосқан мамандар мен үкімет қайраткерлері, мемлекет басшысыларына берілді. Конфуций атындағы сыйлық түрлі жаңашаланған атаумен жылына бір рет беріліп отырады. Сыйлық иегерлері «Цюйфу қаласының құрметті тұрғыны» деген дипломдар алды. Өткенді жаңғырту өркениет талабы. Бүгінде әлемдегі ең ірі өркениеттер қатарына жататын Қытайдың өз ұлықтарын ұлықтау дәстүрі, өткен мен бүгінді сабақтастыруы жан-жақты дамудың үлгісі, нағыз жоғарғы өркениеттілік белгісі.

Адам бірінші өркениет жағдайына жету мүмкіндігін алу үшін, ол оның барлық элементтерін игеруі шарт. Адамдар тіршілік еткен алғашқы ғасырлардағы түрлі прогресс ұшқындары әрбір кезеңдердегі жаңалықтармен ашылымдар қатарын құрап отырады. Ғылыми техникалық прогрестің басты жаңалықтары болып: электронды телеграф, білте, жіп иіретін машина, механикалық тоқыма станогы, неше түрлі машиналардың түпнұсқасы болған бу машинасы, сонымен қатар локомотивтер, темір жолдар және алып кемелер; телескоп, ауа күшімен күн жүйесінің ашылуы; кітап басу өнері, арықтар, теңіз компасы және бытыра табылады. Осы кезеңге ғылымдар, діни бостандық пен барлығына тиесілі мектептер, көрнекті демократия, парламентпен біріккен конституциялық монархия, феодалдық

патшалық, қазіргі заманғы алдыңғы қатарлы үздік класстар, халықаралық, жазылған және қарапайым құқық жатады.

Шығыстық типке ортағасырлық Еуропа өркениеті де жатады. Ол алғашқы бастама, ортағасыр, антикалық әлем шеңберінде және оның ақырынан кейін, тарихтың кезекті кезеңін емес, ерекше бір өркениетті дәріптеді. Римдік мәдениет ортағасырлық Еуропа халықтарының өміріне күшті әсерін тигізді: осыдан христиандық өз өрісін алып, латын тілі, римдік құқық, бірнеше ғұрыптар мен дәстүрлер бекітілді. Бірақта Рим империясы құлағаннан кейін бұл дәстүрлер өшіп қалды. Ескі римдік мектептер жабылып, гректердің ғылыми жетістіктері ұмыт қалды, латын тілі өлі тілге айналды. Ортағасырлық Еуропа әлемде ешқашан көш басшы болған емес. Себебі, экономикалық, мәдени және рухани даму деңгейі бойынша, классикалық Шығыс оны материалдық игіліктерден шықты деп есептейді.

Бәрімізге мәлім, ортағасырлық Еуропа қауымдық-корпоративтік қондырғыларымен ерекшеленді, яғни: цехтар, гилдилер, рыцарлық ордендер шіркеулік және селолық қауымдар және т.б. Қауымдық шеңберден тыс экономикалық іс-әрекет болуы тіпті мүмкін емес болды. Өмірдің барлық аймақтарында үлкен рөлді христиандық шіркеу ойнады. Христиандық фанатизммен басылып қалған Еуропа, діни экстаздағы тоқтап қалған Шығыс тәрізді баяу дамыды. Дін ортағасырлық Еуропалық қоғам өмірінің барлық жақтарына енді: саяси ұйым Құдайға және дінге негізделді, жанұя қасиетті діни одақ болып табылды, экономика шіркеу арқылы бақыланды, яғни көптеген экономикалық іс-әрекет формаларына шектеулер қойылды, мәдениет таза діни сипатта болды. Барлық өмір бейнесі, ортағасыр адамының өнегелігі, дәстүрі, ойлауы христиандық дінмен анықталды. Құдай идеясы адамдарды Индиядағы брахмандық немесе Тибеттегі ламалар сияқты өзіне бағындырды. Мұндай жағдайда даму өте баяу қалыпта жүрді. Тұтас жүзжыл бойы кедей, сыңар жақты өмір ағысы қалыптасты. Негізінен ортағасырлық Еуропа айрықша өркениет, ал оның гректік-латындық және қазіргі заманнан айырмашылығы шығыстық типке өзінің белгілерімен қоса жатуында.

IX-XI ғасырлар ортағасырлық Еуропа өркениетінің дағдарыс жолағына түскен кезі. Дағдарыстық құбылыстардың жарқын

көрсеткіші және бір уақыттағы Еуропа мен басқа да шығыстық типке жататын елдер дамуының бір типтілігін көрсетуші – крес жорығы. Яғни, исламды қабылдаған халықтар Алланың қасында ешқандайда құдай болмауы тиіс деп есептеп, басқа халықтарды табындыруға ұмтылып, өз сенімдерін енгіздіргісі келді. Христиандар өз кезегінде мұсылмандар ойын дұрыс емес деп есептеп, XI ғасырда исламға қарсы діни соғыс бастады да, ол XIII ғасырдың соңына қарай аяқталды. Тарих – тарих беттеріндегі бірнеше жылға созылған соғыстарымен, жорықтарымен, тарихи тұлғалармен, тарихи батырларымен қызықты. Әрбір соғыстың өзіндік себебі, кемшілігі мен жетістігі бар. Француз философы, драматург және музыка сыншысы Габриель Оноре Марсель пікірінше, нақты өмір сүріп жатқан тарих дегеніміздің өзі шексіз пайда болған шығармашылық мүмкіндіктер мен қандайда бір тарихи заңдылықтардың сәйкес келмейтін ашық плюрализмі, өткен ұрпақтың мәдени-тарихи шығармашылығы, рухани аймағы. Тарихи процестің бірлігі туралы идея осы мүмкіндіктерді жан-жақты зерттеуді талап етеді және тек дәл осы мәдени-тарихи шығармашылық аймағы ғана өркениеттер сабақтастығын шын мәнінде қамтамасыз етуге қабілетті. Өркениеттер мұрасы – әрдайым белсенділік танытатын рухани мүмкіндіктердің жоғалмайтын таңдауы. Осы себептен Г.О. Марсель герменевтиканы теріске шығарады. Оның пікірінше, сабақтастық концепциялармен танылмайды, демек мұнан шығатын іздеу байланысын тарихтың құрдастары түсіну қажет. Марсель адамзат өзінің зорлыққа толы, әлі күнге дейін варварлықтан айыра алмаған өткенімен, бәрінен бұрын адам басынан өтер қайғы тәжірибесінің жинағы адами өмірімен келесі ұрпаққа бұлыңғыр күйінде жетеді деген ғылыми пайымдау жасайды.

Тарих тауқыметі ауыр. Тарих тағдыры адам тағдырына ұқсас, тіпті бірдей. Себебі, адамы жоқ тарих ешкімге де қажет емес. Діни тұрғыда адам тағдыры Алланың жазумен алдын-ала белгілінген немесе пешенеге жазылған. Бұл өте абзал сөз. Демек, адам тағдыры оның алдында деген пікірге саяды. Адам тағдыры адамның алдында емес, онымен қатар, тіпті бір секундқа артта жүреді. Адам өмірінде болып жатқан құбылыстар болардың алдында емес, болғаннан кейін барып тағдырға айналады. Егер

тағдыр адамның алдында болса, онда адам өлген соң ол қайда қалады. Адамның өмір сүрген уақыты оның тағдыры. Ал тағдыр жазуы, адам өмірден өткен соң мәңгіге өзгерместен қалады. Егер тағдыр адамға алдын-ала берілсе, онда адам таңдау құқығынан, Алла берген еркінен айрылды деген сөз. Алланың пешенеге тағдырды жазды деген сөзін қате ұғынғандықтан, біз пенделікке салынып жаратушыға сөз тигіземіз. Мысалыға, қайғылы жағдай, жас қаза болған сәтте аналар қу құдай, соқыр құдай деген сияқты қарғыс сөздер айтып, жаратушының кеңдігі мен күдіреттілігіне тіл тигізіп, күпірлік жасап жатады. Мұндай жағдай дұрыс ұғынбаушылықтан және теріс насихаттан туындайды. Алғашқы түпнұсқа, жылдар өте өзге мағынаны беруі әбден мүмкін. Ғасырлар арасындағы тарихи-мәдени сабақтастық пен дәстүр осыны міндеттейді.

Өзін тексеру сұрақтары

1. В.Р. Мирабоның «Адамдар досы» еңбегіндегі «өркениет» сөзінің алғашқы түп мағынасы қазіргі «өркениет» сөзінің мағынасымен сәйкес пе?

2. «Өркениет» туралы теорияларды оқыған соң осы ұғымға өз тарапыңыздан анықтама беріп көріңіз?

3. Сабақтастықтың адамзат өміріндегі негізгі қызметіне тоқталыңыз.

4. К. Ясперстің «Түпнұсқасыз коммуникация» және «экзистенциалды коммуникация» ұғымдарына мысалдар келтіріп өз ойыңызға бекітуге тырысыңыз.

5. Бірінші ғылыми революция әкелген алғашқы прогрессивті ғылыми жаңалықтар тарихының бүгінгі жаңашылдығына өтіңіз, олардың тарихи даму жолына мән беріңіз.

6. Тарихсыз адамзат өмірін елсестету мүмкін бе, егер тарих болмаса оның орнын не баса алар еді.

Өзін жетілдіру тапсырмасы

Бүгінгі күні білім беру саласының инвестициялары мұнай саласының инвестицияларымен бара бар. Қазір адамзат ең құнды, ең мықты инвестиция білім екендігін толықтай түсінді және

мойындады. Сол себептен болар әлем халықтарының барлығы дерлік мемлекет екінін білім мен ғылымға қойып отыр. Университеттегі белгілі бір білім беру бағдарламасын – БББ игеріп жатқан студент, магистрант, докторанттар әр түрлі деңгейдегі ғылыми статус иегерлері. Сондықтан олардың жоғары білім траекториясындағы процестерді жетік меңгергені абзал. Бұл тапсырма осы мақсатты көздейді.

1. ҚР-ның «Ғылым туралы» Заңымен, университеттегі «Студент жарғысы» мен «Студенттің ар-намыс кодексі» сынды негізгі құжаттармен танысу және оның ішінде білім алушының ғылыми статусына қатысты тұстарын анықтау;

2. Студент өз БББ сәйкес ғылыми зерттеу институттар және олардың атқарып жатқан жұмыстары, негізгі жобалары туралы нақты мәлімет жинақтау;

3. Еліміздегі өз БББ сәйкес ғылыми журналдарды жинақтау;

4. Белгілі бір БББ сәйкес соңғы үш жылда жарық көрген кемі 3 кітап (оқулық, оқу құралы, монография т.б.) туралы мәліметтер жинақтау. Ыңғайлы болу үшін кестені толтыруға болады.

Авторы (лары)	Кітаптың атауы	Жылы	Жалпы бет саны	Кітап қандай проблемаға арналған	Кішігірім таныстырылым

Нәтижесі: белгілі бір ғылыми статуса ие әрбір білім алушы осы тапсырманы орындауда өзінің бағытына тереңірек бойлай алады. Өз БББ бойынша арнай ғылыми-зерттеу институттарымен, ғылыми журналдармен, авторлар және олардың еңбектерімен танысып, өз мамандығының ғылыми қырын ашады.

КӨПМӘДЕНИЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ДИДАКТИКАСЫ

4. *Полимәдениеттілік және мультимәдениеттілік.*
5. *Көпмәдениетті білім толеранттылық қағидаты.*
6. *Қазақстан ұлттар достығының биік көрсеткіші ретінде.*
7. *Қостілділік мәселесі және оның еліміздегі көрінісі.*

Жаһандану – бүгінгі күннің біртұтас және біріңғай процесіне айналды. Әлем халықтарының барлығы дерлік жаһандану ағысымен ағып барады. Жаһандану үрдісінің ауқымдылығы артқан сайын адамзаттың мобилділігі де еселеніп барады. Ол жаһандық экономикалық, әлеуметтік, саяси, медициналық, технологиялық, білім алу және т.б. әртүрлі себептерге байланысты болуы мүмкін. Қалай болғанда да оның нәтижесі әлем халықтарының етене араласуына сеп болып отыр. Әлемдік статистика адамдардың көшіп-қону өзгерістеріне байланысты мәліметтердің едәуір жоғары дәрежеде екенін көрсетеді. Қазіргі таңда әлемдегі жабық қоғамдар санаулы, ал ашық қоғамдар жаһандану өзгерістерін өз деңгейлеріне қарай қабылдап жатыр. Жаһандану ауқымының кеңеюі оның балық салаға енуінен көрінеді, осы себепті бұл мемлекеттік қызмет аясынан шығып тұрмыстық дәрежеге дейін қанат жайған. Жаһандық саяси тенденциялар дамыған сайын әлем халықтары экономикалық және әлеуметтік жағынан үлкен өзгерістерге ұшырады, сәйкесінше, әртүрлі ақпаратқа, тауарлар мен қызметтерге қол жеткізе алады. Қашықтықты қысқарту технологиялары біріңғай ақпараттық жүйелердің әлемнің кез-келген нүктесіне тез жетуіне мүмкіндік берді. Виртуалды әлем шынайы әлемнен де қызығырақ бола бастады. Жасанды интеллект тірі адамның ойынан да жүйрік болып тұр. Мұндай процестер адам санасындағы шектеулерді азайтып, мобилділігін арттырды. Мүмкіндіктердің мол кезеңінде бір орында отыру тұйықталу ретінде саналады, сол себепті адамдар жер бетінде ерсілі қарсылы, еш тынбастан түрлі бағыттағы қатынастарды түзуде.

Бұл жағдай қазіргі кездегі дилеммалық көзқарастарға толы көпмәдениеттілік және мультимәдениеттілік ұғымдарын әкелді. «Поликультурализм» және «мультикультурализм» ұғымдары бір-біріне жақын, кейбір мағыналарда біртұтас ұғым ретінде қолданылады. Нақтырақ болу үшін олардың генезисін талдау қажет. «Поли» гректің «көп» сөзін білдіреді, сонымен қатар көпбұрыш, полиглот, полиметалл және т. б. сияқты күрделі сөздердегі жиын мен жиілікті білдіреді. «Multi» сөзі де латынның «көп» сөзін білдіреді, сонымен қатар күрделі сөздердің бірінші бөлігін құрайды. Мультивибратор, мультимиллиардер, мультипрограммалау және т.б. сияқты заттардың немесе әрекеттердің көптігін білдіреді. «Поли» әртүрліліктің көп болуы мағынасын берсе «мульти» бір түрдің көптік мағынасын беруі мүмкін. «Көп» сөзінің бірі латын тілінен, ал екіншісі грек тілінен шыққан, демек, екі ұғымға да нақты анықтама беру қиын, өйткені оны бірқатар ғылымдар өздерінің зерттеу объектілеріне, пәндік салаларына сәйкес әр түрлі түсінеді.

«Мәдениет» латын тілінен аударғанда «cultura» – адамдардың іс-әрекетін, мінез-құлқын және қарым-қатынасын, сонымен қатар, тарихи дамыту бағдарламасы, әлеуметтік өмір мен өндірістік жағдайлардың өңдеу, тәрбиелеу, білім беру мағынасындағы өзгерістерін көрсетеді. Мәдениет қабырғасын құрайтын мінез-құлық пен қарым-қатынас, әрекеттер бағдарламасы әртүрлі формалармен анықталады: ілімдер, дағдылар, нормалар мен идеалдар, іс-әрекеттер мен мінез-құлық модельдері, идеялар мен гипотезалар, сенімдер, әлеуметтік мақсаттар мен құндылық бағдарлары және т.б. Латынның «жерді өңдеу» сөзі әдепкі мағынасы бойынша дене, рухани күшті дәріптеу, жағдайды жақсарту, адамның жайлылығы мен қабілеттері және оның дамуы дәрежесіне айналды.

Биоәлеуметтік жалғыз тіршілік иесі ретіндегі адам жаратылысынан ойлау, сөйлеу, еңбек ету қабілетіне ие, оған қоса жер жүзіндегі барлық материалдық және рухани мәдениет дамуының субъектісі әрі объектісі. Адам мәдениет трансформаторы, яғни ол қоғамдағы мәдениетті жасайды, сақтайды және келешекке мұралайды. Сол себепті мұрагерлік сипатқа ие мәдениет ешқашан бір орнында тұрмайды, үнемі өзгерісте, қозғалыста, түрленуде, жаңаруда, жаңғыруда,

жетілуде, кемелденуде. Мәдениет тарихи процесте әрдайым жаңалануға, түрленуге, өзгеріске, қайта қалпына келуге ұмтылады. Бұл тоқтаусыз, дамылсыз мәдени процестерді адамның тоқтатуға немесе бұғаттауға дәрмені жоқ, себебі ол сол айналым ішінде жанталас үстінде. Мәдениет инерциялық күйде өз қызметін толықтай атқарып жатыр, сондықтан да мәдениетсіз адамды, адамсыз мәдениетті елестету мүмкін емес, бұлар бірін-бірі толықтырушылар мен айқындаушылар. Мәдениет пен адам таласқа түссе, адамның жеңері анық себебі ол парасаттылық, имандылық, зейінділік, әрекетшілдік сынды толып жатқан бітімдік болмысты сипаттайтын қасиеттерге иелік етуімен қатар, сұлулықтан ләззат алып, эстетикалық рахатқа бөлене алады. Адамның өзіндік «менін» жоғары бағалап, тұлғаға айналуы оның мәдениетті игеру өлшемімен таразыланады.

Қазақ ғалымы Акселеу Сейдімбек «Қазақ әлемі» еңбегінде өзінің этномәдени көзқарасы арқылы мәдениет құрылымын жіктейді: «Мәдениет қоғаммен диалектикалық байланысты. Осылайша, мәдениеттің өзі тек адамға ғана тән әлеуметтік қатынастарға түсу тәсілі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, мәдениет қоғам дамуының көрсеткіші, сонымен бірге қоғамдағы өзгерістерге тәуелді». Ғалым пікірі орынды, қоғамдағы өзгерістерді жекелеген адамдар өзгерістерінен тұратын топтар мен ұйымдар жасаса, қоғамдағы өзгерістер бұқара халықты да өзімен бірге иіріп әкетеді. Қоғам ұсынған жаңа мәдени өзгерістер оң, ұтымды болса да бұқаралық халық тарапынан ол әдепкіде қабылданбайды. Себебі жалпы халық өзгерістерді аса ұнатпайды, жаңашылдыққа үрке қарайды, үйреншікті ескіні үнемі аңсайды. Уақыт өте халық оның дұрыс екенін түсінеді, кей жағдайда түсінбесе де бой үйретеді, ары қарай сіңісіп кетеді.

Ғылыми айналымда белгілі бір бітімдік ұғымдарға және пәндік аймақ құратын терминдерге қатысты түрлі анықтамалар болады. Сол терминдердің ішіндегі ең көп анықтамалыққа ие ұғым – «Мәдениет». Осы уақытқа дейін ғылыми айналымда «мәдениет»терминін анықтау мақсатындағы екі мыңнан астам анықтама бар екен. Ұғымға қатысты анықтамалықтың шамадан тыс көптігі оған деген кереғар пікірлердің де көптігінен хабар береді. Ғалымдар мәдениет туралы өз ойының өзге ғалым

интерпретациясына сәйкес келмейтінін түсінгендіктен өз анықтамалығын ұсынады. Көпмәдениеттілік ұғымы да мәдениет ұғымымен өзектес болғандықтан оған берілген сипатама мен анықтамалық қатары жеткілікті.

Техас университетінің мемлекеттік сарапшысы Роберт Лонгли көпмәдениеттілік қоғамның мәдени әртүрлілікке қалай жауап беретінін сипаттайды деп санайды. Әртүрлі мәдениеттердің өкілдері жиі бейбіт қатар өмір сүре алады деген алғашқы болжамға сүйене отырып, мультикультурализм қоғам мәдени әртүрлілікті сақтау, құрметтеу және тіпті ынталандыру арқылы байытылады деген пікірді білдіреді.

Саяси философия саласында мультикультурализм – бұл қоғамдар әртүрлі мәдениеттерге бірдей қарауға бағытталған ресми саясатты тұжырымдауды және жүргізуді таңдайтын тәсілдер. Осы супермассивті ұғымдардың қажеттілігін анықтау үшін оның білім беру жүйесіне назар аудару қажет. Бұл көзқарасқа келетін болсақ, көпмәдениетті білім беру ұғымы шамамен XX ғасырдың 60-шы жылдарына жатады және ол АҚШ пен Германияда дамушы елдерден келген мигранттардың саны мен рөлінің артуына байланысты болды. Тиісінше, шағын құрамдағы ұлттардың қарсылығына байланысты проблемалар туындады. Зерттеуші Т.Бергердің айтуынша, 1971 жылы Канада үкіметі көпмәдениетті саясат ұранын ресми түрде жариялады. Уақыт өте келе Канада қоғамы иммигранттар мен мигранттарға деген көзқарасын өзгерте бастады. Алайда, бұл тенденция елдің дамуы мен тұрақтылығында оң нәтиже берді.

Жас ресейлік зерттеуші Ж.М.Мақажанова «Қазіргі білім берудегі көпмәдениеттілік немесе көпмәдениеттілік пен мультимәдениеттіліктің айырмашылығы неде?» мақаласында екі ұғымның арасындағы айырмашылықты талдады. Оның айтуынша: «қазіргі білім берудің көпмәдениеті адамзаттың жалпыадамзаттық гуманистік және педагогикалық идеялары, теңдік, толеранттылық негізінде дамиды және жастарды әртүрлі этностардың құндылықтарын құрметтеу және сыйлау рухында тәрбиелеуге ықпал етеді. Ғылымда «мультимәдениеттілік» ұғымы сәл кейінірек пайда болды. Көпмәдениеттілік – әлеуметтік құбылыс, ал мультимәдениеттілік-мәдениеттердің алуан түрлілігін қолдайды. Мультимәдениеттілік ұғымы

көпмәдениеттілік ұғымына қарағанда он жылдан кейін ғылыми айналымға енді, бірақ АҚШ, Канада, Австрия, Германия сияқты елдерде ол саяси мәртебеге ие болды. Алайда, бұл екі ұғымның бір ядросы бір – төзімділік. Адамдарды дініне, тіліне, ұлтына, нәсіліне және мәдениетіне қарай кемсіту емес, керісінше оларға және олардың ерекшеліктеріне құрметтілік көзқарасымен қарау. Әр адам – бір ұлттың өкілі, бір адамды шектеу немесе оқшаулау бүтін бір ұлтқа деген теріс көзқарасты тудырады. Сол себепті көпмәдениетті білім берудегі негізгі ұстаным толеранттылыққа және оның көпмәдениетті білім берудегі орны мен рөліне қатысты болады. Ғылыми айналымға алғаш рет көпмәдениетті білім беру жүйесін енгізген ел АҚШ болды. Мемлекеттің өзі әртүрлі ұлттардың құрамдас бөліктерінен тұратындықтан көпмәдениетті білім беру аса маңыздылыққа ие болған етін.

Көпмәдениеттілік – бұл географиялық аймақтағы мәдениетаралық өзара әрекеттесудің салдарынан туындаған және орын алған идеологиялық көзқарас, ол өзін жеке деп анықтайтын топтардың ұқсастықтары мен тұрақты өзара байланысын баса көрсетеді, осылайша осы топтардың мүшелері қабылдай алатын шекараларды жояды. Алайда көпмәдениетті тұжырымдаманы алғаш рет ауызға алған американдық тарихшы және академик, американдық және этникалық профессор Робин Дэвис Джебран Келли мен үнді тарихшысы, журналист, комментатор және марксистік зияткер Вижай Прашад ұсынған болатын. «Көпмәдениет» пен «мультимәдениет» ұғымдары және оны білімге айналдыру мәселесін алға тартқан ғалымдар қатары да баршылық.

Ресейлік ғалым С.Л.Новолодская өзінің «Көпмәдениетті білім берудің тарихы мен қазіргі заманы» атты монографиясында көпмәдениетті білім берудің идеялық бастаулары халықтың педагогикалық көзқарастары мен тәжірибесін зерттеу деген келелі ой айтты. Чех ғалымы Ян Амос Коменский чех ауызша әдебиетінің шығармалары мен үй тәрбиесінің тәжірибелерін жинақтап «ана мектебі» идеясын ұсынды. Ана мектебі панпедияларға негізделді, яғни, адамдардың қауымдастықтары, олардың қажеттіліктері мен ұмтылыстары, балалардың өзара міндеттерді орындауы, айналасындағы адамдармен тату-тәтті

өмір сүруі, жақын адамды құрметтеу және сүю қабілетін қалыптастыру туралы көпмәдениетті білім беру идеясы.

«Қазақ қоғамындағы толеранттылықтың тарихи-мәдени типтері: кросс-мәдени зерттеулер» атты PhD докторлық диссертациясын сәтті қорғаған қазақ ғалымы С.С.Аубакирова еліміздегі ұлттық бөлініс, бірін-бірі қабылдамау, құрметтемеу сынды бірқатар көпмәдениеттілік мәселелерінің шешілмегендігін алға тарта отырып толеранттылықты тәрбиелеу мемлекеттік және қоғамдық институттардың ортақ ісі, басты идеологиялық бағыт екендігін негіздейді.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Мектептегі оқыту процесінің тәрбиелік бағыттылығын дамыту» атты әдістемелік құралында «патриоттық және азаматтық санасы жоғары, адамгершілікті, толерантты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды меңгерген, салауатты өмір салтымен өмір сүретін, шығармашылық қабілетін жүзеге асыратын көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың нәтижелі жолының бірі – оқу процесіндегі тәрбие компонентінің әлеуетін арттыру болып табылады» деген ұсыныс білдірген.

Толеранттылықты тәрбиелеу процесі оқу-тәрбие процесін сақтай отырып, көпмәдениетті түсіндіру және оның алуан қырлырына қатысты ой-пікірлер алмасу, сұхбаттасу негізінде жатыр. Қоғамда әр түрлі жағдайда, әр түрлі мерзімде және әр түрлі форматта қарым-қатынасқа түсетін ұлт өкілдері мен олардың көзқарастары және түсінік-пайымы сәйкес келмеген жағдайда өзін-өзі бақылау, ұстамдылық, төзімділік, дәрменсіздік, менмендік, сабырлық, сыпайылық т.б. шыдамдылық механизмдері шекарасын белгілеп, сол аралықта өзін лайықты ұстау. Толеранттылық тәрбиелеу ұзақ процесс, себебі толеранттылық – жеке тұлғаның қасиеті

Қазақ халқының ерекшеліктерін зерттеген басқа ұлт өкілдері жеткілікті: жер, тіл, тарих, музыка, әдет-ғұрып және т.б. Қазақ ғылымына орыс, неміс, поляк, татар, башқұрт сынды қазақ жеріне жер аударылған басқа ұлт өкілдері үлкен үлес қосты. Грек тарихшысы Геродот джиһанкезден бастап қазақтар туралы алғашқы жазбаларды жеткізуші ғалымдар үлкен үлес қосты.

Қазақстандық білім беру реформасы сананың ашықтығы, инклюзивті оқыту, толеранттылық, әлеуметтік теңдік,

академиялық шындық мәселелерін шет қалтырмайды, осы тұрғыдан алғанда көпмәдениетті білім беру оған қарсы келмейді, керісінше, әр түрлі мәдени топтарға назар аударуға, барлық білім алушылар этникалық және нәсілдік әр түрлі елде және әлемде жұмыс істеу үшін қажетті білім, көзқарастар мен дағдыларға ие болатындай етіп қайта құрылымдауды немесе жетілдіруді қажет етеді. Қазіргі таңда Қазақстан қоғамындағы, әсіресе орта білім беру жүйесіндегі көпмәдениетті ортаны қалыптастыру арқылы толеранттылық принципін нығайту аса маңызды. Себебі көпмәдениетті білім беру бағдарламаларын оқу процесіне енгізудегі күтілетін нәтиже көпмәдениетті ортадағы оқыту мен оқу процесін жүзеге асырушы білім беруші мен білім алушының толеранттылық дағдысын қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы экс Білім және ғылым министрінің 2019 жылдың 15-ші сәуіріндегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері атты ресми құжатында көпэтникалық, көпмәдениеттілік тәсіл ұсынылған. Аталған тәсілдің мақсаты:

- үйлесімді тәрбиелеу, шынайы-позитивті, рухани-адамгершілік (этностқа қарамастан) қатынастар;

- әлемдік мәдени мұра мен шетел тілдерін меңгеру, көпмәдениетті білім беруді және этносаралық толеранттылықты дамыту;

- көпұлтты және көпмәдениетті ортада әртүрлі ұлт, нәсіл, діни наным-сенімді ұстанатын адамдармен бейбіт әрі келісіммен өмір сүре алатын, жоғары түсінікке ие және басқа мәдениеттерді құрметтей алатын, белсенді және жақсы өмір сүруге қабілетті тұлға тәрбиелеу;

- олардың көзқарасына, мінез-құлқына, әдетіне, өзара құрметке ұмтылуда байқалатын әртүрлі қызығушылықтар мен ешбір қысым көрсетпей, түсіндіру мен құрмет көрсету әдісін қолдана отырып көзқарасты түсіну мен келісуде этникалық, ұлттық немесе мәдени қатынасына қарамастан басқа адамдарға шыдамдылық танытумен сипатталатын этносаралық толеранттылықты (тұлғаның моральдық қасиеті) дамыту.

Империяның отаршылдық жаулап алу дәуірінде ассимиляция саясаты жүргізілді, яғни «қосылған» халықтардың негізгі (үстем) ұлттың мәдениетіне енуі. ХХІ ғасырдың соңында көп

мәдениеттілік саясаты кең таралды, онда либерализм рухында әртүрлі мәдениеттердің өмір сүру құқықтарының теңдігі танылады. Бұл, Б.Остендорфтың пікірінше, классикалық индивидуалистік либерализмнен ұжымдық/топтық құқықтарды қорғауды, толеранттылықты және этникалық адалдықты қамтитын көп мәдениетті либерализмге көшуді білдіреді. Тұжырымдаманың өзі Канадада елдің франко-ағылшын тілінде сөйлейтін тұрғындарының қақтығысын еңсеру үшін алғаш рет енгізілгенімен, кейіннен ол көпэтносты қоғамды құрылымдау моделі ретінде кеңінен қолданыла бастады.

Осы тұста әлем халықтары алдында ерекше модель ретінде мойындалған, бүкілқазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастырған Қазақстан халқы Ассамблеясын (ҚХА) атауға болады. ҚХА басты міндеті мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру болып табылады. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған Қазақстан халықтарының форумында айтты. 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясын Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган мәртебесімен құру туралы Президенттің Жарлығы шықты. 2007 жылғы мамыр айында Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді, ол ҚР Парламенті Мәжілісіне тоғыз депутат сайлау құқығына ие болды. Осы арқылы Ассамблеяның қоғамдық-саяси рөлі айтарлықтай артты.

«Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан этностарының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде Қазақстан Республикасында қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз ету болып табылады».

Ассамблеяның негізгі міндеті – этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту,

қазақстандық қоғамының негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді, этно мәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын және дамуын қамтамасыз етеді.

Бүгінде елімізде Қазақстан этностарының мәдениеті, тілі, дәстүрлерінің дамуына қажетті қолайлы жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктердің саны тұрақты өсуде, қазір олар 1000-нан асады, оның ішінде 28-і республикалық, 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар, 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Осымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді.

Ғылыми әдебиеттерде ҚХА әртүрлі баға беріледі. Мысалы, Наталья Калашникова Қазақстан халықтар Ассамблеясына мынадай сипаттама береді: «инновативную модель представления интересов всех граждан, которая охватывает целый народ, а также успешный инструмент реализации государственных программ для консолидации единства народов Казахстана». Қазақстан халқы ассамблеясы полиэтникалық азаматтық қоғам құруда шешуші рөл ойнады деп санайды Маркус Кайзер. Этникааралық және конфессияаралық үйлесімділікті қолдау, мәдениетаралық алуантүрлілік пен этникалық топтар арасында өзара түсінушілікті сақтау және қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда Ассамблеяның біріктірушілік рөлі айрықша деп атап өтеді Натан Джонс.

Қазақстан 130-дан астам ұлт пен ұлыстың бірге мекендеген ортасы, сәйкесінше көпмәдениеттің бірігуі мен бірегейлігі. Қазақстан территориясында көпмәдениеттілік пен көптілділіктің дамуы қазақтардың Ресей империясының құрамына енуінен бастау алады. 18-ғасырдан бастап Қазақстан аумағында әртүрлі

этникалық топтар қоныстанып, саны жағынан көбейе бастады. Қазақстандағы этнодемографиялық процесс басты ерекшелігі – орыстілді тұрғындардың басымдылығымен сипатталатын бірегей этноқұрылымның қалыптасуында. 2021 жылы өткізілген соңғы халық санағының қорытындысы бойынша Қазақстанда титулдық ұлт болып табылатын қазақтардың үлесі 70,18% құраса, этникалық орыстардың үлесі 15,81%, өзбектер 3,2%, украиндар 2,2 % құраған.

Көпұлтты Қазақстан халқының құрамы бірнеше жүз жыл бойына әртүрлі тарихи себептерге байланысты қалыптасты. Қазақстан халқының этникалық құрамының айтарлықтай өзгеруі негізінен патшалық Ресей мен Кеңестік Одақ тұсында жүзеге асты. Патшалық Ресей тұсында Қазақстан территориясы азаматтық соғыстан бас сауғалағандар мен репрессияға ұшырағандардың қоныс аударатын мекені болды. 1865-1895-жылдар аралығында 35000 адам, негізінен славян ұлт өкілдері, Қазақстанға қоныс аударады, оларды қызықтырған – салық жеңілдіктері мен жер телімдерінің берілуі еді. Олардың арасында саяси қудалауға ұшырағандар да болды. 1917 жылғы Октябрь революциясына дейін Ресейдің еуропалық бөлігінен қазақ даласына қоныс аударғандардың жалпы саны 1,6 миллион адамға жетті. 1897 жылы жүргізілген халық санағы бойынша славяндар мен орыстар жалпы тұрғындардың 15,7% құраса, 1916 жылы олардың саны 41,6% дейін өсті. Бұған қоса, 1881-1883-жылдары Қазақстанға Қытай билігінің қудалауынан бас сауғалаған 50000 дүнген мен ұйғыр қашып келді. Бұл кезеңді патшалық Ресей тұсындағы колониалдық кезең деп атауға болады.

Екінші кезең кеңестік Одақ тұсында (1922-1991жж.) Қазақстан «халықтар достығының лабораториясына» айналды. Мысалы, 1931-1940-жылдардың өзінде Қазақстанға КСРО батыс бөлігінен жұмысшы мигранттар қоныс аударды, Повольжеден немістер, Қиыр Шығыстан кәрістер, Украина мен Белоруссияның батыс аймақтарынан поляктар Қазақстанға депортацияланды. Ал 40-жылдардың басынан бастап солтүстік Кавказ халықтары, атап айтқанда, қарашай, балкар, калмық, шешен, ингуш, Қырым татарлары қоныс аударылды. Бұған қоса Қазақстанға 1 миллионнан астам неміс депортацияланды. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін тың және тыңайған жерлерді игеру

кампаниясының аясында Кеңес Одағының еуропалық бөлігінен 2 миллионға жуық адам Қазақстанға көшіп келді.

Қазақ емес ұлт өкілдерін Қазақстанға күштеп көшіру тұрғындардың үлес салмағының өзгеруіне және қазақтардың үлесінің азаюына алып келді. 1959 жылы жүргізілген халық санағының қорытындысы бойынша қазақтар небары 30% құраса, орыстардың үлесі 42,7% болған. Ал қазақтардың үлесінің артуы 1990 жылы байқалады. Бұған екі себеп, біріншіден, этникалық орыстардың өз отандарына жаппай эмиграциясы, ал екінші жағынан, этникалық қазақтардың тарихи отандарына оралуы болды.

Бүгінгі Қазақстанда 130 этнос пен 46 конфессия тату-тәтті, ынтымақтастықта өмір сүріп жатыр. Қазақстан егемендігін алғаннан бері этникааралық және конфессияаралық қарым-қатынасты реттеуге арналған заңды нормативтік негіз қаланды. Алуан түрлі мәдениет, религия мен тілдерді басын біріктірген полиэтникалық қоғамның жарқын үлгісі болған заманауи Қазақстанның ұстанған басты мемлекеттік саясаты азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді сақтау болып табылады. Этносаясаттың қазақстандық моделі мультикультурализмнің базалық қағидаларын есепке алады. «Мәңгілік Ел» концепциясының қабылдануымен еліміз жалпыазаматтық отансүйгіштік пен ынтымақтастықтың дамуын көздейтін жаңа бірегейлікті бетке алды.

Мультикультурализм этноұлттық саясат доктринасы ретінде 1970 жылдары Австралияда, Канадада және АҚШ-та ресми түрде жарияланды. Аталған әр ел өздерінің жеке әрі ерекше проблемаларын өз іштерінде еш шиеленіссіз шешуге тырысты. Көпмәдениеттілік ұғымын ғылыми айналымға енгізу арқылы оның әр салада өзіндік орынын иеленеті түсінікті, сол себептен толық немесе ішінара енгізуге бет бұратын барлық елдердің басты мақсаты әлеуметтік үйлесімділік пен интеграцияны қамтамасыз етуге деген ұмтылысқа негізделді. Мультикультурализм саясатын жүзеге асырудың алғашқы жолы Канададан бастау алды, басты себеп халықтың теңгерімсіз этноұлттық құрылымы болды. Мемлекеттің «негізін қалаушы ұлт» рөліне негізгі екі үміткер және бірқатар бәсекелес қауымдастықтар

айқындалды. 90-нан астам ұлт өкілдерін бойына тоғыстырған Канада «канадалық мозаика» деген атауға ие болды.

Қазақстанда қазіргі таңда 130-дан астам ұлт өкілдері өмір сүріп жатыр, ел тарихында ішінара ұлттық сипатқа ие қақтығыстар мен шиеленістер болып тұрады. Қазақстандағы өзге ұлттардың басым көпшілігі депортацияланған ұлттар, яғни өз еріктерімен немесе қалауымен қоныс аудармаған, саяси процестің құрбандары. Осындай ішкі өзекті фактор көпұлтты, көпмәдениетті бірегей етуге мәжбүр.

Ғалым А.Н. Смирновтың мәлімдеуінше «мультикультурализмнің канадалық нұсқасын енгізу барысында басынан бастап-ақ азшылықтар мен этномәдени айырмашылықтардың мүдделерін қолдау және қорғау құралы ретінде қарастырылмады. Ол ең алдымен этникалық айырмашылықтарды бейтараптандыруға және деполитизациялауға бағытталғандықтан қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіреді. Біріншіден, ресми саясатқа сәйкес Канадада көп мәдениеттілік адам құқықтарының ең жоғары құндылығы ретінде қабылданды, екіншіден, қоғамдық тәртіп орнату үшін шартты бұзбау керектігі бекітілді. Іс жүзінде мультикультурализм мәдени айырмашылықтарды тану және көпмәдениеттілікті білдіретін мемлекет пен азшылық ұлттар арасында ымыраға келудің бір түрі. Көпмәдениеттілікті қабылдаған азаматтар тарапынан мемлекетке деген адал көзқарас қажет етіледі, олар оның тарихын, тілі мен дәстүрлерін білуге және құрметтеуге тиісті, сонда ғана ұлттық-мемлекеттік бірегейлікке ие болуға мүмкіндік бар. Екінші жағынан, қоғам азшылық өкілдеріне өзінің оң көзқарасын көрсетіп, олардың институттарын өздерінің әлеуметтік-мәдени тәжірибелерінің ерекшеліктеріне бейімдеуі керек. Яғни, қоғамды көпмәдениетті жүйе ретінде түсінуге негізделі отырып, мультимәдениеттілік мемлекеттік идеология, бірлік символы ретінде қала береді. Ғалым пікірі орынды және біздің де көп ұлттардың басын біріктірген ел саясатына қатысты.

Қазақстан бүгін көпэтникалық, мультмәдени және көпконфессиялы мемлекет, онда алуан түрлі тілде сөйлейтін халық тұрады. Еліміздің тілдік жағдаяты экзоглостылы (әр түрлі тілдер жиынтығы) екені белгілі, сөйленетін тілдердің саны шамамен 130-ға жуық, 2009 жылғы халық санағында

идентификацияланған 126 тіл бұған дәлел, олардың ішінде қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі – ресми тіл. Осылайша көпмәдениет елімізде қос тілде насихатталады. Еліміздегі жалпы орта білім беру саласындағы билингвизм, яғни қостілділік мен мультимәдениеттілік немесе көпмәдениеттілік рөлі мен компоненттері әр қилы критерийлермен әр түрлі деңгейлерде жиі талқыланады. Еліміздегі орта білім беру саласында «аралас мектеп» деген атауға ие, қос тілде білім беретін қазақ-орыс мектептері бар. Онда параллель сыныптардың бірі қазақ болса, екіншісі орыс сыныбы. Мұндай мектептерде білім беретін мұғалімдердің қостілдік деңгейі және көпмәдениетті тұлға дайындаудағы біліктілігі анықталмаған.

Мұндай типтегі мектептер логикаға сай екі тілді білім берудің маңыздылығын мойындауы және оқушылар оқыған тілдерін толық түсініп, ләззат алатын орын болуға тырысуы керек. Мемлекеттік тілді дамыту институтының статистикалық мәліметіне сүйенсек, Қазақстанда 7514 орта білім беретін мектеп бар, оның ішіндегі қазақ мектептерінің саны – 3845, орыс мектептері – 1673, аралас мектептер (қазақ-орыс) – 2083 . Сондай-ақ 65 өзбек мектебі, ұйғыр тілінде тәрбиелейтін 14 мектеп бар. Қазақ мемлекетіндегі қазақ мектептерінің пайыздық үлесі өзгертілді және аралас мектептерден басым болғанымен, жалпы алғанда 50-ге жетпейді. Тарихқа үңілсек. Аралас мектептің түп негізі XIX ғасырдың аяғында ашыла бастаған орыс-түзем мектебі. Қазақ елінде 1937- 1938 жылы 478 аралас мектеп болған. 1940-1941 жылы елімізде аралас мектеп саны 841 болып, екі есе өссе, 1954-1955 жылдары 1228-ге жетіп, үш есе көбейді. КСРО-ның дәуірлеп тұрған кезеңі XX ғасырдың 70 жылдары Қазақстанда 1689 аралас мектеп болса, қазір оның саны 2083-ке жетіп отыр. 1937 жылдан бері аралас мектептер санының 4,5 есеге өскендігі байқалады.

Статистиканы өз өңірімізге бүрсек, бүгінгі таңда Жамбыл облысында 442 мектептің 308 қазақ, 122 аралас, 11 орыс, 1 өзбек мектебі болса, Тараз қаласында барлығы 60 мектеп, 27 қазақ, 7 орыс, 25 аралас, 1 өзбек мектептері қызмет етіп жатыр. Онда облыс бойынша 238 682 оқушы білім алып жатыр, оның 181 826 қазақ тілінде, 56 690 орыс тілінде, 166 өзбек тілінде оқиды.

Жоғарыдағы аралас мектептердің санының өсуі туралы мәліметке жүгіне отырып, Жамбыл облысында да аралас мектеп санының өсуі байқалады. 2015 жылы Жамбыл облысындағы 96 аралас мектеп бүгінде 26 мектепке көбейсе, сол жылғы Тараз қаласында 23 мектеп 2 мектепке артып отыр. Алайда Бұл орыс мектептерінің қысқару есебінен болуы да мүмкін, сондықтанда ұзақ мерзімді оң саясаттың салдары деп түсінгеніміз жөн.

Аралас мектептердегі сынып сандары әркелкі. Бір мектепте қазақ сыныптары басым болса, бір мектепте орыс сыныптары басымдылыққа ие. Қазақстанда 63 пайыз қазақ тұратынын ескерсек, орыстілді мектептер мен аралас мектептердің шәкірттерінің басым бөлігі қазақ балалары. «Аралас мектеп ада қазақтар мен шала қазақтардың жыл асқан сайын еселене көбеюінің фабрикасына айналып кетті», – деп ғалым Мекемтас Мырзахметұлының дабыл қағуы орынсыз емес. Бұл өз алдына зерттеуді талап ететін ауқымды мәселе, дер кезінде соғылып жатқан дабыл. Әйтсе де, дәл қазіргі күні білім беріп отырған аралас мектептердегі мұғалімдердің қос тілді игеру деңгейі мен көпмәдениетті оқушыларды тұлғалық дамыту дағдылары қандай, таза қазақ немесе орыс мектебінде қызмет ететін мұғалімге қарағанда аралас мектепте, яғни көпмәдениетті оқушыларға тәрбие мен білім берудегі мұғалімнің артықшылығы қандай болуы керек деген сауалдар орын алады.

Әлем халықтарының түрлі саяси, мәдени, әлеуметтік жағдайларға байланысты иммиграциялануы барған сайын лингвистикалық мәселеге айналып барады, сәйкесінше лингвистикалық қызметке сұраныс артып олардың қызмет түрлері де табыстары да артып келеді. Алайда лингвистика жәй ғылым саласы немесе тұтынушы қызметі ғана емес, саясаттың басты құралы да болып отыр. Себебі әлемде тек бір ғана ұлт тіршілік ететін мемлекет жоқ. Жапония, Солтүстік Корея сынды негізгі ұлт аса басымдылық беретін елдердің құрамында да аз болса да өзге этнос араласы бар. Мұндай көрсеткіштер мәдениаралық немесе мультимәдениет проблемасын тудырады, нәсілдік, мәдени және лингвистикалық әртүрлілікті көрсетеді. Бала бақшаларды есепке алмағанда лингвистикалық проблемалар орта білім жүйесінен басталады, сәйкесінше, ол педагогикалық білім беру бағдарламаларына үнемі өзгерістер

енгізуді, жаңартуды талап етеді. Бүгінгі күні өзге тілді үйрену де үйрету де оңай мәселе емес екендігін барлық әлемдегі білім беру саласының қызметкерлері мойындады

Қазақстандағы қазақ және орыс тілдері тіл иесінің саны миллионнан асатын әлемдегі 283 тілдің қатарына жатады және бұл екі тіл ең мықты коммуникативтік серіктес болып табылады. Ал қалған 124 тілдің референтті этникалық топтарының бәрі ел тұрғындарының 13,2% құрайды. Байқағанымыздай, Қазақстанның тілдік жағдайы өзінше ерекше, себебі, елде тілдің алуан түрі бар және осы тілдердің басым бөлігін екі коммуникативті қуатты тіл – қазақ және орыс тілдері таразылайды. Қостілділік елдегі ең маңызды тілдік көрсеткіш болып табылады.

Еліміздің тілдік жағдайына сипаттама беру үшін тілдік жағдайды қалыптастыратын басты факторды атап өткен жөн. Мемлекеттің тілдік ахуалына ең бірінші тілдік саясаттан бұрын ұлттық ерекшелік әсер ететіні белгілі. Қазақстанда орыстану саясаты қарқынды жүзеге асырылды және басты құралы тіл саясаты еді. Оның бір көрінісі жазба тілде кириллицаның енгізілуі болды. Кеңестік жаңа тілдік саясат БКП(б) ОК мен Совнаркомның 1938 жылдың 13 наурызындағы «Об обязательном изучении русского языка в школах национальных республик и областей» қаулысымен бекітілді. Ана тілі «ұлттық мектептерде негізгі оқу тілі» болып қалады деген айтылыммен бірге барлық мектептерде орыс тілі 1-сыныптан бастап оқытылатын болып енгізілді. Бұл өлшем тілдің арақатынасының өзгеруіне алып келді. Кеңестік дәуірде орыс тілі әлеуметтік ұтқырлық пен кәсіби мансаптың кепіліне айналды. 1920-1930-жылдары орыс тілін меңгерген қазақтар саны мардымыз болды. 1970 жылға қарай 42% қазақ орыс тілінде еркін сөйлесе алса, 1989 жылы көрсеткіш 63% жетті. 30% қала қазағы өз ана тілін білмей, тек орыс тілінде ғана сөйледі. Патшалық Ресей мен Кеңес Одағы тұсында жүргізілген тілдік саясат Қазақстанда қазақ-орыс тілді қостілділіктің дамуына алып келді. Ал керісінше орыс–қазақ билингвизмі туралы сөз болуы да мүмкін емес еді.

Э.Д.Сүлейменованың пікіріне сүйенсек, Кеңес Одағы тұсында Қазақстанда «көптеген жылдар бойы қостілділік кезінде ана тілін сақтау, алмастыру және жоғалту бүркемеленіп келді. Керісінше, орыс тілімен байланыста болатын тілдерді байыту

міндетіне ерекше көңіл бөлінді... Қостілдіктің әлеуметтік-қызметтік талдауы көбінесе тілдік түсінік пен ұлттық сана-сезім сияқты өте маңызды факторлардың есебінсіз жүзеге асты».

Дегенмен, Қазақстанның егемендік алуымен бірге елдегі тілдік жағдай да өзгеріске ұшырады. Бүгінде елімізде мынандай тілдік жағдай, яғни көптілділік жағдайы байқалатынын айтуға болады:

- Қазақстанда қазақ тілін үйренуге деген құлшыныс артып, өзге этнос өкілдері мен қазақтардың өз ішінде де сұранысқа ие болып отыр. Әсіресе, қазақ тілін жетік меңгеру өзбек, ұйғыр, татар ұлттарының арасында байқалады. Славян тілділер арасында да қазақ тілін меңгергендер қатары артып, қазақ тілін меңгеру қажеттілігі мойындалып отыр. 2009 жылғы халық санағында 9 982 276 қазақ ана тілім қазақ тілі деп көрсеткен. 1,8 млн жуық өзге ұлт өкілдері қазақ тілін белгілі бір дәрежеде меңгергендерін айтқан.

- Орыс тілі – көптілділік үрдісіндегі әртүрлі этностардың көп меңгерген тіліне айналып отыр. Топтар арасында алғашқы қатарда қазақтар, яғни қазақтардың 93,3%-і орыс тілін орташа және жоғары деңгейде игерген.

- Этникалық топтар өз тілін жақсы біледі (әсіресе, өзбек, ұйғыр, татар, түрік) және олар қазақ, орыс тілдерін де меңгерген. Бұл да елдің көптілділік жағдайын көрсетеді. Қазақстанда қазақ пен орыс ұлтынан өзге ұлт өкілдері халықтың 16,6%-ін құрайды. Бұл ұлттардың барлығы не қазақ тілін, не орыс тілін едәуір дәрежеде біледі.

- Бұрында орыс тілі кәсіби мансап пен қоғамдық коммуникативтік қажеттілікте басты рөл атқарса, қазір ағылшын тілі бұл бағытта басты орынға оңтайланып бара жатқаны байқалады. Мемлекеттің «үш тұғырлы тіл» саясаты да ағылшын тілін қолдау. Ағылшын тілін оқыту барлық орта және жоғары оқу орындарында жолға қойылған, докторантура мен магистратураға міндетті ағылшын тілі емтиханы енгізілген. Ең бастысы, ағылшын тіліне деген халықтың қызығушылығы зор. Қазақстандағы тілдік жағдайдың тағы бір сипаттамы – көптілділік.

Бүгінгі технология және жаһандану заманында көптілді меңгеру жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол

ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік.

Жаһандану адам өмірінің әртүрлі салаларында болып жатқан әлеуметтік процесстерге ықпалын тигізетін ақпараттар легімен сипатталады. Бұл бір жағынан, қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың тілдік іс-әрекеті бірыңғай болуын ынталандырса (бір мемлекеттік тілдің болуы: Қазақстанда – қазақ тілі), екінші жағынан, жаһандану көпмәдениеттілікке жетелейді, тілдік іс-әрекетте бұл полилингвизм немесе көптілділік деп анықталады.

«Полилингвизм» термині «билингвизм» (лат. *bis* – екі + *lingua* – тіл) – қос тілділік, бір мезгілде екі емесе одан да көп тілді (полилингвизм) меңгеру ұғымынан бастау алады. Еуроодақ деңгейінде қабылданған құжаттарда көптілділік келесідей сипатталады:

- ✓ Тіл мен тілдік варианттардың алуан түрлілігі;
- ✓ Тілдің әр түрлі деңгейлері мен құзыреттілік түрлері;
- ✓ Тілді үйрену процесінде тілдерді ауыстыруды қолдану мүмкіндігі;
- ✓ Өзге тілдер мен өзгелердің көптілділігіне құрметпен қарау;
- ✓ Тілде көрініс тапқан мәдениеттерге құрметпен қарау;
- ✓ Мультилингвальды қоғамда көптілділікті әлеуметтік және демократиялық процесске қатысу шарты ретінде түсіну.

Көптілділік – профессионализация, жаһандану, ақпараттану, виртуализациялану сынды әлеуметтік процесстердің дамуы нәтижесінде субъектілердің қатынас құралы ретінде шетел тілін қолдану қажеттігін тудырған және жаңа тілдік мінез-құлықтың пайда болуына себеп болған әлеуметтік құбылыс.

Полилингвизм/көптілділік – бір адамның күнделікті өмірде бірнеше тілді ұдайы әрі табиғи қолдануы. Полилингвизм, көптілділік – сөйлеушінің сөйлеу барысында бірнеше тілдік жүйені қолдануына мүмкіндік беретін тілдік іскерліктері мен коммуникативтік құзыреттілігі жиынтығын құрайды. Егер адам екі тілдік жүйенің қолданушысы болса, белгілі бір тілдік жағдайларда екінші тілдік жүйе өздігінен әрі белсенді қолданылатын болса, онда ол билингв (екі тілді адам) болғаны.

Билингвизм – индивидтің екі тілді бірдей қатар қолдана алуы және бұл қабілетін іс жүзінде қолдана алуы. «Явление попеременного использования одним и тем же человеком двух

языков следует во всех случаях называть билингвизмом» деп анықтама береді Уриль Вайнрайх. Дегенмен, бұл жалғыз анықтама емес. Билингвизм, мультилингвизм, полилингвизмге әртүрлі ғылым салаларында әртүрлі анықтамалар беріліп, топтастырылады. Ал біз үшін Вайнрайхтың анықтамасы түсінікті де анық.

Отандық тіл білімінде қостілділік мәселелері Э.Д. Сүлейменова, М.М. Копыленко, М.К. Исаев, З.К. Ахметжанова, С.Е. Байболсынова, Г.А. Фабдуллина Б. Хасанұлы, еңбектерінде қарастырылған. Қостілділік түсінігіне байланысты ғалымдар пікірі әрқилы. Белгілі ғалым Б.Х.Хасанұлы «Қостілділік – белгілі бір территория көлеміндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің, бүкіл қоғамның (социумның) әртүрлі жағдайда екі тілді (әдетте ана тілі мен екінші тілді) алма-кезек немесе қатар қолдануы» деген анықтама бере отырып, «Егер адам, адамдар тобы, қоғам этникалық белгісіне қарай қанша алуан болса да, екі тілде сөйлессе (жазса, оқыса) ғана қостілді (билингв) болып саналады» деген қорытындыға келеді. В.А.Аврорин билингвизмге төмендегідей анықтама береді: «Шамамен екі тілді және одан да көп тілдерді бірдей еркін меңгеру. Нағыз қостілділік екінші тілді меңгеру деңгейі бірінші тілді меңгеру деңгейіне жеткенде ғана басталады».

Қостілділік түрлері әр салада жан-жақты зерттеліп, әртүрлі классификациялар ұсынылған. Э.Сүлейменова, Н.Шәймерденова, Ж.Смагулова, Д. Ақанованың «Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде» қостілділіктің мынадай түрлері берілген:

- **жеке қостілділік** – белгілі бір халықтың жеке мүшелерінің екі тілді білу әрі қолдануы және жаппай қостілділік – халықтың көпшілігінің екі тілді білуі әрі қолдануы;

- **аймақтық қостілділік** – елдің белгілі бір аймағындағы тұрғындардың екі тілді білуі әрі қолдануы және ұлттық қостілділік – сол ел халқының екі тілді білуі әрі қолдануы;

- **табиғи қостілділік** – осы тілдерді қолдаушылардың тікелей өзара әрекетінің салдары ретінде екі тілді білуі әрі қолдануы және жасанды қостілділік – екінші тілді үйренуге арнайы және

әдейі жасалған шарттардың салдары ретінде екі тілді білуі әрі қолдануы;

- **таза немесе үйлестірілген көстілділік** – екі тілдің әрқайсысы билингвте бөлек жүйе ретінде болады, аралас көстілділік – екі тіл бір жүйеде бірігеді, субординативті көстілділік – екінші тілді меңгерудің бастапқы сатысы, оның бірліктері өзінің мағыналық базасын азайтып, бірінші тілдің бірліктерімен арақатынаста болады.

- **қосымша көстілділік** – билингв біріншідегі тілдік құзыретті жоғалтпай, екінші тілді қолданады және орнын басатын көстілділік – билингв екінші тілді меңгергеніне қарай біріншідегі құзыретті жоғалтады;

- **функционалды (мәдени) көстілділік** – екі тілді бір халық қолданады, сонымен бірге біреуі – этностық тіл, басқасы – арнайы қызметтерде немесе қарым-қатынастың ерекше жағдайларында қолданылатын этнос үстіндегі тіл және этникалық көстілділік – бір социумда екі тілдің қолданылуы сол тілдерде сөйлейтін екі халықтың арақатынасымен немесе бір халықтың екі тілді қолдануымен байланысты болады.

Билингвизмнің табиғи және жасанды билингвизм деп екі түрін ажыратуға болады. Жасанды билингвизмге, мысалы, екінші шетел тілін үйрену жатады. Шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, екінші шетел тілін үйренуді жаңадан бастағандар мен біраз жылдан бері оқып жүргендер арасында айырмашылық анықталған, яғни, екінші шетел тілін үйрену зейін механизмдерінің жұмысының, маңызды ақпаратты лезде анықтау қабілетінің дамығанын көрсеткен. Демек, шетел тілін үйрену адамның әлеуметтік өміріне, мансабының өсуіне ғана емес, сондай-ақ оның когнитивті қызметтеріне игі ықпал етеді. Ал табиғи билингвизм адамның ойын жинақтау, концентрация жасауға кедергі жасайтын факторларды елемей қабілетін дамытуға мүмкіндік береді екен.

Көптілділік, мультилингвизм, полилингвизм – нақтылы коммуникативтік жағдайда белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік. Көптілділік жеке адамның (индивидуумның) көптілділігі және ұлт пен ұлыстың көптілділігі болып бөлінеді. Көптілділікті меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір

сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі сынды көптеген факторларға байланысты. Ұлттық құрамы бірыңғай, бір ғана этнос мекендейтін мемлекетте көптілділік сирек кездесетін құбылыс. Онда жеке адамның ғана көптілділігі ұшырасады, мысалы, Германия, Жапония, Корея, Исландияда. Көптілділік – Қазақстан, АҚШ, Ресей сияқты жүздеген ұлт пен ұлыс мекендейтін мемлекеттерге тән құбылыс.

Көптілділік жаппай және ішінара көптілділік болып тағы бөлінеді. Жаулап алу, халықтардың қоныс аударуы, көрші елдермен тығыз қарым-қатынас секілді тарихи себептерден кейбір халық өкілдерінің жаппай көптілділігі қалыптасқан. Сондықтан да көптілділік көп ұлтты географиялық кеңістікте кең тараған. Мәселен, жаппай көптілділік Кавказдағы армян, аджар, осетин, грек, т.б. халықтар арасында, сондай-ақ, Дағыстан халықтары арасында жиі кездеседі. Қазіргі Қазақстанда қалыптасқан жағдай да осыған ұқсас. Мұндағы славян тектес халықтардың дені – негізінен бір тілде ғана сөйлейтіндер, қазақтардың көпшілігі екі тілде сөйлейді. Ал ұйғыр, өзбек, дүнген, күрд, түрік, әзірбайжан, тәжік, татар, т.б. ұлт өкілдері арасында көптілділік кең тараған. Неміс, кәріс, шешен ұлттарында да көптілділік едәуір жиі ұшырасады. Кейінгі кезде шет тілін үйренуге ден қойыла бастағандықтан, қазақтар арасында да көптілділік көбейіп келеді. Бүтіндей ұлт пен ұлыстың көптілділігі – социолінгвистердің зерттеу нысаны боларлық күрделі құбылыс.

Жаппай көптілділік жағдайында коммуникативтік формалар (диалектілер, говорлар, әр алуан жаргондар, жеке тілдер) өте күрделі қолдану иерархиясын құрайды. Мысалы:

1) тар локалды шағын топ арасындағы қатынас (үй-ішілік тіл);

2) топаралық тұрмыспен байланысты локалды қатынас құралы (мыс., Азия мен Африканың көп ұлтты елдеріндегі “базар” тілі);

3) билік жүргізетін әкімшілік (немесе ұлт) тілі;

4) көп ұлтты аймақтың ресми тілі;

5) мемлекеттік тіл (немесе халықаралық байланыс тілі). Егер бастапқы екеуі ресми қатынас құралы болмай, тек ауызекі

сөйлесу тіліне жатса, соңғы үшеуінің атқарар қызметі жан-жақты.

Көптілділік мәселесі – бүкіл әлемдегі секілді Қазақстан үшін де көкейкесті мәселелердің бірі. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Ата Заңында мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп, сонымен қатар орыс тілін ресми тіл ретінде бекітті. Жаһандану заманында халықаралық байланыс құралы және халықаралық экономика, халықаралық білім беру тілі – ағылшын тілін білмей әлеуметтік-экономикалық кеңістікке ену мүмкін емес. Жеке тұлға қаласа да, қаламаса да жаһанданудан бас тартып кете алмайтыны біздің әлеуметтік шындығымыз. Ол бұқаралық ақпарат құралдарының кең мағынада тарихи даму процесімен шартталған. Ең басты әлемдік коммуникациялық кеңістік – Интернетте барлық ақпараттың 80% ағылшын тілінде ұсынылады. Қазіргі қоғамда адамдар ана тілін ғана білумен шектелмей, көптілділік (билингвизм), көптілділік (полилингвизм) феномені кеңінен таралуының басты себептерінің бірі де осы.

Көптілділік біздің қоғам үшін 2006 жылғы Тұңғыш Президентіміздің «Тілдердің үштұғырлылығы» – «Триединство языков» – «Trinity of languages» тұжырымдамасынан бастау алғаны мәлім. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Үш тілді меңгеру – біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады. Қазақстанды әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек», – деген болатын.

Көптілді меңгеру деген ұғым – қазақ дүниетанымында бұрыннан бар түсінік. Кезінде халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл!» деген сөзі дәл бүгінгі дамыған дәуірімізге сәйкес айтылғандай. Тарихи деректерге жүгінсек, әлемде Аристотелден кейін екінші ұлы ғұлама аталған Әбу Насыр әл-Фараби 70-ке жуық ұлттың тілін жетік білгендіктен, артына мәңгі өшпес мол рухани құнды мұра қалдырып кеткендігі анық.

Сонымен, көптілділік қоғамдық даму процесінен туындап отырған заңды құбылыс. Бүгінгі қоғамда халықтардың, әлеуметтік топтардың, субъектілердің қарым-қатынас жасамауы

мүмкін емес. Жаһандану кезеңінде интеграция мен серіктестік алуан тілді субъектілер бір-бірімен тілдесу қабілеті дегенді білдіреді.

Өзін тексеру сұрақтары

1. Жаһандану процесінің әлем халықтарына тигізіп жатқан ықпалы қандай?

2. Еліміздегі әртүрлі ұлттар мен ұлыстар достық қарым-қатынаста болып, ынтымақтастықта өмір сүруі үшін мемлекет қандай саясатты ұстанды және оның нәтижелілігі қандай?

3. Еліміздегі көптілділік мәселесі қалай жүргізілуде және оның орта білім беру саласындағы қолданыс аясы қандай?

4. Көптілді меңгеру қабілеті адамның интеллектуалдық деңгейімен қатар, оның мәдениетаралық коммуникацияға деген икемділігін де көрсете алады ма?

5. Полиглот болу адамның өз болмысын дамытуға ықпал ете ме, әлде табиғи эволюцияға қайшы келеді ме, яғни табиғи қажеттілік пе әлде өзін-өзі зорлау ма?

6. Тіл – адамның танымдық қабілетін, мәдениеті мен жеке тұлғасын қалыптастыратын негізгі құралдардың бірі екенімен келісесіз бе?

Өзін жетілдіру тапсырмасы

Көпмәдениетті білім берудің маңызды факторларының бірі билингвалдылық, үштілділік, көптілділік бағыты. Тапсырма осы бағытқа бағытталған. Төмендегі кестені қарап сөздердің әр тілдегі байланыстарының ұқсастығы не айырмасына тілдік-мәдени-философиялық талдама жасап көріңіз. Тек мақал болуы және тек орысша-ағылшынша нұсқасы болуы шарт емес. Туыстас тілді халықтар арасындағы бір мағыналас сөздерге немесе әлем тілдеріндегі мақалдар мен танымал тұлғалардың қанатты сөздеріне де талдама жасауға болады. Мысалы, Абайдың «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла!» сөзімен Шекспирдің «Быть или не быть!» фразаларының мағыналарына философиялық талдау жасауға болады. Үлгі ретінде бірнеше мақалдар беріліп отыр. Тапсырмада анализ жасау маңызды,

себебі мақалдағы сөздер синоним немесе тіке аударма болғанымен, халық болмысында өзгеше түсінікке ие болуы мүмкін.

Ұғым	Қазақша	Орысша	Ағылшынша	Философиялық талдама
Жамандық	«Жамандық жерде жапайды»	«Худые вести не лежат на месте»	«Bad news flies fast»	Жасаған жамандығың ешқашан сол жерде қалып кетпейді өмір алма-кезек бүгін не істесең, ертең алдына сол келеді
Уақыт	«Ештен кеш жақсы»	«Лучше поздно, чем никогда»	«Better late than never»	Кешіктім деп отыра бермей кеште болса тірлікті бітірген дұрыс
Қателік	«Төрт аяқты мал да сүрінеді»	«Конь о четырех ногах, и тот спотыкается»	«There are spots even on the sun»	Қателік жасадым деп мұнайудың керегі жоқ, әрбір қателіктен тәжірбие жинаймыз
Ағаш	«Ағаш тамырымен, адам ағайынымен мықты» [6, 91 б.]	«У дерева – ветви, у человека – друзья» [6, 91 б.]	«As a tree falls, so shall it lie» [6, 91 б.]	Тамыры әлсіз ағаш сәл жел тұрғанда құлап кетуі мүмкін, біздің е ағайын-бауырсыз, достарсыз өміріміз әлде-қайда қиын болар еді

Күтілетін нәтиже: білім алушы бір мағынадағы мақалдың әртүрлі, тіпті туыстас емес тілдерде қайталануына куә болу арқылы адамзаттың тұтастығын, халық тәжірибесінің адамзатқа

ортақ тәжірибе екендігіне көз жеткізе алады. Сонымен қатар, тапсырма білім алушы тарапынан ізденісті, тіл үйренуге деген қызығушылықты арттырады. Кестедегі ұғымдар санына қарай жоғары, орташа, төмен деп бағалауға болады. Тексеруші кестелердің санына емес сапасына, нақтылығы мен үйлесімділігіне, жасаған анализіне көңіл аударғаны жөн. Сапасына байланысты білім алушы бағасын жоғарылатуға болады.

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІ

1. *Мал шаруашылығы – халық байлығы.*
2. *Абай – ойшыл, Ыбырай – педагог, Шоқан – ғалым.*
3. *Ахмет Байтұрсыновтың өркениеттік теориясы.*

Өткен тарихқа көз жібертіп қарасақ, қазақ мәдениетінің ұлы түрік мәдениетінен бастау алып, өздігінен толық ұлт болып қалыптасқанына ешкім сөз таластырмасы анық. Мәдениеттің жалғасы өркениет, не болмаса екеуі ұқсас мағыналы деп жатамыз. Ал қазіргі кезеңде қазақ өркениеті, қазақстан өркениеті бар деп батыл айта аламыз ба? Егер қазақстан өркениеті болса, оның болшағы үлкен бе? және дұрыс бағытта екендігіне сенімдіміз бе? деген сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Қазақ мәдениеті ұлы түркі мәдениетінен бастау алып, өздігінен жеке толық ұлт болып қалыптасты. Еуразия сахарасында орналасқан Қазақстанда ұлттық мәдениет басқа мәдениеттермен байланысып ұштасып жатады, ал азиялық және еуропалық мәдениетінің қосындысы бола тұра ұлттың болмысын сақтайды, ұлттың менмендік сипаты түрленіп, нәрленіп байи түскенімен негізгі қасиетін жоғалтпай келеді, соның ұлттық сипаты жоғалса ұлттың өмір сүруі мүмкін емес. Қазақ мәдениетінің ХХІ ғасырда жаңғыру дәуірі, тәуелсіздік рухына сүйенген шағы. Қазақстан көпұлтты ел, ал сол көпұлттық мемлекетте өркениеттік тарихи мәдени мұрат жауапты халық – қазақ халқы. Ол халық Қазақстанның болашағына ерен еңбек етуге тиіс. Ол көп ұлтты елді біріктіретін де, еңбекке жұмылдыратын да күш. Ұлттық болмыс отанға деген сүйіспеншіліктен, оның алдындағы азаматтық қарыз бен парыздан туындайды. Біздің Отанға деген адал еңбегіміз барша әлемдік өркениеттен алар орнымызды, жарқын болашағымызды анықтайтын фактор екені хаһ.

Соңғы уақыттардағы ұлттық, отаншылдық сияқты сана-сезімдердің көтерілуі, ешкімнің нұсқауынсыз, кеңес уақытында

өмір сүрген адамдарды өздерінің шығу тегі туралы ойлануына алып келді. Бұл сұрақ өзінің өткірлігімен жаңа тәуелсіз мемлекеттер, соның ішінде Қазақстан мемлекетінің де алдында тұрды. Біз, қазақтар қайдан шықтық, тегіміз, нағыз тарихымыз қандай және біз адамзат дамуына, әлемдік өркениеттің қалыптасуына қандай үлесімізді қостық деген ойлар егеменді елдің әрбір қазақпын деген азаматының жүрегінде жүрген шешімін таппаған сауалға айналды. Әлемдік тарихта өркениеттің шығыстық типі өте ежелде пайда болған және қазақтар тарихы оған еш қалтарыссыз тікелей қатысты, сондықтанда отандық тарихшылар алдында осы бағытқа деген ерекше қызығушылық ұсынылып, терең зерттеу талап етілуде. Бұрмаланған тарихтың бұлғақтаған беттерін қайта парактап анық бір мәмілеге келу оңай іс емес. Тарих – қаншама атақты да атақсыз адамдардың өмірі, көз жасы, қуанышы, тағдыры, жетістіктері, қателіктері және тағы да басқа толып жатқан ақ-қаралы құбылыстары. Тарихтың айна-қатесіз анық болуы мүмкін емес. Сондықтан да кез-келген елдің басында бар бұл жағдай, біздің елге өте бір күрделі тұсынан келіп отыр. Тарихтың үзіліссіздігі қасиетін ескере отырып, осы кезең бізге беріліп отырған бір мүмкіндік, нағыз шақ, нақты сәт сияқты. Осы сәтті баса түсінген қазақ халқының ел алды ғалымдары елдік, ұлттық сынды мәселелерді бүгінгі күннің басты тақырыбына айналдырып отыр.

Бұл турасында ғалым-дінтанушы Л.С. Васильев былай дейді: “көптеген басқа түрлі бағыттағы ағымдар мен секталарға карамастан, ислам барынша тұтас діни жүйе. Ежелгі Еуропалық және Таяу шығыс өркениеттерінің тоғысуы кезінде, ол христиандық пен иудаизмнің, грек философиясының кейбір элементтерін және римдік құқық, ежелгі парсылық империяның әкімшілік құрылымы, сонымен бірге, индуизм мен буддизмнің мистико-метафизикалық спекуляциясын бойына сіңірді. Бұл жүйе жан-жақты синтездің нәтижесі бойынша өте күрделі. Осы синтездің негізі араб мәдениеті, араб этносы, араб мемлекеттілігі. Бәрімізге белгілі Таяу шығыстың кең территориясында арабтар семит тайпасының аз және онша дамымаған тобы болды да, олар жоғары дамыған өркениеті, мықты саяси құрылымы бар этномәдени топқа айналды. Тез қарқынмен қалыптасқан араб-исламдық діни-мәдени дәстүр өзіне жаулап алынған елдер мен

халықтарды тәуелді етті. Олардың көп бөлігі, ежелгі әлемдік өркениет ошақтарын қоса есептегенде, тек исламдандырылып ғана қойған жоқ, сонымен бірге арабтармен ассимиляцияланды”. Осылайша, қазақтарға да ислам діні келіп жетті.

Орта Азия мен Қазақстан жеріне ислам дінінің таралуына байланысты екі мәдениет, екі алфавит тартысқа түсті. Бірі – түркі мәдениеті мен түркі алфавиті, екіншісі – араб-парсы мәдениеті мен араб алфавиті. Түркілерден шыққан зиялы отандастарымыздың көпшілігі өз шығармаларын, сол кездегі ғылым, білім, өнер тілі – араб тілінде жазды. Солардың бірі – Отырардан шыққан Әбу Насыр әл-Фараби. Ол өз еңбектерін араб тілінде, араб әрпімен жазды. Әл-Фарабидің түркі тілін білмеуі мүмкін емес, себебі түркі тілі оның ана тілі. Алайда сол заманда араб тілі ғылым тіліне айналғандықтан және туған жерден шет жүргендіктен, ол бірінғай арабшаға ауысқан. Жоғарыда жіктелген тарихи, экономикалық, діни сипаттамалардың жалғасы тіл мәдениетімен толыға түседі. Қазақ халқының жазба тарихы мен мәдениеті көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінен, сына құлыптастарынан, тамғалы тастардан бастау алады. Ол сайын даланы мекен еткен, тұлпар мініп, елі мен жерін қорғаған ата бабамыздан қалған асыл мұра. Бұл түркілік ескерткіштер көне түркі тілдерінің заңды жалғасы.

Тек түркі жұртшылығының ғана емес, жалпы адамзат өркениетінің рухани-мәдени құндылықтарының бірі болып табылатын Орхон-Енисей ойма жазуларының тілі ХІХ ғасырдың соңғы жылдарынан бері түркі тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикалық құрылымының лексикалық қорының өзіндік даму ерекшеліктерінің деңгейін, олардың өзара туыстық қатынасын белгілеудің негізгі критерийі болып келеді. Бұл аталған тарихи-мәдени, діни, тілдік сипатамалардың, елден ерек ерекшеліктердің, жетістіктердің басы алыстан басталғанымен, қазақ халқының қалыптасқан салт-жоралғыларымен де санасады және осы күнге дейін тұрмысқа айналған дүниелер болып табылады. Әрбір жаңа зат, жаңа жаңалық күн өте қарапайымданып, тұрмыс барысында қадір-қасиеті елеусіздене бастайды. Елеусіз деген әрбір заттың немесе жаңалықтың тарихына терең үңілсек, ескірген дүние жаңғырып, қадір-қасиеті

бұрынғысынан гөрі толығырақ түсетіндей. Аталмыш жіктемедегі әрбір тұрмыстық құрал, музыкалық аспап, сәулетті ғимарат немесе лингвистика, шежіре, әскери идеялар болсын қазіргі күн үшін еш жаңалық емес. Бірақ бүгінгі күннің жаңалығы сол күндерден бастау алады. Жоқ нәрседен еш нәрсе пайда болмайды, ал жоқ ұғымының өзі бар ұғымымен салыстырмалы түрде ғана өз мағынасын береді. Сондықтан қазіргі Қазақстан өркениетінің алтын бастауы болып табылатын қазақ өркениетінің негізі түрік халқында жатыр. Олай болса, бұл өркениеттер арасындағы сабақтастық ешқашан үзілмеген және болашақта да үзілмесе керек.

Тұңғыш қазақ демографы Мақаш Тәтімов «Дербестігіміз – Демографияда» атты кітаптабында: «Қазақстан мен қазақ халқы, қазірде демографиялық детерменизм жағдайында деген терең түсінігіміздің дұрыс екеніне ұлтымыздың бүгінгі ұрпақтары ғана емес, ертеңгі ХХІ ғасырдың ұрпақтары да көз жеткізе алатын болады.

Өркениет мәдениеттің жалғасы іспеттес екеніне келісе отыра, бір этностың мәдениетін барлық әлем игілігіне пайдалану немесе басқаша түсіндіргенде белгілі бір жаңалықты әлемге паш ету. Мысалыға алғаш оқ дәріні, қағазды Қытай, коньякты француздар ойлап тапты, ал қазір бұл жаңалықты барлық елдер пайдаланады. Өркениет – бұл жеке, нақты қоғамның немесе социумның ерекше түрі, қауымдастығы. Қазіргі таңда ірі өркениетті елдер қатарына сегіз мемлекет жатады және болашақта олардың саны көбеймесе сиремесі анық. Бұдан шығар қорытынды адамзаттың болашағы және қоғамның нақты процестері өркениетпен тікелей байланысты.

Кеңес одағының тарап кетуіне байланысты бұрынғы біртұтас елдердің болашағы қандай болар екен деген сауал тарихшылар, әлеуметтанушылар, саясаттанушылар және философтар алдында ауқымды мәселеге айналды. Оның үстіне, кеңес дәуірінде мәдениетке, мәдениет тарихына байланысты оның әртүрлі тарихи кезеңдерде рухани мәдениет сол дәуірдің мазмұнын береді деген пікір қалыптасты. Жас тәуелсіз елдердің болашағы, тағдыры бүкіл әлемді аландатты. Басына бостандық алған әрбір тәуелсіз жас мемлекет өздерінің мемлекеттік құрылымын, жаңа саясатын, экономикалық жүйесін, мәдени бағдарын бағамдап,

іргелі концепциялар, стратегиялық бағдарламалар жасай бастады. Ел іргесі тыныш, әрі даму үрдісі қарқынды жүру үшін алыс-жақын шет елдермен мемлекетаралық қатынасты қамтамасыз ету қажет болды. Бұл тарапта ғалым Т. Мансүров былай дейді: “Халықтардың қарым-қатынасындағы басты да мәнді қырлардың бірі – мәдени ықпалдастық. Көптеген парасат иесі ғалымдардың экономикалық проблемалары қанша күрделі, қаншама білгір болса да мәдениет мәселелері, рухани игілік жайлары басым тұрады дейтін пікірмен санаспасақ болмайды. Шынында да адамдардың санасы мен имандылығындағы ақау – нағыз қасірет.

Ықылым заманнан-ақ мәдени ынтымақтастықтың рухани астасу тарихтың қандай тар кезеңдерінде болсын халықтарды достастырып, егемен елді табыстыратын берік дәнекер болған. Ал, Қазақстан мен мәдени байыту дәстүрі сонау ғасырлар Еуразиялық тоғысудың өнегесі, үндестік пен үйлесімділіктің үлесі десе де болады”. Талай ел басына күн туып, бүтін бір ел тарих санасынан жоғалып кету қаупі туып тұрған шақтарда өркениеттілік үлгі көрсеткен озық ойлы жандар болған. Ертеректерде қол бастаған батырлар мен ел бастаған көсемдер жау жағын бітімге шақырып, жауласпайық, тектен-текке қан төкпейік деп келісімге шақырып, түрлі бітім-шарт жасасқан. Бертін келе осындай ымыраластық сипатындағы ерекше келісімнің бірі “Ынтымақ ережесі” туралы айта кеткіміз келіп отыр. 20-шы ғасырдың басында Қазақтанның қоғамдық-саяси және құқықтық ой-пікірінде мүлдем беймәлім болып келген мәселе жергілікті елді мекендерде ауыл арасында басқару үшін дұрыс жолға қою болды. Қазақ қоғамына патша өкіметі енгізген болыстық жүйенің тиімсіздігі бірімізге белгілі. Қазақ қоғамына дерт болып жабысқан осы мәселе жікке, партияларға бөлініп алған халықты қайта ынтымақтастырып басын біріктіру мәселесіне көңіл бөлінді. Осылайша, жемісті нәтиже ретінде және ой толғанысы мен білімділік айғағы болып дүниеге “Ынтымақ ережесі” келді. Бұл құжат бұрын-соңды ғылыми айналымға түкен емес. Б. Сырттанов жазып қалдырған бұл құжаттың мазмұнына ғылыми тұрғыдан талдау жасап қарасақ, ел басқару ісін дәстүрлік салт-санамен, әдеттік құқық нормаларымен реттеуді негізге алған. Ереженің негізгі идеясы

көшпелі қазақ қоғамына әлеуметтік практиканың сындарынан өтіп қалыптасқан, дала демократиясының гуманистік қайырымдылық, қауымдастық сияқты негіздерімен ислам дінінің талаптарына сай келетін ұғымдар болып табылады. Сол кездердегі заманның қолдан бұрмаланған шағында жүзеге аспаған “Ынтымақ ережесі” шын мәнінде де халық тағдырына жан ашығандық, халық қамын ойлағандық деп есептеу абзал. Ел басшы мен ел қамын ойлаған озық ойлы азаматтар осы уақытқа дейін біраз істер атқарды, әлі игерілмегені қаншама. Себебі бұл өмір, ал өмір тоқтамайынша қозғалыс, қатынас та тоқтамайды.

Еліміз бүгінгі күні әлемге танымал. Қазақстан әлемнің жүзден аса мемлекеттерімен дипломатиялық қатынаста және дүние жүзіндегі беделді ұйымдарға мүшелік етеді. Дипломатиялық қатынастағы елдерде Қазақстанның елшіліктері және сол елдердің елшіліктері біздің елімізде де ашылған. Басқаша айтқанда, Алматы қаласын “елшіліктер қаласы” деп атауға болады. Тағы бір айта кететін жайт, ел басшымыздың қолдауымен Қазақстанның барлық мемлекеттері ішінде алғаш рет өз еркімен әлемдегі күштілігі жағынан төртінші ядролық қару арсеналынан бас тартуы және әлемдегі ірі ядролық сынақ полигонын мәңгілікке жабуы. Президент сөзімен айтқанда “Біз, Қазақстан халқы, ядролық бұғаудан құтылып, еркіндік алдық. Бұған тәуелсіздік ала отырып, тек бейбіт жолмен жеттік. Біз XX ғасырдың аяғында уақыттан оза, ерікті түрде ядролық күрсаудан бас тартып, XXI ғасырдың қандай болу керектігін көрсеттік”.

Ядролық қару деп жарылыс кезінде ядролық реакцияның жүруінің нәтижесінде болатын ішкі ядролық қуатты пайдалануға негізделіп жасалған қаруды айтады. Ол барлық белгілі зақымдау құралының ішіндегі ең қуаттысы. Ядролық жарылысының қуаты тротилдық эквивалентпен өлшенеді. Тротилдық эквивалент тоннамен (т), килотоннамен (Кт) және мегатоннамен (Мт) өлшенеді. Ядролық жарылыс ауа, жер (су) бетінде және жер (су) астында болуы мүмкін. Оның талқандау факторына: соққы толқын жарықты сәуле бөлу, өткір радиация, төңіректі радиоактивті ластау және электрлік магниттік импульс жатады. Бейбітшілік сүйгіштік қасиетті бойына сіңіріп, сыртқы саясат жүргізе отырып, Қазақстан Таулы Қарабақтағы, Пәкістандағы, Шешенстандағы, Югаславиядағы (қазіргі мұрагер мемлекеттер)

қақтығыстарды тоқтатуды жақтап үн қосты. “Бейбітшілік жолындағы серіктестік” қозғалысының халықаралық бітімгершілік акцияларына ат салысуда. Ядролық қару жарақтан өз еркімен бас тартқан бірінші мемлекет ретінде Қазақстан дүниежүзі елдерін, атап айтқанда, Үндістан мен Пәкістанды ядролық сынақтан өткізуден және әскери ядролық бағдарламалардан бас тартуға шақырды. Ядролық қарудан бас тарту, өлімнен бас тартумен тең. Біз өлімнен бас тарта отырып, адамзат үйі әлемді қорғаштадық, әлемдік үлгі көрсеттік, салиқалы іс, сұңғылалы ой ойладық. Бұл біздің тектілігіміздің белгісі. Ата-бабамыз әрқашан табиғатпен етене араласып, табиғаттың анда-санда болатын дүлей күштеріне қарсы келмеген, керісінше табиғатқа қолайланып, бейімделе тығыз қарым-қатынаста тіршілік еткен. Табиғаттың жатылысты үйлесімділігін ядролық қарумен бұзу жаратылысқа жасаған қиянат.

Елбасымыздың әлемдік беделге ие болған тағы бір үлкен саясаты Еуразиялық Одақ идеясы. Еуразиялық Одақ туралы идеяны Н.Ә. Назарбаев алғаш рет Ресей Федерациясына ресми сапары барысында, 1994 жылғы 29 наурызда М.В. Ломоносов атындағы ММУ оқытушы-профессорлар құрамымен және студенттермен кездесу үстінде, Мәскеу мэриясында Ресей астанасының іскер топтары мен шығармашылық интеллегенциясының өкілдерімен кездесу үстінде, сондай-ақ жетекші ресей газеттерінің бас редакторларымен және телекомпанияларының басшыларымен болған дөңгелек үстел басындағы мәжілісте айтты.

ЕАО идеясы дереу қызғу ынтығушылық туғызды. Содан бері де ол саясаткерлер мен ғалымдардың арасында ғана емес, Қазақстанның Ресейдің және басқа да ТМД елдерінің қалың жұртшылығының ортасында кеңінен мәлім болды. Еуразиялық одақ идеясы өмірдің дәл өзінен, осы бір қарапайым әрі әмбебап адами қажеттерден бастау алады. Елбасы көтереген ЕАО идеясының экономикалық, саяси жағы өз алдына, ең маңыздысы мәдениеттер алмасуы, мәдени сұхбат үшін аса қажет. Тағдырдың жазуымен тәуелсіз Қазақстан географиялық қана емес, демографиялық және мәдени тұрғыда да Еуропа мен Азияның арасынан орын тепкен. Сондықтанда ол өзінің мәртебесі бойынша еуразиялық ел, еуразиялық өркениеттің бір бөлшегі

болып табылады. Еуразиялық идеясы (Еуразиялық өркениет идеясы) Шығыс пен Батыстың идеяларымен салыстырғанда төлтума әрі өзіндік ерекшеліктерге бай бола тұра, оларға ешқандай да қайшы келмейді әрі олардан дараламайды. Қайта керісінше, ол екі идеяны санқырлықтың жанды да әбден табиғи бірлігіне айналдыруға мүмкіндік береді. Демек, еуразияшылдық – өзінің болмысы тұрғысынан ізгілікке қаныққан және Батыс пен Шығыстың шығындаушылықтарын еңсеріп, олардың жақсы қасиеттерін жинақтай алатын дүниеге көзқарастың айрықша түрпаты. Ол – адамның дүниеге қатынасындағы мүлдем жаңа әдісінің, үшінші мыңжылдықтың сынақтарына сай келетін өркениетті өмір формасының көрнісі, ол – өмірлік маңызы зор жаһандық проблемаларды шешуге қажетті конфессиярлық, мемлекетаралық үн қатысу кеңістігі.

Ал егер экономикалық қатынастар тұсынан қарастырар болсақ, ЕурАзЭҚ 1995 жылы қалыптасқан ТМД территориясындағы Кедендік одақтың негізінде құрылды. Себебі кедендік одақтың алға қойған мақсаттары мен міндеттері ЕАО жобасының қағидаларын қанағаттандыратын еді. Қазірде ЕурАзЭҚ алдында қатысушы-жақтардың өндірістік әлеуеттерін тиімді пайдалану, қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру, тиімділігі жоғары өндірістерді қолдау, монополияға қарсы, салық және қаржы саясаттарын келісілген түрде жүргізу, сондай-ақ адал бәсекелестікке жағдайлар жасау мақсаттарында ЕурАзЭҚ мемлекеттердің экономикаларын құрылымдық қайта құру кезеңдері мен негізгі бағыттарын келісе жүргізу міндеті қойылған. Қалыптасудың бастапқы сатысында ортақ кедендік территория құру міндеті тұрса, нәтижесінде негізгі мақсат ортақ экономикалық кеңістік құруға дейін кенейеді. Елбасшы ұсынған Еуроазиялық одақ идеясы негізінде көптеген интеграциялық бірлестіктер, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуразия экономикалық қауымдастығы және қауіпсіздік жөнінде құрылымдар дүниеге келді.

Қазақстан шекаралас елдермен қауіпсіздік пен сенімділік шеңберінде әскери-саяси бақылау жүргізетін Еуропалық қоғамдастықтың ынтымақтастық ұйымына мүшелік мемлекеттермен халықаралық қатынас орнатып, аса қауіпті қару жасамау жөнінде шарт жасасты. Осы шарт есебінде 2002 жылы

мемлекеттердің өкілдерінен және ЕҚЫҰ мүшелері – Нидерланд, Бельгия, Дания, Чехия, Канада Корольдіктерінен құралған комиссия инспекциялық тексеру жүргізу үшін Атырауға келді. Ондағы мақсат шартқа сәйкес Қазақстан территориясындағы қарулы күшті тексеру. Бұл тексеруге Атыраудың оңтүстік батысы мен Орал өзенінің батыс территориясы таңдалынды. Аталмыш территорияны аралап тексеріс жүргізген инспекциялық топ территорияда ешқандай әскери құрылымының және әскери оқытулардың жоқ екендігіне көздері жетті. Тексеру аяқталған соң, Нидерланд Корольдігінің өкілі подполковнигі де Мур былай деп жариялады: «Біз Қазақстанның қабылданған келісімді қатаң сақтап, ЕҚЫҰ-ның барлық міндеттерін орындап отырғанына көзіміз жетті!». Бұл айғақ біздің еліміздің бейбітшілікті сүйетіндігінің, әскери әлемге оң көзқараспен қарайтындығының дәлелі. Халық ешқашанда соғысты қолдамайды. Халық үшін ең бақытты сәт тыныш өмір сүру, тыныш ұйықтау. Десек те, мемлекеттер үшін соғыс – саясат көзі. Соғыс деген не және ол кім үшін қажет деген сұраққа ежелгі Қытай данышпаны Сюнь-Цзының пікірі дәл келеді. «Соғыс – мемлекет үшін ұлы іс, өмір мен өлімнің топырағы, тіршілік ету мен жойылудың жолы. Сондықтанда оның негізіне бес құбылыс кіреді. Біріншісі – Жол, екіншісі – Аспан, үшіншісі – Жер, төртіншісі – Қолбасшы, бесіншісі – Заң. Кімде-кім соғысқа дейін өзінің есебі бойынша жеңеді, соның мүмкіндігі мол. Кімнің мүмкіндігі аз – ол жеңе алмайды. Мың рет қарсыласып жеңу кереметтің кереметі емес, ең кереметі – қарсыласпай бұғаулау. Сондықтанда ең мықты соғыс – қарсыласыңның ойын бұзу, келесі кезекте – одағын бұзу, ал келесі кезекте оның әскерін бұзу». Соғыс тактикасы қай кезеңде де жоғары саналған. Шарль Луи Монтескье «Заңдар рухы туралы» атты еңбегінде «Мемлекеттің өмірі адамның өмірі тәрізді. Адамдардың өзін-өзі қорғау мақсатында өлтіруге құқы бар; мемлекеттер өзін-өзі сақтап қалу мақсатымен соғыс жүргізуге құқылы. Қорғанудың табиғи қажеттігі жайында менің өлтіру құқым бар, себебі менің өмірім менің өзіме тиесілі, ал маған қауіп төндірушінің өмірі оның өзіне тиесілі; сол сияқты, мемлекеттің де соғыс жүргізу құқы бар, өйткені оның өзін-өзі қорғаудың өзге түрлерімен бірдей».

Бұл турасында ғалым Қадыр Әбілжанұлы былай дейді: «Ой-пікірдегі плюрализм саяси өмірде ғана емес мәдени процестерде де қатесіз, тіпті кей жағдайларда зиянды деп танылды. 20-жылдардың соңынан бастап мәдени революцияның барысында КСРО-ның көптеген республикаларында оларды мекендеген халықтарды тарихи зердесінен айыруға бағытталған шаралар жүзеге асырылды. Нәтижесінде түрік тілдес халықтардың барлығы сан ғасырлар бойы араб графикасы негізінде қалыптасты, пайдаланып келген алфавиті 1929 жылы латын әрпімен, ал, 1940 жылы кириллицамен алмастырылды. Осы саясаттың кесірінен араб жазуымен жарияланған рухани байлығын игеріп, пайдалану мүмкіндігінен айрылды. Ал, бұл жағдай халықтардың тарихи зердесінің жойылуына әкеліп соқты. 30-жылдары осы саясатқа қарсылық ретінде араб әрпінде жарияланған басылымдарды пайдаланғандарды «пантюркист» «панисламист», тіпті «халық жауы» аталып қуғын-сүргінге ұшырады». Сонау хандық кезеңде де артыс-тартыс, дау-дамайдың бірінші себепкері ел жайы болды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің бес жылдығына арналған салтанатты жиналысындағы баяндамасында елбасы: «Қазақстанда бүгінгі болып жатқан оқиғаларды бағамдау үшін Робинзон Крузоның психологиясынан арылу шарт. Біз адам мекендемейтін арал да емес, қым-қуыт тірлікке толы ашық әлемде өмір сүріп жатырмыз. Бүгінгі әлемге біз ондаған жылдар бойы өзімізбен-өзіміз болып, томаға-тұйық күй кешкен күннен келіп отырмыз. Өз бетімізбен, талай жерде сүріне-қабына жетіп отырмыз, бірақ осылай етпесек, онда біржола тоқырап, артта қаламыз. Біз онсыз да бұл істі кешігіңкіреп қолға алдық. Енді баяуласақ, осы қалғанымыз қалған. ХҮІІІ ғасырдың жасыны жарқылдаған қазақ сахарасында Абылай армандап өткен, мұң шерге толы ХІХ ғ. Кенесарыны мерт еткен, жаппай қырып жоюдың қарсаңында Ә. Бөкейханов межелеп кеткен асыл мұраттар өлген жоқ. Ол арман-аңсардың барлығы да «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық Заң қабылданған сол бір тарихи күнде – 1991 жылғы Желтоқсанның 16-сында жүзеге асты».

Тәуелсіздік мұраты – кәмелеттікті көрсету, көпті елдікке ерту, қоғам игілігіне жету. Тәуелсіздік – адамзаттың тарихи

межесі, өркениет жетістігінің белортасы, әрбір адамның тірегі мен тұрағы. Тарихтың осы бас дінгегінде, құс жолында егемендігін алған ел өзін жаңаша танып, өзгелермен еркін кеңірек түсінісер қозғалысқа батылырақ араласуда. Тәуелсіздік – кемелді келбеттің көрінісі, қасиеті, қызметі, жетілген жанның әрекетшіл ақылы мен ісі, екі қасиеттің ортамен тікелей байланысы. Тәуелсіздік – өркениет феномені. Тәуелсіздікке өркениетті елдер ғана жетпек, керісінше айтсақ, өркениетті елдерде ғана тәуелсіздік баянды болмақ. Тәуелсіздік тек саяси мәселе емес, ол қазақстандық өркениеттің сапалық өлшемі. Демек, тәуелсіздік өркениеттіліктің бас белгісі. Бұл турасында ғалым-академик Ғарифолла Есім Қазақстандық өркениет деген не деген жалпыға ортақ сауал қояды. Ғалым пікірінше өркениеттің теориясы да, тарихы да бар, бірақ бізге керегі осы заманға лайық түсінік. Мысалы, Жапон ғалымдары ұлттық өркениет деген проблема көтеруде. Мұндай талпыныстар Ресей ғалымдарының еңбектерінде де кездеседі. Жапон ғалымдарының айтуынша ұлттық өркениеттің құрылымы саяси басқару жүйе, экономика, валюта, тіл, мәдениет, табиғи орта, азаматтық және өзге өркениеттермен қарым-қатынас. Осы аталған өркениеттік құрылымдар Қазақстан Республикасына да тән, сондықтан «Қазақстан өркениеті» деуді орынды санаймыз. «Қазақ өркениеті» деуден гөрі «қазақстандық өркениет» дегеніміз шындыққа, қалыптасқан әлеуметтік-мәдени жағдайға сәйкес түсінік. Қазақ өркениеті, әрине тарихи тегі, мәні жағынан Қазақстандық өркениетті анықтауда доминанттық жүйе екені анық, алайда Қазақстан жағдайында өзге де өркениеттік үрдістердің барын жоққа шығаруға болмайды оның себебі көпшілікке түсінікті. Сондықтан болашақта өркениеттік негізде болуы мүмкін қақтығыстарды тудырмау үшін өркениеттік сана қалыптастыру қоғамдық және гуманитарлық білім жүйесінің бүгінгі таңдағы басты міндеті.

Бүкіл адамзат баласына ортақ сана қалаптасуы және болуы заңдылық. Ол үшін мазмұны жағынан өркениеттік сана болуы керек. Себебі, адамзатқа ортақ өмір сүру үлгілері, тұрмыстық, мәдени, білім, ғылым саласында стандарттар қалыптасу процесі қарқынды түрде өтуде. Сондықтан өркениеттік сана әркімнің жеке басының ісі, санасы емес, ол адамзатқа ортақ сана. Әлем

бойынша халықтар ұлт болып дараланып, дін бойынша бөлектеніп жатқанда бүкіл адамзатты ортақ құндылықтарға шақыратын – өркениеттік сана болуы табиғи-тарихи үрдістің көрінісі болмақ. Сана – адамзатқа ғана тән. Сана философияның басты мәселесі, басқа ғылымдардың сананы зерттеуге шамалары келмейді. Сана мәселесі көптеген философтардың зерттеу объектісі. Егер сана адамға ғана тән болса, әрбір ұлттың өзіндік ұлттық санасы бар. Сол ұлттың әрбіреуі ұлттық сана арқылы жеке танылуға тиіс. Ұлттық сана жетіліп, өз мәресіне жеткен сәтте өркениеттік сана да қалыптасып, өз қызметіне кіріседі. Өйткені өз ұлтын мейлінше сүйген адам өзге ұлттың ешқашан өзегінен теппейді. Өзге ұлттардың тілін, тарихын, дәстүрін, діни сенімдерін, жеткен жетістіктерін сыйлап, құрмет тұту өркениеттік сананың негізі болып табылады. Демек, өркениеттік сана дегеніміз кемеліне жетіп, әбден жетілген сана. Әлем халықтарының қазіргі жай-күйі осы санаға мейлінше зәру. Ортақ үйіміз әлемді сақтау, қорғау тек өркениеттік сана арқылы ғана жүзеге аспақ. Олай болса, өзіміздің ұлттық санамыздың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып өтсек.

Қазақ халқының ұлттық санасын данышпандыққа толы ойларымен, халық сөздерінен тануға болады. Бұл турасында ақын-жазушы, ғалым О. Сүлейменов бұл турасында былай дейді: “елу жылда ел жаңа дейді халық. Халық философиясы мен психологиясы өзгереді, бірақ оның ең асыл ерекшеліктері ғана сақталады. Моральдық кодекс жастықтан кәрілікке дейінгі маңызды рөл ойнайтын тәрбиеде мақал, аңыз түрінде көрініс алады. Сөз қазақтардың әлеуметтік өмірінде ерекше рөл атқарды. Ал, мәдениет пен өркениет ұғымдарын шатыстырудың қажеті жоқ.

О. Сүлейменов мәдениетке ерекше көзқарас танытты. Мәдениет – адамдар арасында адам болу өнері. “Шалқайғанға шалқай пайғамбардың ұлы емес, еңкейгенге еңкей әкеңнен қалған құл емес”. Міне бұл менің ана сүтімен берілген жеке мәдениетімнің бірден-бір іргетасы. Мыңдаған жылдық өмір тәжірибесінің қорытындысы ретінде ғасырлар бойы адамдар қатынасына негіз болған “көз орнына көз, тіс орнына тіс” деген библиялық заңына қарсы “таспен атқанды аспен ат” деген дана мақалды айта алу үшін менің халқым қандай ауыр жолдардан өту

керек болды. Бұл тұжырым тарихтан алынған. Талпыныс христиандық тараптан жасалғанымен, варвар жүрегінің қатандығынан гөрі, оның қайырымдылық қасиеті басым. Қалалық емес далалық көшпенді өз ұрпағына “егер бір адамға кездессең оны қуантуға тырыс, мүмкін сен оны соңғы рет көріп тұрған шығарсың” – деп үйреткен. Дала адамының шынайы дархандылығы, кеңпейілділігі, міне осында.

Қазақ халқы қашанда ауыз біршілігі мол, берекелі бүтін ел болуды аңсаған және осы арманға ұмтылған. Қазақ халқын найзасына үкі таққан халық деп тегін атамаған. Бұл қанатты сөз халықтың барлық бітім-болмысын сипаттап береді. Соғыстан гөрі бітімгершілікке мойынұсынған, әділ сөзге тоқтаған, басынғанды аямаған, жазықсызға тиіспеген, жетім-жесірін жылатпаған, ұлын батыр, қызын еркелетіп өсірген халық тәрбиесі, отбасы тәрбиесі, шын мәнінде барлық заманға лайықты тәрбие түрі. Қазақтың барлық дәстүрінің өзіндік сыры, ішкі саясаты, жақсылық нышаны бар. Қазір заман өзгерді, болашақ ұрпақты жаңа заманға лайықтап тәрбиелеу мәселесі қоғам алдында тұр. Әрбір ұл үшін өз ата-бабасының қалыптасқан, бейімделген, мирас етілген мұралы тәрбиесінен артық тәрбие басқа ешқандай жерде болмайды. Қазақтың халықтық тәрбиесі қазіргі күннің үнімен үндес. Қыздарын ибалық пен биязылыққа, ұлдарын өжеттілік пен қайырымдылыққа үйреткен қазақ халқының даналығы сыпайлықтың, денсаулықтың, қауіпсіздіктің, көңіл-күйдің, әсемдіктің, әдеміліктің ережесін дәріптейтін этика, эстетика сынды пәндердің орнын ауыстырады. Осылайша халық даналығы ұрпақтан-ұрпаққа дәстүрлі түрде беріліп отырады.

Дәстүрлер бір сәтте пайда болмайды, демек, бұл сонау түркілік заманнан жалғасын тапқан тарихымыз, әдебиетіміз. Туған әдебиетіміздің түп негізі көне дәуірге – түрік тайпалары әлі жеке-жеке халық болып жіктелмеген ортақ мәдениет, ортақ мұра жасап жүрген кезеңге барып тіреледі. Ал туыстас түрік руларының бір тобы қазақ деген атпен бөлініп, өз мемлекетін күрумен байланысты. Қазақ хандығы дәуірінде жасалған мол мұраның шағын бөлігі ғана біздің заманымызға жетті. Алайда қолда бар үлгілердің өзі халқымыздың сөз өнері биік деңгейде болғандығын көрсетеді. Хандық дәуірде болған әдебиет төрт ғасыр бойы сан қилы тарихи оқиғалардың сәулесін бойына

сіңіріп, өзіндік үн, өзгеше бояу-нақыш, айқын ұлттық сипатта қалыптасты. Қашанда ел өміріндегі күрделі оқиғаларға үн қосып, өз заманының көкейтесті мәселелерін көтеріп отырды, өткен күн озған дәурен, көне тіршілік шежірелі ой болды. Үнемі халық жағынан табылып, елдің бірлігі ғана емес, болашағы үшін аса мәнді идеялардың ұраншысы қызметін атқарды.

Әрбір халық көршілес елдер мәдениетімен өте ұқсас болады. «Қазақ-қырғыз бір туған» деген сөз халық арасына бекерден-бекер тарамаса керек. Халық көрші орналасқан елдермен етекте қойы араласып өмір сүрген соң дәстүрлері араласып-құраласып, ұқсастықтары көп болады. Тарихтың мына үздігі осы тақырыптың дәлелі іспеттес. “Еділ мен Жайықтың арасына қалмақтар орныққан соң ноғайлар мен қазақтардың арасындағы қатынас мүлде үзіледі. Әрқайсысының тағдыры әртүрлі болып кетеді. Әрине, осы кезден бастап әр халықтың әдебиеті өзінше дамыды. Ескіден – қоныс бір, мақсат, мүдде бір, тіпті тіл бірдей болған кезден қалған көне әдеби үлгілерді әркім өз бетімен сақтады. Сондықтан бұдан соңғы уақытта өзара әсер ауысу туралы сөз болуы да мүмкін емес. Екі халыққа ортақ мұралардың 250 жылдан соң жазылып алынған нұсқаларын салыстыру тек қазақ әдебиетінің тарихына емес, жалпы әдеби процеске қатысты, бірталай аса маңызды қорытындылар жасауға негіз береді. Мұның ең бастысы мұраның сақталуына байланысты. Ескі қазақ әдебиетінде белгілі әдеби ескерткіштер бір ұрпақтан екінші ұрпаққа мүкіндігінше өзгеріссіз дәл алғашқы қалпында беріліп отырғандығын аңғарамыз”.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер институтына байланысты мәселелердің ғылыми шешімі жазбаша деректерді ауызша тарих айту дәстүрінің туындылары мен салыстыра отырып, зерттегенде ғана жүзеге асырылмақ. Жазба әдебиетінің кенжелеу дамуында белгілі бір тарихи, тіпті өркениеттілік заңдылық болған жағдай көшпелі және жартылай көшпелі халықтар оның ішінде қазақ халқы бастан кешірген тарихи оқиғалар ұрпақтан-ұрпаққа көбінесе ауызша тарих айту дәстүрі арқылы жеткізіліп отырған. Сондықтан да, өлкенің жан-жақты жазбаша сипаттамалары дүниеге келе бастаған. ХҮІІІ-ХІХ ғғ. дейінгі дәуір болсын, яки аталған уақыт болсын қазақ тарихын зерттеумен айналысушылар басты тарихи дерек көздерінің бірі ретінде қазақ халқының аса

бай ауызша тарих айту дәстүрінің туындыларымен ауыз әдебиеті үлгілерін назардан тыс қалдыра алмайды. Ауызша тарих айту туындыларының айырықша құндылығы сонда, олардан белгілі бір оқиға немесе кезеңге байланысты мәлімет беретін жазбаша қарағанда қоғамдық даму барысындағы құбылыстардың кең тарихи панорамасын береді. Қазақ даласында азаматтық қоғамның өзіндік бір ерекше түрі қалыптасты. Ол қазіргі күнгі заңды азаматтық қоғамнан ерекшеленгенімен түбірлес мағынасы бір.

Саясаткер Қуаныш Сұлтановтың: «Тәуелсіз, өркениетті мемлекет құрылымы қиындықсыз болуы мүмкін емес, дүние жүзінің тарихында төрт құбыласы сай, бірден қаз тұрып, гүлденіп кеткен мемлекетті ешкім де білмейді» – деген пікіріне сүйеніп, жарқын келешекке ұмтылуды мақсат ету шарт.

Мәдениеттің негізгі түрлеріне жататын рухани және материалдық мәдениет ара қатынасының куәгері ретінде қарапайым қазақ тұрмысын алуға болады. Халық тұрмысының басты кәсібі – мал шаруашылығы. Малдың түр-түрінің қырсырын игеріп, олардың мүмкіндіктерін өз тұрмыстарында барынша пайдалану қазақ халқының философиялық биіктігін көрсетеді. Мал бағу дегеніміз төрт түлікті сайын далаға жайып жіберіп, қарап отыру емес. Қазақтар малдарды түліктерге бөле отырып, олардың тіршілік ету ыңғайларын табиғат жағдайымен орайластыру, оларды көбейту, асылдандыру, есебін алу, табиғаттың тосын апаттарынан аман сақтау, тұрмыстық азыққа, киімге, айырбас тауарға айналдыру және тағы да басқа мәселелерін игерген, сонымен қатар, осы аталғандарды жүзеге асыру барысында қисынды ой, далалық білім, аса талғампаздық, сыншылдық, саналы және шұғыл шешім қабылдауға дағдылану, табиғатқа төселу сынды мінез-құлыққа ие болып, жалпы айтқанда дала философиясын тұрмыстық философияға айналдырған. Олар мал шаруашылығын негізге ала отырып, егіншілік, қол өнершілік, кәсіпшілікпен де айналысып, өздерінің ұлттық мәдениетін де қалыптастырған. Дала өркениеті, оның ішінде қазақ өркениетінде тұрмыс мәдениеті ең жоғарғы деңгейде дамыған. Киіз үйден бесікке дейінгі жәдігерлер құны жойылмайтын, уақыт өзгерте алмайтын, әрі қайталанбайтын дара мәдениеттер. Осылардың барлығын түйіндей отырып қазақ халқының тұрмыстық философиясын былайша жіктеуге болады:

- Мал шаруашылығы (түліктерге, саулықтарға бөлу, жайлымдар таңдау, мал бағу стратегиясы, төлдету, асылдандыру, азыққа айналдыру, жүні мен терісін пайдалану және т.б.);

- Егін шаруашылығы (жерді меңгеру, диханшылық, тұқымдарды түрімен ажырату, мезгілдік егіншілік, жеміс-жидектер егу, оларды баптау, күту, ору, жинау, сақтау, тұқымдықты ажырату және т.б.);

- Қол өнершілік (ағаштан бұйымдар жасау, ұсталық, қыштан, саздан құйып жасау, шеберлік, темірді балқыту, жіп иіру, тері илеу, қоғасын күй, өрнектеу, кестелеу, киіз басу, алаша тоқу, киім тігу, тоқыма тоқу, құрақ құрау, таспа өру, зергерлік бұйымдар, ыдыс-аяқ, ат әбзелдерін, жиһаздар, саз аспабтарын, қару-жарақтар жасау және т.б.);

- Аңшылық, саятшылық (аңға шығу, сонарлау, тазыларды, құмай тазыларды дайындау, үйрету, қарулар, қақпандар жасау, аң терілерін игеру, бүркіт, лашын, қаршыға, қыран, сұңқар сынды саятшылық құстарын асырау, құсбегілік, оларды үйрету, жүйрік аттарды баптау, тұлпарлар дайындау және т.б.);

- Сауда кәсіпшілігі (сүт, ет, май, құрт, ірімшік сияқты өңделген азықтарды сату, айырбас сауда, мал сату, малды бордақылау, жәрмеңкелер, аламан бәйгелер ұйымдастыру және т.б.);

- Рухани кәсіпшілік (балгерлік, бақсылық, сынықшылық, көріпкелдік, жұлдызшылық, құмалақ ашу, зікір салу, ер баланы сүннеттеу, түс жорушылық, жауырынмен бал ашу, жорамал айту, тамыр басу, үшкіру, ұшықтау, аластау, ем-дом жасау, шөптермен емдеу, қарғыс пен көз тиіуді алу, таңдай және тамақ басу және т.б.).

Осы аталғандардың барлығы қазақ баласын өмірге, еңбекке баулу, кәсіптікке бейімдеу, шеберлікті дамыту, көркем ойлау қабілетін арттыру сынды қасиеттерді бойына сіңіруге тікелей ықпал етсе, адамгершілік пен сыпайылық, ақылдылық пен сыншылдық, сабырлық пен бейнеткештік, ұқыптылық пен икемділік, іскерлік пен ісмерлік, еңбекқорлық пен алғырлық, зеректік пен зейінділік, сезімталдық пен адалдық, шапшандық пен қырағылық, батырлық пен мәрттік, намысқойлық пен қайсарлық, тазалық пен әділдік, жомарттық пен рақымшылдық, имандылық пен инабаттылық, әдептілік пен кішіпейілділік

сияқты тәлім-тәрбиені дамытып, азаматтық, моралдық, діни, этикалық, эстетикалық, экономикалық, патриоттық реттегі ұстанымдарды, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенім, салт-жоралғы, мәдениет пен өркениетті де қалыптастырды.

Бұл турасында Хакім Абай отыз үшінші қара сөзінде «егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтатпайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерді – қазақтың әулиесі сол» – деп қолөнердің тұрмысты оңалтуға апаратын бірден-бір жол екендігін баса көрсетеді де, ары қарай қазақтың өнерге қатысты кеселдерін қатты сынға алады. Өкінішке орай, қазақтардың барлығы өте еңбекқор, кәсіпшіл деп дөп басып айту өте қиын. Оған мысал «Дала Уалаяты» газетінің 1895 жылдың 26 қарашасындағы 45 санындағы Аппасов Сұлтанның «Қазақбайдың ұрылары» атты мақаласында қазақ даласындағы ұрлық пен барымтаның басты себебі – кәсіпсіздік екендігін атап көрсеткендігі, Абай да өзінің 42-ші қара сөзін жұмыссыздыққа арнап, еңбексіз жатып ішу, қолы ұдайы бос болу жеке адамның басындағы және бір қауымдағы кеселдің үлкен себешісі деген аса сыншыл, өткір ойлар айтады. Осы аталғандарға қосымша ретінде батыстық әлеуметтанушылар мен психологтар елдегі нашақорлық, түрлі бейбастақтық мәселелері адамдардың жұмыссыздығынан, аса байлықтан етек алады десе, техниканың қарқынды дамуын негізге алған кейбір пессимист немесе антисценитист ғалымдар мың адамның еңбек ететін қол жұмысын автоматтың бір тетігі ғана атқарады, олай болса жоғарыда аталған келеңсіздіктердің басты себешісі техника дегенге саяды.

Абай «Адасқанның алды – жөн, арты соқпақ» деген шартты түрдегі өлеңнің атауы да, өзім білем, менікі дұрыс деп бой бермейтін, алдындағы жүріп баратқан жолын жөн деп білетін, бірақ артында мардымсыз тірліктері қалатын жігіттерге арналған аясыз сын. Осы өлеңдегі дене мүшесіне жабыстырып киім киетін, өзі тәккәппар, маңғаз, тымағының бір құлағы түсіңкі, екіншісі көтеріңкі, яғни олпы-солпы киінген, оның үстіне қасынып, алыстан амандасып, демек әдепсіздік танытып, не болса соны айтып, орынсыз қылжақтап, мақтанып, бет-аузын мың құбылтып тұратын жігіттердің барлығы іске келгенде олақ, тек сыртын

түзеуді білетін, мал табуды, адал еңбек етуді ойламайтын болып келеді деп сипаттайды.

Осындай сидан жігіт елде мол-ақ,
Бәрі де шаруаға келеді олақ.
Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,
Бар өнері – қу борбай, сымпыс шолақ

Абайдың бұл өлеңі арқылы қыз балалар жігіттердің сырты, яғни киім киісі мен жүріс-тұрысы оның ішкі жан дүниесінен, мінезінен, тәрбиесінен хабар беріп тұратындығын ескеруі керек. Қалжыңқұмар жігіттер еңбек сүймейді деген Абай тұжырымына бүгінгі күнгі қазақ сахнасында елді күлдірту үшін әйелше киініп, ыржаң қағып жүрген және соған құмартқан жігіттердің мол болуы дәлел бола алады. Олар жеңіл ақша табуды көздейді, сәйкесінше қазақстандық теле арналарда ғылыми, танымдық бағдарламаларға қарағанда әзіл-қалжыңға бағытталған бағдарламалар саны көп және оның ішінде құмарлық білдіріп жүргендердің басым көпшілігі жігіттер.

Өнімсіз іске шеп-шебер,
Майданға түспей несі өнер,
Сиырша тойса мас болып,
Өреге келіп сүйкенер
Күлмендеп келер көздері,
Қалжыңбас келер өздері.
Кекектеп, секек етем деп,
Шошқа туар сөздері

1891 жылы жазылған шартты түрдегі «Заман ақыр жастары» деген өлеңінде де Абай жоғарыдағы ой-тұжырымын бекіте түскендей болады.

Керек іс бозбалаға – талаптылық,
Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық –

деген өлең жолдарына, жалпы өлең мәтініне жіті назар аударған қыз бала болашақ жарына талап қоя біледі, оның мінез-құлқы, жүріс-тұрысын саралап, Абай жоғары қасиет деп таныған талаптылық, өнерлілік, мінезділік, адамшылық, кісіліктің биік өлшемімен өлшей алады, өз-өзіне жігіт эталонын құрастыра алады. Мұндай өлшем іске епті, еңбекқор, адал жігіттердің материалдық игілік туралы пайымына мегзейді.

Материалдық мәдениеттің гүлдену кезеңін зәулім үйлер, дамыған техника, электрондық жетістіктер және т.б. арқылы дәлелдеу қиын емес, өйткені барлығы көзге көрініп тұр. Негізгі мәселе руханилық пен материалдық арасындағы адамдық іс-әрекет, адамдық сапа, ойлау жүйесінің ізгілікті дамуы. Ақселеу Сейдімбек өзінің этномәдени пайымдауы барысында материалдық өндіріс деңгейімен рухани мәдениет өресінің сай келе бермейтін кейбір келеңсіз көрністерін бүгінгі өмірден байқауға болатындығын айтады. «Туындатудан гөрі тұтынуға бейім қомағай психология, өзімшіл практикашылдық, адам қабілетінің тар аядағы мамандықпен шектеліп қалушылығы, мәдени-рухани ұқыпсыздық, мәдениетті дамытудың мемлекеттік деңгейдегі дәрменсіздігі т.б. осы сияқты келеңсіздіктер өкінішке орай, бүгінгі өміріміздің шындығы қалпында сақталып отыр. Бұған әлі де болса екпінін тоқтата қоймаған идеологиялық өміршілдікте қосуға болады. Өйткені бұл да мәдениеттің элементі болып табылады. Белгілі бір топтың немесе сыртқы өктем күштің мүддесі тұтас этнос өміріне зорлықпен таңылса, мәдениетке мұның да кері ықпал ететінін қазақ халқы жақсы біледі» деп жазады.

Қазақстан 1991 ж 16 желтоқсанда тәуелсіздік алды. Ел аумағы 2 724 900 шаршы километрді құрайды: батыстағы Еділдің төменгі ағысынан шығыстағы Алтай тауларына дейін, солтүстіктегі Батыс-Сібір жазығынан оңтүстіктегі Тянь-Шань тау жоталарына дейін созылып жатыр. Қазақстан көлемі жағынан әлемде Ресейден, Қытайдан, АҚШ-тан, Аргентинадан, Бразилиядан, Канададан, Үндістаннан, Австралиядан кейін 9-шы орынды иеленеді және Еуропалық Одақтың 12 елінің аумағынан асып түседі. Қазақстан халқы 20 миллионнан астам адамнан – 100-ден астам ұлттың өкілдерінен және барлық негізгі әлемдік діндер мен конфессиялардан тұрады. Көптеген табиғи

ресурстардың қоры мен сан алуандығы жөнінен Қазақстан әлемдегі ең бай өңірлердің бірі. Пайдалы қазбаларында Менделеев кестесінің іс жүзінде барлық элементтері бар. Қазақстан барланған мырыш, вольфрам және барит қоры жөнінен әлемде бірінші орынды, күмістің, қорғасынның және хромиттің қоры жөнінен екінші орынды иеленеді. Сондай-ақ Қазақстанда елді әлемдегі аса ірі мұнай өндіретін он мемлекеттің қатарына қоюға мүмкіндік беретін мұнай мен газдың едәуір қоры шоғырланған.

«Қазақстан» атауы алғаш рет XVI ғасырдың бірінші жартысында, Зейнадин Әбді-аль Джани Васифидің «Бадал ал-Вакай», яғни «Ғажайып оқиғалар» атты шығармасында кездеседі. «Қазақстан» – термині белгілі бір дәрежеде XV-XVI ғғ. өзінде-ақ этногеографиялық ұғымда қолданылған. Қазіргі Қазақстан қуатты да қайратты жас мемлекет. Біздің елімізде елеулі және қарқынды өзгерістер болып жатыр. Бұл өзгерістер мен бетбұрыстар мемлекеттің нығаюы мен ары қарайғы өрлеуіне жол ашады. Осы мақсатта мемлекет үлкен саясатты бағдарлайды, ұзақ мерзімді бағдарламалар мен ағымдағы жоспарларды әзірлейді және іске асырады. Мемлекет өз миссиясының маңыздылығын жақсы түсінеді және осы мақсатта халықты жақсы тұрмысқа жетелейді.

Алғашқы Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ел тәуелсіздігіне бес жыл толған кезде халыққа былай деген болатын: «Тарихтың даңғыл жолынан Қазақстан да шет қалған жоқ. Оның ежелгі жерінде көптеген мемлекеттік құрылымдар өмір сүріп, олар да адамдар сияқты басынан балалық, жастық, кәмілеттік дәуірлерді өткізіп, құлдырау және күлден қайта бой көтеру дәуірлерін басынан кешірді. Тарихтың жаңа оралымы сәтінде Қазақстан халықтары өздерінің батыл таңдауын – өркениетті демократиялық қоғамды таңдап алды» – дей келе, «Қазақстанның мұндай жағдайының бірегейлігі мен қайталанбастығын XVII ғасырдың ортасында бөлшектелген қазақ мемлекетін қалпына келтіру іргелес жатқан мемлекеттермен тату көршілік қатынастарды жолға қоя білген кемеңгер Абылай түсінген болатын. Мұны оның ісін жалғастырған кейінгі ұрпақтарда түсінді» – деп тұжырымдады. Қазақстан өз тәуелсіздігіне қол жеткізген аз мерзім ішінде,

сыртқы байланыстарды мықтап құра білді. Соның негізінде әзірленген ұлттық қауіпсіздік стратегиясы мен Қазақстанның әскери доктринасы – бірінші кезекте тату-тәтті көршілік қатынастарды дамытуға, халықаралық проблемаларды өркениетті шешуге, қару-жарақпен сес көрсету және күш қолдану көзқарасынан бас тартуға бағытталған бейбітшілік сүйгіш жолдың жарқын куәсі. Мемлекет басшысының сыртқы саяси қызметі Қазақстанның әлем мемлекеттерімен сыртқы экономикалық байланыстарын дамыту мәселелерін шешумен тығыз сабақтасып жатыр.

Егеменділіктің басты ұғымы – Мемлекет. Себебі, егеменділік дегеніміздің өзі белгілі бір этностың өз алдына жеке ұлттық мемлекет құру туралы қиялынан, арманынан, мақсатынан, мұрат биігінен туындайтын дүниетаным. Осылай болғандықтан егеменділік пен тәуелсіздіктің нақтылы саяси жетістігі, биігі – ұлттық мемлекет. Саяси билікке қолы жетпеген халықта тәуелсіздік туралы тек арман, қиял, утопия ғана болмақ. Тәуелсіздікке жектен халық, ұлт өз мемлекетінің іргетасын құрудан бастап, өзін жаңа сапа биігіне көтере бастамақ. Тәуелсіз ел өзінің кезіндегі тәуелділігін үнемі жадында ұстап қандай қиындық туындаса да тәуелсіздікті сақтап қалуды, егемен болуды көздейді. Мемлекеттілікке ие халықтың тәуелсіздік туралы философиясы, мемлекет философиясымен табиғи түрде бірігіп кетуі түсінікті әрі қалыпты жағдай. Біз қазір осы саяси жағдайда өмір сүріп жатырмыз. Қазақ халқы басынан өткерген талай тарихи кезеңнің нәтижесі іспеттес, баға жетпес ел тәуелсіздігі ең бірініші, қазақ зиялылар армандаған ой тәуелсіздігін алып берді. Осы құндылықты дәріптей білген қазақ және қазақстандық ғалымдар әр түрлі салаларда көптеген жетістіктерге жетті, жоғалған асыл мұраларды қайта қалпына келтірді және осы бағытта, сонымен бірге басқа да әлемдік деңгейдегі, дүниежүзілік дәрежедегі ғылыми бағыттағы процестерге араласып кетті. Соның бірі мәдени даму проблемасы. Мәдениетті дамытудың қозғаушы күші, алғышарты сауаттылық деп білген қазақ зиялылары осы мақсатта жұмыла іске кіріскен. Алға мақсаттар мен міндеттер қойып, барлығы дерлік ат салысқан, өз бетерінше өз үлестерін қосқан. Мысалы, еуропалық мәдениеттанушылармен, өркениетшілер

концепциялары әлемге танымал. Олардың өркениеттерді жіктеуі мен осы ұғым аясындағы зерттеу жұмыстарына арналған еңбектері де аса танымалдыққа ие. Бірақ дәл осы мәселе төңірегінде тың пікірлер айтқан және сол мақсатта жұмыс істеген қазақ ғалымдарының еңбектері елеусіз.

Қазақ ғалымы Ахмет Байтұрсынов өркениетті жіктеудегі басты мәселе географиялық факторлар, яғни климат, жердің топырағы, суы, кені, жан-жануары, демографиясы деп түсінген. Қазақ ғалымы өркениет дамуының алғышарттарын былайша сипаттайды: «Шаруашылық өзгерісі, шаруашылықтың бір түрінен екінші түріне түскенше талай ғасырлар өткен. Мұны Еуропа тілінде эволюция деп атайды. Дүние ісі секіріп алға баспайды, эволюция жолымен жылжып, жылысып өзгереді». А. Байтұрсынов өркениеттің эволюциялық жолына талдау жасаған. Ол турасында ғалым «дүниеде тәркі етіп аса көзге көрінетін іс адам баласының тіршілік еткен тәсілі. Сол тіршілік тәсілінің жүзінде тастан жасалған балтадан бастап, осы күнгі сансыз құралдарға жетіп отыр. Ор сияқты үлкен шұңқырларды паналағаннан бастап, осы күнгі биіктігі аспанмен таласқан салтанатты сарайларға жетіп отыр. Сол тіршілік жүзіндегі адам баласының дүниелік табу жолында істеген істерін кәсіп деп, құралмен жасаған тәсілдерін шеберлік деп атаймыз» деген ерекше ойға келеді. Ары қарай өркениет дамуының басты себептері талданады.

Өндіріс-шаруашылық жайы табиғат жағдайымен кіндіктес екендігі даусыз. Дүние «жылылықтың» аз-көбіне қарай, экватордан әрі де, бері де қарай жер жүзі үйек-үйекке тілініп бөлінеді. Бел орталыққа таяу күн төбеге келетін нағыз ыстық жерлер «ыстық үйек» деп аталады. Оған таяу үйек «жылы үйек», оған таяу «салқын үйек», оған таяу «суық үйек» ең ақырында темірқазық. Біз жердің салқын үйегінде тұрамыз. Біздің оңтүстік жағымыздағы таяу үйек «жылы үйек», онан әрі «ыстық үйек». Өркениет пен мәдениет әуелі «жылы үйектен» көрінеді. Өркениеттің жемісі мол, аңы көп «ыстық үйектен» басталмау себебі, онда тамақ асырап, күн көру жеңіл, тіршілік етуге тәсіл қажет емес. Мәдениет ми мен аяқ-қол қатар істеген жерге орнамақшы деп өз тұжырымын дәлелдей келе, алғашқы төрт өркениеттің жердің жеті дариялы «жылы үйегінде» пайда

болғанын атап көрсетеді. Ол өркениеттер: «Ніл дариясының бойындағы Мысыр мәдениеті, Ассирия һәм Вавилония мәдениеті, Тигр һәм Евфрат дарияларының бойында, Ант мәдениеті Ант һәм Хуанхэ дарияларының бойында, Қытай мәдениеті Хуанхэ һәм Янцзы дарияларының бойында».

Батыстық өркениетшілердің еңбектері қазақ ойшылдарының арасында да кеңінен қолдау тапты. Олар өркениет теориясын өз бетінше зерделеп, өркениет ошақтарының дамуына өзіндік ерекше түсінік беруге тырысты. А.Байтұрсынов мәдениет дамуының факторларына көп көңіл бөле отырып, кейбір ғалымдар пікірлерінің біржақты екендігін баса айтады. Мәдениеттің ерте немесе кеш, жылдам не баяу дамуына табиғаттың ықпалы мол екендігін дәлелдейді. «Салқын үйек» пен «суық үйектегі» жерлерге мәдениет адам баласы табиғатпен тартысудың тәсіліне жетіп, ғылым, өнер біліп, табиғат жайсыздығын жағдайлы етуге жетілген кезде орнаған деген ғылыми тұжырым жасайды.

Өркениеттің дамуы қоғамды бөлшектейтінін, ол қоғамның таптық қоғамға айналатынын ойшыл ғалым А.Байтұрсынов ашық айтады. «Класқа бөліну реті біздің қазақтың төре-қара бөлінуі сияқты. Билеуші класс, көнуші класс болып бөліну. Бірақ Еуропа кластарының арасындағы жігі біздің төре мен қара арасындағы жігінен зор болған. Мәдениет жүзінде жоғары тұрған Еуропа жұрттарын алсақ, бұлардың класс жігіне бөлінбегені болмаған. Класс жігіне бөлінуге мемлекет қамы себеп болған». Алғашқы қазақ ғалымдырының бірі А.Байтұрсыновтың өркениет дамуына және таптық бөлініске мұндай жетік зерттеу жүргізуі терең білім мен ізденімпаздықтың жемісі екенін дәлелдейді.

Санкт-Петербург орман технологиялық институтының экономика факультетінің түлегі, мемлекет, қоғам қайраткері, ғалым, «Алашорда» үкіметінің басшысы, көсемі, 1906 жылғы І дума депутаты Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамбетұлы қазақ даласындағы орыстану саясатына қарсы болып, оның дағдыдағы белгілері деп – дөрекілік, зорлық-зомбылық, халықтың қасиетті деп аталатындарының бар атаулысына деген жозықсыз кемсіту, дала облыстарында ондағы әкімдердің халықтың тілі білмеуі және тілмәштар арқылы түсінісетіндігін атады да, бұл аталғандардың халық наразысын одан әрі күшейте беретінген

айтты. Бөкейханов 1887 жылғы санақ бойынша ана тілін қазақша деп атағандардың санын анықтап, Ресейді мекендеген халықтар арасында алтыншы орын алатынын алға тартты. Сонымен бірге қазақ тіршілігі мен өмір салтына күрт өзгеріс алып келген жойқын қоныс аудару мәселесіне және қазақ пен қоныс аударушылар арасындағы жер үшін талас, дөрекі әдістер мен заңсыздықтар, ұлттар арасындағы келіспеушілік мәселелріне тоқталды, ашына зерттеді, нәтижелерін есепке салып пайыздап көрсетті.

Өркениетшіл үлгіні ұстанып, өркениеттік іс тындырған тағы бір қазақ ғалымы, ағартушысы Ы. Алтынсарин. Нағыз педагог атына лайық Ыбырай қазақ халқы үшін өркениеттік үлгі ұсынды, ол білім мен ғылымға негізделген даму жолы еді. Ол орыс-қазақ мектептері, екі сыныптық мектептер мен қол өнер училищелерін ашып, көшпелі халыққа білім беріп, орыс халқының көш алды ғылымы мен мәдениетін үйретуге тырысты, осы мақсатта оқулықтар мен хрестоматиялар жазып, жаңа алфавит пен күнтізбені енгізді. Ы. Алтынсарин ел ішін мұғалім ретінде жиі аралай жүріп, халықтың өте ауыр тұрмысын өз қолжазбаларында үнемі жазып жүрді және оның себептерін ашу жолында үлкен еңбек етті. 1879-80 жылдар аралығындағы жүт туралы ауқымды материалдар мен дерек көздерін жинақтаған да Ыбырай еді. Бұл мәліметтер қазіргі күні мұрағаттық сипатымен аса құнды. Ыбырай өркениетке барар бірден-бір жол халық арасында білім мен ғылымды, мәдениетті жетілдіру деп есептеді. Сонымен қатар, ол қазақ халқын отырықшылыққа шақырып, белгілі бір кәсіппен шұғылдануын арман етті және осы мақсатта тәлім-тәрбиеге толы көптеген әңгімелер жазып, жастар бойындағы еңбексүйгіштікті, кәсіпшілікті оятуға үмтылды. Кәсіппен айналысқан адамның тұрмысы оңды болады деген қағиданы ұстанды.

Ыбырайдың осы ойымен қазақтың ұлы ойшылы Абай ұсынған сауда, кәсіпшілік, өнертапқыштық, білімпаздық жолы ұштасады. Осы турасында Абай «адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ» деген өлең жолдарын жазып, жастардың рухани, мәдени, әлеуметтік-экономикалық дамуына, азамат ретінде қалыптасуына, өркениеттік бағдарды ұстануына жол сілтейді. Абай еңбек ең жоғарғы игілік көзі, адам күшінің ең биік өлшемі,

халқына қызмет етудің, ұлттық арман-мүддені жүзеге асырудың басты көрсеткіші, өркениетке жетудің хаһ жолы деп түсіндірді. Хакім Абай адамдардың жеке басының қажеттіліктерін өтеуге негізделген еңбектен қоғамның, халықтың мүддесіне бағытталған еңбекті бөліп қарайды. «Өзі үшін еңбек ететін адам малға ұқсайды, тек қарнын толтырады, ал нағыз адам адамшылық үшін, қоғам игілігі үшін еңбек етуі қажет» деген озық ойлы пікірін айтады. Адам еңбек пен ақылды қатар қоя білуі керек, олай болмаған жағдайда еңбек еш бағаланбай күнсызданады, зая кетеді, ысырап болады. Абайды қазақ халқының әлем өркениетінде өз орнын табу мәселесі қатты толғандырды. Сол себепті ол өз заманындағы қазақ қоғамының кемшіліктерін қатаң сынға алды. Демек, малды өте жақсы меңгерген, өндіріс күшіне айналдыра білген. Абайды қазақ халқының әлем өркениетінде өз орнын табу мәселесі қатты толғандырды. Сол себепті ол өз заманындағы қазақ қоғамының кемшіліктерін қатаң сынға алды.

Мол мұралы Шәкәрім Құдайбердиевте қазақ қоғамының рухани өсуіне, жастардың ғылым-білімге, өнерге деген күштарлығын оятуда айтулы еңбек сіңірді. Орыстың солақай саясатына елітіп, қазақтар арасында іріткі салып жүрген пысықтарға байланысты «ар түзейтін ғылым» керектігін айтты, тобырға тоқтау салды. Нағыз философиялық еңбек деп танылғын «Үш анық» бағасы жоқ теңдесіз шежіре, онда: «адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді ... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім» – деген адамдықтың алтын ережесі жазылған. Шәкәрімнің өлеңдерінде, поэмаларында, тарихи-философиялық трактаттарында Шығыс пен Батыс елдері ойшылдарының, ғалымдарының, ақын-жазушыларының еңбектері мен шығармаларының аты аталып ғана қоймай, сонымен бірге мазмұн-мәні ашылып, кейде бірсыпыра ой-пікір жарыстырылып отырды. Осы тұста адамгершілік принципі мен моралдық биіктік көрсеткен Мәшһүр Жүсіптің (иман, ғақыл, сабыр, шүкір, әдеп) бес қымбаты мен Шәкәрімнің үш анығын этика қазығына балауға болады.

Өркениеттік бағдарды ұстанушылар қатарында қазақтың тағы бір озық ойлы ұлы, тұңғыш қазақ зерттеушісі, ғалым Ш.

Уәлиханов бар. Шоқан географ, этнограф ретінде қазақ халқының өнеркәсібі, ауылшаруашылығы, сауда қатынастары, діни сенімдері, асыл мұрағаттары жайлы зерттеулер жүргізді, ғылыми еңбектер жазды. Ш. Уәлиханов алғашқылардың бірі ретінде мемлекеттік сауда саясатына көңіл аударып, оның тиімді де тиімсіз тұстарын ғылыми түрде дәлелдеген. Бірақ, сол кездегі қазақ халқының жалғыз тіршілік ету көзі мал бағу еді. Шоқан осы мәселеге аса ден қойып, жайылымды көшпелі мал шаруашылығының жағдайын талдап, «мал шаруашылығы – халық байлығы» деген қанатты сөз қалдырды. Қазақтар малды тек өнім ретінде ғана емес, өндіріс құралдары ретінде де пайдаланған. Мәселен малдың жүнінен киіз басып, үй жабдықтарын жасаса, терісін илеп ыдыс-аяқтар, жүнін түтіп, иіру арқылы киімдер тіккен, малдың сүйектерінен сабын жасаған.

Жалпы алғанда, қазақтар шаруашылықпен айналысқан, шикізат өңдеген, өнімдер өндірген, ең бастысы мал арқылы сауда қатынастарын дамытып, айырбас немесе қазіргі ғылыми тілдегі «бартер» жасау жолдарын жүзеге асырған. Шаруашылық дамытудың тағы бір ерекшелігі малдардың жаз айларында солтүстіктің салқын аймақтарында, керісінше қыстың ызғарлы күндерінде оңтүстіктің жылы аймақтарында бағылуы. Мұндай тәжірибе қазақ халқының географиялық және экологиялық ілім-білімдерінің табиғи түрде дамығандығын, дала өркениетін меңгергендігін байқатады.

Орталық Азия елдерінде көшпелі шаруашылықтың басқалармен салыстырғанда Қазақстанда мейлінше дамығандығы анық. Бертін келе, мал шаруашылығының өрісі тарылып, одан әрі дами алмайтындығына көзі жеткен қазақтар тіршілік күйінің басқа арнаға өзгеру керектігін дөп басып, отырықшылыққа ауыса бастады. Бұл қадам прогрессивтілік мәнге толы шешім болды. Өздерінің төл шаруашылығын басқа түрге ауыстыру қазақтар үшін оңайға соқпады, дегенмен өмірге деген күштарлық пен қазақтың қанына біткен тәуекелділік отырықшылық, егіншілік сияқты жат шаруашылықты меңгеріп әкетуге бет бұрғызды. Егіншіліктің пайдасын білген халық, астық көлемін ұлғайтып, Орал, Орынбор, Семей қалаларын астықпен сауда жасаудың ірі орталықтарына айналдырды.

Керекудегі «Қарқаралы», Қызылжардағы «Қоянды», жәрмеңкелері Орта Азияға танымал болды.

Өркениеттік қадам ары қарайғы ақша тарихының толық қалыптасып, кооперациялардың, зауыт-фабрикалардың ашылуымен жалғасын тапты. Кооперацияны М.Дулатов қолдап, халыққа бірігіп жұмыс істеудің тиімді екенін баса айтса, М.Сералин өз еңбектерінде қазақ халқының отырықшылыққа, егіншілікке және интенсивті мал шаруашылығына көшуі сияқты келелі мәселелерді көтеріп, бұл мәселелердің объективті қажеттіліктерін дәлелдеп берген.

Отырықшылық мәселесі туралы А.Байтұрсынов: отырықшы болу мәдениетке жетудің шарты деп пайымдау негізсіз, сондықтанда жер мәселесін көшу жақсы ма, отырықшы болу жақсы ма деп шешуге емес, қазақ жерінде қай кәсіппен күн көруге болады деп шешу абзал деген ой айтады. Мұндай құнды мағлұматтар «Айқап», «Үшқын», «Ауыл», «Еңбекшіқазақ» газет-журналдарында жарияланып, бұқаралық саяси мәні бар дерек көздеріне айналды.

Өндіргіш күштердің қарқынды дамып, капиталистік қатынастардың біртіндеп күш алуы, қазақ қоғамында азиялық және еуропалық мәдениет пен өркениеттің үшқындарын алып келді. Ұлттық менталитетімізге тән қазақылық қасиеттер бөтен ел өкілдерінің қазақтар арасына тез сіңіп кетуіне ықпал жасады. Қазақтардың аңғалдық, сенгіштік және елгезектік қасиеттері де сырт ел өкілдері үшін барынша тиімді болды. Осылайша қазақ даласында мәдениеттер сұхбаттастығы мен трансформациясы, өркениеттердің алмасуы мен қарым-қатынасы, дәстүрлік жаңашылдық пен сабақтастық өз жалғасын тапты. Жоғарыда аталған қазақ ойшылдарының өркениеттік үлгісін ұстанып, оны ары қарай қарқынды дамытқан, Петербург, Мәскеу, Варшава, Қазан университеттерінен жоғары білім алған Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Мұстафа Шоқай, Ж.Аймауытов, Б.Сыртанов, Б.Қаратаев, М.Тынышбаев, С. Жантөрин, С.Асфендияров және т.б. ұлт зиялылары болды. Аты аталған алаш азаматтарының ойы бір жерде тоғысып, қазақ халының өркениетті халық болып ары қарай қалыптасуына өз ықпалын тигізді. Олар қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, Еуропа мәдениетіне, өркениетіне жетуді мақсат етті. Аталынған және аталынбаған

қазақ зиялыларының басатамасын батыл түрде отандық ғалымдар жалғастыру үстінде, олар әлемдік мәдениеттанушылар мен өркениетшілердің жұмыстарымен етене таныса, зерттей отырып, ұлттық нақыштағы төл мәдениет тарихын жасауға, өткенді қайта қалпына келтіруге, оны заманға лайық етіп жаңашаландыруға тырысып еңбек етуде.

Ренессанстық сипат қазіргі Қазақстан Республикасының егемендік тарихымен сәйкес келіп тұр. Қазақ Ренессансы дәл 1991 жылдан басталған жоқ, ол идея қазақ хандығы тарқаса да, халық саяси бас еркінен айрылса да, өшпеген, оның айғақты көрністері Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліс, хан Кенесары Қасымның елдікті сақтау мақсатындағы жорығы, 1916 жылғы Амангелді, Бекболат, Ақкөз сынды батырлардың саяси hareketтерінен көрінді. Қазақ даласында ұлт-азаттық мазмұнда көптеген көтеріліс ошақтары болды, азаттық, елдік үшін болған қантөгістердің бәрі тегін, еш кетпеді, олар қазақтың түптің түбінде жаңғырып, түлеп түсер заманына қосылған айрықша жағдайлар, оқиғалар еді. Соның бәрі XX ғ. соңында қазақ болмысының жаңа заманын ашты, ол 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі болатын. Ұлттық идеямен рухтанған қазақ ұлтшылдығы Қазақ Ренессансының алғашқы рефлексиясы. Елдің мәңгілігін армандаудан асқан қандай асқақ идея болмақ. Әрбір жеке адамның өмірі өлшеулі болғанымен, ол ұрпағымен мәңгілік. Қазақ елі – мәңгілік. Бұл – ұлттық идея.

Жалпы қазақ даласында қоғамдық ғылымдар таратылуының бой алуы ежелде Шығыстың Араб, Иран, Қытай ойшылдарының көзқарастарынан байқалса, кейінірек ресейлік ықпалдың күшеюімен бірге Еуропалық ойлар жалғасты. І Петр Қазақстанды Азияға шығар қақпаның кілті десе, хакім Абай Ресейді Еуропаға көзқарасты кеңейтер үлкен терезе деп үлкен мәдени сұхбаттастық көпірін мегзеді.

Қоғамдағы, саясаттағы болып жатқан құбылыстар миллионерді де, зейнеткерді де, студентті де, ғалымды да бейжай қалдырмайды. Халық билікке тікелей араласпаса да, биліктің, саясаттың қайнар көзі. Саясат халықтан басталады, демек ол халықтың тұрмысы, жай-күйі. Қашанда елім деген ер азаматтар өз халқы үшін саясаттың жазықсыз құрбаны болды. Ұлан ғасыр, кең байтақ қазақ жерін қазақтар қазақ үшін жаудан

қорғады, көзінің қарашығындай сақтады, ұрпаққа мирас етті, аманат қылды. Бертін келе, қазақ тағдыры қыл үстінде тұрған шақта ел еңсесін көтеруге тырысып, аманатқа қалған ел тұтастығын сақтауға ұмтылған озық ойлы қазақ интеллегенциясы да репрессияға ұшырап, елі үшін құрбан болды. Ұлы отан соғысы кезінде де қазақтың өрімдей ұл-қыздары майданға өз еріктерімен сұранып, ортақ отанды қорғады, көзсіз ерліктер жасап, қазақ есімін биіктерден көрсетті. Соңғы дүбірлі оқиға “Желтоқсан” көтерілісінде де қазақ жастары халықтың қамы үшін алаңға жиналды, олар үлкен ерлік жасап, еш бағаға тең келмес тәуелсіздік тұғырын қондырды, бодандыққа бостандық жолын басатап берді. Бір сарындағы өмірдің арнасын бұрып әкетті, ұйықтап қалған санамызды «Тәуелсіздік» деген жалғыз сөзбен дүр еткізді.

Адамзат баласының тарихы үздіксіз сабақтастықтың арқасында мәдени-тарихи құрылымды түзеді. Себебі сабақтастық дәуірлер, ғасырлар, жылдар, күндер арасын жалғастырушы дәнекер. Сабақтастық әлсіреген тұста кейінгі тарихқа қайта жүгіну үрдісі өте қарқынды түрде жүреді. Ал дәстүр сабақтастыққа қарағанда салмақты, ол қалыптасқан тұрақты жүйе. Сондықтанда дәстүрге деген құрмет халық арасында өте зор мәнге ие. Дәстүр адамдар арасында жазылмаған заң іспеттес, ол еш қадағалаусыз, ешкімнің әмірінсіз өз бетінше орындалады. Демек, сабақтастық дәстүрдің кезеңнен-кезеңге өту қызметі. Әрбір дәстүрдің түпкі мағынасының өзгеріссіз жетуіне сабақтастық тікелей міндетті. Тарихта ата-бабасының жүрген ізінен жаңылып, оны қайта таба алмай жүрген ұлттар аз емес. Өкінішке орай соның бірі – қазақ халқы. Халық тарихының тереңіне үңілсек, ауыр тағдырдың ізін көреміз. Талай қиыншылықтарды, талай золық-зомбылықтарды, аштықты, қырғынды көрген халық, тыныш та күйлі өмір сүруге құқылы.

Жер бетіндегі бүкіл қазақтың үштен бірі, – яғни 5 миллиондай қандастарымаз атамекеннен сырт жерлерде тұрады. Қазақтар шығысындағы Алтай тауларынан басталып, батысында сонау Еділ өзеніне дейін созылып жатқан ұлан байтақ кең жерге “сыймай” дүниенің түкпір-түкпіріне шашылып кеткен. Қазір жұмыр жердің бетінде қазақтар тұрмайтын ел жоқ. Біздің өміріміз түбегейлі өзгеріп, Қазақстан тәуелсіздікке ие болған

өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары тарихқа озғанына да уақыт өте қойған жоқ, сана мен сезімнің ширығуы жағынан бұл ерекше жылдар болды. Бұл біздің мемлекетіміздің алдағы жүрер жолын айқындайтын аса маңызды шешімдер қабылданған жылдар болды, сол кезде қабылданған бір ғана бұрыс шешім елміздің жүрер жолының бағыт-бағдарын елеулі өзгеріске ұшырату әбден ықтимал еді. Ешқандай ілімге жүгінбей-ақ баршамызға мәлім болған қағида – халықсыз, мекен-жерсіз, дәулетсіз, тілсіз, салт-санасыз бір де бір ұлт, мемлекет өмір сүріп тұра алмайды. “Сауд Арабиясы елінен біздің өркендеп, өсіп келе жатқан мемлекетіміздің үйренетіні де, үйрететіні де баршылық. 1932 жылы тәуелсіздік алған кезде Сауд Арабиясы технологиясы төмен, қаражаты да жоқ ел еді. Сондықтан жер қойнауындағы барлық байлықтарын шетелдік компанияларға түгел беріп қойды. Содан кейін, яғни, арада 40 жыл өткенде, 1970 жылдардың басында қаражат жиналуына байланысты сол байлықтарын бірте-бірте қайта сатып алып, мемлекетке қайтара бастады. Ойлап қарайтын болсақ, біздің де істеп отырғанымыз осыған ұқсайды. Себебі, жоғары технология қаражат көзі әу баста бізде де тапшы болды. Ал жердің астында игерілмей жатқан байлық халықтың игілігіне жаратылмаса, байлық емес. Екіншіден, мұнай мен газ саласына және басқа минералды ресурстарға сүйене отырып, Сауд Арабиясы біздегі сияқты индустриялық бағдарламаны жүргізіп жатыр. Үшінші мәселе – бұл елде бос қаржы көп. Сол қаржыны Қазақстанға тартып, пайдасын көруге мүмкіндік бар.

Өркениеттіліктің басты белгісі ұлттық тәрбие, ұлттық дәстүр, ана тіл, ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық идея. Аталғандардың барлығы ұрпақтар арасында тек сабақтастық қызметі дұрыс атқарылғанда ғана жүзеге аспақ. Кеңес дәуірі кезіндегі сабақтастықтың қызметін қолдан ұзу арқасында бүтін ел мәңгүрт ұлтқа айнала бастады. Бір қызығы кеңес одағын құраған 15 одақтас елдер ішіндегі қазақтарда ғана өз тілін білмеу мәселесі көтеріліп отыр. Қалған экономикалық, саяси мәселелер ортақ көрінеді.

Қазақстан өркениетінің алтын бастауы қазақ өркениетінің жарқын тұстары отандық ғалымдарымыздың зерттеулері бойынша дәйектелініп, республикамыздағы соңғы айтулы

оқиғалар реті келтірілді. Сонымен қатар, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің антикалық дәуірден сабақтаса жеткен теориясы мазмұндалады.

Қайта оралған бақыт құсындай болған қастерлі тәуелсіздік әрбір қазақстан азаматын болашаққа шынайы көзқараспен қарауды үйретті. Ендігі мәселе өркениеттік бағдар ұстап ірі өркениетті елдер санатына қосылу, тарих бетіндегі ақтаңдақтардан арылып халықтың абыройлы атын өзіне қайтару. Зерттеу барысындағы қойылған міндеттердің бірі де осы болатын. Ұлттық үлгіні негізге алған отандық ғалымдарымыздың да басты бағыты қазақстан атын әлемге таныту, ата-баба мирас еткен мәдени жетістіктерді әлем халықтарына паш ету. Олай болса әлемдік жүйенің өркениеттік координатындағы Қазақстанның орны қандай? Егер әлемдік даму әртүрлі өркениеттердің өзара ықпалдастығы шеңберінде анықталатын болса, онда Қазақстанның да өркениеттік өресін анықтап, құндылықтарымызды бірегейлендіретін кез келді. Қазақстан бүгінгі күні көпұлттың басын құраған және екі әлемдік өркениеттер орталығы Еуропа мен Азияны жалғастырушы тәуелсіз, зайырлы, жас мемлекет. Осыған орай, Қазақстан ұсынып отырған еуразиялық бірегейлік идеясы, мемлекетіміздің георгафиялық, мәдени, стратегиялық және шаруашылық болмысына өте тиімді.

Тарихи тамыры тереңнен тартылған халқымыздың өткені бүгінгі Қазақстанның әлеуметтік геосаяси жағдайының қалыптасуына негіз болып отыр. Бізге дәстүрлі жолмен аманат етілген мол жылдық асыл мұраны жинап сақтау, сабақтастықтың рөлін қайта қалпына келтіріп, нығайту Қазақстандық қоғамның қазіргі таңдағы басты міндеті және әлемдегі орын алып жатқан глобалды сұрақтар мен қауіптерге жауабы. Бірақ Қазақстан тек осы өркениеттік бірлікте тоқтап қалмауы тиіс, яғни, басқа да өркениеттердің өсу жолы сияқты дамудың жарқын үлгісі болып отырған Батыс пен оңтүстік-Шығыс Азияның барынша дамыған мемлекеттерінен бар пайдалыны өзіне жаратып, экономикалық және саяси қажеттіліктерді қанғаттандыруы мәлім.

Осы ойды ары қарай әлемдік аренаға жеткізуге тырысып жүрген тәуелсіз мемлекетіміздің ел алды ғалымдары әлеуметтік, саяси, діни, мәдени-философиялық ой-пікірлердің даму

арақатынасын абстракты-логикалық, жүйелілік, компаративистикалық, құрылымдық, статистикалық талдау әдістері қолдану арқылы анықтау мақсатында. Олардың қатарында С.Н.Ақатай, Ж.А.Алтаев, Т.Қ.Айтқазин, Н.Ж.Байтенова, Т.Х.Ғабитов, Ғарифолла Есім, Қ.Е.Ермеков, Б.Р.Қазыханова, А.Қ.Қасабек, А.Т.Құлсариева, Д.Кішібеков, З.А.Мұқашев, Ж.Ж.Молдабеков, Ж.Мүтәліпов, Б.Ғ.Нұржанов, Г.Ж.Нұрышева, Ә.Н.Нысанбаев, С.Нұрмұратов, М.С.Орынбеков, Е.С.Омаров, О.Сегізбаев, А.Сейдімбек, Н.Ж.Шаханова, Д.С.Раев және т.б. ғалымдар.

Қазіргі қоғамдық дамудың ең өзекті мәселесі мәдениет пен өркениет. Өркениет ұғымы жан-жақты талданып, ғылыми айналысқа түсіп жүрген түсінік болғанымен, бір ізге түскен, толық зерттелінген мәселе деп айту қиын. Қазіргі таңдағы өркениет теориясы, өркениеттік сана, өркениеттік іс, өркениеттік бағдар, ұлттық өркениет, өркениет жолы және т.б. ұғымдардың көптеп зерттелуі өркениет өрісінің кеңеюін және адамзаттық сананың даму деңгейін көрсетеді. Өркениет үрдісіндегі дәстүр мен сабақтастық категориялары және олардың өзара байланысы, даму тенденциялары, қазіргі заманғы өркениет контекстінің мазмұны мен қазақстандық өркениет тәжірибесіне мәдениет философиясы тұрығысынан талдау жасау өркениеттің бүгінгі таңдағы жағдайы үшін қажет дүние. Елімізде болып жатқан қоғамдық мәдени-саяси өзгерістер мен әлеуметтік проблемалардың оңтайлы тұсынан шешілуі топтық, ұжымдық саналарды билейтін жекелеген тұлғалардың білімділігі мен біліктілігі, іскерлігі мен шеберлігі, саналығы мен қабілеттілігі, ең бастысы мәдени деңгейінің жоғарылығын талап етеді. Талапқа сай тұлға тек өркениеттік жолды таңдауы тиіс. Себебі әлем көші өркениеттік жолда. Олай болса, сол жолдың ақ-қарасын ажыратып, ұлттық бояуын өшірмей, ары қарай көш бастау дәстүр мен сабақтастық қызметін өтініп тұр. Елбасы міндеттеген өркениетті елдер қатарына қосылу үшін, өткенімізді саралап, келерімізді сабақтап, еңсемізді түзеу қажет. Әлемдік өркениет көшіне ілесу және оған жету мәселелерінің екі бөлек дүние екендігін естен шығармай, бұл аталғандардың қайсысы біз үшін қолайлы екендігін анықтап алғанымыз абзал.

Өркениет – ұлт бірлігі мен оның даму сатысының деңгейін көрсететін құбылыс. Бүгінгідей әр ұлт өзінің табиғи болмысын іздеп, соны дамыту арқылы өркениет өрінен лайықты орнын алуға тырысып жатқан тұста, тәуелсіз мемлекетіміздің тұғырын биіктетіп, бағын асырар жас өскіндерін ұлттық құндылықты қастерлеуге бейімдеу – біздің азаматтық парызымыз. Қазіргі уақыт біздің еліміз үшін қайта өрлеу, яғни ренессанс кезеңі. Халқымыздың қайта түлеу кезеңінде жеткіншек өрендер санасына дестелі де кестелі жыр қуаты арқылы төл тарихы мен мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін сіңіру, олардың өзіндік дүниетанымын қалыптастырып, ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу – бүгінгі күннің ең маңызды міндеті. Осы міндетті атқаруда дәстүршілдік рөлі мен сабақтастық қызметі өте күшті болуға тиіс, себебі олар бүгінгі күн түсінігін, талғамын, дүниетанымын анықтамақ. Әр дәуірдің айтатын өз сөзі, өз ойы, өз жетістігі мен өз жетімсіздігі бар. Осы аталғандарды бір-біріне жалғап, бір жүйеге тоғыстыру жаңа дәуірдің талаптарына сай жаңаша қарауды үйретеді, өркениет тарихының жағымды жалғасымын танытады, оның ішіндегі Қазақстан өркениетінің тәжірибелік мәніне, болашағына жол сілтейді.

Өзін тексеру сұрақтары

1. Тұрмыстық философияның маңызы неде және оның жіктелімі?
2. Кәсіпшілдік қажеттілігі сұранысынан туындаған философиялық ой.
3. Өркениет – материалдық және рухани мәдениет жемісі: философиялық саралау.
4. Қазақ зиялыларының мәдени дамуға қосқан үлестеріне тоқталыңыз?
5. Тәуелсіз еліміздің тәуелсіз ғалымдары жіктемесіне тоқталыңыз?
6. Тәуелсіздіктің басты құндылығы – Мемлекет.
7. «Елдік» пен «ерлік» ұғымын мәдени контексте қарастырыңыз?
8. Қазақ ренессанасының мән-мағынасын түсіндіріңіз?

Өзін жетілдіру тапсырмасы

Елестету арқылы берілген ой құрамдарды өз кезегімен санаңызда бейнелеңіз. Ол санадағы бейнелерді берілген эмпирикалық құралдар арқылы бекітіңіз. Бірінші және екінші ой құрамның эмпирикалық көрсеткіштері ортақ. Білім алушы тек бір ой құрамы үшін тек бір ғана эмпирикалық көрсеткішті таңдай алады және оның тиісті нәтижесін жазады. Соңында білім алушылар нәтижелердің сәйкестігі немесе айырмасы туралы қысқаша анализ жасайды және тапсырманы орындай отырып салыстырмалы талдау дағдысын өз бойында қалыптастыру мүмкіндігіне ие бола алады.

Ой құрам I.	Эмпирикалық ортақ көрсеткіштер	Ой құрам II.	I. Ой құрам таңдау нәтижесі	II. Ой құрам таңдау нәтижесі	Анализ
Егер көпмәдениеттілік ұғымы санаңызда құрылыс нысаны ретінде болса, онда ол:	• 12 қанат киіз үй; • Бір қабатты жеке үй; • Көп қабатты тұрғын үй; • Екі қабатты зәулім үй; • Вилла;	Егер мультимеденеттілік ұғымы санаңызда құрылыс нысаны ретінде болса, онда ол:			
Егер көпмәдениеттілік ұғымы санаңызда әуен болса, онда ол:	• Халық әні; • Ария; • Поп-музыка; • Рок; • Романс;	Егер мультимеденеттілік ұғымы санаңызда әуен болса, онда ол:			
Егер көпмәдениеттілік ұғымы санаңызда түс болса, онда ол:	• Ақ; • Қара; • Көк; • Қызыл; • Сары;	Егер мультимеденеттілік ұғымы санаңызда түс болса, онда ол:			
Егер көпмәдениеттілік ұғымы	• Новелла; • Роман; • Фантастика;	Егер мультимеденеттілік			

санаңызда кітап болса, онда ол:	• Көп томды шығармалар жинағы; • Ғылыми;	ұғымы санаңызда кітап болса, онда ол:			
---------------------------------	---	---------------------------------------	--	--	--

Күтілетін нәтиже: студент санадағы бейнелеу арқылы өзінің жеке санасы мен халықтың бұқаралық санасының алшақтығын не болмаса сәйкестігін анықтай алады. Тапсырма нәтижесі әр адамның жеке ойы халық ойымен санасатынын, біте қайнасқандығын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бір ойдың әр тілдегі тәржімасына мән беріп олардың баланысы туралы ойланады.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

1. *Мәдени экология – адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың еркеше дизайны.*
2. *Экожүйе мазмұны мен принциптері.*
3. *Экологиялық ұстанымдар және оның қазақ қоғамындағы орны.*

Мәдениет шектеулі, онда табиғатқа деген басымдылық қатынас орын алған. Адам табиғатты тек пайдаланып ғана қоймайды, оның бұзылып кетуіне мүрсат бермей, қайта қалпына келуіне жағдай жасайды. Табиғат өркениет шеңберінде де энергия көзі, пайдалы шикізат немесе құрал ретінде қарастырылады. Өркениет адамды табиғатты жаулап алып, өзінің экономикалық, техникалық және басқа қажеттіліктерін өтеуге, табиғатпен күресуге бағдарлайды. Осыған орай, адамда табиғатты міндетті түрде аялау, экологиялық теңдікті сақтау керек деген ой пайда болады. Табиғат – тал бесік. Табиғат дағдарысы – әлем дағдарысы. Мұндай келеңсіздікке жол бермеу үшін адамзатқа экологиялық мәдениет ауадай қажет.

Экологиялық мәдениет – адам мен табиғаттың арасындағы еркін қатынастардан туындайды. Экологиялық дағдарысты туғызған адамның табиғаты емес, оның кереғар дүниетанымы мен пиғылы. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, әлемді қамтыған экологиялық дағдарыс ғылыми зерттеудің объектісіне айналды, оның қалыптасуының әлеуметтік-мәдени себептері айқындалып, жаңа экологиялық өркениетке деген ұмтылыс ғаламдық күшке айналды. Мәдениет пен экология түбірлес, екеуі де «үйді» қарастырады. Экологиялық мәдениет тек мәдени мұраларды қорғаумен шектелмейді. Мәдениет – экологиялық қорғау қызметтерімен қоса парасатты-гуманистік «мәдениетті пайдалану» талаптарын өзіне қосып алуы қажет.

«Экология» термині гректің «oikos – тірішілік ететін жер» және «logos – ілім, сөз» аудармасын беретін, ағзалардың бір-бірімен өзара қатынасын және қоршаған ортаны зерттейтін биология бөлімі. Бұл терминді 1866 жылы неміс

жаратылыстанушысы Э. Геккель енгізіп, «экология» терминінің мағынасын «экономия, жануарлық ағзалардың үй жағдайындағы тұрмысы, жануарлардың органикалық және органикалық емес ортаға деген қатынасы туралы ғылым» деп түсінді. Қазіргі заманғы экология органикалық әлемнің өзгертілінген деңгейлерін – түрленулер, биоценоздар, биогеоценоздар, биосфераны толығымен қарастырады. Сонымен қатар экология ғылымын қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттерін қарастырады деп түсінсе де болады. Экология – табиғаттың құрылымдық динамикасын, адамзаттың табиғаттың бір бөлігі екендігін зерттейтін ғылым. Экология дами келе экожүйеге ұласты, яғни адамның іс-әрекетін қамтуға қабілетті тұтас бір тұжырымдамаға айналды. Экожүйе адамның концептуалды биологиясы, яғни адамның органикалық, бейорганикалық және әлеуметтік-мәдени компоненттерінің өзара әрекеттесуін зерттейді. Филиппиндегі Мирим колледжінің зерттеу нәтижесіне негізделген экожүйенің бірқатар принциптерін тарқатып көрелік.

Біріншіден, табиғаттағының барлығы бір-бірімен байланысты және үйлесімді. Табиғаттағы өсімдіктер мен жануарлар биотикалық және абиотикалық факторларға байланысты табиғи тепе-теңдікті сақтап тұрады. Алайда адамның табиғатпен жиі әректесуі нәтижесінде экожүйелер өзгереді немесе бұзылады. Адамдар күнделікті тұрмыста да, өндірістік орындарда табиғатқа үнемі өз зиянын тигізеді. Адам аяғы баспаған табиғат сондай тұнық, алғашқы қалпын сақтаған балауса кейіпте.

Екіншіден, табиғаттағының барлығы маңызды және пайдалы. Табиғаттағы барлық тірі организмдер белгілі бір қызмет атқарады, сондықтан да олар максатты түрде жаратылған. Тірі организмнің ірілі-ұсақты қандайда бір елеусіз түрінің жоғалуы, екінші бір түрдің өз тепе-теңдігін сақтауын мүмкін етпейді, сол себепті табиғаттағы адамды қоса алғанда, тірі орнаизмдер жаһандық экожүйені құрайды.

Үшіншіден, табиғаттағының барлығы қайта орнына баруы керек және бәрі де жермен, топырақпен араласып қайта шығуы керек. Табиғаттағы барлық өсімдіктер мен жануарлар топыраққа айналып кете алады. Өсімдіктердің жапырақтары мен жемістері, ағаштың діңгектері барлығы-барлығы ерте ме кеш пе қурап

жерге түсіп топырақпен араласып, кейбіреуі жәндіктерге азық болса кейбіреуі қайта шығып араласып жатады. Жануарлардың нәжістері мен өлекселері, жеген азықтарының қалдықтары да дәл солай. Табиғат заңы бойынша метаболизмнің жанама өнімдері топыраққа қайта оралады, олар алдымен құрттар, бактериялар және саңырауқұлақтарға, содан кейін минералдарға айналады, қайтадан өсімдіктерге сіңіп, жануарлар жейді. Шынтуайтында, адам да өмірден өткен соң не мүрдесімен, не кремация күлімен топыраққа араласады, алайда адамның пайдаланған қалған қоқысының барлығы дерлік жерге сіңбейді, топырақпен араласып табиғи процеске түспейді. Табиғи бактериялар танымайтын жасанды заттардың барлығы экожүйенің материалдық цикліне түспейді, ыдырамайды. Осыны түсінген адамдар қолданылған жасанды заттардың барлығын қайта өңдеуден өткізіп экожүйенің материалдық циклін сақтау керек.

Төртіншіден, табиғаттағының барлығы барлық тірі организмдердің қажеттіліктерін толықтай қамтиды және ол молынан бар. Барлық тірі организмдерге, оның ішінде адамға қажетті су, ауа, энергия, минералдар, тамақ т.б. барлық ресурстар жеткілікті деңгейде бар және ол экожүйе теңдігімен орналасқан. Алайда адамдар кейбір ресурстарды шамадан тыс қолдануы арқылы жеткілікті ресурстарды жеткіліксіздікке душар етеді. Қандайда бір табиғи ресурстың тапшылығы оның жеткіліксіздігінде емес, экожүйенің тепе теңдігінің бұзылуында болып отыр. Сол себепті адамдар табиғи ресурстарды қорғау және сақтау, жеткіліксіздік дәрежесіне жеткендерінің орнын алмастыру, жаңартылған энергия көздерін пайдалану, тұтынуды азайту сынды шараларды қолға алуы тиіс.

Бесіншіден, табиғаттағының барлығын табиғаттың өзінен артық ешкім жақсы біле алмайды. Табиғаттағы барлық процестер өзін-өзі қалпына келтіруге, өзін-өзі сақтауға, сұрыптауға және іріктеуге бейім. Мысалы күн сәулесінен келетін энергия фотосинтез арқылы өсімдіктерге өтеді, яғни табиғат кімге қанша және қалай беру керектігін бәрінен жақсы біледі, популяцияны бақылай алады, алайда осы процеске адам араласқанда экожүйе тепе-теңдігі бұзылып экологиялық реакциялар туындайды. Олар су тасқыны немесе судың тартылуы, аптап ыстық, құрғақшылық немесе желдің ұйытқуы, урагандардың болуы сынды реакциялар

болады. Сол себепті адам экологиялық этика мен экологиялық технологияны сақтауы қажет.

Алтыншыдан, табиғаттағының барлығы әдемі, үйлесімді әрі мінсіз және олар жаратықанның жаратылысы. Жаратқанның табиғаттағы жаратылыстарының барлығы тек адам қолданысының нәтижесінде ғана нашарлайды. Адамдардың жаратқанға деген сенімдерінің берік болғаны дұрыс, себебі олар жаратқанның мінсіз жаратылысын мойындайды және оларға дұрыс емес әрекет жасамайды. Жаратқан адамды барлық тірі организмдер ішінде ең биігі етіп жаратты және табиғатты өзге тірі немесе өлі организмдедің барлығын өз қажеттілігіне пайдалануға рұқсат берді. Адам өзіне берілген мұндай аса құрметті жауапкершілік арқылы сезініп табиғаттағы биоәртүрлілікті сақтап табиғатты өмір сүру үшін ең қолайлы орта екенін ұғындыратын биофизикалық процестерге қатысып экоруханият құруы тиіс.

Жетіншіден, табиғаттағының барлығы өзгереді және түрленеді. Әлемдегі барлық биофизикалық өзгерістер табиғи түрде жүзеге асырылады. Табиғаттағы өзгерістер тоқтаусыз, демек өзгерістерден тұрақты ештеңе жоқ. Мысалы, жыл мезгілдерінің ауысуы табиғи циклдік өзгеріс. Әрбір цикл сайын өсімдіктер мен жанауарларда табиғи өзгерістерге ұшырап отырады. Алайда адам қолымен жасалған табиғаттағы өзгерістер салдарлары ауыр болып келеді. Ғылым дамыған тұста табиғат бізге емес, біз табиғатқа үстемдік етеміз деген амбициялық теория нәтижесінде қолдан жасалған көлдер мен ормандар, сонымен қатар синтетикалық өнімдер пайда болды. Адамның табиғат ресурстарын тиімді пайдалануы мен табиғи өзгерістерді бұзбауының бірден-бір ұтымды жолы экологиялық білім беру болып табылады. Экологиялық сауаттылық және экологиялық білім беру жүйесінің әлем халықтары арасында қарқынды етек алуына 1992 жылы Бразилияда қабылданған қоршаған орта және даму бойынша «Рио де-Жанейро декларациясы» ықпал етті. Бұл экологиялық білім беру саласындағы ірі серпін болды. Экологиялық білім адамдардың экологиялық этикаға деген көзқарасы мен мінез-құлқын өзгерту арқылы әлеуметтік трансформацияны жеңілдетеді.

Экожүйе жұмыс істеп жатқан түрлі тетіктердің нәтижесі ретінде өзін-өзі ұйымдастыра алатын қабілетке ие:

- Адамның рухани қажеттіліктерін қанағаттандыратын рухани құндылықтар;

- Адамдардың өнімдерді жасау, сақтау, игеру және тарату жөніндегі қызметі;

- Материалдық және рухани еңбек;

- Әлеуметтік нормалар мен мекемелердің жиынтығы;

- Адамдардың табиғатқа, өзімен-өзі қарым-қатынасы;

- Сапалық жағынан ерекше тарихи әр түрлі кезеңдердегі адамдардың өмірінің нақты формасы;

- Функциялар мен диспозицияның өзгеруін қарастыру қажеттілігін анықтайтын этникалық және ұлттық қоғамдастықтың ерекшеліктері. Аталынған әрбір элементтер өз алдына маңыздылық бере отырып тұтас бір жүйені құрай отырып «экологиялық ақпарат», «экологиялық идеология», жалпы алғанда экологиялық мәдениеттің қалыптасуына тікелей ықпал етеді.

«Экология мәдениеті» терминін алғаш енгізгендердің бірі орыс жазушысы, академик Д.С. Лихачев болды. Ол мәдени ортаны яғни мәдени мұраны табиғат ортасын қорғағандай қорғаштау қажеттігін баса айтты. Ғалымның жалпы мәдениеттануға қосқан ерекше үлесі ретінде В.И. Вернадский ықпалымен жүзеге асқан «жер гомосферасы» идеясы және жаңа ғылыми пән ретінде негізі қаланған «мәдениет экологиясын» атауға болады. 1987 жылы академиктің үш томдық таңдамалы топтамасы басылып шығарылды. Экологиялық мәдениет мәдени ортаны адамның рухани, өнегелік өмірін жүзеге асыру үшін жасалған жағдай деп қарастырылады. Бұл термин экологиялық эстетиканың бір бөлімі бола отырып, адам мен қоршаған ортаның диалектикалық өзара байланысы тұрғысынан эстетикалық мәселе ретінде зерттеледі. Сайып келгенде, экологиялық мәдениет адамның гуманистік мінез-құлқының сақталуын қадағалайды.

Экологиялық мәдениет – адам мен табиғат арасындағы еркін қатынастардан туындайды. Экологиялық дағдарысты туғызған адамның табиғаты емес, оның кереғар дүниетанымы мен пиғылы, санасы. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, әлемді

қамтыған экологиялық дағдарыс ғылыми зерттеудің объектісіне айналды, оның қалыптасуының әлеуметтік-мәдени себептері айқындалып, жаңа экологиялық өркениетке деген ұмтылыс ғаламдық күшке айналды. Мәдениет пен экология түбірлес, екеуі де «үйді» қарастырады. Экологиялық мәдениет тек мәдени мұраларды қорғаумен шектелмейді. Мәдениет – экологиялық қорғау қызметтерімен қоса парасатты-гуманистік «мәдениетті пайдалану» талаптарын өзіне қосып алуы қажет. Экологиялық мәдени сананы қалыптастыру, оның қоғамда шын мәнінде жұмыс істеуі түрлі экологиялық апаттар, дағдарыстар, шиеленістер және т.б. алдын алуы мүмкін.

«Экологиялық мәдениет» қоғамның экологиялық сферасын, демек, экологиялық қабілеттер, әрекеттер, қатынастар және институттарды өзіне қосып алады. Экологиялық сфераның функционалды өзегі болып «табиғатты қорғау – табиғатты қайта қалпына келтіру – табиғатты жетілдіру – табиғаттың апатты жағдайларынан адамдарды қорғау» атты төрт жүйеден тұратын экологиялық әрекет табылады. Экологиялық сфера мен экологиялық әрекет сөздері табиғат пен қоғамның өзара ықпалы сөздерімен мағыналас байланыста. Экологиялық сфера мәдениетінің сапасы мен деңгейін қоғамдағы мемлекеттік және қоғамдық экологиялық институттар жұмыстарының тиімділігі мен экологиялық білім, тәрбие мен өнегеліліктің шамасына сәйкес нақты адамдардың әрекеттері арқылы анықтауға болады.

Мәдени экология мәдени жетістіктерге қатысты адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың ерекше дизайнын түзеді. Мәдениет пен экологияның тығыз байланысы мәдени экологиялық зерттеулер нысанына айналды. Климаттың өзгеруі, тұщы су қорларының азаюы, өзен-көлдер мен мұхиттардың ластануы, жануарлар мен өсімдіктердің кейбір түрлерінің азаюы немесе жоғалуы, ормандардың есепсіз оталуы сынды толып жатқан табиғи экологиялық мәселелер талқылана келе жекелеген адамдардың не топтардың, не болмаса ұйымдардың экологиялық білімі мен перспективаларына қарай ауысады. Әрбір экологиялық мәселенің себебі де салдары да адамдардың іс-әрекеттеріне, мінез-құлықтары мен жүріс-тұрыстарына тікелей қатысты.

Ғалым Джуан Холл «Мәдени экология: бұл не, ол нені зерттейді және зерттеу әдістері» атты мақаласында «Мәдени экология адамдардың мінез-құлқын зерттеуді қамтиды, бұл оның антропологиялық және әлеуметтік ғылым аспектісі, сонымен қатар қоршаған орта сипаттамалары адамның мінез-құлқына қалай әсер ететіндігін түсінеді, бұл биологиялық ғылымның бөлігі» деп анықтама берді. Табиғаттағы адамның рөлі мен орны туралы алаңдаушылық соңғы ғасырда, әсіресе жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдар шеңберінде арта түсті. Осы себеппен адамның қаншалықты табиғаттың ажырамас бөлігі екенін білу өте маңызды болды, оның басқа түрлерден айырмашылығы және оның мәдениетіне қарай қалай өзгертіндігі, оның қоршаған ортадағы мәдениеттің дамуы өте маңызды. Бұл мәдени бейімделулер әр түрлі жолмен ұсынылуы мүмкін: құралдар, ресурстарды сақтау және пайдалану, қоршаған ортаны пайдалану кезіндегі сынақтардың басымдығы, тілдегі, наным-сенімдер жүйесіндегі, діндегі көріністер т.б. Бұл элементтердің барлығы белгілі мәдениеттен экожүйеге бейімделу механизмдері. Мысалы, шөл далада өмір сүретін мәдениетте, өте қымбат және сирек кездесетін тауар ретінде көрінетін суға ерекше қамқорлық жасалуы әбден мүмкін.

Ғалым Алберт Швейцер «Материалды жетістіктер – бұл мәдениет емес; олар қоғам мен индивидті толық жетілдіру идеясының қызметіне қойылғанда ғана салыстыратындай бола алады». Сондықтанда көптеген процестерді мәдени іс-шаралар деп есептеу қиын. Бұл жағдай әсіресе өздерінің мақсаттары үшін басқа халықтардың табиғи және интеллектуалды байлықтарын пайдалануға мүмкіндік беретін, техникамен индустрия арқылы табиғатты бағындырудағы басты құрал болып табылатын, индустриалды дамыған елдерде орын алуда. Демек, дамыған, алдыңғы қатарлы елдер, тұрмыс-жағдайы төмен елдер алдында қарыздар. Себебі олар сол елдер есебінен байып отыр. Ислам діні де осы мәселеге көңіл бөліп, байлықты шектеу мақсатында «зекет» салығын салған. Мұндағы басты философия бір адамның мол байлыққа кенелуі, келесі екі-үш адамның кедейленуі есебінде жүзеге асып отыр деген қағида. Сондықтанда «Зекет» салығы тек ауқатты адамдарға салынатын болған. Бұл пікір жеке адамдар қатарына да қатысты болғандықтан көпшілігіне ұнамас,

дегенмен ойдың нағыз анықтылығы осында болып отыр. Мұндай ойды көптеген ғалымдар айтып, барынша насихаттау үстінде, дегенмен өз жемісін әлі бере қойған жоқ. Бірақ соңғы уақыттарда мемлекеттер мен жеке адамдардың, атап айтсақ жұлдыздар арасында гуманитарлық көмек немесе қайырымдылық қорларының жұмыс жасауы ерекше болып отыр. Бұл да болса өркениеттік сананың бір ұштығы екені анық.

Өндірістік және технологиялық прогресс табыстары, кедейшілік, аштық және ауруларды жеңудің басты факторы. Бірақ олар қоршаған ортаға қауіпті өзгерістер мен ресурстарды аздыруға қатар алып келері сөзсіз. Осылайша адамзат айбатты экологиялық қауіп-қатермен соқтығысты. Өмір сүрудің дәстүрлі формасының тез өзгеруі, әсіресе дамыған елдерді демографиялық жарылысқа әкеліп соқтырды. Халық санының қарқынды өсуі, эконмикалық және психологиялық күрделі мәселелерді көтеріп, болашаққа қатерлі қаупін туғызып отыр. Көптеген елдерде, әсіресе Азия, Африка және Латын Америкасында азық-түліктің жетіспеушілігіне байланысты, миллиондаған адамдар өмірі туылғанынан кедей, жартылай аш тіршілік етуде. Әйтсе де статистикалық мәлімет бойынша дамыған елдер төгіп тастайтын қоқыстардағы азық-түліктер дүние жүзінде аштықтан қайтыс болатындардың 15 есесін тамақтандыра алады екен. Мұндай ысырап адамдардың ара қатынасын бұзып, бір-біріне деген жауығу, өшігу секілді теріс пиғылдарды туғызады. Сондықтан да дамыған елдерде адамдар өте күрделі мәселелермен күнделікті тұрмыс тіршілікте соқтығысады. Олардың арасында – адамдардың дәстүрлі, қалыпты өмірлерінен және табиғаттан ажырауы, жүйке жүйесінің бұзылып психикалық ауруға шалдығуы, өмірлеріндегі өте тез өзгерістердің ықпалы, сән мен жоғары өндірістің ішінара үзіліссіз жарысы, қоғамдағы әлеуметтік және психологиялық тұрақтылықтың жойылуы сияқты үлкен мәселелерге қатысты ішімдікке салыну, өз-өзіне қол жұмсау, нашақорлық, лаңгестік, секталық, жезөкшелік т.б. қылмыс түрлері пайда болған.

Атақты Римдік клубтың жарқын қайраткерлерінің бірі Аурелио Печчеи «Адамзаттық сапа» атты еңбегінде былай деп жазады: «Біз басқаша жоспарлағанымызбен, біздің зерттеулеріміз құбылыстың тереңіне біртіндеп еніп, ең соңында

басты дағдарыстың тамырына, оның ішінде адам дағдарысына өтіп кетуі мүмкін». А.Печчеи сөзінің жаны бар, егер дағдарыс адамға келіп тоқтайтын болса, онда экономика, саясат, өнер жалпы барлық адамзатқа қатысты мәселердің дағдарысқа ұшырағаны деп толық есептеуге болады. Дағдарыстың тереңдігі қазіргі заманғы өркениеттің негізгі тұрмыстық өлшемдеріне қатысты. Бүгінгі дағдарыс адамзат әрекеттерінің жекелеген нәтижелеріне ғана емес, сонымен қатар оның бұрынғы тұрмысына, болмыс әдісіне де байланысты. Бұл өзі өндіретін оны тұтынатын экономикалық адам дағдарысы. Сондықтанда бүгінгі дағдарыс адамның әлемдегі орнын ұғыну, рационалдықтың түрі, өмір сүрудің бұрынғы формасы екенін мазмұндайды. Бұл пікір аясында адамзат сапасының төмендеп, адами құндылықтың арзандап бара жатқанын сезу қиын емес. Мұны өркениет өресінен анық байқауға болдады.

Экологиялық мәдени сананы қалыптастыру процесі қазақ халқында өте жақсы дамығандығын тілге тиек еткен жөн. Мәселен қазақтар малдың жүнінен киіз басып, үй жабдықтарын жасаса, терісін илеп ыдыс-аяқтар, жүнін түтіп, иіру арқылы киімдер тіккен, малдың сүйектерінен сабын жасаған. Демек, қалдықсыз өндіріс орын алған, ал бұл дегеніңіз экологиялық қалыпты бұзбай сақтау, табиғаттың ластануына жол бермеу деген сөз. Орталық Азия елдерінде көшпелі шаруашылықтың басқалармен салыстырғанда Қазақстанда мейлінше дамығандығы анық. Мұндай жағадаяттардың барлығы дерлік адамдардың бірлесе, жинақталып өмір сүруге деген ықпалдастығынан туындайды. Осы мәндегі ілімді түркі халықтары «әдеп» десе, гректіктіктер «этика» деген. Демек, «этика» – бірлесе өмір сүруші адамдар тобы мағынасына ие бола отырып, түрлі әдептік негіздерге, ережелер ең тәртіптерге сай ғылымға айналды.

Отандық ғылымдағы мәдениет мәселесін жан-жақты қарастырып жүрген ірі ғалымдардың бірі, философ, мәдениеттанушы Т.Х.Ғабитов экологиялық мәдениет проблемасын зерттеп «Экологиялық мәдениет» атты арнайы оқу құралын жазды. Онда ол қазақ мәдениетіндегі бірқатар экологиялық ұстанымдарды алға тартты:

- Табиғатты қастерлеу, қорғау қазақ халқының мәдени дәстүрі болып табылады;
- Көшпелі өмір сүрге қазақ елі табиғат сырын терең ұғынған және табиғатты игерудегі білімі жан-жақты болды;
- Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде табиғат пен адам етене тығыз байланыста болды және олар бір-бірінен ажырамас күйде өмір сүрді;
- Көшпелілер өздерін табиғаттың тікелей жалғасы, табиғаттың перзенті ретінде сезінді;
- Игерілмеген қуаң дала мен шөлейтті жерлерді көшпелілер игере алды;
- Қазақтар көк шөпті жұлмады, шыбықты сындырмады, себебі жас өмірдің бәрі бақыттың бастамасы, барлық тіршіліктің қайнар көзі деп санады. Егер көкті жұлсаң, көктей орыласың, қарғыс атады деп ырымдады;
- Қазақтар бұлақты, бастауды ластамады, босқа жерді қазбады, себебі тіршілік көзі бұлақ деп есептеді. Жерді бекер қазу, теріс қылыққа баланып, ажал, өліммен байланыстырылды;
- Көшпелілер табиғатты тірі, ақылды деп санап, оның қоғамдағы әлеуметтік мәдени реттеушілік қызметін жоғары бағалады;
- Қазақтардың ежелгі діні «тәңіршілдік», табиғатты құрмет тұтудан, оған сыйынудан туындады. Діндегі басты құдай «Көк тәңірі» тіршілік пен өмірдің бастау деп түсінілді;
- Қазақтар үшін «қоршаған орта», «өскен орта» ұғымдары маңызды әрі қастерлі болып саналды;
- Көшпелілер шексіз кеңістікте өзімен-өзі табиғатпен жеке қалып сұхбаттасқан, сырласқан, өзінің табиғатпен шынайы жақындығын сезінген;
- Көшпелілер табиғат құбылыстарына болжам жасаған, оған алдын-ала сезе отырып бейімделіп дамыған, жайылым мен өрісті жыл мезгілдеріне сай ауыстырып, жердің құнарлылығын сақтап отырған. Ғалым пікіріне жүгіне отырып ата-бабаларымыз экологиялық мәдениеттің негізін қалаушылар болғанын ұғынуға болады. Шексіз кеңістікте, маң далада тек табиғатпен жақындасып ғана аман қалуға болады, табиғатты түсіну жолы ғана оның ішінде адам ретінде сақталып қалудың жалғыз жолы,

негізгі тетігі деп түсінді және осы түсінік олардың жасаған дұрыс қадамы мен батыл шешімі ретінде өз нәтижесін көрсетті.

Тұрсын Хафизұлы Ғабитов экологиялық мәдениетті барлық ғылым салаларына енуі керектігін баса айтады. Оның пікірінше «Экологиялық мәдениет білім берудің барлық салаларына енуі қажет және тұрғындардың барлық топтарын қамтуы абзал. Ол қоғамның табиғатпен тепе-теңдік ұстай алу қабілеті ретінде дамуы керек. Экологиялық дағдарысты тек экологиялық мәдениеттің негізінде ғана еңсеруге болады, оның негізгі маңызы адам мен табиғи ортаның бірге үйлесімді дамуы, сондай-ақ қоршаған ортаға тек материалдық ғана емес, сонымен бірге рухани құндылық ретінде қарау».

Адам табиғаттың бір бөлшегі немесе табиғат адамның екінші үйі, адамзаттың ортақ мекені. Қазақтар даланың төсінде, табиғатта өмір сүрді, сондықтанда табиғи құбылыстарды жақсы түсінді, әрі тез икемделді. Осы себептен болар дала философиясын меңгерген қазақтардың бойында жоғары этика қалыптасты.

Бүгінде экологиялық қауіпсіздік мәселелерін шешу үшін жаңа замандағы өркениеттік процестер контекстін құратын жаңа гуманизм элементтері таңдалынуы қажет. Мәселен, А.Печчеидің «глобалдылық сезімі», Ортега-и-Гассеттің «виталды құндылығы», себебі бұлар белсенділік парадигмасы санатындағы концепциялар. Дәл осы концепциялар жүйелі экологиялық ойлау мен қоғамдағы құндылықтар қызметінің иерархиясы ретіндегі жаңа әлеуметтік шындықтарды мүмкін етеді. Әлеуметтің дамуы үшін осы мәнді құндылықтық тұжырымдар экологиялық мәдениет деңгейін анықтайды. Белгілі бір субъект өзіне сәйкес таңдалынған парадигма негізінде «табиғат-қоғам» жүйесінің қалыпты дамуын қамтамасыз ететін ықпалды әлеуметтік-мәдени бағдарлама құруға және оның коэволюциясын, яғни пайда болған экологиялық мәселелерді дұрыс бағалау, үлгілеу және шешуге қабілетті.

Өзін тексеру сұрақтары

1. «Экология», «Мәдени экология» және «Экологиялық мәдениет» терминіндеріне талдама жасай отырып «экологиялық дағдарыс» себептері мен салдарларына тоқталыңыз.
2. Табиғатқа деген адамдық көзқарастар жиынтығын таразылаңыз?
3. Экожүйе жұмысы және оның принциптері қандай?
4. Қазақ халқының экологиялық санасына ой жүгіртіңіз?
5. Қазақ даласындағы қалдықсыз өндірістің болуы табиғатты сақтау ма әлде өмір сүру салты ма?

Өзін тексеру тапсырмасы

1981жылы Дж.Доран енгізген «SMART – ақылды тапсырмаларды» төмендегі кесте бойынша орындаңыз. Ол үшін әр студент өзіне экология бағытындағы өзіне мүлдем таныс емес бір ұғымды таңдайды. Ол ұғыммен танысып, ақпараттар жинап оны SMART технологиясын пайдалана отырып талдайды.

<i>S</i> Specific / Ерекше	<i>M</i> Measurable / Өлшенетін	<i>A</i> Attainable / Қол жетімді	<i>R</i> Relevant / Өзекті	<i>T</i> Time based / Уақытқа негізделген

МӘДЕНИЕТ, ӨРКЕНИЕТ ЖӘНЕ АДАМЗАТ ҚОҒАМЫ

1. Мәдениет үлгілері және олардың таралу жолдары.

2. Инвектива – мәдениет феномені ретінде.

3. Өркениет зерттеушілері еңбектеріне шолу.

Адам туралы зерттемеген ойшылдар кемде-кем. Сан алуан ғылымдардың барлығының бастауында адам тұрады. Адам өзін-өзі зерттеуді сонау ерте заманнан бастаса да, адам проблемасының құпиясы толық ашылмаған. Бұл заңдылық. Адам адамдық құпиялығымен ғана адам атына ие. Н.А. Бердяев бойынша «адамды адамның бостандығы үшін босатуға болмайды, адамның өзі адамның мақсаты болуы мүмкін емес. Адам табынатын еш нәрсе қалған жоқ. Адам бостандығы формалды және мазмұнсыз бостандық. Жекедаралық өзінің пайда болғанынан бастап кері түзетуді қажет етеді. Өзінің даму барысында ол адамды мазмұнды етіп бекіте алмайды. Жекедаралық онтологиялық тұрғыда емес, онда ешқандай болмыстық негіз жоқ. Жекедаралық көп болса тұлғаны, адам бейнесін бекітеді. Тіпті жекедаралық дәуірде де күшті тұлғалар, жарқын жеке адамдар гүлдене алмаған. Жекедаралық өркениет ХІХ ғасырда өзінің демократиясымен, өзінің материализмімен, өзінің техникасымен, өзінің қоғамдық пікірлерімен, бұқаралық ақпарат көздерімен, биржа және парламентімен бірге тұлғаның құлауымен төмен түсуіне, жекедаралықтың soluуына әкеліп тіреді».

Мәдениет дамуының ең маңызды процестерінің бірі мәдениет үлгілерінің таралуы. Француз мәдениет зерттеушісі А.Моль осы процесс жолында пайда болатын мәдени үлгілер мен мәдени бөгеттердің таралуының әр түрлі кезеңдерін анықтауға болатын қазіргі қоғамда мәдениетті таратудың әмбебап үлгісін өңдеп шығарды. А.Мольдың үлгісі бойынша, мәдени үлгілерді таратудың кез келгені шығармашылық тұлғаның іс-әрекетінен басталады, олардың әрқайсысы өздерінің ақылды іс-әрекетінің,

экспериментінің бұрынғы тәжірибелері негізінде кейбір әлеуметтік топтарда қолдану үшін өзінің сапасы бойынша жарамды өнім жасайды. Жаңа мәдени үлгіні көрсеткен кіші топта ол алғаш рет бағаланады. Ондай жағдайда, егер үлгі кіші топ мүшелерін қанағаттандырса, онда ол қабылданады және ол микроортада мәдени үлгінің алғашқы таратылуы болып саналады. Осында мәдениет нормалары мен құндылықтардың таратылуы аяқталады.

Мәдениет үлгісінің әрі қарай таралуы үшін, біріншіден, үлкен топтар мен қоғамдар шегінде құндылықтары мен мәні болу керек, екіншіден, бұқаралық ақпараттар құралдары көмегімен үлкен аудиторияға жеткізілуі және көбейтілуі керек. Бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік құндылықтарды қалың қауымға немесе макроортаға дейін жеткізеді. Алайда бұқаралық ақпараттар көмегімен таралған идеяларды бұқаралық мәдениеттің бір бөлігі деуге болмайды. Біз күнде үлкен аумақта ақпараттар аламыз, бірақ одан игеру үшін аз ғана бөлігін аламыз. Егер де жаңа мәдени норма немесе құндылық кең аудиториямен, микроортамен мәдениеттің пайдалы, қажетті бөлігі ретінде қабылданатын болса, егер де ол қазіргі қоғамның басқа мәдениет үлгілерімен таласта төтеп бере алса, онда ол осының бөлігі болып қалыптасады. Әрі қарай қолдану барысында мәдени үлгі адамдармен игеріледі, тұлғаның жеке-дара мәдениетіне ажырамас бөлік ретінде енеді, процесс қайталана береді.

Мәдениеттің икемділігі, оның қоршаған ортаға бейімделу және өзгеру қабілеті көбінесе мәдени үлгілердің негізін құратын жаңа идеялардың айналу жылдамдығына байланысты. Алғашқы және маңызды элемент – танымдық, белгі-нышандық элемент, яғни қандай да бір түсініктер мен ойларда қалыптасқан, тілде айқындалған білім. Тіл – адам тәжірибесін шоғырландырудың, сақтаудың, жеткізудің объективті нысаны. Тіл нақтылы мәндермен үйлестірілетін белгілер мен нышандардың жүйесі болып табылады. Белгілер мен нышандар қатынас жасау барысында басқа ілімдердің өкілдері ретінде көрінеді, олар туралы ақпараттар жеткізу мен өзгерту, алу мен сақтау үшін қолданылады. Белгілер мен нышандар әрқашан нақтылы мәнге ие болады. Адамдар белгілер мен нышандардың мәнін түсінуді

білім беру процесінде игереді. Дәл осылар оларға айтылған мен жазылғанның мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Мәдениет әр түрлі деңгейдегі қоғамдық өзара байланыста қандай да бір нақтылы нысанда қызмет атқарады, оны субмәдениет деп атауға болады. Субмәдениет – бұл көбінесе оларды алып жүретіндердің ойлауы мен өмір стилін анықтайтын, өздерінің кешендерімен, әдет-ғұрыптарымен, нормаларымен ерекшеленетін автономды тұтастай білім. «Инвектива» – ағылшынның «әшкерелеу», «сөгіс», «жеку» сөздерінің аудармасына баланған мәдениет феномені. Субъектінің тікелей оған бағытталған әлеуметтік беделін түсіретін немесе кемітететін мәтін, сонымен бірге өзіне, өзіндік мәдени дәстүрге қатысты тұрақты тілдік қатынастағы балағат сөздер қатары. Инвектива механизмі деп инвектива бағытталған жақтағы мәдени талаптардың бұзылу жағдайын түзету, өңдеу, нақты ұлттық мәдени жүріс-тұрыс нормаларының шектен шығып кетпеуін қадағалау жатады. Осыған сәйкес инвектива күші белгілі бір нормаларды бұзуға салынатын мәдени тыйым күшіне тікелей қарама-қарсы тұрады. Бұл жағдай семантикалық тұрғыда сіңіп, әртүрлі нормативтік талаптар мен тыйымдары бар нақты мәдениеттердегі аксиологиялық толықтыруларға тәуелді кең спектрді қамтиды. Мысалы, архаикалық мәдениет үшін құндылықты дәріптейтін рөлдік қалыптылық пен еңбектік дағды төменгі ықпалдағы инвективаны сипаттаса, тамақ және жазуға тыйым салуды көздейтін мәдениеттер үшін қарапайым инвектива тән (тыйым салынған тамақты, жеуге жарамайтын заттарды жеу жағадайын үлгілеу, мысалы, мұсылмандардың шошқа етін жемеуі немесе жасыл қытай тарақанын көпшіліктің жемеуі).

Сексуалды өмірді қатаң бақылауда ұстайтын мәдениеттер үшін де инвектива тән, ол сол аймақтағы қалыптан тыс жүріс-тұрысты үлгілейді, мұны инцестуозды инвектива (үнді жігітінің үйленуге ұсынған қолын кері қайтару өзінің туған апаң немесе анаңмен интимдік қатынасқа түскенмен тең) және қарама-қарсы жынысты субъектті инвертирлеуге қатысты балағаттау (ер адамның жыныстық айқындаушы мүшесін айту арқылы түрлі балағатты өзіне бағыттау, орыс идиомасы т.б.). Тазалықты жоғары бағалайтын мәдениеттер үшін инвектива гигиеналық талаптарды орындамаудың вербалды үлгісі ретінде

қабылданады, мысалы неміс және жапон дәстүрлеріндегі «кір», «жуынбаған» сөздерінің мәні лас сөздермен ұрысу мәнімен тең, ал ағылшындар мұны «лас дюжина» деп те атайды.

Туыстық қатынасты жоғары бағалайтын мәдениеттер үшін инвектива максималды болып табылады, ол көбіне отбасылықтан тыс байланыстарды алға қойып бағытталады (итальяндық мәдениетте «bastard», поляктарда «psa krev», орыстарда «сукин сын»). Дінді катал ұстанатын мәдениеттер үшін күдіретті бағыныштылық аймағын өз атынан шығару (ағылшынша «God damn» күдай сені қарғыс атсын) немесе басқа жойқын күштермен оны байланыстыру (орысша «иди к черту») және т.б. барынша қарапайым инвективаны құрайды. Мәдени нормалардан шығу немесе оны бұзу инвективада бағдарламалық-технологиялық сценарлы (көптеген архаикалық мәдениеттегі «қабілетсіз» мәндес инвектива) және құндылықтық (мысалы, көптеген еуропалық халықтардағы «рогоносец») көрністермен үлгіленеді. Кейде мәдени канонды жүйесіз және бұзылған ретте санау, әрине егер ол инвективаға бағытталған өте төмендететін жағдайда болса, онда ол инвектанттың өз мінез-құлқынан көрініп тұрады (мысалы, кавказ мәдениетіндегі жауын жер жастатамын деп қорқыту). Мәдени тыйымдар уақыт өте өзінің мәдени статусын жоғалтып, оларды жұмсарту мақсатында экспрессивтілігі төмендетіледі (ортағасырлық Испанияда тілге жауыр болған мағынасыз «шайтан алғыр» инвективасын қолдаған қызды моралды тұрғыдағы төмен, нашар қыз ретінде есептеген).

Экстремалды нұсқадағы өз мәнін жоғалтқан инвективаны жиі қолдану оның инвективтік мағынасын толығымен жойылуына алып келеді («девальвация»). Инвективаның бағыттау мақсатындағы жіктелімі:

1) инвектирленген субъектке тікелей бағыттау, яғни есі ауысқан делқұлыға дәл оның жүріс-тұрысын үлгілеу;

2) инвективаның нағыз сол адамға емес, оның туған-туыстарына, яғни әрбір мәдениеттегі басымдылыққа сәйкес статусқа бағытталуы (мысалы, азиялық мәдениеттегі инвектива бағытталған адамның әйелін балағаттау, оның әйелін қорғап қалуға қабілетінің жоқтығын немесе сексуалды қалыпсыздығын білдіреді);

3) белгілі бір дәстүрдегі максималды түрде қасиетке ие болған мифологиялық субъектке бағыттау (антикадағы Зевстен бастап католиктік мәдениеттегі Мадоннаға дейінгі балағат). Бұл жағдайдағы инвектива өзіне немесе өз тағдырына лағынет айту (немісше «Donnerwetter» – «найзағайлы ауа-райы» орысша «разари меня гром» сөзімен сәйкес).

Инвективаның семантикалық өзегі нормативтік тыйымдарды бұзу айғақтары болып табылады. Мәдени феномен ретіндегі инвективаның күші эмоционалдық мән айналасында болғанымен өзінің денотативті мағынасына мүлдем сәйкес келмейді: инвектива айтылған индивидтің жүріс-тұрысы айыпталып отырған реалдылықпен сәл де болса сәйкес келуді талап етпейді (оңтүстік-еуропалық «гомосексуалист» сөзінің синонимі немесе славяндық «дурак» сөзінің синонимі олардың сексуалды бағдар мен ақыл-есі кемдігінен тәуелсіз адамдарға инвектант бағытаған айып немесе жәй ғана жағымсыздық).

М.Бахтин пікірінше инвективаны айтудың өзі тыйымды бұзу, тыйым салынған шындықтар мен әрекеттердің вербалды артикуляциясы жағдай үстінде инвектантты шарасыздыққа алып келеді. Катартикалық эффекттегі инвектент үшін инвективалық жағдай философиялық және мәдениеттанулық дәстүр бойынша қызуын басып қайта қалпына келтіру факторы ретінде қарастырылады. Бұл турасында Дж.Х. Джексон: «кімде-кім бірінші болып өз замандасына балағат сөздер айтпай-ақ дауыс көтеретін болса, онда ол оның басын ашып, ішіне біздің өркениетіміздің ұрығын салды» – деген еді. Р.М. Адам болса жапонияны мысалға ала отырып: «инвективтік идиомы аз мәдениеттерде этикеттік ережелер мен әдептілік формулалардың мықты қабаты қалыптасады» десе, В.И.Жельвись: «қазіргі заман мәдениетіндегі инвектива экспрессивтілігінің жойылуына орай себепсіз қылмыстар мен вандализм өсімі байланысады» – деген тұжырым жасайды. Осылайша инвектива бұқараның вербалды үлгісін реалды агрессияны тарату механизмдерінің бірі ретінде қарастырылады. Мәдениет философиясында инвективаны коммуникативтік және жалпы мәдени процестер жағдайында зерттейтін тұрақты дәстүр қалыптасқан. Олардың қатарына Дж.Х. Джексон, Р. Грэйвз, А.В. Рид, Х.Э. Росс, С.С. Фелдмен, К.

Митчел-Кер-нан, К.Т. Кернан, Дж. Брюкмен, Р.М. Адаме, В.И. Жельвис және т.б. жатқызуға болады.

Тағы бір ескеретін жайт, бір халық өмірінің барлық жақтарын өзіне сіңіріп алатын өркениет, әрқашан техногендік сипатта болады. Ал мәдениет болса, көбіне ұлттық мәселелерді тереңінен қарастырады. Өркениетті өзінің құндылықтарын өндіретін адам ғана қызықтырады, ал бұл дегеніңіз байлықты көбейтуге немесе қорландыруға мүмкіндігі бар жоғары біліктілік. Мәдениет адамның ішкі, тұлғалық, өзіндік сапаларын дамытады, ол адамның талғамын және жақсы қасиеттерін көрсетеді. Мәдениеттің мақсаты – адамның рухани шарықтауы. Мәдени процесс кезінде құндылықтардың сабақтастық жүйесі бұзылмай, тұтас күйінде сақталса, өркениеттік кезеңде бұл ереже орындалмайды.

Максималистер өркениет бағасын бағалағанда Ф.М. Достоевскийге жақын келді. Ол былай деп жазды: «Өркениет адам бойындағы көпжақтылық сезімдерден басқа еш нәрсені шешпейді. Ал даму арқылы әлгі көпжақты адам қаннан рахат іздеуге дейін барады. Оларда бұл жағдай болды ғой. Сіздер байқадыңыздар ма, ең нағыз қан төккіштердің барлығы дерлік, ең өркениетті мырзалар болды емес пе... өркениеттен адам бұрынғысынан да гөрі қанқұмар болып кетті...». Өркениет прогреспен бірге тек материалдық тұрмыс аймағында ғана адамның физикалық, физиологиялық қажеттіліктерін /пәтер, саяжай, теледидар, автомобиль, жиһаз, кілем, ыдыс-аяқ, музыкалық аппаратура т.с.с./ қанағаттандыру үшін қатар жүреді, бірақ та бұл рухани, өнеге көрсететін мәдениеттегі қоғамдық тұрмысты /жанұя жағдайы, тұлғалық қарым-қатынас, махаббат/ автоматтандыра алмайды.

Прогресс ұғымы мен регресс ұғымы салыстырмалы. Өркениеттің дамуы бір бағытта бара жатырған барлық адамзаттарға тұтас прогрессті құрамайды. Прогресс өркениеттің бір бөлігінде басқа регрессті қатар алып жүруі мүмкін. Ф.М. Достоевский «Зимних заметках о летних впечатлениях» еңбегінде мына жағдайға көңіл бөлген. Европа өркениетті болды, бірақ та ол қоғамдағы идеалдар өмірін бостандыққа, теңдікке, бауырлыққа айналдыра алмады, тұлға мен мемлекет арасындағы

қарама-қайшылықты шеше алмады, тұлғаны тәуелсіз әрі еркін ете алмады.

Өркениет теориясы дағдарысының тереңдігі бүгінгі күнде дәл оның теориялық негізімен анықталып, көптеген зерттеушілердің санасындағы қойылған сұрақ болып табылуда. Бұл тарихи синтез және өркениет теориясы аймағындағы өзгерістер емес, танымдық дағдырыс аймағындағы өзіндік терең гносеологиялық, менталдық және әлеуметтік тамыр. Менталдық мәселелер өркениеттің позитивистік теориясында негізінен амбивалентті, рационалды және мифологиялық ыңғайда болады. Осы негізге К. Поппер сияқты позитивистердің өзі өркениет теориясының өз мүмкіндігін яғни, тарихи дамудың моделдік құрылым мүмкіндігін жоққа шығарады. Біреулер өркениетті тығырық, ақыр заман деп есептесе, біреулері дамыған шағымыз яғни, келешегіміз деп ой тұжырымдайды. Дегенменде өркениет – бүгінгі таңдағы адамның өмір сүру формасы екені анық. Бірақ әркімнің зерттеу объектісі әр басқа болған соң, айтылған көзқарастар қатары әртүрлі және әлі күнге дейін жүйеленбеген мәселе қатарында қалып отыр.

Негізінен өркениеттің арнайы негізін қалаушы зерттеушілер және оның қазіргі заманғы ізін жалғастырушылар Н.Я. Данилевский, А. Тойнби, С.Хантингтон және т.б. өркениеттік дамуды жеке өркениеттердің пайда болу, толысқан және өшу циклды процесі ретінде жариялап жүр. Аталған және басқа да авторлар әрқайсысы өзінше тірі және өлген өркениеттердің /6-20 аралығында/ санын анықтайды да соның негізінде өз аргументтерін ұсынады. Қазір батыста алдыңғы қатарлы өркениеттерді анықтап, олардың әлемдік өркениеттегі болашағы мен даму мәселесі басты орында болып отыр.

Американдық әлеуметтанушы Ф.Фукуяма бұл мәселені «тарихтың ақыры» ретінде жүйелейді, либералды демократия /экономикалық және саяси/ және халықтың тұтынушы мәдениеті дамыған капиталистік елдерде, оның ойынша тарихты аяқтайды. Тарих тек «алтын миллиард» өмірдің деңгейіне жетпеген елдерде ғана өз дамуын жалғастырады. Өркениеттік циклдан айырмашылық, мұнда жарқын дамудың идеясы бар – әлемдік өркениеттің қалыптасуы дамыған капиталистік елдер өмірінің бірдеңгейлік негізінде. Бұл «тарих кезеңіндегі» өркениеттің

мағынасын Ф. Фукуяма былай түсіндіреді: «экономикалық есеп, шексіз техникалық мәселелер, экологияға қамқорлық және тұтынушылардың әртүрлі сұраныстарын қанағаттандыру». Бірақ қоршаған ортаны қорғау мен шекарасыз өскен материалдық, әсіресе жоғарғы қажеттілікті біріктіруге келеді ме! Жоқ! «Тұтынушы мәдениеттің» «алтын миллиардына» жақындаудың өзі дамыған елдердің халықтарына табиғи ортаға антропогендік күш түсіреді, ал ол қазіргі замандағы биосфераның өлуіне және одан шығатын барлық адам өміріне тигізетін жағымсыз салдарларға әкеліп соғады. Өркениеттік тұрақтылық, Ф. Фукуяма бойынша – бұл өлімнің жолы, өркениет үшін тығырық.

Ф. Фукуямоньң тезисі 1980 жылдың соңында батыс контекстінде ерекше негізде құрылды. Он жылдай уақыт ішінде билік басындағылардың ішкі және халықаралық-саяси дискурсты қалыптастыру мүмкіндігі болды. Ф. Фукуяма тезисі консервативті-космосаяси немесе экспансионистік ойлауға мысал бола алады. Ол өзінің батыс құндылықтарын қорғауда халықаралық анархия мен әлемдік дамудың цикліндегі реалистік бағыттағы теоретиктармен жақындасады. Ф. Фукуяманың реалистерден айырмашылығы, ол – батыс үлгісіндегі басты және прогрессивті либералды капитализм тұжырымын жақтаушы: "Біздің қазіргі куә болып отырғанымыз, жәй ғана суық соғыстың соңы немесе қандай да бір соғыстан кейінгі тарихтың кезеңі емес, бірақ тарихтың ақыры осындай, яғни адамзаттың эволюциялық идеологиясының аяғы және адамзат басқаруының соңғы түрі ретіндегі батыс либералды демократиясының әмбебаптығы». Ф.Фукуяма батыс либерализмінің әмбебаптығы мен либералдық идеяларды көндіре отырып, іске келгенде тіршілік ететін тек бір ғана мәдени қоғамдастық құндылығын қорғайды. Оның көзқарасы бойынша дәл Батыстың өзі институционалды және адамгершілікті беделде қалған басым қоғамдастық, ол құндылықтарды басты таратушы, оның сенімі бойынша, қалған халықаралық жүйенің қатысушылары жақтайды ма жоқ па, маңызды емес. Ол батысқа жат әлемді, батыс құндылықтарының болашақ жоспары ретінде қарастырды және өзінің тұжырымдамасын «батыс либерализміндегі жүйелік баламаның абсолютті жоғалуын» жариялау үшін құрды.

Ф. Фукуяманың пікірі бойынша, басқа ұлттарда батыс қоғамының дамуы мен жаңашалануын үлгі тұтудан басқа таңдау қалмайды. Басқаша айтқанда, Ф. Фукуяманың тезисі Батыс гегомониясының мәдени нығаюына және батыс емес қоғамның әлемдік тәртіптегі жаңа нәрселерді жасаудағы рөлін шектеуге қызмет етеді. Батыстық интеллектуалды дамуда мәдени-этнорталықтық жоспар жаңалық емес, Ф. Фукуяманың үлесі «ауысу реакциясындағы қорқыныш» секілді бір зерттеушінің айтқанымен нақты сипатталынған, ұқсас реакциялар дәстүрін Георг Гегель, Освальд Шпенглер, Александр Кожев, Артур Кестлер, Даниелл Бэлл және басқа ойшылдар жалғастырады. Осы сияқты жоспарлар батыс мәдениетінің басымдылығы идеясына негізделіп, басқа әлем істеріне араласудағы оның адамгершілік мағынасына қызмет етеді.

Орыс-американ философы, социологы, 300-дей мақала және 10-дай монографиясы бар Питирим Александрович Сорокинның ойы бойынша: әрбір мәдени жүйенің «өзіне тән ділі, жеке ақиқат жүйесі мен білімі, жеке философиясымен әлемдік көзқарасы, өзінің діні мен «қасиетті» үлгісі, жеке құқықтық және парызсыз сипаттамасы, өнердегі өзіндік нәзік формасы, өзіндік өнегелік, заң, мінез-құлық кодексі, өзінің басым әлеуметтік қатынас формасы, жеке экономикасы мен саяси ұжымдары және өзіндік жеке тұлғалық тек өзіне ғана тән менталитетімен мінез-құлқы» бар.

П.А. Сорокин үшін орталық түсінік – «құндылық» болып табылады. Әрине бұған дейін де көптеген ойшылдар табиғат құндылықтары туралы ойлады, мысалыға, Платон үшін өз жүйесінің орталық түсінігі – «идея» болса, Аристотель үшін – «мағына», ал Бэконға – «эксперимент» пен «индукция», Дарвин үшін – «табиғи сұрыпталу», бірақ П. Сорокинге дейін ешкімге әлеуметтанудағы құндылық теориясының методологиялық және жүйелік мағынасын ашу бұйырмаған еді. Батыс мәдениетінің қазіргі заманғы жағдайын П. Сорокин дағдарысты деп болжады. Оның ойынша «сезімдік» мәдениет құлдырау жетегінде тұр, дәл осы мәдениет адамның парықсыздануына, құндылықтардың қарапайым релятивтік конвенцияға айналып кетуіне кінәлі.

Э. Тоффлер пікірінше, біз екі кезеңнің ортасында тұрмыз: біздің арайланған келешегіміздің өлім алдындағы сезімдік

мәдениеті мен ертеңгі күнді тудыратын – жарқын бірұлттық мәдениет. Біз өмір сүреміз, ойлаймыз, алаулап батқан күннің соңында әрекет жасаймыз. Батқан күннің сәулесі әлі де кетіп бара жатқан ұлы кезеңдерді нұрландырады. Бірақ сәуле жәйменен өшеді де, қоюланған қараңғыда бізге ұлылықты ажырату мен үмітті бағдарды іздеу қиынға соғады. Бұл өтпелі кезеңнің түні өзінің қорқыныштарымен, жүрек жыртар сұмдықтарымен бізге түсе бастайды. Бірақта оның артынан жаңа ұлы бірұлтты мәдениеттің әртүрлі арайлары келешектің сәні – жаңа ұрпақтарды қарсы алады. Сол кездегі шалықтап тұрған пікірлердің таразы басына, мен сол жұмыстарымда қарама-қарсы пікір таныттым: соғыстар мен көтерілістер жоғалмайды, керісінше, XX ғасырда шектен тыс деңгейге жетеді. Соғыстар бұрын болғандарынан да қатаң әрі суық болады, демократия барлық жерде өзінен басымдарға жол беріп құлдырауға әкеліп соғады, батыс мәдениетінің шығармашылық күштері жоғалып, бірте-бірте өледі.

Бұл тұжырымдар 1929 жылы әлі соғыстар, көтерілістер тіпті экономикалық қиындықтарда болмаған кезде жасалынған. Тіпті сонау кездің өзінде-ақ ерте грек драматургі Эсхилдің «Құрсаудағы Прометей» атты пьесасында адамзаттың өркениет үшін төлеген ақысы туралы идея жазылған. Болашақты дәл болжау бүгінгі күн адамдарын таңқалдырады, сондықтанда болар, XXI ғасырдағы ең жоғарғы ғылымдардың бірі ретінде футурология аталынып отыр. Болашақты болжаушылардың бірі Элвин Тоффлер адамзат тарихын аграрлық, индустриалдық және дамудың ақпараттар толқынынан тұрады деп есептейді. Ол әрқашан жанұя институттарына көңіл бөліп отырды: аграрлық кезеңде «үлкен жанұя», өндірістік дәуірде «ядролық жанұя» /нуклеарлы/, ақпараттар фазасында «әртүрлі жанұя». «Үшінші толқын» концепциясы да осыған негізделген: бірінші толқын – аграрлық, яғни ауылшаруашылық өркениет, ол 1000 жылды талап етті; екінші толқын – индустриалдық, яғни өндірістік өркениет, ол 300 жылды қамтыды; үшінші толқын – өркениет, яғни ақпараттар жаралысы. Бүгінде тарих бұрынғысынан да күшті жылдамдықты талап етіп тұр, ғалымдар пікірінше, бұл толқын бірнеше онжылдық ағымымен аяқталуы мүмкін.

Э. Тоффлер пікірін талдар болсақ, жанұя ұйытқысының бұзылуы, экономиканың шайқатылуы, саяси жүйенің мүгедектігі, біздің құндылықтарымыздың бұзылуы – осының барлығы ғалым көрсеткен үшінші толқынның әсері. Біз үшінші толқынның балаларымыз. Көптеген адамдар болашақ туралы ойламайды, олардың ойы бойынша, қазіргі өмір сүріп отырған әлемдері көп жылдар бойы осылай сақталып қалады. Оларға басқа өмір сүру ортасын және жаңа өркениетті елестету өте қиын. Әрине, олар бір нәрселердің өзгеретінін біледі, бірақ жанымыздан байқалмай өтіп кетеді де, экономикалық және саяси құрылымдар, өмір сүретін орта өзгермейді, сол қалпында қалады деп ойлайды. Адамдар болашақ біздің қазіргі өміріміздің жалғасы екендігіне толық сенімде. Адамдар өмірдегі бұрылыс, қалтарысты жақсы көрмейді. Әрқашан ескіні, өткенді көксейді. Адамдар үшін белгісіздік өте қорқынышты, ал сол белгісіздікке жақындаған сайын қорқыныш үдей береді. Мәселен, өлім. Ол – белгісіздік. Жастар үшін өлім саналы түрде алыста, сондықтанда ол кәрі адамдармен салыстырмалы түрде аса қорқыныш тудырмайды. Ал адамдар қартайған сайын сол белгісіздікке қарыштап жақындайды, қадамдап жетеді. Белгісіз өлімге өзінің баратынын біледі, бірақ елестету қиынға соғады. Жаңа өркениетте дәл осындай күйде.

Э. Тоффлер бойынша бүгінде бірінші толқын сөнген. Тек өте аз тайпалар ғана, Оңтүстік Америка немесе Папуа – жаңа Гвинеді де әлі де болса ауылшаруашылық әрекеттерімен айналысады. Дегенменде бірінші толқын негізінен жер бетінен жоғалды. Сонау уақыттан бастап екінші толқын Еуропада, Солтүстік Америкада және жер бетінің басқа да бөліктерінде өз жалғасын табуда, себебі көптеген елдер бар күштерімен әлі де түрлі зауыттар, азық-түлік өңдейтін кәсіпорындар, темір жолдар салу үстінде, яғни, индустриалдық кезең сезіліп тұр. Сондықтан екінші толқын әлі өз күшін жоғалтқан жоқ, процесс жалғасуда, бірақ жалғастырар келесі процесс бұдан да маңызды. Футуролог пікірінше, индустриализм өз шегіне жеткенде, дүниежүзілік соғыс аяқталғанда, көп адамға түсініксіз үшінші толқын басталады. Сондықтанда көптеген елдер екі, тіпті үш әртүрлі толқынды сезеді және олардың әртүрлі жылдамдықта, әртүрлі күштерде екендігін аңғаруға болады.

Қазіргі заманның өткір мәселелері хақында халықаралық қысым, соғыс пен достық, космос қиындықтары және тағы да басқа көптеген ауыртпалықтар, осы кезеңдегі адамзат дамуының шектен шығуын дәлелдейді. Жеке мемлекеттер мен қоғамдық жүйелердің ішкі ара қатынасының өзектілігі тек оларға ғана қатысты емес, жалпы адамдарға өз ықпалын тигізуде. Жер бетіндегі тыныштықтың жоғалып кету қаупінің күннен-күнге өсуін, адамзат өркениетінің тіршілік етуі айқындайды және әрі қарай өмірді жалғастыру қоғамдық сананың барлық формаларында, әсіресе адамгершілік пен өнерде өз елесін береді. Адамзат дамуының болашақтағы жолын буржуаздық көзқарас әртүрлі теориялық, көркемдік құралдармен жабуға ұмтылуда. Теориялық өз болашағын футурологиядан тапса, көркемдік – өз негізін утопия және антиутопия сипатындағы әдебиеттерден тапты. Осы тұста антиутопистер Г. Уэлсиидің «Машина времени», К. Симактың «Город», Ф. Поола мен М. Корболатаның «Операция Венеры» еңбектерін атап өтуге болады.

Мәдениет пен өркениет өз дамуында сындарлы кезеңдерді басынан кешіріп келеді. Сондықтанда бұл тақырып көптеген ғалымдардың қызығушылығын тудырды. Осы қызығушылықтың арқасында зерттеуге деген құлшыныс оянды, арнайы өркениетші ғалымдар қатары пайда болды. Өркениетшілер қатарындағы орны ерекше ғалымдардың бірі О. Шпенглер. Ғалымның Батыстың құлдырауы туралы жасаған тұжырымы көптеген ізденушілерді өз шығармашылығына еріксіз үңілдіргізуге тура келді. Ғалымдар оны шексіз пессимизмі мен дәлелді материалдарының аздығы үшін сынағанымен, оның әлем мен тарихқа деген жаңа көзқарасының құндылығына еш шек келтірмейді. «Мәдениет» пен «өркениет» ұғымдарына О. Шпенглер қандай мағына бергенін көру үшін оның концепциядағы орнын анықтап, ұғымдар арақатынасын ажырату қажет. Мәдениетті өркениетке қарсы қойған О. Шпенглер бірінші ғалым емес, бірақ оның көзқарасы ешкімге ұқсамайтын айрықша екені күмәнсіз. О. Шпенглердің алдына қойған маңызды міндеті еурополандырудың тарих тарапынан таралуы, түсіндірілуі. Автор өз еңбегінде көбіне Ф. Ницшеге, Г. Гегеге сүйенгенін жасырмайды, керісінше оларды үлгі тұта отырып ол тарихи процесстің «бүкіләлемдік» концепциясынан, бірінен соң

бірі келетін және сол арқылы барлық тоқтап қалған немесе құлдыраған қозғалыстарды прогресс ретінде анықтайтын даму кезеңдерінен, адамзат эволюциясындағы бірілік сызығынан бас тартады. О. Шпенглер тарапынан бұл еңбек мынандай сөздермен ашылады: «Бұл кітапта тарихи болашақты анықтауға талпыныс жасалады». Бұл нәтиже емес, яғни талпыныс, ұмтылыс ғана, демек өркениетті нағыз өлімнің өзі екен деп елестеудің өзі әбестік. Шынында да неміс теоретигі ертедегі мәдени формациялар қатарын қарастырып, осы негіздегі Батыс тағдырын анықтаудағы тарихи зерттеудің өзінше бір тәсілін ұсынды.

Талпыныс сөзінің өзі үзіліссіз дегенді білдіреді, яғни тұрақты анықтама немесе теория емес, бұл кітап тарихты анықтаудың үзіліссіз ұмтылысы, талпынысы. Автор әрбір тіршілік етушінің өзіндік жасалу материалы немесе заты болуы шарт, яғни өзіндік формасы, өзіндік идеясы, өзіндік құштарлығы, өзіндік өмірі, тілегі және сезімі, ақырында, өзіндік өлімі. Жас және кәрі емен, гүлдер, бұтақтармен жапырақтар секілді гүлденіп немесе кәртайып келе жатқан мәдениеттер, халықтар, тілдер, ақиқаттар, құдайлар, елдер бар, бірақ кәртайып келе жатқан адамзат жоқ. Әрбір мәдениеттің ешқашан қайталанбайтын өзіндік жеке мүмкіндіктері бар. Көптеген бір-бірінен өзіндік мағынасымен және әрбірі өзіндік шектеулі өмір ұзақтығымен айрықшаланатын пластик, көркем өнер, математика, физика түрлері бар, олардың әрқайсысының қасиеті әрбір өсімдік түрінің өзіндік гүлімен жемісі, жеке өзіндік өсу типімен өлімі тәрізді өздерінде сақталған, яғни қымтаулы, жабық, құпия. Мәдениеттер жоғарғы қатардағылардай тіршілік иелері, олар алаңқайдағы гүлдердей өздерінің тәкәппар мақсатсыздықтарымен өседі. Өсімдіктермен жануарлар сияқты олар Ньютонның әлемдік табиғатына емес, Гетенің тірі табиғатына жатады дейді.

Демек, әрбір мәдениеттің өзіндік дербес өркениеті бар. Ал мәдениет дегеніміз не? Яғни, белгілі бір халықтың діні, тілі, ділі, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары, ырымдары, өнері, кәсіпшілігі, санасы т.с.с. Егер осы элементтерден құрылған мәдениеттің өзіне тән дербес өркениеті болады десек, онда мәдениет өлген тұста сол мәдениеттің өркениеті де қоса өледі. Демек, бұл өлген мәдениетпен өркениет екінші рет қайталанбайды. Олар автордың келтірген мысалындағы алаңқайдағы гүлдердей еш мақсатсыз

өседі, өледі. Әрине, олар белгілі бір уақыт аясында қоршаған ортасына нәр берері анық, дегенмен олардың әрбір көктемде туылып, әрбір күзде өліп жатқанына ешкім де бас ауыртпайды. Бұл табиғаттың құбылысы немесе реттіде шартты, болуға тиісті құбылыс дегенмен шектелеміз. Тағы бір ескере кететін жайт, ол сол гүлдердің үздіксіз қайталанатын өсу процесінің дәл солай қайталанбастығында. Толығырақ түсіндіріп өтер болсақ, белгілі бір гүлдің ұрығынан дәл сол жерге дәл сол гүл өсіп шыққанымен ол дәп алдыңғы гүлдің құрылысын қайталамайды, егер қайталаған жағдайда да оның тағдырын қайталай алмайды. /мүмкін ол гүл ерте солып қалады немесе біреу жұлып алады, таптап тастайды т.с.с./. Яғни, О. Шпенглердің өркениеттер өледі деген тұжырымы осы мағынаға саятын сияқты. Мысалыға, тарих сахнасынан қаншама ірілі-ұсақты халықтар, мемлекеттер келіп-кетіп жатыр. Сол тарих сахнасынан мүлдем жоғалған халықтың мәдениеті мен өркениетін дәл солай етіп қайтадан түзетін халық жоқ. Осы жоғалған халық өздерінің осылай жоғалып кететінін білген жоқ, әрине, олар түрлі саяси, экономикалық жағдайларға байланысты ыдырады немесе жоғалып кетті және қазіргі таңдағы ірі мемлекеттердің болашағына ешкім де кепілдік бере алмайды. Осы ойдың тұжырымы ретінде О. Шпенглер былай дейді: «Мен барлық бүкіләлемдік тарихтан органикалық формалардың мәңгілік білімі мен өзгерістерін, керемет қалыптасу мен өлімдер бейнесін көріп тұрмын. Ал тарихқа таңылған тарихшы, бір дәуірден кейін екінші дәуірді жаңылмай сұрап тұратын, құдды қандайда бір ирелендеген күртты көреді» – деп өз ойын ашық айтады. Бұл ойдан аздаған менмендікпен қатар ащы шындық дәмін де сезуге болады.

Автор пікірінше, туу өліммен, жастық кәрілікпен, ал өмір болса жалпы өзінің келбетімен және белгілі бір ұзақтық шекарасымен байланысты сипатталады. Осы мағынада болар ол әлемдік өркениеттерді бөліп алғанымен қоймай, олардың өмір сүру шамаларын анықтауға тырысқан. Бұл болжам дәл төбесінен түспегенменен жәй айтыла салған ой емес екендігі де анық.

О. Шпенглер үшін мәдениет тарихы – оның тағдыры, сондықтанда ол мәдениеттің ішкі идея мүмкіндіктерін «прафеномен» деп, тарихтың сыртқы формаларында іске асырады. Мәдениет әлемдік тарихтың өткені мен болашағының

прафеномені. Адам жете алатын жоғырғы нәрсе – ол таңқалу, егер прафеномен оны таңқалдыруға алып келсе, ол осымен қанағаттануға тиіс, себебі ол одан жоғарыға өте алмайды және ол одан жоғарыны іздемеу керек, – шекара осында. Прафеномен – бұл таза түрде бақылаушылар алдында жатқан қалыптасу идеясы. Ал Гете бойынша прафеномен ұғымдарды тану емес, идеялардың таза толық пісіп жетілуі. Бұл дегеніміз О. Шпенглер прафеномен дегенде, Гетенің дәстүрін жалғастыра отырып, кез-келген мәдениеттің идеялық негізін бөліп алуға болады, бірақ талдама жасап, бөліктерге бөлуге болмайды дегенге саятыны белгілі болып отыр. Прафеноменді мәдени формация етіп бөліп алу, оның ішкі мүмкіндіктерін анықтау деген сөз. Осылайша Шпенглер адамзатты бірлікті тұтас ретінде қарауға болмайды, тарихтың ешқандай мақсаты және ешқандай бағыты жоқ деп тұжырымдайды. Тарихи зерттеудің бұл жаңа әдісін «тарихтар және өмірдің барлығы, не бағытқа не тағдырға бағынышты шектулі морфология» – деп атап ойшыл оған физиогномика деген айдар тағады. О. Шпенглердің физиогномикамен шындап шұғылданғаны сондай ол өз еңбегінің екінші тарауын толығымен физиогномика мен систиматика деп атады. Сонда физиогномика деген не? Біздің түсініміздегі физиогномикадан нендей айырмашылығы бар деген сауал туындары сөзсіз. Бұл сауал жауабын О. Шпенглер дүниетанымынан іздеген жөн болар деген мақсатпен автордың өз анықтамаларына сүйеніп көрелік. Әрбір мәдениеттің өзінің бет-пердесі, яғни физиогномикасы бар. Физиогномика – бұл адамның өзін өзіндік бет-бейнесінде, ымдарымен қимылдарында, дене формасында көруі туралы ілім. Физиогномика мән туралы ілімнен айрықшаланады, яғни, ештеңеге қатыссыз берілген, сонымен қатар келбетті тереңдемей жатып бір қасиетке немесе белгіге бұруға болмайтын, қандайда бір көруден берілген сыртқы бейне болып табылады. Сонымен бірге сыртқы бейне – рационалдыктан тыс аналог. Бұл туралы Рэне Декарт нақты түрде 360 жыл бұрын «Ақылды басқарудағы ережелер туралы» деген еңбегінде жазып кеткен.

О. Шпенглер аналогияның пайдаланылу маңызыдылғын айта отырып, «Техниканы салыстырар еш нәрсе жоқ» екенін аңғарады да, «осы жерде технологияның тамыры тереңде жатыр ... осыдан ғана тарихтың кең көлемді мәселелері шығуы мүмкін» деп

тұжырымдайды. Бірақ аталмыш еңбекте бұрынғыға, ескілікке, яғни қайта ойлануға деген талпыныс таусылмайды. «Батыстың құлауында» автордың әлі күнге шейін талай теориялық таластарды туғызып келе жатқан айрықша мәдени-философиялық концепциясы құрылған. Бұл концепцияның басты ұғымдары мәдениет пен өркениет, бұлар туралы неміс теоретигі дәстүрлі, үйреншікті ойда емес, керісінше ол осы екі ұғымға ерекше мағына береді. Бұл терминдерді қолданғанда, О. Шпенглердің ұсынысымен жағдайды дәл солай түсінуге болмайды, себебі бұл тек ғана оның пікірі.

Еуропаорталықтық көзқарас бойынша «бұрын болып кеткендердің кез келгенінің мәдениеті, бізден төменгі сатыда, аяқталмаған, әйтсе де белгілі бір бастаманың өсиет болып қалған жалғасы...». Прогресстік схема «Ежелгі әлем – Орта ғасыр – Жаңа уақыт» О. Шпенглер пікірі бойынша «соңы да сонда болып табылатын таза сыртқы бастау, бұл жерде бастау немесе аяқтау туралы терең ойлар айтуға болмайды». Сызықтық-прогрессивтік көзқарасты жақтаушылар адамзатты бірлікте, ал еуропалық қоғамды оның бір өте маңызды бөлігі деп есептесейді. «Батыстың құлауы» атты еңбектің авторы оларға қарсы былай дейді: «адамзатта» ешқандай мақсат жоқ, «адамзат» – бос сөз. Әрбір ұлт өз адамдарын өзінің құштарлықтарымен, өзінің өмірлерімен, өміршендіктерімен жаратқан. О. Шпенглерге дейін ешкім «тірі мәдениеттер өледі» деген анықтама бермеген. Ол үшін «әрбір мәдениет жеке адамның өмірін сүреді», ал өркениет өз тіршілігінің соңына келген, өлім алдындағы мәдениеттің жасанды түрі деп есептеп, Рим империясын сынға алады. Өркениет – мәдениеттің ақыры немесе қоғалыссыз тіршілік, демек – ол өлім.

Өркениеттерге өлім тән болғанымен, олар өте ұзақ өмір сүреді; олар кезеңдер бойынша дамиды, бойларын үйретеді де адам ойлауы бойынша барынша тұрақты болады. Олардың ерекше әрі айрықша мәні үзіліссіз тарихи ұзақтықпен мазмұндалады. Шынтуайтында, өркениет өмірі барлық тарих ішіндегі ең ұзағы. Империялар шарықтайды, сонан соң қирайды, үкімет басы келеді кетеді – өркениеттер қалады және саяси, әлеуметтік, экономикалық, тіпті идеологиялық қиындықтарды басынан өткереді.

Мәдениет – ағзалар маңызы. Ал, мәдениет тарихы – биография. Бізге мәлім бірнеше тарихи құбылыстар қытай немесе антикалық мәдениет тарихы өзімен қоса жеке адамның, жануардың, ағаштың немесе гүлдің тарихымен бірге толық морфологиялық аналогияны көрсетеді. Егер біз оның құрылымын білгіміз келсе, онда өсімдіктермен жануарлардың салыстырмалы морфологиясына сәйкес келетін тәсілдер әлдеқашан дайындалынып қойылған. Бірін-бірі жалғастырушы, жақыннан өсуші, жанасушы, тартылушы және басып тастаушы мәдениеттер тарихтың бар мазмұнын сызып тастайды. Мен – дейді О. Шпенглер, мәдениеттер идеясын, ішкі мүмкіндіктерін тарих бейнесіндегі сезімдік пайда болудан айыра аламын. Бұл жанның денеге деген тепе-тең қатынасы. Мәдениет тарихы оның мүмкіндіктерінің пайда болуы.

Сонымен қатар, автор батыстық мәдениеттің империализммен сипатталынатынын алға тарта отырып, өз тарапынан империализмге мынандай түсінік береді. Менің пайымдауымша, дейді О. Шпенглер, империализм толық жүзжыл, мың жыл тіршілік ете алатын, бір басқыншының қолынан, екіншісіне өтетін – өлі дене санатындағы, тарихтың пайдаланылған беттері, қатыгез адамдар тобы, египеттік, қытайлық, рим империясы, үнді әлемі, Ислам әлемі секілді бір форма – бұны аяқталудың басы деген символ ретінде түсінген жөн. Империализм – бұл таза өркениет. Оның пайда болуында батыстың қайталанбас тағдыры жатыр. Мәдени адамның энергиясы ішіне қарай ұмтылдырса, өркениеттіліктің энергиясы – сыртына қарай ұмтылдырады. Бұл сөздерден мәдениет адамның имандылығына, қайырымдылығына, жалпы айтқанда рухани жан тазалығына ұмтылдырса, өркениет материалдық, яғни дененің бітпейтін қажеттіліктерін өтеуге ұмтылдырады дегенге саяды.

О. Шпенглер көзқарасындағы көптеген зерттеушілерді белсенді қарсыласуға алып келген тағы бір маңызды аспект, ол мәдениеттер тірі ағзалар, яғни олардың тіршілік етуі заңды түрде белгілі бір мерзіммен шектелуі тиіс деген ерекше ойы. Бұған дейін ешкімде «Тірі мәдениеттер өледі» деп анық айтпаған болатын. Ол үшін «Әрбір мәдениет жеке адамның өмір жасын сүреді» деген қағида бұлтартпас айғақ болып отыр. Мәдениеттің

бір сатыдан келесі сатыға өтуі, яғни туылғаннан бастап балалық, жастық, көрегендік және кәрілік арқылы өлімге бет бұруы. Бұл қағида жанымызға жат емес, себебі кез-келген құбылысты немесе заттың мазмұнын түсіндіру үшін адам ағзасымен салыстырмалы түрде ұғындыру санаға сіңімді сияқты. Мәселен, қазіргі тіршіліктегі есеп-қисап жұмыстың барлығын дерлік атқарып отырған компьютер атты күдіретті қобдиша да адам миының негізінде жасалған, ондағы сақтау, қайта еске түсіру секілді түрлі көптеген қызметтер адами қасиеттерден алынған. Адамзат алдындағы құпиясы ашылмаған екі нәрсе ғана болуы мүмкін: бірі табиғат болса, екіншісі адам. Бұл екі күдірет құпиялы нөмірлермен мықтап жасырынған код немесе кілт сияқты, бұл құпия ашылған секундтан бастап адамзат баласының жер бетінде өмір сүруі екіталай. Ал, өркениеттің бірден-бір көздеген мақсаты осы бағытқа бағытталған болса керек.

Осы ойдың жетегінде неміс теоретигі өркениет аяқтау және барлық мәдениеттердің шегі деп түсінеді. О. Шпенглердің өз тілімен айтар болсақ «Өркениет – ол жоғарғы адамдар түрлері ғана іске асыра алатын ең соңғы жасанды жағдай». Ол өркениетті өз мақсаттарын жүзеге асырып, өзінің тіршілік етуінің ақырына жақындаған мәдениеттің соңғы демі деп атайды. Герман философының батыс болашағын болжамдауға мүмкіндік беретін, дүниежүзілік тарихты зерттеудің жалпы тәсілін құрастырғысы келгенін еске ала отырып, өркениетті талдау қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайларды тудыруға мүмкіндігі бар деген мәлімге келуге болады. Көптеген зерттеушілер қатарының аңғарғандары бойынша, батыс мәдениетінің жалпы дағдарысы біздің жүзжылдығымыздағы философиялық-тарихи әдебиеттерде барынша тұрақты әрі бірден-бір басты, өзекті тақырып болып табылады, мүмкін сондықтан да болар О. Шпенглерде бұл тенденциядан алысқа кете алмады. Рим ол үшін – антикалық мәдениетті аяқтайтын, классикалық өркениеттік үлгі, яғни дәл осы үлгіде философ Еуропаға өзінің тағдырын көрсетеді. Оның пікірі бойынша, барлық мәдениеттердің аяқталу сатысы аналогиялық ағымда, дегенменде бұл тұжырымды көбіне О. Шпенглердің қателерінің бірі деп атайды. Құлдырау, тоқырау идеясы автордың әрбір мәдениет белгілі бір даму сатысынан өтеді деген сенімділігінен туындайды. Мәдениеттер, оның айтуы

бойынша, алғашқы-жандық жағдайдан мәңгілік балалық адамзаттықты оятатын және ұлы жанды ажырататын ұсқынсыздықтан туындаған бір бейне шағында пайда болады. Мәдениеттердің өлуі жан өзінің тіршілік етуін халықтар, тілдер, сенімдер, өнерлер және тағы да басқа мүмкіндіктер түрінде толық кемелге жетіп, осылайша, қайтадан алғашқы жандық күйге қайта оралады. Мақсатқа қол жеткен уақытта идея, яғни барлық ішкі мүмкіндіктер, сыртқы бейнеде пайда болған және аяқталған, сонда мәдениет аяқ асты тоқтап қалады, өледі, оның қаны ұйып, күші жаншылып қалады да – ол өркениетке айналады.

Неміс ойшылы батыс мәдениетінің қашып құтыла алмайтын өлімін дәлелдейді. Батыс әлемінің құлауы аз да емес, көп те емес, өркениет мәселесі ғана ретінде көрінеді. Еуропа ерте кезден бастап өркениеттік сатыға өтті, енді оның ақырғы өлімі – тек ғана уақыт сұрағы. Мұнымен О. Шпенглер қазіргі заманғы қоғамды қамтып отырған барлық дағдарыстық құбылыстардың себептерімен түсіндіріп отыр. Ол себеп дәстүршілдіктің бұзылуы, қалыптасқан құндылықтардың жойылуы. Өйткені, құндылық – адам мен қоғамға не жағымды не жағымсыз жақтарын тигізетін қоршаған ортаның белгілі бір әлеуметтік объектілері. Оған мысал игілік, қайырымдылық пен зұлымдық, әдемілік пен ұсқынсыздық т.б.

XX жүзжылдық адамзат тарихында айрықша орын алады. XX ғасыр ғылым, техника, технология аймағында үлкен әлеуметтік-саяси, экономикалық өзгерістер мен тосын жағдайларға толы болды. Бірақ осы ғасырдың ғылыми-техникалық, әлеуметтік-саяси және өнегелік прогрестер арасында диспропорцияны орнатқаны да жасырын емес. Адамзат өз шыңына жеткен соң бұрынғы мындаған жылдар бойы пайдаланылып, тұрмыс тіршіліктің ыңғайына қарай толығып, шама-шарқынша сақталынып келе жатқан дәстүрлерімізбен құндылықтарымызды бірте-бірте санамыздан алыстатып барады. Қазіргі таңдағы адамзатты құрдымға жетелер нашақорлық, ішімдікке салыну, жезөкшелік, адам мүшелерін, әсіресе балалар мүшелерін сату, ұйымдасқан қылымыс тағы да басқалар қалыптасқан құндылықтарды әлсіздендіріп, жарамсыз етуде. Көз ілестірмес жылдамдықта дамып жатқан технологияның барған сайын рөлі

жоғарылап, осының барлығын қолдан жасап отырған адам, сол технологияның ығында қалып бара жатыр. Адамның физикалық немесе қол күшін және көптеген сағатты, күнді, тіпті айды талап ететін барлық жұмыстарды техниканың көмегімен іске асырып жатырмыз. Осы тұста қол күшімен қатар адамдардың осы жұмыс арқасында қарым-қатынаста болып, бірінің шешілмей жатқан мәселесіне бірі көмектесіп, туыстық, достық сияқты қымбат байланыстарды да ұмыт қалдырғандаймыз. Қол күшінсіз ой күшінің де сапалы болуы екіталай.

Осы тұрғыда өркениеттің нақты не екенін анықтай алмасақта, одан қашып құтыла алмайтынымыз белгілі. Яғни өркениет қазіргі заманғы өмірдің көрнісі, болашақтың негізі. Одан тысқары қалып қою мүмкін емес. Себебі барлық адамдар дене азығын тояттатуды ұнатады, физикалық аз қимыл жасап, уақыт үнемдеген өте қолайлы. Өркениеттің ертеңі жоқ дегенге саятын көптеген болжамдарға қарамастан, өркениет болады, болған және бола бермек. Осы көзқарастарды тұжырымдай келе, біздің пікіріміздегі өркениет былайша сипатта: әр елдің өзінің мәдениетінің деңгейіне сәйкес өркениеті болмақ. Жалпы өркениеттерді мәдениеттер сияқты біреуі жоғары, біреуі төмен деңгейде деп салыстыруға келмейді. Өркениет өлшемі технологиямен анықталары хаһ, жазылмаған заң. Бірақ болашақ үшін жасалған өнердің немесе әдебиет жалпы қай салада болмасын кез-келеген жаңалық, құндылық жаңа идея өркениеттің бір белгісі болмақ. Біз өркениеттіміз, яғни өркениет ішінде өмір сүріп отырмыз, өркениетті елдермен үнемі қарым-қатынастамыз. Ал, бүгінгі таңдағы өркениеттің дағдарысқа немесе тоқыруға ұшырауы тек ғана өркениет дағдарысы емес, жалпы дағдарыс немесе тоқырау. Себебі өркениеттің қамтымайтын саласы жоқ, тіпті біздің бүгінгі өміріміздің өзі өркениет, оны мойындамаймын немесе қажет етпеймін деген күннің өзінде де, біз күнделікті тұрмыс тіршілігімізде өркениетпен қарым-қатынасқа түсіп, оның туындыларын қолданамыз.

Дағдарыс жағдайында тек жеке адам немесе жеке әлеуметтік жүйе, тіпті бір жеке континент ғана қалып қоймайды. Сонымен бірге дағдарыс мәдениеттің немесе өркениеттің жеке бір формаларына, формацияларына ғана қатысты емес. Ол белгілі бір

мәдени немесе экономикалық бейнедегі өзінің болмысын құратын әлуметтік тіршілік иесі – барлық адамзатқа қатысты.

Адамзат баласының тарихи-мәдени дамуының ең ұзаққа созылған кезеңі вараврлық дәуірмен өте тығыз байланыста болды. Мәдениет тарихына көз жүгіртсек, адамзат баласы өз дамуында екі үлкен тарихи кезеңді бастан кешіріп отыр, бірі өркениетке дейінгі кезең, екіншісі өркениет кезеңі. Өркениет өз бастауын адам мен табиғаттың арасындағы сапалық белгілердің белең алған сәттен басталады. Табиғат мәдениет пен өркениеттің қайнар бұлағы іспеттес. Демек, мәдениет пен өркениетті жасаушы адам табиғаттың төл тумасы. Адам мен табиғаттың терең қатынасынан туындаған мәдени алғышарттар өркениеттің де өзегін құрайды. Олай болса, сол алғышарттардан бастап, күні бүгінге дейін жинақталған тәжірибе құндылыққа айналады. Бұл құндылықтар әрбір халықтың өркени деңгейін көрсетеді, демек, өркениеттің өлшемі бола алады.

Өзін тексеру сұрақтары

1. Адам өміріндегі техниканың оң және теріс жақтарын талдай отырып оның өз өміріңіздегі алатын орны мен рөліне анықтама беруге тырысыңыз!

2. Техниканың қоғамда алатын орнына деген батыстық және өзіндік көзқарастарды салыстыра отырып тұжырымдама жасаңыз!

3. Бүгінгі күнгі адам мәдениетін айшықтайтын қандай критерийлерді анықтай аласыз?

4. Адамның ішкі әлемі немесе ішкі мәдениеті қаншалықты маңызды?

5. Егер мәдениет ұғымы мүлдем жоқ болса онда бүгінгі адам келбеті қандай болмақ?

6. Инвективаның мәні неде?

7. Инвективаның түрлі салалардағы қолданылуын саралаңыз?

Өзін жетілдіру тапсырмасы

Қазіргі таңда елімізде 140-қа жуық ұлт пен ұлыс бірігіп тіршілік етуде. Мемлекет құрамына қанша этнос енсе, сол елде сонша түрлі мәдени ерекшеліктер еленетіні анық. Қазақ жеріне қоныс тепкен әр ұлттың өзіндік тарихи себебі бар, яғни тағдырдың айдауымен келген ұлттардың өмірлік тәжірибесі мен тарихи жолына негізделген жалпыға ортақ құндылықтардың тәрбиелік мәнін ұлттық бірегейліктің қалыптасуы, көрініс табуы ретінде талдама жасау. Білім беруші білім алушының ыңғайына, білім деңгейіне қарай бірлік пен тұтастықты айқындайтын бітімдік ұғымдар немесе ғылыми терминдер қатарын көбейтуге, алмастыруға болады.

Ұлттық сананы айқындаушы жалпыға ортақ ұғым	Өмірдегі қандай жағдайларда қолданылады	Дәйектеме, яғни, мақал- мәтел, ұлағатты сөз, шығарма, салт-дәстүр т.б.	Жеке пікір
Төзімді болу			
Ұлттар достығы			
Ассимиляция			
Эмиграция- Миграция- Иммиграция			

Күтілетін нәтиже: білім алушы үлгіде берілген бірнеше ұғымдар мен терминдерді кесте бойынша дәйектеу арқылы ұғымның немесе терминнің мәнін ашып, оған қоса, өзінің жеке пікірі арқылы бекіте алу мүмкіндігіне ие бола алады.

АДАМ ЖӘНЕ ТЕХНИКА

1. *Техногендік өркениет сипаттамасы.*
2. *Индустриалды өркениет.*
3. *Техника дағдарысы.*

Өркениет тұтастығы жалпылыққа негізделген ерекшеліктер, оның болмысы, адамдардың бірлігі және ең ойланушы субъектілердің әрекеттері. Өркениеттің негізін қалаушы өзін сақтау принципі және тұрақтылығы соңғы ортағасыр дәуірінде радикалды өзгеріске ұшырады, қортындысында батыс еуропалық өркениет эволюциясы пайда болды. Бұл өзгерістің негізгі ұмтылысы бірінші орындағы адам әрекетінің дамуы мен қозғалысы. Адам әрекетіндегі тәхнә – білімді жетілдіру мүмкіндігімен жаңалық ашу. Сондықтанда ортағасырда бұзылған өркениетті техногенді деп атау әділеттілік. Ол адамның табиғатқа деген қатынасындағы ғарыштық өркениетке негізделген. Адам өзінің данышпандығын дамытып, жинақтай отыра табиғатқа деген тәуелділігін жоюға тырысады және өз қызығушылықтарына үстемдік еткізгісі келеді. Адам және қоғам өмірінің жоғары принциптері үнемі өзгеру, жаңарудан тұрады және техниканың, технологияның дамуы алдыңғы детерминант болып есептеледі.

Техногендік өркениетке жататын қоғамда, адамдар арасындағы, тұлғалар мен социумдар, байланыс сипаттары толығымен өзгереді. Бұл өркениет шығармашылық потенциалды, жеке тұлғаның белсенділігін және жеке даралық әрекеттердің бостандығымен, тұлғаның жоғары дәрежедегі автономдылығын талап етуін ұсынады. Бостандық және адамдардың негізгі теңділігі, жеке тұлғаның әлуметтік шығу тегіндегі тәуелсіз статусы мен қоғамдық өмірдің принциптері және техногенді өркениеттің адекватты, императивті принциптеріне де сәйкес келеді.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап адамзат өз тарихының өте жауапты, сыни дәуірін бастан кешіріп отыр.

Барлық адамзатты жоғалтып жіберуге мүмкіндігі бар ракеталық-термоядролық қару – қазіргі заманның ең қауіпті қаруы. Экономикалық, өндірістік және ғылыми жетістіктердің арқасында қаруланудың қарапайым түрлері химиялық және бактериялық қаруларды есептемегенде салыстырмалы түрде қауіпсіздеу. Өркениеттің болашағы көптеген зерттеушілердің алдында тұрған өткір сауал. Себебі, адамзат атомды немесе ядроны өзінің жойылып кетуіне қауіпті екенін біле тұра, саналы түрде қолдап отыр. Бұл бәрімізге белгілі Манифестегі Рассел Эйнштейнде өз сипатын таппқан болатын. Осы тұста экологиялық дағдарыс ұсынып отырған бұл мәселе тағы да ойлануды талап етеді. Дәл осы экологиялық мәселе басты дағдарыстың өзегі болғандықтан, осы арқылы қоғам мен адамның өзіндік санасының деңгейін анықтауға болады.

Дағдарыс жағдайында тек жеке адам немесе жеке әлеуметтік жүйе, тіпті бір жеке континент ғана қалып қоймайды. Сонымен бірге дағдарыс мәдениеттің немесе өркениеттің жеке бір формаларына, формацияларына ғана қатысты емес. Ол жер бетіндегі барлық адамзатқа қатысты белгілі бір мәдени немесе экономикалық бейнедегі өзінің болмысын құрайтын әлеуметтік тіршілік иесі.

Технократиялық тенденция дәуірін алғашқы анықтаушылардың бірі Н.А. Бердяевтың пікірінше: «... жер мен адамның бетін өзгертетін, адамзат тұлғасымен адамзат тіршілігін білдіретін негізгі космостық күш – техника, біздің қазіргі уақытымыздың кереметі. Техника адам өмірін рационалдайды, бірақ бұл рационализм иррационалдық зардаптарды шақырады». Техногендік өркениет адамзат тарихының кеш қол жеткізген табысы. Бірақ техногендік өркениет тек батыс елдеріне ғана тән сияқты. Осы тұста дәстүрлі және техногенді өркениет деген екі ұғым туады. Бұл екеуінің айырмашылығы радикалды сипатта. Егер дәстүрлі қоғам әлеуметтік өзгерістердің баяу ағымын бейнелесе, онда техногендік өркениет жалпы жаңаның жаңашалануы, қайталанбастығы болып есептелінеді. Әлемді өзгертумен адамға бағынышты табиғат идеясы біздің уақыт жетегіне дейін, мәдениеттің, техногендік өркениет кезеңдерінің тарихында доминант болды. Техногендік мәдениеттің құндылығы адамзат белсенділігіне принципиалды жаңа вектор

қояды. Техногендік өркениеттің негізгі өзегі – технология. Технология әрдайым жаңарып, түрленіп отыратындықтан, ол әркез ізденісті, жаңашылдықты, қарқынды қозғалысты, белсенді күш-жігерді және жетілген білімді талап етеді. Бұл талаптар ғылым-білімнің одан ары қарай қарыштап дамуына түрткі болады. Сондықтында технология өркендеу үшін, өнім сапасын арттыру, ең маңыздысы қоғам алдында, әлем алдында беделінді түсірмеу үшін аса қажет. Технологиялық өркениет техника өркендеуінің арқасында жүзеге асады. Техниканың адам өмірі үшін зияндылығымен қатар пайдасы шаш етекпен екенін күнделікті тұрмыс тіршілікте оны пайдалану арқылы дәлелдеп отырмыз. Техника біздің өмірімізді жаулап алғаны сондай, қазіргі таңда техникасыз өмір сүру мүмкін еместей болып елестейді. Техника адам ойының мүмкіндіктерін кеңейтеді, бірақ оның орнын ауыстыра алмайды. Мәселе техникада емес, мәселе адамда, оның әлеуметтік институттар көмегімен мүмкіндіктерінің, заман талабына сай қажеттіліктерінің шамадан тыс көбеюінде болып отыр. Б. Коммонер сөзімен айтатын болсақ, «Техника өздігімен қауіпті емес, оның ешқандай демонизмі жоқ. Бірақ оның тіршілігінің құпиясы бар. Техниканың мәні құпиялықты ашу миссиясы, дегенмен тәуекел бар». Жалпы технологиялық тәуекел адам әрекетінің дұрыс бағдар ұстау қажеттілігі уақытының келгенін ескертетіндей. Себебі адамдар тәуекелге саналы түрде, белгілі бір табысты көздеп, соны бас пайдасына шешу үшін бел буады. Бүгінде керісінше, экономикалық пайда мен адамға ыңғайлылық туғызатын факторлар адамның тіршілік етуі, өзін-өзі қорғауы сияқты әлеуметтік басты міндеттерге орын босатуы қажет. Осы тұста мәдениет пен өркениет қазіргі түсінік бойынша бір орынға таласып қалатындай. Ол үшін екеуінің атқаратын міндеттерімен мақсаттарын ажыратып көрелік.

Жаңа замандағы ғылымда өркениет пен мәдениет айрықша диалектикалық бірлікте қарастырылады. Егер өркениет дамудың қазіргі баспалдағындағы қоғаммен адамзаттың барлық жетістіктерінің деңгейімен сипатты болса, мәдениет оның гуманистикалық оқтамасы бола алады, ол адам дамуына игі ықпал етіп, көтерілуіне себепкер болған көрсеткіш. Адамға қатысты қазіргі таңдағы өркениеттің дамуы оң және теріс

нәтижелер берері анық. Өркениеттің техногендік дамуы, ғалымдардың пайымдауынша, өз шегіне жетті де ядролық дәуірдегі адамзаттың тіршілік етумен қатар экологиялық мәселе, тұлғаны сақтау мәселесі пайда болды. Екі мыңыншы жылдың шекарасында, өркениеттің жаңа формаларынның прогресі адамзатты радикалды бұрылыстарды жүзеге асыруға әкеліп тіреді. ХХІ ғасыр табалдырығы техника, ғылым, кибернетика, информатика, биотехнология прогрестерімен байланыса отырып, ғарыштың жаңа түкпірлеріне деген ұмтылыс таныту үстінде. Бұның барлығының осылай екені анық. Дегенмен болашақтың негізгі мәселесі нағыз адам болу және оның әлемдегі алатын орны. Сондықтанда бірінші орынға аксиология, антропология және әлемдік қатынастар мәселелері қойылады.

ХХІ ғасыр техниканың гүлдену шағы. Техникадағы ең керемет жетістік ақпараттарды сақтау мен беру: кітаптық басылым, кино, радио хабарлама, телевидения. Қазіргі таңда барынша құрметті орынға ие болып отырған оқыту фильмдерімен, білім беруші бағдарламалар футурологтардың болжамдарын күтпеген сәйкессіздікке алып келді. Өркениеттің өте қатты ырғақтағы дамуын ағартушылық саласынан айқын байқауға болады. Білім жинау жылдамдығы мен техниканы қалыптастыру оқыту процесінің ешқашан аяқталмайтынын және қандайда бір оқу процесін толығымен бітті деп есептеуге болмайды деген қағида ұсынып отыр. Әлеуметтік өзгерістер кезкелген «дәстүрлі» тәрбиеге «шақыру» тастап отыр. Бұл «шақыру» бір қалыпты өмір ағымына дағдыланған кеңес адамдарына ауыр соқты. Олар кеңес дәуіріндегі партия қызметкері, әскери флот қызметкері, комсомол жастар ұйымының қызметкері, агроном, мал дәрігері сияқты жоғары мәртебелі қызметтерін қазіргі таңдағы сұранысқа ие мамандықтарға қарай ауыстыруына тура келді. Осы аталған және басқа да жаңа мамандықтар қазіргі заманғы еңбек нарығында өте үлкен сұранысқа ие және бұл мамандықтар енді мамандық таңдауға бет бұрған жастар үшін аса тиімді. Жаңа мамандықтардың тұтас тобының өмірге келуі мен өлуінің қосындысындағы еңбек нарығының тұрақсыздығы адамдарды өз ісімен айналысуларын тоқтатып, басқаға түрге ауыстыруларына және осыған байланысты қоғамдық функцияларын алмастыруға

жиі әкелеп соғады. Ең маңыздысы айқын жаулап келе жатқан жаһандану біздің қалау-қаламауымызға қатыссыз кейбір әлемдік стандарттарға тәуелді. Бұл тәуелділік тек білім деңгейінде ғана жүзеге асырылып жатқан жоқ, сонымен бірге жүріс-тұрыс нормаларымен құндылықтар аймағындада өз ықпалын тигізіп отыр.

Ғылыми техникалық революция жетістіктерін өндірісте пайдалану арқылы жетілген өмір, ғылым мен техниканың қарыштап дамуын негізге алған Дж.Гелбрайт, Р.Арон, Д.Бэлл, Ж.Фурастье, А.Тоффлер сынды ғалымдар болды. Дәл осы негізге қарсы көзқарас ұстанған Г.Маркузе, К.Лоренц, Д.Гудмен және т.б. ғалымдар адамдарды техника мен ғылымның құлына балап, болып жатқан түрлі экологиялық, экономикалық, қаржылық, әлеуметтік, саяси және т.б. дағдарыстарды ФТР нәтижесі деп көрсетті. Осы мәселені көздеген көп ғалымдар 1968 жылы «Рим клубын» құрып, аталмыш мәселерді зерттеуге кірісті. Римдік клуб жетекшілерінің бірі Аурелио Печчеи «Адамзаттық сапа» атты еңбегінде болып жатқан түрлі дағдарыстардың адамға келіп тоқтайтын болса, онда экономика, саясат, өнер жалпы барлық адамзатқа қатысты мәселердің дағдарысқа толығымен ұшырағаны деп есептеуге болатынын қатаң ескертеді. Дағдарыстың тереңдігі қазіргі заманғы өркениеттің негізгі тұрмыстық өлшемдеріне қатысты. Бүгінгі дағдарыс адамзат әрекеттерінің жекелеген нәтижелеріне ғана емес, сонымен қатар оның бұрынғы тұрмысына, болмыс әдісіне де байланысты. Бұл өзі өндіретін оны тұтынатын экономикалық адам дағдарысы. Сондықтанда бүгінгі дағдарыс адамның әлемдегі орнын ұғыну, рационалдықтың түрі, өмір сүрудің бұрынғы формасы екенін мазмұндайды. Бұл пікір аясында адамзат сапасының төмендеп, адами құндылықтың арзандап бара жатқанын сезу қиын емес. Мұны өркениет өресінен анық байқауға болдады

Қазіргі заманғы техногенді немесе индустриалды деп аталатын өркениет өзінің тамырларымен еуропалық өркениетке жайылуда және көптеген ғалымдардың айтуы бойынша XVII ғасырдағы дамуын еске алып жатыр. Оның алғышарты ретінде адамзатқа ұлы жаңалықтар, демократиялық және теориялық ғылымды сыйға берген антикалық мәдениет дамуын есептеуге болады. Одан соң еуропалық ортағасырда адамды айрықша

түсінетін, адам рухын күдіреттілікке ұмтылдыратын христиандық жүйе құрылды. Қазіргі заманғы өркениет ғалымдардың пікірінше өз кезегінде үш стадиядан өтеді:

- индустрияға дейін;
- индустриалды;
- постиндустриялы.

Әлемнің барлық елдерінде ежелгі қоғамдық-экономикалық формация алғашқы қауымдық құрылыстан басталады. Алғашқы қауым адамы өмір сүру барысында бірнеше жүйелі кезеңнен өтті. Олардың еңбек ету мақсатында материалдық заттарды тұрмысқа пайдалануы, өмір сүру тәсілдерін арттыруы, қауымдаса келе ұжымдық бірлік орнатуы материалдық және рухани мәдениеттің өсу алғышарты болып табылады. Олар табиғатпен етене жақын болып, жер-ана сыйын жарата білді және өз ұрпақтарына терімшілік, жабайы аңдарды аулау, балық аулау кәсіптерін мұра етті. Алғашқы қауым адамдары табиғаттың дүлей күштеріне шүбәсіз тәуелді болды. Олар табиғат құбылыстарына қарсы тұрмай, керісінше оған барынша бейімделе білді. Қауымдаса өмір сүрген олар қоғамның алғашқы нышанын білдірді, туыстық қатынастар жақсы сақталмаса да топтық қатынастар сақталып отырды. Олар өте аз болды, баяу дамыды. Бертін келе олар дайын өнімді игеру мен қатар өндіруші шаруашылық, яғни мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын иелене бастады. Бұл шаруашылықтарды игеру ең бірінші қажеттіліктен туындаса, екінші алғашқы қауым адамдарының өте байқағыш және бейімделгіш екендігін аңғартады. Олар тас құралдардың орнына садақ, жебе сияқты аң аулауға ауадай қажет құралдарды ойлап тапты, кәдеге жаратты. Жерге өсетін өсімдіктерді өздері де өсіре алатындарын түсінді де бұл дөңді-дақылдарды өсірудің бастамасы болды. Өгіз, жылқы, қой секілді малдарды қолға үйрету арқылы оның етін, сүтін, терісін, жүнін пайдалану, алғашқы адамдар үшін ең үлкен жетістік еді. Индустрияға дейінгі өркениет осылайша талай ғасырларды өзіне еншілеп баяу дамыды.

Индустриалды кезең металды пайдалану, яғни қола кезеңінен басталады. Бұл кезеңде Андронов тайпаларының рөлі ерекше еді. Осы кезде мал шаруашылығының табынды түрі пайда болды. Бұл

жаңа шаруашылық түрі темірден жасалған құралдардың ары қарайғы дамуына алып келді. Табынды шаруашылық түріне байланысты көшіп-қону, көшіп-қонуға байланысты арба, киіз үй пайда болды. Ағаш өңдеу, тері илеу, жіп иіру, зергерлік бұйымдарды соғу, керамиканы өңдеу, кен өндіру, сауда жасау, мыс өндірісі, үйлер, қалалар, сауда орындарын салу, сияқты тағы да басқа өндірістер мен кәсіптер индустриалды кезеңнің жалғасы болды. Бұл кезең ғылыми техникалық прогресс, яғни мануфактуралардың пайда болуына дейінгі аралықты және үш толқынға созылған ғылыми техникалық прогресстің үшінші толқыны болған ғылыми техникалық революция жарылысын қамтыды. Бүгінгі өркениет өлшемінің басты өзегіне айналып отырған техника адамзат жетістігінің куәсі. Ғалымдар болжаған постиндустриалды кезең, өркениеттің даму шегімен сәйкес келсе керек.

Осы сатылық жүйені экономикалық көзқараста американдық ғалымдар Э. Тофллер мен Д. Белл былайша жіктейді: индустрияға дейінгі дәуір өндірістің негізгі саласы ауылшаруашылығы, меншік объектісі – жер, қоғамның басты саяси күші – жер иеленушілер болып табылатын дамудың аграрлық сатысында тұрған қоғам дәуірі. Бұл дәуірдің негізгі белгілері жұмыс күшінің тек қана азық-түлік өндірісімен айналысуы және айырбастау механизмінің дамымағандығы болып есептеледі. Индустриалық дәуір өндірістің негізгі негізгі саласы іріленген индустрия, меншіктің басты объектісі – өнеркәсіптік және қаржы капиталы, ал капитал иелері – қоғамның басты саяси күші болатын қоғам дәуірі. Дәстүрлі қоғам іштей тұрақты және сыртқы әсерлері жаулап алу немесе табиғи жағдайды өзгерту қаупі есебінен дамитын болса, индустриалдық қоғамда ішкі қозғаушы күш жұмыс істей бастайды. Постиндустриалдық дәуір өндірісінің негізгі саласы ғылым мен білім басты рөл атқаратын, яғни қоғамның басты саяси күші – ғалымдар мен білікті мамандар болып табылатын қоғам дәуірі.

Постиндустриалдық қоғам алғашқы екі қоғамнан ерекше. Себебі, индустрияға дейінгі және индустриалды қоғамда негізгі өндірістік ресурс ретінде шикізат пен энергия қолданылса, постиндустриалды қоғамда ол ақпарат және сол ақпараттарды өңдеу қызметі болып табылады. Д. Беллдің пікірінше, қоғамды

үш технологиялық революцияға бөліп қарастыруға болады. Оның біріншісі бу машинасының ашылумен оның қолданылуына байланысты пайда болған еңбек өнімділігі деген жаңа ұғым болса, екіншісі, экономиканың монополиялық даму сатысына өтуге мүмкіндік берген электр жарығы мен химияға байланысты жаңалық. Үшінші технологиялық революция компьютердің пайда болуы мен телекоммуникация жүйесінің дамуы. Егер біз постиндустриалды қоғамды қоғам дамуының соңғы сатысы ретінде қарастырсақ, қазіргі таңдағы көптеген болшақты болжаушы және дін адамдарының ақыр заман немесе өркениеттік құлдырау ойларымен ұштасып қаламыз. Олардың пікірінше, бұл уақытқа да аз қалды. Мүмкін қайтадан алғашқы қауымдық өмір сүру кезеңіне оралармыз деген ойлар қатары да жоқ емес. Десек те, бүгінгі күнгі адамзаттың өмір сүру формасы, ол – өркениет. Кейінгі уақыттағы ғылыми әдебиеттерде әлемдегі әр түрлі өркениеттердің тарихи даму нәтижесі ретінде саналатын өркениеттік тәсіл басымдылық танытып отыр. Өркениеттік тәсіл дегеніміз зерттеу кезіндегі жеке елдің мәдени-тарихи, этникалық, діни, экономика-географиялық ерекшеліктерінің бірінші орында болуы. Өркениеттік тәсілдің кеңінен таралуы Жаңа уақыттың басты идеясы – прогрессті күрделі интерпретациялау тенденциясынан жақсы байқалды. Осылайша өркениеттердің ауысуы теориясына сәйкес 7 өркениет түрі ажыратылды: неолиттік, шығыстық құл иеленушілік, антикалық, ерте феодалдық, индустрияға дейінгі, индустриалды және постиндустриалды. Бұл жіктемелер әлемдік өркениеттердің хронологиялық шеңберлерінде мынандай көрніс тапты.

- Неолетикалық өркениет, яғни, мезолит дәуірі /б.э.д. 8-7 мыңжылдықты қамтиды, шамамен 32-33 жыл өмір сүрді/.

- Ерте құл иеленушілік өркениет, яғни, қола дәуірі /энеолит/. /б.э.д. 4 мыңжылдықты қамтиды, шамамен 20-23 жыл өмір сүрді/.

- Антикалық өркениет, яғни, темір дәуірі /б.э.д. 12-9 ғасырлар аралығын қамтыды/.

- Ерте феодалдық өркениет /Ү ғасырдың ортасынан бастап VIII ғасырға дейін/.

- Кеш феодалдық, яғни, индустриалды өркениетке дейін /XIV-XV ғасырлар аралығы/.

- Индустриалды өркениет /1730-1790 жылдар аралығын қамтыды/.

- ✓ Постиндустриалды өркениет.

Аталмыш өркениет дәуірлері қатып қалған заң болмаса да белгілі бір жүйеге негізделінген, ықшамдалынған және бірін-бірі толықтырып, бірінен екіншісіне жалғасып отырады. Бірінші өркениеттен келесіге өту барысы сол кезеңде өмір сүріп жатқан адамдарға білінбейді және әрбір өркениет фазасы өздерінің жаңалықтарымен, түрлі ашылымдарымен тарих беттерінен ерекше орын алады. Сондықтанда бұл сатылар әлемдік өркениеттердің хронологиялық шеңбері ретінде дәріптеледі. Бұл үрдіс өркениет тарихының дәстүрлілігі.

Өркениет өлшеміне сай келер технологиялық жағынан алып қарастырар болсақ, бұрынғы кезде қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі басты технология қарапайым қолға икемді, тұрмысқа жарамды, денсаулыққа зиянсыз, таза еңбек құралдары арқылы жасалынатын тұрмыстық заттар болса, қазіргі таңдағы технология адам өміріне қауіпті аса күшті химиялық құралдармен, машиналармен жасалынады. Әрине, адамның қиялының шегі жоқ екені даусыз, бірақ та адам денсаулығының, өмірінің шектеулі екені анық. Осы тұста тарызы басы теңеспес мәселер орын алады. Таразының бір басында адамның адамшылығын, руханилығын таразылар – жан азығы болса, екінші басында адамның уақытын үнемдер, физикалық күш жұмсатпайтын сонымен қоймай адамдар арасында бәсеке туғызар – дене азығы түр. Қазіргі таңда адамдар таразының екінші басына, яғни дене азығын қанағаттандыруға бір жолата бет бұрғандай. Оған себеп технологияның күнен-күнге дамып, жаратушының ең керемет туындысы адамның орнын басу қаупін туғызуы. Адамдардың дене азығын қанағаттандырудағы ең басты құралы ақша үшін түрлі соғыстар, адам өміріне қауіпті аурулар, ядролық жарылыстар т.б. Мұндай жағдайлар жалпы адамзаттың жер бетінен мүлдем жойылып кету қатерін қатаң ескертеді. Егер жан азығымен таразы басы тең болса мұндай жағдайлар орын алмаған болар ма еді. Таразының теңеспестей ауытқуы адамзаттың байыптылығы мен сабырлығын, ақылдылығы мен қайырымдылығын білдіретін құндылықтардың арзандауына байланысты. Құндылықтар тұтас сақталу үшін оның

сабақтастықты жүйесі бұзылмауы тиіс. Сондықтанда құндылық жүйесіндегі сабақтастықтың орны жоғары. Осындай келелі мәселелердің шешімін тек өркениеттен ғана табуға болады.

Біздің замандастарымыздың көпшілігі адамзат көз ілеспейтін жылдамдықпен прогресс жолында жарқын болашаққа жылжып бара жатыр деп ойлайды. Расында адамзат «жарқын болашаққа» жылжып бара жатыр, бірақ бұл қозғалыс жылдамдығының өте күштілігі күмән туғызады. Кейбір белсенділер ғылыми-жаратылыстану ілімдерінің қарқынды дамуын, көптеген жаңалықтардың ашылуын, соңғы жүз жылдықтағы механика мен техника аймағындағы үлкен жетістіктерді жақсыға жорып, бірінші мәдениет, ал артынан өркениет ертегідегі батырлар сияқты күндеп емес, сағаттап дамып келе жатыр дегенге саяды.

Американдық теоретик А.Мамфорд «Техника және өркениет» деген кітабында өркениеттің қозғаушы күші – соғыс, ол техникадағы өзгерістерді жояды немесе оның ауысуы қажеттігін дәлелдейді десе, биология теориясын жақтаушылар қатарындағы Бостон университетінің профессоры Д. Кнаудсон «өмірді тек басқа өмірді өлтіру арқылы ғана дамытуға болады» деп есептейді. Осы тұрғыда американ тарихшысы Х.Хоснинг және басқалар: космополитикалық және нәсілдік теориялар бар екені рас, бірақ өркениет толық қалыптаспаған нәсілдерге үстемдік етіп немесе толығымен жоймаса болмайды деп тұжырымдайды. Бұл теориялар методологиялық негіз секілді әлеуметтік мағынасы анық, ол абсолюттікпен аяқталған құбылыстың бір көрнісі.

Осы ойдың жетегінде, дағдарыстың көптеген себептерінің бастысы техника дегенге саятын болсақ, М.Хайдеггердің мына сөзіне тоқтауға болады: «бізді тұйыққа тіреген техника болса, бізді тұйықтан алып шығатында сол техника». Адам өркениетті өзі үшін өзі ойлап тапты. Енді өзіне жасаған қауіп бұлтын өзі ысырмақ, әрине техника күшімен.

Ал қазіргі заманғы глобалды проблемалар қалыпты дамуға, тіпті әлемдегі бар елдің тіршілік етуіне қауіп туғызып отыр. Бұл проблемаларды екі топқа бөліп қарастыруға болады: біріншісі адам мен табиғат арасындағы экологиялық, шаруашылықтық, энергетикалық және тағыда басқа келіспеушілік қатынастардың тереңдеуі; екіншісі соғыс және бейбітшілік мәселелері, рухани

ортаны дамыту және қорғау, халық өсімі, яғни демография, қылмыскерлікпен күрес сияқты мыңдаған проблемалардың басын қосатын адамдар арасындағы қатынастар. Мұндай глобалды сипаттағы келіспеушіліктер адамзат дамуына тосқауыл болып, қайшылықты адам әрекеттерін тудырады. Сондықтанда біз осындай мәселелерді есепке ала отырып, болашақтың ісі ұлы іс екенін ұғынуымыз тиіс.

Адамзат ХХІ ғасырға бай мұрамен өтті. Бұл заңдылық. Жаңа ғасыр адамы өзіне еншілеген әлем, табиғат, қашанда адамзаттан қамқорлықты күтеді. Қазір біз арада қанашама дәуірлер өтсе де, алғашқы қауымдық, антика, орта ғасыр т.б. адамдардың немен айналысып, сол кездерде қандай ой-пікірлердің болғанын біліп отырмыз. Ең маңыздысы біз олардың талай сынақтан өткізіп, талай ізденген ең озық жетістіктерін еш қиындықсыз пайдаланып отырмыз. Бүгінгі күннің адамы осыны жақсы түсіну қажет. Адамзат ғарышты игерді, галактикамен тылсым байланыста болды. Техника бүгінгі күннің адамы үшін еш жаңалық емес. Адамзат галактика ұрпақтары. Адамзат енді галактиканы зерттеуге ұмтылады және ұмтылыс үстінде. Себебі олар барынша эксклюзивке құмар, оларға күнделікті күйбің тіршілік қызық емес. Қайткен күндеде адамзат өркениет ұрпағы, өркениетті жасаушы автор.

Этика – гректің өнеге, дәстүр, әдет мағыналарын беретін, оқыту нысаны мораль мен ізгілік болып табылатын философияның мәселелі аймағы. Этика мазмұнды және формалды ерекшеліктері үш константпен анықталынады: мораль мәні зерттеудің объектісі, оның теориялық ойлау тәсілі және әлеуметтік-мәдени контексттегі сипаттау. Қазіргі заманғы этикаға екінші мыңжылдық ширегіндегі мәдени сұхбаттарды толықтыратын белсенді процесс тән, бірақ, мораль табиғаты туралы толғаныс – басты тақырып ретінде өзгеріссіз қалады және оның негізгі сұрағы: мен не істеуім керек? Этика шығыстық рухани мәдениетте б.э.д. бірінші мыңжылдықтың бірінші жартысында қалыптасса, батыстық философияда – б.э.д. 4 ғасырда орнықты. Этика тарихында этикаға бағытталған дәуірлер мен философиялық мектептер бар. Мораль теориясы мәселесі кез-келген ұлы ойшыл шығамашылығынан кездестіруге болады. Философиялық ілімде этика мағыналы принцип рөлін

сомдаса, аксиологиялық мораль ақиқат, сұлулық, сенім ұғымдарын байыта отырып, барлық адамзаттық құндылықтар деңгейін көтереді, сонымен бірге ол өзінің сіңбелі сипатымен барлық ғылымның этикалық аспектілерін қамтып, жаңа гуманистикалық көзқарастар ашады.

Этика мәдениет ықпалымен енген моральдың рационалды пайымдалған сипаты, қоғамдағы реттеушілік қызметті атқаратын әдептілік қағидалары туралы көзқарастар жиынтығы, адамның ар-ұят, адамгершілік, сыпайылық, ізеттілік сынды адами қасиеттерінің қосындысы, белгілі бір зерттеу нысаны бар ғылым. Мәдениет салаларына жататын әрбір халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімдері негізінде әрбір адамның жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, әдебі бар. Осы әрбір адамның үлгілі немесе көпшілік көңілінен шыққан кейбір іс-әрекеттері қоғамда сынала келе, этикетке айналады. Этикет заңмен белгіленбеген, бірақ адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін жалпыға арналған қоғамдық қағида. Қағида, ереже, тәртіп сықылды орындалуы міндетті іс-әрекеттердің қалыптасуы адамның ақылы мен сезіміне тікелей қатысты. Әлемдегі әсемдік пен сұлулықты, жаратылыс күдіреттілігі мен кереметтілігін, бір сөзбен, көркем мәдениетті философиялық ой толғамы бар жаны саф адамдар ғана жете түсіне алады және түсіндіре алады. Рухани мәдениеттің көрсеткішіне айналған сурет, сәулет, мүсін, өлең және т.б. өнер түрлері мен оларды насихаттаушы суретшілер, мүсіншілер, сәулетшілер мен жазушылар, ақындар сынды өнертанушылар біреге келе эстетика ғылымының негізін салды, қалыптастырды, ғылыми айналысқа енгізді, зерттеу аймағын белгіледі.

Эстетика – сезіну, сезімдік сөздерінің мағынасын беретін адамның дүниені эстетикалық тұрғыдан ұғынып түсіну заңдылықтары туралы, әсемдік, сұлулық заңдарын негіз еткен шығармашылық мәні туралы ғылым. Ежелгі Грек және Римде кең көлемде дамыған эстетика сонау құлиеленушілік қоғам дәуірінде, атап айтқанда Мысырда, Вавилонда, Үндістан мен Қытайда дүниеге келген. Шын болмысты эстетикалық бейнелеу қабілеті қай халықтың болса да дамуының ең алғашқы сатыларында пайда болады, оның дәлеліне өткен мәдениеттің құндылықтарын зерттейтін тарих, археология, этнография ғылымдарының көптеген мәліметтері жатады. Қазіргі заман

халықтарының эстетикалық мәдениеті өз құрамына кешегі ұрпақтың көркем шығармашылығында жинақталған эстетикалық сезімдер мен түсініктерді қамтиды. Адамдардың сырт келбетінде, олардың қарым-қатынастарында, киімінде, үйінде, олар жасап шығарған заттарда, олардың сөйлеу тілі мен өнер туындыларында – олардың эстетикалық мәдениетінің ерекшеліктері, негіздері көрніс табады. Адамның қоршаған әлемге деген эстетикалық қатынасы оның өміршең практикалық қажеттіліктері қанағаттандырылған кезде пайда болады. Бұл ғылымдар өз өркенін батыс еуропада жайғанымен, әлемнің бар жерінде өзіндік дамуға ие. Осы тұста қазақ этика және эстетикасы мәселелерімен шұғылданып, түрлі іргелі еңбектер арнап жүрген отандық мәдениеттанушылар мен философ ғалымдарымыз бар: А.Қасымжанов, Ә.Нысанбаев, А.Қасабек, Ғ.Есім, М.Орынбеков, О.Сегізбаев, Ж.Алтаев, С.Ақатай, С.Нұрмұратов, Т.Ғабитов, Ғ.Ақмамбетов, Б.Қазыханова, Қ.Нұрланова және т.б. Аталмыш ғалымдар зерттеген және зерттелінетін мәселелер қатары өте көп, ең маңыздысы мәселелердің мазмұндық мәнінде болып отыр. Оны неміс философиясының негізін қалаушы И.Канттың «категориялық императив» ұғымымен түсіндіріп көрсек.

«Категориялық императив» – латынның бағынушы сөзі, адамның жүріс-тұрысы принципін бетке ұстаған ізгілік қолжазбалары мағынасын беретін Кант этикасының өзекті ұғымы. Гносеологиядағы сынды өзінің практикалық философиясында да Кант адамның жүріс-тұрысын анықтайтын жалпы және қажетті заңдарды іздеді. Сондықтанда практикалық ақылға тиесілі заңдар бар ма және мораль дегеніміз не, ол мүмкін ба деген сұрақтарды ең басты мәселе етіп қойды. Ізгілік, Кант бойынша, абсолютті, барлығын қамтитын, жалпы мәнді және солай болуы керек, яғни заңды формада. Канттың заң туралы ойы, біз атайтын ізгілік, тұлғаның имманенттігі, ерік негізін анықтаушы болып қалыптасады, осыған орай, біз оның нәтижесіне немқұрайлы қараймыз. Біздің іс-әрекеттеріміздің ізгіліктілігін анықтайтын еріктің мұндай принципімен біз анықталған нақты заң емес, жалпы заң аясындағы іс-әрекеттерге тап боламыз. Бұл дегеніміз, жалпы заң үшін менің әрқашан істейтін әрекеттерімнің, мен қалаған жеке принциптеріме, менің

максимама айналуы. Кант мұны борыштылықты сипаттайтын және жүріс-тұрысты объективтілікті күштеуге итермелейтін императив немесе ереже деп атайды. Ерік өзінен-өзі әрқашан ақылмен толығымен біріге бермейді, сондықтан оны заңмен күштеу керек, осыдан субъективті жетілмеген ерікті ақыл бұйрығымен бұғаулау формуласы, яғни императив болып табылады. Барлық императивтерді Кант гипотетикалық және категориялық деп бөледі. Категориялық императив заңды да, максималарды да өзіне біріктіреді, осы біріккен заңға сәйкес болу қажет. Кант бойынша тек бір ғана заң бар: тек осындай максимаға орай әрекет ет, оның жалпыға бірдей заңға айналуына жағдай жаса, бірақ дәл қандай максиманы ұстану керектігі туралы нақты шарттар жоқ, философтың өз пікірі бойынша, эмпирикалық элементтерден жүрдай ашық заңның априорилығы мен тазалығына куәгер. Кант категориялық императив тек моралдық жүріс-тұрыс формасы деп анықтайды да, оның мазмұны туралы сөз қозғамайды. Себебі Кант оны категориялық императив түрінде ұсынды, яғни нағыз ізгілікті ұстанғысы келетін адам өзін қалай ұстау қажет. Ізгілікті адам өз ісін адам және адамзат алдындағы борышқа балап, оның заңға айналатындай етіп ғана әрекет етеді, дәл осы мағынада Канттан басқа ізгілікті мұндай деңгейде ешкім түсіне алмайды.

Өзін тексеру сұрақтары

1. «Ынтымақтастық», «келісім», «үстел басындағы кездесу», «галстуксыз кездесу» сынды сұхбаттасу түрлері қай заманда да маңызды болып келе жатыр, заман өзгерсе де бұл әрекеттер неге әлі күнге дейін өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ деп ойлайсыз?

2. Халық бейбіт өмір сүріп, мемлекетте бейбітшілік орнау үшін халық пен билік неге баса назар аударуы қажет деп есептейсіз?

3. Қазақстанның ядролық қарудан бас тарқаны қандай қадам болды деп есептейсіз?

4. Жаңа Қазақстанды қалай елестетесіз?

Өзін жетілдіру тапсырмасы

Адамзаттың қауымдасып жер бетінде тіршілік ету жолы тым ұзақ. Адамдар әу бастан ақ бірігіп өмір сүруді қалады. Қоғамдағы адамзаттың эволюциялық даму жолында жазалау институтының генезисі мен эволюциясы да қоса дамып келе жатыр. Бірақ ол өзгеше сипатқа ие. Адамзат өркениет биігіне өрлеген сайын қылмыскерлерді жазалау сипаты да жұмсақтанып келе жатқандай. Бүгінгі күнгі құқытық мемлекет пен азаматтық қоғамның өзгеру, жетілу сипатын жазалау күшінің өзгеруімен көру арнайы тапсырма ретінде көрніс табады.

Тарихи кезеңдер	Географиялық аймақтар	Жазалау түрлері
Ежелгі әлем-Азия (БЗ І ғ.)	Үндістан, Қытай	
	Африка (Египет),	
	Еуропа (Греция, Рим).	
Орта ғасырлар (II — XIV ғғ.)	Үндістан, Қытай, Тибет, Таяу Шығыс	
	Африка (Египет)	
	Араб әлемі	
	Еуропа (Батыс, Шығыс, Оңтүстік)	
	Ресейдің Еуропалық бөлігі	
Қайта өрлеу (XV-XVI ғғ.)	Үндістан, Қытай, Тибет, Таяу Шығыс	
	Африка (Солтүстік Африка)	
	Араб әлемі	
	Түркі әлемі	
	Еуропа	
	Ресей	
Жаңа уақыт (XVII-XIX ғғ.)	Үндістан, Қытай, Тибет, Таяу Шығыс, Жапония	
	Африка	
	Еуропа	
	Араб әлемі	
	Түркі әлемі	
	Қазақ әлемі	
Қазіргі заман (XX-XXI ғғ.)	Ресей	
	Азия (Үндістан, Қытай, Таяу және Таяу Шығыс, Жапония, Ресей)	
	Африка	

	Таяу Шығыс	
	Еуропа (Еуропа, Ресей)	
	Америка (Солтүстік Америка)	
	Араб әлемі	
	Қазақстан	

Нәтижесі: Студент тарихи кезеңдермен өтіп келе жатып жазалау түрлерінің қалай өзгергеніне тәнті болады. Ақпарат толық жинақталған соң, студент жазалау эволюциясының қалай өзгергенін өзі көре алады. Бұл студенттің өркениеттілікке өрлеген адамзаттың құқықтық кәмілдігін көруге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Алғашқы ғылым ретінде танылатын философиядан бастау алған мәдениеттану тарихы көптеген мәселелер төңірегінде философия тарихымен тамырласа сабақтасып жатыр. Пән бөлімдерінің жеке-жеке саралануымен өзара байланысын зерделейтін оқулық студенттердің стандартты материалдарды оңтайлы игеруіне өзінің зор ықпалын тигізеді деген сенімдеміз.

Оқырман қауым назарына ұсынылып отырған оқулық 2007 жылы жарық көрген «Өркениет: дәстүр және сабақтастық» және 2010 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдар мамандықтары Секциясымен (№2 хаттама, 2010 жылдың 15 маусымы) басып шығаруға ұсынылған оқу құралдарының біріктірілген және жетілдірілген нұсқасы, екінші басылымы.

Оқулық төмендегідей 15 дәрісті толықтай қамтыды:

✓ «Мәдениет ұғымы мен генезисі» дәрісінде мәдениет сөзінің батыстық және шығыстық этимологиясы талдана отырып ұғымның мәнін ашуға ұмтылыс орын алды;

✓ «Мәдениет философиясы және оның әдістемелік негіздемесі» дәрісінде пәннің оқытылу әдістемесі қарастырылады. Пәннің құрылымы талдана отырып оның зерттеу нысандарына шолу жүргізілді;

✓ «Мәдени антропологиялық тәсілдерге шолу» дәрісінде адамзат дамуының эволюциялық жолындағы тәжірибелері талданды;

✓ «Құндылықтар теориясы және мәдени тұлға» дәрісінде әр кезеңдерде адамзат үшін құнды болған және құндылыққа айналған басымдылықтар тарқатылды;

✓ «Мәдениеттің типологиялық концепциялары» дәрісінде әлемдік классиктердің типтік жіктемелері берілді және талданды;

✓ «Өркениеттер сабақтастығының мәдени-философиялық ұстанымдарының қалыптасуы» дәрісінде дәуірлер мен кезеңдер арасын жалғап тұрған сабақтастықтың рөлі мен орны қарастырылды және әртүрлі ракурсте талданды;

✓ «Шығыс және батыстың философиялық сұхбаты» дәрісінде өркениеттік екі бастаманың екпінді ерекшеліктері мен басымдылықтары екшеленді және екеуінің бірін-бірі толықтырған, сұхбаттасқан сәттерін негізге алынды;

✓ «Классикалық емес теориялардың шығармашылық пен мәдениетке тигізер ықпалы» дәрісінде ғылыми революция немесе ғылыми секірістер нәтижесіндегі дамудың адам шығармашылығына тигізіп жатқан әсерлері қарастырылды;

✓ «Әлемдік тарихи-мәдени даму алғышартының өркениеттік дәстүрге ықпалы» дәрісінде адамзат тарихындағы қайталаным және қайталанбастық шарттары талданды;

✓ «Мәдени-философиялық сабақтастық мәдени-тарихи тәжірибе ретінде» дәрісінде мәдениеттің тарихи жолына философиялық талдама беріліп, ғалымдардың ойларына шолулар жасалды, механизмдер қарастырылды;

✓ «Көпмәдениетті білім беру дидактикасы» дәрісінде көпмәдениеттілік әлем халықтарының тату-тәтті, бейбітшілікте өмір сүруі үшін қолданылатын тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылады.

✓ «Қазақ мәдениеті және қазақ өркениеті» дәрісінде қазақ халқының алтын бастауынан бері қарайғы даму жолдары талданады.

✓ «Экологиялық мәдениет» дәрісінде мәдени экология мәселелері талданып оның принциптері негізделеді.

✓ «Мәдениет, өркениет және адамзат қоғамы» дәрісінде мәдениет пен өркениеттің ара қатынасы және оның адамзат қоғамына тигізген ықпалы туралы ойлар қозғалады.

✓ «Адам және техника» дәрісінде адамның техника деген көзқарасы мен бағыныштылығы туралы айтылады. Техногендік өркениетке деген ғалымдар көзқарастары талданып оңтайлы ұсыныстар беріледі.

Оқулық мәдениет философиясы бойынша көптеген ғылыми негіздемелер мен талдамалар бере алады. Мәдениет философиясы элективті пәні бойынша оқытушыға да студентке де пайдалы болмақ.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абай Құнанбаев. Өлеңдер. Алматы: Мектеп. 1987 ж. – 160 б.
2. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. Алматы: Мектеп, 2007. – 248 б.
3. Абай Құнанбаев. Өлеңдер мен поэмалар. – 1 т. – Алматы: Қазақ ССР-нің Ғылым баспасы, 1977. – 454 б.
4. Абай. Өлеңдер. Монография/алғы сөзі М.Әуезовтікі. – Алматы: Жазушы, 1976. – 239 б.
5. Абдраилова Г.З. Ғылым тарихы және философиясы пәні бойынша магистранттарға арналған дәрістер. – Алматы, 2017. – 193 б.
6. Ажигалиева К. Поэты Востока. – А.: 2000. – 35 с.
7. Азаркин Н.М. Монтескье. – М., Юридическая литература. 1988. – 115б.
8. Айтқазин Т.Қ. Қазақтардың мұраты. – Алматы: Ғылым, 1994. – 96 б.
9. Аманжолов Қ.Р. Түркі халықтарының тарихы. – Алматы: Білім, 2002.
10. Анасова А.Б., Қазымбекова Т.Н. Б. Сыртановтың «Ынтымақ Ережесі» және ел басқару мәселесі // Вестник КГПИ. Теориялық және сараптамалық шолу-зерттеулер. 2015. №2. -12-17 бб.
11. Артуонов С.А. Народы и культуры. Развития и взаимодействия. – М.: Наука, 1989. – 243 с.
12. Ахметов З. Абай туралы бірер сөз. Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер/Құрастырған. Г.Бельгер. – Алматы: Мектеп. 2007. – 248 б.
13. Әуезов М. 12 томдық. – 12 т. – Алматы: Жазушы, 1969. – 532 б.
14. Әуезов М. Евразийская духовная традиция и преемственность казахской культуры // Культура Казахстана: традиции, реальности, поиски. – Алматы., 1998.
15. Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер. – Алматы: Ғылым, – 2001. – 582 б.
16. Баласағұни Й. Құтадғу білік: Құт әкелетін білім. Түркістан: Тұран, 2004. -555 б.
17. Баллер Э.А. Преемственность в развитии культуры. – М.: Наука, 1969. – 249 с.
18. Барсегян И.А. О классификации форм культурной традиции // Советская этнография. – М.: Наука, – 1981. – № 2.
19. Baudrillard, J. Consumer Society: Myths and Structures. 1998. – 224 p.
20. Берденова К.Л. Евразийство в экономической и этнополитической истории Казахстана. – Алматы, 1997. – С. – 197.
21. Бердяев Н. О назначении человека. – М.: Республика, 1993.- 382 с.
22. Бердяев Н.А. Новое средневековье. – М: Республика, 1990. – 345 с.
23. Боннар А. Греческая цивилизация. – 3 т. – М.: Иностранная литература, 1962. – 385 с.
24. Bowie A. The culture industry. 2022. doi.org/10.1093/actrade/9780198833864.003.0005

25. Васильев Л.С. История религии Востока. – М.: Высшая школа, 1988.
26. Вико Дж. Основания новой науки об общей природе наций. – Л.: гос. лит. изд, 1940. – 619 с.
27. Вильгельм Вундт. Введение в философию. Под ред. Субботина А.Л. – М.: «Че Ро», «Добросвет», 2001. – 256 с.
28. Ғабитов Т. Қазақ өркениеті: өткені, бүгіні және ертеңі // Да қазақстан. Қазақстан – өркениеттер мен диалогтың алтын ұясы. Халықаралық мәдени-интеллектуалды «da» журналы. – № 19. – 3 қосымшасы.
29. Ғабитов Т.Х. Экологиялық мәдениет [Электрондық ресурс]: оқу құралы / Т. Х. Ғабитов; ҚР Білім және Ғылым министрлігі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2012. – 67 б.
30. Ғарифолла Есім. Байыптылық философиясы // ҚазҰУ хабаршысы. – 2004. – № 2 (22).
31. Ғарифолла Есім. Сана болмысы. – 9 кітап. Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 309 б.
32. Ғарифолла Есім. Ғұлама-наме. Ғылыми трилогия. Нұр-Сұлтан, Хас-Сак баспасы. 2019. – 640 б.
33. Ғарифолла Есім. Саяси философия. Ойлар, тұжырымдар. – Алматы: Ел шежіре, 2006. – 221б., 232б.
34. Ғарифолла Есім. Қазақ философиясының тарихы: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 216 б.
35. Ерғали Е. Дәстүрлі мәдениеттің мәні хақында // XX ғасыр – жүзжылдық пен мың жылдықтың тоғысында. – Алматы: Рауан, – 2000. Ефременко Д.В. Уильям Огборн и идея культурного лага. К столетию гипотезы // Философия науки и техники. 2002. Т.27. № 2. С. 58-71.
36. Жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ философиясы. 11-том. Астана: Аударма, 2008. – 338-340 б.
37. Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн. Құтты білік. – Алматы: «Өлке», 2006.
38. Игнатенко А.А. Ибн-Халдун. – М.: Мысль, 1980. – 160 с.
39. Каган М.С., Перова Ю.В., Прозерский В.В., Юровская Э.П. Философия культуры. Стоновление и развитие. – Санкт-Петербург: Лань, 1998. – 122-125.
40. Кант И. Сочинения. – 5 т. – М.: Мысль, 1966. – 564 с.
41. Кононенко Б.И., Культурология в терминах, понятиях, именах. Справочное учебное пособие: М.: «Щит-М», 1999. – 225 б.
42. Культура и цивилизация. – Издательства Саратовского университета Саранский филиал, 1989. – 118 с.
43. Культура. Цивилизация. Человек. – Ташкент, 1988. – с 221.
44. Күленов Б.Ә., Қаппасова Г.М. XIX–XX ғасырлардағы классикалық емес еуропа философиясы: оқу-әдістемелік құралы. – Павлодар, 2007. – 50 б.
45. Қазақ этикасы және эстетикасы. Жиырма томдық. 12-том. Астана: Аударма, 2007. – 496 б.
46. Қазақ қоғамындағы әкімшілік-шаруашылық жүйелердің эволюциясы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 285 б.
47. Қасымбеков М. Қазақстан Республикасындағы президенттік институттың қалыптасуы. – Астана: Елорда, 2000. – 53 б.

48.Қоңырбаева С.С. Отбасылық өмірге даярлаудағы этномәдени құндылықтар мәселесі // Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика мәселелері, болашағы. Халықаралық конференция материалдары. 10-11 маусым 2005. Атырау – 45-47 бб.

49.Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.

50.Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Алматы: Қайнар, 2001. – 469 б.

51.Құлсариева А.Т. Аударма – мәдени феномен // Адамның өзін-өзі рухани анықтауы және қоғам: бірінші қасымжанов оқулары. Алматы: Қазақ университеті, – 2003.

52.Леббок С.Д. Начало цивилизации. – 2 изд. – М.: Знания, 1876. – 350 с.

53.Лебедев С.А. Классическая, неклассическая и постнеклассическая методологии науки // Гуманитарный Вестник №2. 2019. DOI: 10.18698/2306-8477-2019-2-596

54.Мағауин. М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 175 б.

55.Мансуров Т. Қазақстан және Ресей. – Алматы: Қазақстан, 1999. – 344 б.

56.Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. – 9 т. – М.: госполитиздат, – 1957. -701.

57.МолдабековЖ.Ж. Қазақтану. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 456.

58.Монескье Ш.Л. Зандар рухы туралы. – Алматы: Үш қиян, 2004. – 782 б.

59.Монтескье Ш. Избранные произведения. М.: 1955. – 420 с.

60.Морган Г. Льюис. Древнее общества. – М.: 1934. – 350 с.

61.Мурад Аджи. Польша полевоцкого поля. – М.: 1994. – 357 с. 79-80 бб.

62.Мурад Аджи. Европа, турки. Великая Степь. – М.: Мысль, 1998. – 334 с.

63.Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и-Рашиди. – Алматы: Туран, 2003. – 616 б.

64.Мүтәліпов Ж. Мәдени диалог және өркениеттер тоғысы. – Алматы: Раритет, 2002. – 240 б.

65.Мұқашев З.А. Преемственность в философии. – Алма-Ата: Казахстан, 1973. – 102 с.

66.Мұқашев З.А. Преемственность как момент развития. – Алма-Ата: Казахстан, 1980. – 203 с.

67.Мырзалы Серік. Философия. – Алматы: «Бастау», 2008. – 644 б.

68.Наурызбаева З. Рух жалған сөйлемейді // Алтын Орда. – 2004. Ақпан.

69.Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.

70.Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздігіміздің 5 жылы. – Алматы: Қазақстан, 1996. - 735 б.

71.Неструх М.Ф. Человеческие расы. – М., 1958. – 315 с.

72.Нұрадин Г.Б. Мәдени қатынастар жүйесіндегі әлеуметтік-философиялық симбиоз аспектілері. – Монография. – Алматы: ТОО «Лантар books», 2023. – 221 б.

73.Нұрадин Г.Б. Практикалық философия. «Философия» пәні бойынша философиялық емес және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы білім беру бағдарламаларының оқытушылары мен студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы ЖШС Лантар Трейд, 2021. – 234 б.

74. Нұрадин Г.Б., Қашқынбаева З.Қ. Педагогикалық жоғары оқу орындарының кәсіби практиканы ұйымдастыру технологиясы. Оқу құралы. – Алматы: ЖШС Лантар трейд, 2021. – 311 бет.
75. Нұрадин Г.Б., Дуйсенова Н.Т. Көпмәдениетті білім беру пән ретінде. Оқу-әдістемелік құралы – Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2021. – 123 б.
76. Нысанбаев Ә.Н. Қазақстан және өркениеттер үн қатысуы // Егемен Қазақстан. – 2003. – 12 Ақпан.
77. Омаров Е.С. Казахская цивилизация // Қазақ өркениеті. – № 1. – 2001.
78. Орынбеков М.С. Қазақ философиясына кіріспе // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының хабарлары. – 1993. – № 3.
79. Өзбекұлы С. Барлыбек Сыртанов. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 109 б.
80. Өтешова Б. Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымы арқылы дамыту. Алматы: – 168 б.
81. Печчеи А. Человеческие качества. – М.: Прогресс, 1980. – 302 с.
82. Ростро У. Стадии экономического роста // Нью-Йорк. – 1961,
83. Сейдімбек Ақселеу. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы, «Санат» 1997. – 461 б.
84. Сорокин П.А. Человек. Цивилизация. Общество. – М.: Политиздат, 1992. – 543 с.
85. Спиноза Б. Избранные сочинения. – М., 1957. –Т.2. – 207-209 бб.
86. Сравнительное изучение цивилизаций. Хрестоматия. – М.: 2001. – 604.
87. Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов К. Қазақ газетінің жинағы. – Алматы. – 1998. – 246 б.
88. Сүлейменов О. Собрание сочинений. – 6 т. – Алматы: Ата мұра, 2004. – 470 с.
89. Тейер де Шарден. Феномен человека. – М.: , 1965. – 410 с.
90. Тэйлор Э.Б. Первобытная культура. – М.: Политиздат, 1989. – 573 с.
91. Тойнби А. Постигение истории. – М.: Прогресс, 1990. – 350 с.
92. Торайғыров С. Шығармалар: Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1967. – Т.1. – 375 б.
93. Тоффлер. Э. Третья волна. – М.: ООО «Фирма «Издательство АСТ», 1999. – 784 с.
94. Фетхуллах Гюлен и современный мир: толерантность, диалог, взаимопонимание. – А.: 2009. – 511 с.
95. Фукуяма Ф. Цивилизационная стадийность и цивилизационные парадигмы // Вопросы философии. – 1990. – №3. – 27-32 стр.
96. Хайдеггер М. Вопросы о технике. – М.: Прогресс, 1986. – 422 с.
97. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. – М.: ООО Издательство АСТ, 2003. – 603 с.
98. Хатами С.М. Диалог цивилизаций: путь к взаимопониманию. – Алматы: Дайк-пресс, 2002. – 464 с.
99. Чалаев Н.Я. Собрание сочинения и избранные письма. – 1 т. – М., 1991. – 529 с.
100. Чалоян В.К. Восток-Запад. (Преемственность в философии античного и средневекового общества) – М.: Наука, 1968. – 223 с.

101. Черняк Е.Б. Цивилиография. – М.:Международное отношения, 1996. – 382 с.
102. Швейцер А. Культура и этика. – М.: Прогресс, 1973. – 343 с.
103. Шпенглер О. Закат Европы. Очерки морфологии мировой истории. Т.1: Образ и действительность. – ВО.:Наука Новосибирск, 1993. – 589 с.
104. Штомпка П. Социология социальных изменений. – М.: Аспект Пресс, 1996. – 416 с.
105. Яковлев А.А. Государство и общество –м., 1996. – 145 б.

Оқу басылымы

Гүлхан Нұрадин

МӘДЕНИЕТ ФИЛОСОФИЯСЫ

(Екінші басылым)

Оқулық

Басылуға 17.06.2025 қол қойылды.
Пішімі 60х84/16. Көлемі 19,5 б.т.
Таралымы 500 дана

«Дарын баспасы» ЖШС Алматы қ.,
Жамбыл к-сі, 114/85
e-mail: darynbaspa2022@mail.ru,
+7 747 150 11 77

«Дарын баспасы» ЖШС баспаханасында басылды